

**СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ**

**ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ САРСЕНА АМАНЖОЛОВА**

**«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ЗЕРТТЕУ
ТӘЖІРИБЕСІ, МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ»** атты
көрнекті қазақстандық ғалым-тарихшы И.В. ЕРОФЕЕВАНЫ
еске алуға арналған

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции на тему

**«ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ: ОПЫТ,
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ИССЛЕДОВАНИЙ»,**
посвященной памяти известного казахстанского
ученого-историка И.В. ЕРОФЕЕВОЙ

COLLECTION OF MATERIAL
International scientific and practical conference on the topic

**«HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE OF THE GREAT STEPPE:
EXPERIENCE, PROBLEMS AND PROSPECTS OF RESEARCH»**
dedicated to the memory of the famous Kazakh
scientist-historian I.V. EROFEEVA

Өскемен - Усть-Каменогорск, 2025

Бас редактор:

Төлеген Мұхтар Әділбекұлы,

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы – ректор, профессор, PhD

Бас редактордың орынбасары:

Ровнякова Ирина Владимировна,

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті Басқармасының орынбасары – стратегиялық даму және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор, п.ғ.к.

Редакция алқасы:

Рахимжанов Амерхан Муратпекович – Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті Директорлар кеңесінің төрағасы, тарих.ғ.к., профессор, полит.ғ.д.;

Мусин Қайрат Маратұлы – «Кетбұқа-Төлегетай» Халықаралық қорының президенті;

Кәрімов Айбек Муталапханұлы - Шығыс Қазақстан өңірінің тарихы мен мәдениетін балама зерделеу жобасының жетекшісі;

Уалтаева Алтын Слямқайдаровна – қауымдастырылған профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жоғары ғылыми қызметкері;

Есенбек Жұмағали Бейсенбайұлы, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, PhD;

Қалимолдина Жаннета Амангелдіқызы, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма мүшесі – тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор;

Шарипиева Гульнур Даулетхановна, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ғылым және ғылыми жобаларды коммерциализациялау бөлімі жетекшісі;

Оразалин Слямбек Қалибекович, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы деканы, т.ғ.к.;

Жаманбаева Лаззат Қыдырбековна, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к.;

Ислямова Сара Аскарровна, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің «Берел» баспасының директоры

Ұ 46 «Ұлы Даланың тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу тәжірибесі, мәселелері мен болашағы» тақырыбында Халық. ғыл.-тәжір. конф. матер. жинағ. = Сб. матер. Междунар. науч.-практ. конф. на тему «Историко-культурное наследие великой степи: опыт, проблемы и перспективы исследований». – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2025. – 219 б.

ISBN 978-601-314-826-7

Көрнекті қазақстандық ғалым-тарихшы И.В. Ерофееваны еске алуға арналған «Ұлы Даланың тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу тәжірибесі, мәселелері мен болашағы» тақырыбында Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жинақталған. Мақалалар И.В. Ерофееваның ғылыми мұрасы; тарих, деректану, тарихнаманың өзекті мәселелері; тарихи-мәдени мұра: сақтау, зерделеу, дамытудың заманауи тәжірибелері; тарихи өлкетану: қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары; тарихи зерттеулердегі пәнаралық тәсілдер саласындағы зерттеулерге арналған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции на тему «Историко-культурное наследие великой степи: опыт, проблемы и перспективы исследований», посвященной памяти известного казахстанского ученого-историка И.В. Ерофеевой. Статьи посвящены научному наследию казахстанского ученого-историка И.В. Ерофеевой; актуальным проблемам истории, источниковедения, историографии; историко-культурному наследию: современные практики сохранения, изучения; историческому краеведению: современное состояние и тенденции развития; междисциплинарным подходам в исторических исследованиях.

ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ИРИНЫ ВИКТОРОВНЫ ЕРОФЕЕВОЙ В ИСТОРИОГРАФИИ КАЗАХСТАНА

Рахимжанов А.М.

Доктор политических наук, профессор

Тарихқа көз жүгіртсек, әрбір буын белгілі бір сынақты басынан өткерді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді. Аға буын жақсы біледі, тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды.

Егемендіктің туы желбіреп, тәуелсіздік алған тұста сол кезеңдегі тарихшыларымыз ұлттық тарихты танытуға, елдіктің берік іргесін нығайтуға үлкен еңбек атқарды. Ұлттық тарих мәселесі де қатар оянып, кешегі кеңестік саясаттың кесірінен ұмыт болған тарихи тұлғаларымыз танылды. Қазақ халқында «жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген дана ұғым қалыптасқан. Бүгінгі халықаралық ғылыми-практикалық конференциямыздың өтуіне негіз болған Ирина Ерофеева – жаңа замандағы және кеңестік Қазақстан тарихы бойынша көптеген мәселелерді зерттеп, ғылымда өзіндік із қалдырған ғалым. Шырайлы Шығыс өңірінде, оның ішінде Өскемен қаласында кіндік қаны тамған жерлесіміз, мағыналы еңбек жолының 30 жылында Қазақстан Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтында қызмет етіп, кейін Көшпенділердің мәдени мұрасы мәселелері жөніндегі қазақ ғылыми-зерттеу институтының директоры болған тарихшы-ғалым Ирина Викторовна отандық тарих ғылымының дамуына 300-ден аса ғылыми зерттеу дайындап, жариялау арқылы сүбелі үлес қосты. Ғалымның аса құнды еңбектері барша тарихшыларға, әсіресе жас зерттеушілер үшін рухани мұра болып саналады. Қазақстанда тың тұжырымдарды, ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға, төл дәстүр мен мәдениетті сақтауға бағытталған ғалым еңбектерінің қазіргі кезеңде елде болып жатқан рухани жаңғырулардың басталуына тигізер әсері мол деп санаймын.

Как мы знаем, наша конференция посвящена памяти известного ученого-историка Ирины Викторовны Ерофеевой, оставившей после себя огромное историческое наследие, заключенное в ее трудах, которые делают их автора бессмертным.

Знаменательно и то, что данное мероприятие проходит здесь – на малой родине Ирины Викторовны в Восточном Казахстане – одном из самых значимых мест на территории нашей страны, признанном хранилище реликтов тюркской культуры.

Алтай принято считать родиной многих народов евразийского континента и колыбелью цивилизации великих номадов. И неудивительно, что уже долгие годы внимание археологов и историков приковано к этой земле, а их открытия и

находки поражают весь мир, заставляя восхищаться культурным наследием наших предков.

Семей также занимает особое место в нашей истории. Это земля, которая дала казахскому народу таких великих личностей, как Абай, Шакарим и Мухтар Ауэзов. Каждый, кто приехал на родину Абая, осознает, что это священная земля. Семей – благодатный край великой степи. В этих местах сохранилось наследие деятелей движения Алаш, здесь наша интеллигенция боролась за будущее страны. Семей – исторический центр отечественной науки и образования, искусства и культуры.

Одним словом, трудно переоценить историческую и культурную ценность Восточного Казахстана. Здесь начинается наша история. И сегодня мы собрались здесь, чтобы говорить об историко-культурном наследии Великой Степи.

Ведь Великая Степь – это не только география, но и символ многовековой государственности и самобытной цивилизации.

В условиях современных глобальных вызовов и перестройки мирового экономического и общественно-политического пространства вопрос об осмыслении собственных корней является базовым для формирования стратегических ориентиров, самосознания народов, стоящих перед проблемой самоопределения, отстаивания и сохранения собственной культуры, образа жизни.

Имея свои корни в Великой Степи, ставшей пространством жизни тюркских народов, кочевых империй древности и средневековья, «кара шаныраком» кочевой цивилизации, колыбелью казахской государственности, Казахстан сегодня обращается к осмыслению своих истоков для лучшего понимания настоящего.

За годы независимости в Казахстане была осмыслена роль Великой Степи в мировой истории, во многом преодолен взгляд на нее как на периферию истории, навязанный западоцентристской точкой зрения.

Понятие «Великая Степь» прочно вошло в арсенал современных общественных и гуманитарных наук в Казахстане.

Великая степь как место развития обусловила весь жизненный укладномада, задала его место в мировой истории. Потому, рассматривая вопросы жизни казахского общества в прошлом и настоящем, исследователи пришли к пониманию Великой Степи как особого культурного пространства.

Историко-культурное наследие Великой степи, закрепленное и проявленное в исторической памяти, унаследованном образе жизни, традициях, ценностях, искусстве – неотъемлемая составная часть мировой культуры, наша путеводная нить, соединяющая древнейшие пласты истории с нынешним днем.

Кроме того, *историко-культурное наследие* как совокупность материальных и духовных ценностей, создававшихся веками и передающихся от поколения к поколению, а также обладающих особым значением в сохранении и развитии самобытности народов, *выступает в виде базы национального самосознания* и служит интеграции народа, сохранению и восстановлению его исторической памяти.

В эпоху глобализации, когда культуры смешиваются и традиции размываются, знание собственной истории – это способ сохранить уникальность. Великая Степь, с её ролью в истории Шёлкового пути, развитии кочевой дипломатии и особой степной культуры, может стать предметом международного интереса и гордости.

Проблема сохранения исторической памяти народа – одна из самых актуальных проблем нашего времени, компонент культурной политики любого государства. Без знания истории страны, края, своих корней, деяний прошлых поколений рвется нить, связующая эпохи, рушится преемственность поколений.

Сегодня в интеллектуальном пространстве Казахстана и в мировой исторической науке можно фиксировать стойкий интерес к вопросам историко-культурного наследия Великой Степи, истории казахской государственности.

В плеяде ученых-историков независимого Казахстана особое место занимает Ирина Викторовна Ерофеева, памяти которой посвящена сегодняшняя международная конференция.

Ирина Викторовна Ерофеева – известный казахстанский ученый-историк, в частности, политической культуры казахов в период колониального подчинения России. Во многом благодаря творческой неутомимости, подлинной заинтересованности ученого И.В. Ерофеевой и ее единомышленников история казахского народа, всех казахстанцев стала достоянием современной науки.

Ирина Викторовна постоянно расширяла временные рамки и проблематику своих исследований, концентрируя внимание на выявлении ранее неизвестных исторической науке письменных источников, их изучении и детальном анализе.

Масштаб и уровень проведенных исследований выделяют личность Ирины Викторовны Ерофеевой как крупнейшего специалиста современности в области истории Казахстана позднего Средневековья и Нового времени.

Ирина Ерофеева к народу, историю которого она исследовала, не принадлежала по своему происхождению, но знала его на генеалогическом уровне во многих поколениях, так как судьба ее семьи тесно связана с коренным населением Казахстана.

Ее предки были кадровыми офицерами, горными инженерами, земледельцами, предпринимателями, экономистами, педагогами, а в советское время еще и деятелями культуры, исследователями и путешественниками. Одна из ветвей генеалогического древа по отцовской линии заявила о себе в Казахстане еще в 60 годы XVIII века, когда Екатерина II издала Указ о заселении здешних мест своими малоблагонадежными подданными. В числе первых старообрядцев, которых российская царица решила вернуть из Польши в Россию и переселить их на новоприобретенные территории, были и ее предки. На Рудном Алтае они основали Ерофеевку – село, которое до сих пор существует в Восточном Казахстане. Спустя примерно полвека ветвь обедневших дворян Ерофеевых встретилась с ветвью Жарковых. Родоначальник рода Александр Жарков – дворянин чингизидско-тюркского происхождения и чисто азиатской

внешности – участвовал в знаменитом восстании декабристов на Сенатской площади в 1825 году.

То, что Ирина Ерофеева решила профессионально заниматься историей, было вполне закономерно. Один из ее дедов (по линии отца) проводил все свободное от работы время за чтением исторических книг, другой, по линии матери, увлекался мемуарной литературой, а в последние годы жизни сам писал их. У отца, доктора геолого-минералогических наук, профессора, автора четырех монографий и множества статей, часть которых были опубликованы за рубежом, основоположника теории гомологических рядов для геологических формаций, геолога Виктора Ерофеева было страстное увлечение – казахские батыры, образы которых он окутывал поэтическим ореолом.

Все это и *определило выбор Ирины Ерофеевой* – сделать сферой своих научных изысканий историю Казахстана дореволюционного периода, тогда как большинство ее сверстников, получивших диплом по той же специальности, шло по более гладкому и короткому пути: они занимались либо историей КПСС, либо близкими по содержанию темами.

«Я потомок пяти поколений репрессированных – политических ссыльных, расстрелянных и узников сталинских лагерей, – рассказывала Ирина Викторовна. – Для моих дальних и близких предков никогда не было характерным заниматься тем, что в обозримом будущем может принести весомые дивиденды в виде успешного продвижения по карьере, материальных и прочих льгот. Мои прадеды, деды, отец и мать занимались тем, что отвечало их духовным потребностям и познавательным интересам. Ну а поскольку последние пять поколений предков проживали с середины XVIII века в Казахстане, мне всегда были интересны страна, в которой живу, и народ, который меня окружает».

То, что она стала специализироваться на истории XVIII-XIX веков, для нее было совершенно естественным. Ирина Ерофеева была убеждена, что история кочевого прошлого казахов – это пока лишь бегло просмотренный, но не прочитанный роман.

«В нем много нераскрытых страниц, которые еще ждут своего вдумчивого и пытливого читателя, – говорила она. – Здесь событийная канва настолько полифонична и богато расцвечена в различные тона, что историку ничего не нужно придумывать самому и искусственно подгонять степных героев и совершенные ими дела под общеизвестные книжные образцы российской или западноевропейской исторической драмы».

В истории казахского народа ее в первую очередь привлекла проблема роли личности в истории и прежде всего личности правящего монарха, по поводу которой историки и неисторики спорят много веков.

Этому направлению своих исследований она была верна на протяжении всей жизни, хотя изучать историю казахов-кочевников всегда было трудно. В советский период эта тематика не приветствовалась. Тогда существовали серьезные идеологические ограничения – что-то надо было безудержно хвалить, что-то – ругать, чем-то вообще невозможно заниматься. Чтобы остаться ученым,

специалист-историк должен был делать для себя правильный выбор. О движении Кенесары Касымова, например, нельзя было писать, что оно носит народно-освободительный характер. Поэтому любой уважающий себя исследователь должен был старательно обходить эту тему, но не опускаться до лжи, называя его реакционным, феодально-монархическим.

Первая научная работа Ирины Ерофеевой, которую она написала в 22 года, называлась «Андреев как историк Казахстана». Начинаящий ученый посвятила ее жизни и исследовательской деятельности военного инженера XVIII века семипалатинского краеведа Ивана Григорьевича Андреева, который оставил оригинальное историческое исследование «Описание Средней Орды киргиз-кайсаков», «Домовую летопись» и некоторые другие труды, посвященные казахскому народу и Восточному Казахстану.

Будучи студенткой четвертого курса исторического факультета Усть-Каменогорского пединститута, Ирина с этой работой участвовала во Всесоюзном конкурсе научных студенческих работ, где стала дипломантом I степени. На этом основании сразу после окончания вуза получила рекомендацию в аспирантуру Института истории, этнографии и археологии имени Чокана Валиханова Академии наук республики.

Она считала, что период 70-х до середины 80-х годов прошлого века был «золотым веком» исторической науки в Казахстане. Ей было у кого учиться. В те годы в нашей стране плодотворно работали такие крупные ученые общесоюзного и мирового значения как археологи Алькей Маргулан, Кемаль Акишев и Мир Кадырбаев, востоковеды-медиевисты Вениамин Юдин, Юрий Зуев, Клавдия Пищулина; специалисты по истории нового времени Бегежан Сулейменов, Ельток Дильмухамедов, Валентин Басин; этнографы Халел Аргынбаев, Вениамин Востров, Марат Муканов... Эти ученые имели за плечами прекрасные научные школы – московскую и петербургскую, владели европейскими и восточными языками, глубоко знали исторические источники.

Она сталкивалась с определенным противодействием при попытках отстаивать новую точку зрения о прошлом Казахстана. Особенно это усилилось после смерти многолетнего директора Института истории, академика Акая Нусупбекова, а вслед за ним и ухода из жизни почти всех высококвалифицированных специалистов по истории и этнографии дореволюционного Казахстана, когда общий тон в этой сфере знания стали задавать историки, занимавшиеся прежде идеологически заданными темами. Новые подходы к национальной истории и возникающее в результате их применения «незаинтересованное» историческое знание почти всегда и везде в науке пробивались с трудом.

Благодаря изысканиям И.В. Ерофеевой в научный оборот введен широкий круг источников по истории и исторической географии Казахстана XVII–XIX вв., в том числе неопубликованные ранее части рукописи капитана И.Г. Андреева о казахах Среднего жуза (Алматы: Ғылым, 1998), рукописные материалы П.И. Рычкова (2007), оригинальные труды Х.Барданеса по истории, исторической географии и этнографии казахов (1991, 2007) и др.

Книга А.И. Левшина «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» (1983, 1992, 1996), переиздание которой приурочено к 200-летию «Геродота казахского народа», была признана лучшей книгой 1996 года и удостоена Почетной грамоты Национального Агентства по делам печати и массовой информации Республики Казахстан.

И.В. Ерофеевой написана статья о жизни и деятельности А.И. Левшина, включенная в книгу как послесловие, ей также принадлежит значительная часть научных комментариев к книге.

И.В. Ерофеева внесла значительный вклад в реализацию масштабной государственной программы «Культурное наследие», в рамках которой она приняла участие в публикации изданий: «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» в десяти томах и «История Казахстана в западных источниках XII-XX веков» в десяти томах.

В данном государственном проекте И.В. Ерофеева совместила функции научного редактора секции «История и этнография» и составителя многих томов. Ею также проведена транскрипция скорописи, принятой в то время в делопроизводственной документации, подготовлены комментарии к текстам, написанные в лучших традициях академической науки.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында былай деген болатын: **«Біз болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет. Қазақстан – Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің тікелей мұрагері. Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы Ұлысы Орталық Еуразияның байтақ даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған».** Осы ортағасырлық державаның геосаяси мұрасын зерттеумен айналысқан тарихшылардың арасында Ирина Ерофееваның шоқтығы биік тұр.

Глава государства на третьем заседании Национального курултая отметил, что **«Для уверенного движения вперед мы должны в полной мере осознать масштаб национальной истории, оберегать и продвигать свое культурное наследие. Казахстан является прямым преемником кочевой цивилизации Великой степи. Признанной вершиной государственного строительства на огромных просторах Центральной Евразии всегда выступал Улус Джучи, всемирно известный как Золотая Орда. Геополитическое наследие этой средневековой державы послужило благодатной почвой для возникновения целого ряда евразийских государств, включая Казахское ханство».** Так, Ирина Викторовна внесла весомый вклад в исследование института ханской власти в условиях усиления колониальной политики России в казахской степи, в воссоздание генеалогии и исторических биографий казахских ханов, султанов и кожа.

До того, как Ирина Ерофеева издала свою работу «Казахские ханы и ханские династии XVIII – середины XIX веков», за исключением отдельных исторических лиц круг титулованных правителей степи того периода был очень узким. Остальных ханов более или менее знали только немногие специалисты —

историки, а «неисторики» имели о них весьма смутное представление, или же вообще не подозревали об их существовании. Но власть в любом обществе персонифицирована в каких-то конкретных личностях, истории их деяний, образе мыслей, групповых стереотипах поведения. Поэтому для того, чтобы восстановить в полном объеме всю реальную историческую картину, нужно знать как можно большее количество персоналий, участвовавших в созидании этого исторического прошлого.

Хочу особо отметить, что в своем фундаментальном труде «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Сборник исторических документов в двух томах» (2014) И.В. Ерофеева сумела собрать, систематизировать и детально исследовать гигантский и ранее неизученный объем эпистолярных материалов (писем) казахских ханов и султанов XVII-XIX вв.

Фундаментальное двухтомное издание, содержит более 800 посланий казахских правителей монархам, представителям центральных и региональных властей Российской и Цинской империй, ханам Джунгарского и Калмыцкого ханств. Из 811 документов только 164 были опубликованы ранее, тогда как остальные вводятся в научный оборот впервые.

Так, в вышеупомянутом труде Ерофеевой И.В. были впервые опубликованы переводы 7 писем с чагатайского тюрки и среднеазиатского фарси Тауке-хана, 4 письма Жолбарыс-хана (правитель Старшего жуза), 1 письмо сына Тауке Болат-хана, 1 письмо ранее неизвестного хана Старшего жуза Жаубасара (умер в 1749 году) – последнего правителя Ташкента из династии казахских ханов и многое другое.

В труде представлены детальные биографии не только 26 исторических личностей, оставивших эпистолярное наследие, но и еще 17 представителей степной элиты, которые своих писем потомкам не оставили (по крайней мере, они пока не обнаружены историками), однако фигурируют в переписке. Там есть описание внешнего облика, характера, индивидуальных личных качеств. Например, в отношении хана Абулмамбета современники отмечают его боязнь быстрой езды, из-за чего тот «ходил тихим ходом».

Александр Стивен Моррисон, профессор Оксфордского университета, автор фундаментальной монографии по истории завоевания Центральной Азии, а также глубоких исследований «административной и политической истории российского колониализма» очень высоко оценил двухтомное издание писем казахских ханов: «Что за фундаментальный труд – тщательно отредактированный, великолепный и важный ресурс для всех, кто изучает российские степные рубежи конца XVII – начала XIX вв.».

Если в российской и европейской истории за последние четыре – пять веков написаны книги о каждом более или менее приметном правителе, который сидел два-три года, а иногда и несколько месяцев на троне, то в Казахстане, за исключением кратких биографических данных о 5-7 ханах, был почти полный вакуум. Благодаря ранее собранным документальным материалам и дореволюционным записям казахских народных преданий Ирине Ерофеевой

удалось воссоздать галерею лиц, попеременно или параллельно восседавших на белой кошме, выяснить даты жизни и правления одних ханов и уточнить ранее имевшиеся такие же данные о других, установить казахские роды, на которые они опирались, и места кочевых ставок этих правителей в Степи, а также персональный состав их потомства, внешний облик личных удостоверительных знаков-печатей, выявить и скопировать художественные изображения отдельных титулованных лиц.

Одним из вкладов Ирины Ерофеевой в изучение отечественной истории стало установление причин более чем двухсотлетней терминологической путаницы, когда казахов вдруг стали называть киргизами: *«Не только как исследователь, но и как человек, я разделяла обиду казахского народа, у которого в начале XVIII века отняли собственное имя».*

Благодаря системному изучению письменных русских и европейских источников XVII и первой половины XVIII века, историку удалось установить, что впервые подмена этих названий произошла в 1715 году, десять лет спустя после насильственного переселения джунгарским хунтайджи Цэван Рабданом енисейских кыргызов из Восточной Сибири в междуречье Чу и Талас на границу с местами расселения казахов и тяньшанских кыргызов.

Современниками этого события стали пленные офицеры немецкого происхождения (шведы), сосланные в 1710 года из Прибалтики в Сибирь. Эти образованные люди занялись изучением тюркских источников, и когда они издавали труд Абулгази-Бахадур-хана «Родословная история тюрков» со своим предисловием, то ошибочно отождествили переселенных енисейских кыргызов с соседними казахами. В 1734 году благодаря публикации этой версии в правительственной газете этнонимы «киргизы» и «киргиз-кайсаки», употребляемые по отношению к казахам, получили официальный статус и с того времени стали широко тиражироваться в российском делопроизводстве и в печати. Отсюда и возникла нелепая путаница.

Большое внимание И.В. Ерофеева уделяла истории сопротивления казахов джунгарской агрессии. В обширном списке фундаментальных работ особое место принадлежит ее книге «Хан Абулхайр. Полководец, правитель и политик» о выдающемся и авторитетном представителе правящей казахской элиты второй четверти XVIII в. В ней автор убедительно доказывает, что основные мотивы, побудившие хана Абулхайра добиваться протектора России, никоим образом не связаны с джунгарской угрозой, как считалось прежде, поскольку джунгары к тому времени были разбиты объединенным казахским войском трех жузов под руководством самого Абулхайра. По мнению исследовательницы, главные причины обращения хана Абулхайра к России обусловлены его стремлением урегулировать сложнейшие отношения с подданными России башкирами, волжскими калмыками и казачьим войском. Впервые научный труд Ерофеевой увидел свет в 1999 г. и сразу стал библиографической редкостью, поэтому переиздание книги уже в 2002 г. стало насущной необходимостью. Третье издание книги с некоторыми исправлениями и весомыми дополнениями вышло

в свет в 2007 году. Фундаментальное исследование принесло автору широкую известность и в научном мире.

Аспектам мифотворчества, имеющим место в отечественной истории, И.В. Ерофеева уделила внимание в отдельных статьях и в крупном разделе «События и люди Казахской степи (эпоха позднего средневековья) как объект исторической ремистификации» книги «Научное знание и мифотворчество в современной историографии Казахстана» (2007), опубликованной в соавторстве с Н.Э. Масановым и Ж.Б. Абылхожиным. Это научное исследование получило широкий общественный резонанс и отклики в специальной литературе.

В качестве инструмента научных исследований И.В. Ерофеевой был разработан и успешно реализован **новаторский междисциплинарный подход** к изучению различных проблем истории и культуры евразийских кочевников.

Инновационный подход выражался в проведении комплексных экспедиционных ландшафтно-геоморфологических, археологических, этносоциологических и историко-топонимических исследований объектов материальной кочевой культуры с привлечением специалистов из смежных областей науки, что позволяло получить ценные вещественные, фольклорные и документальные материалы, проливающие новый свет на историю и культуру казахского народа.

Ярким примером творческого применения новой методики исследования явилось изучение исторического памятного места Аныракайской битвы казахского народного ополчения с джунгарскими завоевателями, состоявшейся в 1730 г. в Чу-Илийских горах.

Комплексный междисциплинарный подход успешно применялся при реализации всех научных проектов Института в 2007-2011 годах. За этот период по результатам проведенных фундаментальных научных и полевых изысканий под руководством И.В. Ерофеевой был издан целый ряд уникальных научных и научно-популярных трудов, таких как «Аныракайский треугольник: историко-географический ареал и хроника великого сражения» (2008), «Историко-культурный атлас казахского народа» (2011); «Атлас памятников и достопримечательностей природы Казахстана. От Алтая до Каспия» в 3-х томах (2011, спонсор частный благотворительный фонд «Seimar Social Fund. kz»), «Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана» (2014).

Научное наследие Ирины Викторовны включает огромное количество публикаций, посвященных не только истории Казахстана в XVIII-XIX вв., но и множеству других тем, таких как генеалогические родословные казахской правящей элиты, история религий (в частности, история проникновения буддизма на территорию Казахстана), научно-просветительская деятельность, посвященная борьбе с дилетантизмом и плагиатом в науке, а также история этнических немцев и русских Казахстана.

Среди фундаментальных трудов, подготовленных И.В. Ерофеевой в последние годы, книга «Между всеми старшинами знатнейший. Первый казахский тархан Жанибек Кошкарулы» (2013), в которой освещается

историческая биография знаменитого батыра Среднего жуза первой половины XVIII в. – Жанибека Кошкарулы.

Последняя ее книга «Рыцарь» звания чести. «Казахский батыр Бокенбай» (2017) посвящена жизни знаменитого батыра Младшего жуза первой половины XVIII в. Бокенбая Карабатырулы.

С 1978 по 2019 г. И.В. Ерофеева опубликовала в Казахстане и за рубежом около 300 научных трудов по разным проблемам истории и культуры Казахстана, которые вышли на русском, казахском, английском, немецком, французском, турецком и китайском языках. И.В. Ерофеева являлась одной из наиболее часто цитируемых исследователей в Казахстане на постсоветском и европейском научном пространстве.

Основным направлением ее научных исследований оставалась социальная и политическая история Казахстана периода позднего средневековья и Нового времени. Помимо исторических работ ей созданы фундаментальные труды по источниковедению, историографии, генеалогии, религиоведению, истории культуры Центрально-азиатского региона, а последняя монография И.В. Ерофеевой выполнена по буддологии.

Ирина Викторовна своими научными трудами осуществила прорыв в изучении **Новой истории Казахстана**, опираясь в своих исследованиях на самые разнообразные источники, включая письменные, визуальные, картографические, топонимические и устное народное творчество казахского народа.

Практически все исследования, которые проводила Ирина Викторовна открывали новые страницы в изучении истории Казахстана XVII-XIX вв; она определила новые направления в историографии истории Казахстана.

Таким образом, резюмируя выше сказанное историко-культурное наследие Ирины Викторовны Ерофеевой в историографии Казахстана включает следующие аспекты:

- **Исследование истории казахской элиты XVII-XIX веков.** Ерофеева уточнила биографии казахских ханов разного ранга, представила информацию о казахских родах, которыми они управляли, местах кочевания.

- **Изучение символов казахской государственности.** Ерофеева впервые рассмотрела историю становления и эволюцию персональных печатей казахской правящей элиты XVIII – первой половины XIX века.

- **Изучение истории казахско-джунгарских войн и Аныракайской битвы.** Ерофеева на основе комплексного изучения разных материалов установила точное место, календарное время и последовательность событий Аныракайской битвы.

- **Поиск и введение в научный оборот новых источников** по истории и этнографии Казахстана. Ерофеева ввела в оборот широкий круг источников, в том числе неопубликованные ранее части рукописи капитана И. Г. Андреева о казахах Среднего жуза, рукописные материалы П. И. Рычкова, оригинальные труды Х. Барданеса.

• **Исследование истории европейских диаспор Казахстана.** Ерофеева одна из первых обратилась к истории немцев в Казахстане, исследовала их социальный состав, пути и типы миграций, биографии отдельных немецких учёных и путешественников.

• **Издание писем казахской правящей элиты за период с 1675 по 1821 годы.** Ерофеева сама придумала уникальный свод, вобравший в себя 811 посланий, написала введение, биографии авторов писем, ряд статей в приложениях, подготовила комментарии

Данные темы сегодня найдут отражение в выступлениях мои коллег.

Завершить выступление хочу пожеланиями участникам международной конференции успешной работы и словами Ирины Викторовны Ерофеевой из ее интервью 2017 года, которые можно рассматривать как ее завещание новым поколениям историков, исследователей историко-культурного наследия Великой степи: *«...изучение истории любого государства – это необозримое поле деятельности. А история Казахской Степи, его народа требует особенной кропотливости и огромного труда. Очень многое еще предстоит извлечь из недр прошлого. Еще многое не исследовано и о многих известных людях Степи не рассказано. И наша задача — дать будущему поколению точную историю народа. Только опираясь на свою историю, на прошлое нашего народа, молодые поколения смогут построить будущее своей страны, которое видится мне светлым и счастливым».*

Шын мәнінде, тарих – ең қастерлі қазынамыздың бірі.

Өз халқыңның жылнамасын жазу – қаншалықты үлкен мәртебе болса, соншалықты зор жауапкершілік. Осы арада, танымал тарихшы Ирина Викторовна Ерофеева осы жауапкершілікті терең сезініп, тәуелсіздігіміздің тұғырының берік болуына зор қажыр-қайратпен жұмыс жасаған азамат деп санаймын. Меніңше, ұлтқа, ұлт мүддесіне қызмет ету дегеніміз – осы.

Қазір еліміздегі тарих ғылымында жаңғыру кезеңі жүріп жатыр. Бұған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында төл тарихымыз туралы айтқан көзқарасы айрықша әсер еткені сөзсіз. Ол *«Қазір отандық тарих ғылымының және біздің зияткерлеріміздің алдында төл тарихымыз туралы түсінікті жаһандық өркениет парадигмасы тұрғысынан кеңейту міндеті тұр»* – деген болатын. Олай болса, бүгінгі басқосуда ғалымдарымыз тың деректер мен салмақты ой-пікірлерін ортаға салады деп сенемін.

1 СЕКЦИЯ
ТАРИХ, ДЕРЕКТАНУ, ТАРИХНАМАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ,
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЯ, ИСТОРИОГРАФИИ**

ӘОЖ 94 (574) (092)

**ҚАЗАҚ ОЙШЫЛЫ МӘШҮР ЖҮСІП КОПЕЕВТІҢ
АШЫЛМАҒАН ФЕНОМЕНІ**

Айтуганова А.Н.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім
бөлімінің «№49 жалпы білім беретін мектебі» КММ тарих пәні мұғалімі
e-mail: aiman_nurken2011@inbox.ru

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресі тарихымыз үшін құнды негізгі деректер көзі болып табылады. М.Ж. Көпеевтің еңбектері тарихи тұлғаларымызды ғана емес, жалпы қазақ тарихына қатысты мәселелерді де жан-жақты қарастыруымызға мол мүмкіндік береді. Оның еңбектері келешек ұрпақты өткен дәуірлерге қатысты тарихи мәліметтермен байыта түседі және бір қарағанда кездейсоқ болып көрінетін қазақтардың қоршаған ортамен байланысын, олардың тарихи үрдістегі әлемдік тарихтың дамуындағы рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

Феноменом М.Ж. Копеева является его труды ценным основным источником данных для нашей истории они дают широкие возможности для всестороннего рассмотрения не только исторических личностей, но и вопросов, касающихся казахской истории в целом. Его труды обогащают будущие поколения историческими данными, относящимися к прошлым эпохам, и позволяют определить, казалось бы, на первый взгляд случайные связи М.Копеева с окружающей средой.

Қазіргі таңда діни таным мәселесі қоғамдағы діни жіктелудің ең басты факторлардың бірі ретінде көрініс беріп отыр. Бүгінгі таңда бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстан халықтарының арасында да діни сана-сезім барынша өрістеп барады. Жетпіс жыл бойы кеңес өкіметінің құрсауында дін не, руханият не, имандылық не екенін білмей өскен аға ұрпақ өкілдері сол кездегі дінге деген саясаттың салқынынан әлі арылып кете қойған жоқ.

Біздің елде 70 жыл бойы ресми идеология атеизм болғандықтан, ата-бабасының дінін ұмыта бастаған жұрт қазір шын дін қайсы, дүмше дін қайсы ажырата алмайтын болған. Сондықтан, дін оқып, иман тапқысы келген адамдардың көбі шетелдің шатақ діні мен бейбітшілік пен ұлттар ынтымағын уағыздайтын дәстүрлі дінді шатастырып, алғашқысының құрбаны болып жатыр. Осы қауіптерден құтылу үшін, ең алдымен, діни танымды тереңінен зерттеп, ата-бабаларымыз аманаттаған рухани құндылықтарымызды бүгінгі күн

тұрғысынан кәдеге жарату міндеті алдымызға қойылып отыр. Тәуелсіздік алғалы Мәшһүр Жүсіп мұрасы зерттеліп, «Мәшһүртану» саласы жоғары дәрежеде дамып келеді. Алайда оның шығармаларындағы «Алла, адам және әлем» мәселесі діни-философиялық қырынан, теологиялық аспектіде өз деңгейінде зерттелген жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірі мен діни танымын теологиялық қырынан және сопылық таным өзегінде зерттеп, зерделеудің маңызы зор [1].

Мәшһүр Жүсіп Көпеев әкесі Көпейдің 42 жасында, шешесі Ұлбаланың 18 жасында, Баянауылдың Қызылтау деген жерде, қыс түнінде, қыстауда, 1858 жылында, қазақша жыл аты «қой», арабша ай аты «ережеп» деген айда, жұма күні, түс бесін уақытында дүниеге келді. Туғанда азан шақырып қойылған есімі - Адам Жүсіп. Кейіннен 9 жасында қисса - дастандарды айтып, ел көзіне түскен кезде жиынды шақырып отырған М. Шорманұлы Адам Жүсіпті ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен», - деп, лепес қылуымен Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді.

Көпей Сермұхаммедұлы: «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас», - деп, ұлы Адам Жүсіпті оқуға беріп, ол Баянауыл медресесінде Қамар (Хамариддин) хазіреттен білім алып, оқуын жалғастырып, 1872-1874 ж. Бұһарадағы «Көкілташ» медресесінде ортағасырлық араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгереді. Еліне оралған соң екі жылдай (1833-1835жж.) өз ауылында балаларды оқытып табыс табады. Тұрмысы түзелген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1887, 1885, 1907 ж. үш мәрте Түркістан, Ташкент, Бұхара, Самарқанд қалаларына сапар шегіп, шығыстың мұсылмандық білімін молайтады [2].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі дерек жинастыру қызметін ерте кезден бастаған. Ә.Х. Марғұлан хаты бойынша, «Ер Олжабай батыр» жырын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 7 жасар бала кезінде 1865 ж. Сақау ақыннан айтыунан жазып алған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы патша манифесінің арқасында үш бірдей кітабын («Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамаша-мыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі?») 1907 жылы жарық бетке шығарып үлгерді.

Мәшһүр Жүсіп 1863-1868 жылдарда Баянауыл медресесінде Нәжметдин молладан, 1868-1872 жылдарда Хамерреддин (Қамар) хазіреттен оқып, араб, парсы, шағатай және түркі тілдерін үйренеді [3].

Ол 1874-1876 жылдарда ұстаздықпен шұғылданады. 1880 жылдардан бастап Мәшһүр Жүсіптің шежірелік деректерді, ұлт тарихына қатысты мәліметтерді тиянақты түрде жинауға кіріседі. Көсем сөздер туындатады. 1880-1885 «Дала уалаяты» газетіне, 1887 жылы Ташкент қаласынан шығатын газеттерге, 1911-1912 жылдарда «Айқап» журналына материалдар ұсынады. «Дала уалаяты» газеті Мәшһүр Жүсіптің шығармашылық өнері жөнінде мынадай пікір білдірген: «Сөзі қара сөзбен болса да, өлеңмен болса да дәмді болып көрінеді. Көпеевтің сөзінен сөз танушыларға ғибрат көп табылып тұр» [4].

Мәшһүр Жүсіп 1881 жылы Мейрам қажы Жанайдарұлымен танысады. Ол өз заманының айтулы білімпазы болған. Орыс тілін жетік білген. Шығыс

халықтарының және қазақ халқының атақты би-шешендерін, ақындарын, батырларын, хандарын, тарихи-әдеби жәдігерлерін жиып, жүйелеп, зерделеген.

«Болат майрылмайды, асыл жасымайды, қайратты қажымайды» деген сөз асылы, ой асылы бар. Ендеше Мәшһүр Жүсіп те таным-пайымын, білім-білігін тереңдету мақсатында 2 рет 1887 жылы Бұқара қаласына келеді. Осынау сапары Қожа Ахмет Йасауи кесенесін көріп, тарихына үңіледі. Ташкент шаһарында Сыздық Кенесарыұлымен дидарласып, Хана Кененің жорықтары жайындағы мәліметтерді хатқа түсіреді. Сонымен қатар Майлықожа, Күдеріқожа, Ақмолда, Дайыр, Молдағали ақындармен жүздесіп, кейбіреулерімен айтысады да [5].

1889-1891 жылдарда Кіші жүз елінде Жәңгір төремен, атақты батыр Науша Қаржауұлының шөбересі Қадырмен сұхбаттасады. Науша, Жәңгірхан, Исатай-Махамбет, Шернияз, Тама Сарыбас мерген турасында яки тұлғатануға қатысты мағлұматтарды, ру-тайпа таңбаларын, ұрандарын, шежірелік-жылнамалық жүйесін сипаттап, әдеби-ғылыми шығармашылығын одан әрі өркендету, толықтыру, көркейту мақсатында білім, ырыс, игілік кәусарынан сусындайды.

Мәшһүр-Жүсіп еңбегі ұзақ жылдар бойы қалтарыста келді. Кеңес үкіметінің қатаң қадағалау астына алуының өзіндік дәйектемесі де жоқ емес еді. Себебі сол уақыттағы пролитариаттық қоғам құру жолындағы үкіметке қандай да бір халықтық құндылықтың қажеті шамалы болатын.

Мәшһүр феноменінің қалыптасуына мүмкіндік туғызған сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік ахуал деп тануымыз қажеттілік.

«Адам және жұлдыздар арақатынасы» деген еңбегінде Мәшһүр адамның әрбір мүшесі бір-бір машина өз алдына жұмыс істеп тұр. Жүрек машиналардың түп тұрағы. ...Жүрек – Күн орнында...Сендер бұларды бір-бір жапырақ ет деп жүрсіндер ғой деп үлкен ойды сабақтайды. Бұдан адамның микро әлемі арқылы, макро әлемді тануға мүмкіндігі барлығын байқаймыз. «Ғылым екі түрлі болады, - дейді Мәшһүр, - ғылымқал және ғылымхал. Пендеден пенде сабақ алып, көзбен көріп, тілмен оқылатын оқуды: «Ғылымқал»-дейді [6].

«Дінтағылымы» атты жазбаларында «мидың бес қызметкері» яғни бес сезім мүшесі («Хауас хамса»), жігіттік және кәрілік жас уақыты яки иненің жасуындай міні жоқ Құдайдың шеберлігі білімпаздықпен сөйленеді. Көңіл, нәпсі, қанағат, дене, көз, мұрын, құлақ, ауыз, қол, аяқ тәрізді дене мүшелеріне лайықты сипаттама береді [7]. Мысалы, дене – шаһар, құлақ – телеграф, ауыз – телефон, аяқ – пароход...

Мәшһүр Жүсіп «қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ» дейді. Және де «адамның көңілі ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең дария» дегені бар. Жоқтаудың қолжазба нұсқасы Санкт-Петербургтағы Березин архивінде сақталған [8].

«Гибратнама» – шығармашылық еңбегі жайындағы «баяннама» (Мәшһүр Жүсіптің авторлық оралымы). Ақындық бұлқыныс-кұлшыныстан, телегей толғаныстан тоқылған жыр. «Япырм-ай, кессем бе екем мен тілімді» деп бастап, қызыл тілдің қызығы мен шыжығын, ғұмырын яғни жас дәуренін «қасірет пен қапалықта өткізгенін» тебіреніспен жырлайды. «Жаныма тыныштығы жоқ, өзіме қас, Бұлбұлдай жағып жұртқа сайрағаным» деп өкінеді [9].

«Мәшһүр» атты қалай алғандығы туралы» – Мәшһүр Жүсіп өзінің шығармашылық өмірбаянын жан-жақты баяндайды. Ақынның рухани жетілу жолдары, алты жасында «Шар кітапты» жатқа заулатқанын, арабша, парсыша самардай қақсағанын, «Тарғын» мен «Қозы Көрпеш» жырларын тамылжыта жеткізгенін, сегізден тоғызға қараған жасында «парасат нұрын» болмысына дарытқан аға сұлтан Мұса Шорманұлы «Мынау Мәшһүр болатын бала екен!» деп, үкі тақтырған.

Әрине, Мәшһүр Жүсіптің замандастарының ішінде Алаш зиялылары да болды. Ересек жасында Құнанбай ақсақал мен Абайды да көргендігі, Шәкәрім қажымен бір жылы туылып бір жылы қайтыс болғандығы мәлім. Десекте, сол кезеңде оның зиялы ретіндегі көзғарастары мен ұстанымы саясидан гөрі ағартушылық бағытта болғандығын байқаймыз. Жасынан араб, парсы, шағатай тілін жетік білген ол, сол заманғы барлық қайраткерлерге тән орыс тілінде де білім алуда әжептеуір жетістіктерге жетеді. Қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетінде зерттейді [10].

Алла мен адам арақатынасын рухани тәжірбиелерге, ішкі тазалыққа негіздейтін сопылық философияда ең басты мұрат – Алла. Аллаға ғашықтық, махаббат арқылы, жүректі кірден аршып, нәпсіні тізгіндеу арқылы тәслим сипатын дәлелдейді. Екі дүние бақыты сопылар үшін осы мәнге яғни, ғашықтыққа байланып тұр. Мұны, Мәшһүр Жүсіп әр шығармасында соқырға таяқ ұстатқандай, бейнелі тілде баяндап берген. Ішкі мәнге, жүрек тазалығына негізделген бұл ілім ғасырлар бойы қазақ халқының рухани бағдары һәм мұсылмандық түсінігінің айнасы болды. Осы ілімнің сәулесінде ой толғаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұралары жан-жақты зерттеуді қажет ететін рухани мұрамыз болып қала бермек [11].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. М. Магомерзоев, *Ислам. Иллюстрированная энциклопедия.*, – М.: Эксмо, 2010.
2. *Бес ғасыр жырлайды*: Екі томдық. Құраст.: М. Байділдаев, М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1989.
3. Сүйіндік Шәрәпиденұлы Көпеев, *«Мәшһүр Жүсіп өмірі»*, Павлодар, 2000.
4. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығ-ры 1т. «Мәшһүр-Жүсіптің өміріне қатысты деректер. Бірінші нұсқа» Пав., 2003.
5. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығ-ры 1т, *«Қамаралдин қазірет»* Пав, 2003.
6. Мәшһүр Жүсіп шығармалары. 4т. Пав., 2004.
7. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығ-ры 9т. Пав., 2006.
8. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығ-ры 8т. Пав., 2006.
9. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. Т.8. Павлодар, 2006.
10. Мәшһүр-Жүсіп. *Шығармалары*. I том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003.
11. Мәшһүр-Жүсіп. *Шығармалары*. I том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003, 121 бет.

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСТАРЫН ОҚЫТУДА ЖОБАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Алханова Г.Б.

Ғылыми жетекшісі: Өскембай Ә.А.

«Абай атындағы орта мектебі» КММ, Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан
e-mail: alkhanova72@mail.ru

Қазақстан тарихын оқытуда жобалау әдістемесі дәстүрлі оқыту әдістерінен ерекшеленіп, білім алушыларға тарихи білімді тереңдетіп, өз бетімен зерттеу жүргізуге, жаңа ақпараттарды саралауға және алған білімдерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Әдістеме арқылы білім алушыларға өздерінің тарихи оқиғаларды тереңірек зерттеу, талқылау, бағалау және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырады. Әсіресе XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар шапқыншылығы сияқты күрделі тарихи кезеңдерді оқыту барысында жобалау әдістемесінің маңызы ерекше. Бұл мақалада Қазақстан тарихын оқытудағы жобалау әдістемесінің мәні, мақсаттары, әдіс-тәсілдері, сондай-ақ қазақ-жоңғар шапқыншылығының тарихи маңызы мен оны оқытудағы жобалау әдістемесінің тиімділігі қарастырылады.

Қазақстан тарихын оқытуда жобалау әдістемесін қолдану – оқу үдерісін жаңаша ұйымдастырудың тиімді әдісі. Бұл әдіс білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға, олардың өз бетімен білім алуға, терең зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Жобалау әдістемесі білім алушылар тек дайын ақпаратты қабылдаушы ретінде емес, тарихи деректерді өңдеуші, талдаушы, әрі шығармашылық тұрғыдан жаңа шешімдер қабылдайтын тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді.

XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар шапқыншылығы Қазақстан тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл оқиға қазақ халқының ұлттық бірлігін сақтауға, өз тәуелсіздігін қорғауға деген ерік-жігерін қалыптастыруға ықпал етті. Қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі тарихтың өзекті мәселелерінің бірі болып саналады және оны оқыту кезінде жобалау әдістемесінің тиімділігі жоғары болады. Осы мақаланың мақсаты – XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар шапқыншылығын оқытуда жобалау әдістемесінің қолданылуын қарастырып, оның білім беру үдерісіндегі рөлі мен артықшылықтарын көрсету.

Қазақстан тарихындағы XVIII ғасыр – ел тағдыры шешілген аса маңызды кезең. Қазақ-жоңғар соғыстары халқымыздың мемлекеттілігін сақтап қалу жолындағы жанқиярлық күресінің көрінісі. Бұл тарихи оқиғалар тек өткеннің бір парағы емес, бүгінгі ұрпақ үшін рухани-идеялық негіз болып табылады. Сондықтан мектепте тарихты оқыту барысында аталған кезеңді терең әрі әсерлі жеткізу – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Осы ретте жобалау әдістемесінің алатын орны ерекше. Бұл мақалада XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар

шапқыншылығы тақырыбын оқытуда жобалау әдістемесін қолданудың жолдары мен маңыздылығы қарастырылады.

1. Қазақ -жоңғар қатынастарының тарихи негізі. Жоңғарлар мен қазақтардың қарым-қатынасы XVII ғасырдың соңынан шиеленісіп, XVIII ғасырда шарықтау шегіне жетті. Жоңғар хандығы – Шыңғыс ұрпағы емес, буддизм дініндегі көшпелі империя болатын. Ол Қазақ хандығына батыстан да, шығыстан да қысым жасаушы негізгі күштердің бірі болды. Олардың басты мақсаты – Қазақ даласын жаулап алу және салыққа байлау болды.

2. Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама (1723) 1723 жылы жоңғарлардың кенеттен жасаған шабуылы қазақ халқы үшін аса ауыр зардап әкелді. Ел ішінде бұл кезең «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен қалды. Мыңдаған адам қырылып, жұрт босып, қазақ халқы тұтастай қасіретке ұшырады. Бұл оқиға елді біріктіруге, біртұтас қарсы күш құруға итермеледі.

3. Халық батырлары мен хандық биліктің рөлі XVIII ғасырда ел бірлігі үшін күрескен тарихи тұлғалардың рөлі ерекше. Абылай хан – тек қолбасшы ғана емес, ұлтты біріктіруші көшбасшы болды. Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сынды батырлар – ұлт намысының символына айналды. Олар тек соғысып қана қоймай, халықты рухтандырып отырды. Бұл кейіпкерлер – тарих сабағында оқушылардың патриоттық сезімін оятатын нақты тұлғалар.

4. Жобалау әдістемесі мәні мен маңызы. Жобалау әдістемесі – білім алушылардың зерттеу, шығармашылық, сараптау жұмыстарына тартатын заманауи оқыту формасы. Бұл әдіс арқылы білім алушылар тек дайын ақпаратты қабылдамай, өз бетімен ізденіп, нәтижеге жетеді. Тарих пәнінде бұл әдісті қолдану – деректерді талдау, тарихи реконструкция жасау, презентациялар, деректі фильмдер, макеттер құру арқылы жүзеге асады.

5. Қазақ-жоңғар соғысы тақырыбына арналған жобалар мысалдары

«**Ұлы Дала Батырлары**» – білім алушыларға белгілі батырлардың өмірі мен ерліктерін зерттеп, портреттік галерея жасап, презентация қорғайды.

қарым-қатынастан кейінгі Әбілқайыр ханның ұстанған саясаты, қабылдаған анты себеп. Сондай-ақ, саяси геноцидтен кейінгі, «орыс тілінсіз қазақ халқы өмір сүре алмайды, болашағын жоспарлай алмайды» деген құлдық сана себеп. Өздерін сақ, ғұндардың, көк түріктердің ұрпағы санайтын қазақ халқы «қасқыр мінездіміз деген позициясынан қой мінездіге» ауысып, тарихы бұрмаланып, өз жерінде өзгелерге кіріптар болды. Посткеңестік кеңістікте батыстандыру, орыстандыру белең алған еді. «Батыстандырудың негізгі мәні дәстүрлі мәдениеттердің дамуын шектеу еді» [4, 92 б.]. Осы кезеңде, XX ғасырдың басында буыны бегіп, бұғанасы қатпаған қазақ елінің ұлттық санасын ояту үшін Алаш Ордасы құрылып, өз қаулыларын ұсынды. Олардың Патша үкіметіне жолдаған құзырхатында қазақ тіліне басымдық бергені үшін ұлтшылдар деген айып тағылған болатын. Ұлтшылдықты көбі этноцентризмге балайды, кеңестік дәуірден берібұл ұғым қате түсініліп келеді. Сол кездегі «тоталитарлық жүйе сыбағасы – ұлтын сүюді ұлтшылдыққа теңеу де әлі жойылып біткен жоқ» [4, 7 б.]. Ұлтшылдықты жай ғана саяси доктринамен немесе Геллнердің қысқаша тұжырымымен (Геллнер 1991: 23) «мәні саяси және ұлттық бірліктердің сәйкес келуі керек болатын саяси принциппен» шектелу оның түсінігін тым тарылтады [5,42 б.]. Өйткені, ұлтшылдық дегеніміз – өз еліңді, жеріңді, сондағы құндылықтарды сүю, оны нығайту жолында әрекет ету. Ұлттық идентификациялану мен ұлтшылдық адамдар қауымдастығын нәрлендіреді, оны қарапайым қауымдастықтан ұлттық қауымдастыққа айналдырып, өзінің жеке мемлекетін, мәдениетін, идеологиясын құруға мүмкіндік туғызады [6, 3 б.]. Бұл терминді Еуропа емес, Күншығыс, соның ішінде жапондықтардың түсінігімен қарастырған жөн. Себебі олар ұлттықидеология арқылы дамып, өздерін мемлекет ретінде мойындатқан ел. Тәуелсіздік алғанға дейінгі отарлау саясатының ұшқыны – ұлтшыл деген жалған айып әлі де жағымсыз салдарын тигізіп келеді. Бұл жолы осындай мін мәдениет қайраткері, танымал әнші Нұрлан Өнербаевқа тағылды. Ол кісі осыдан бірнеше күн бұрын, нақтырақ айтсақ, 2025 жылдың 6-ақпан күні Instagram парақшасында «Күнде бір айыппұл түрін шығарасыздар! Бір айыппұл түрін халық өзіміз ұсынайық. Қазақ тілінде сөйлемейтіндерге 39320 тг айыппұл салынсын!», –деп ұсыныс тастапты. Бұған қазақ халқы оң пікірін білдірсе, басқа ұлт өкілдері қарсылық танытқан. Өнер иесінің сөзін ШҚО Өскемен қаласының заңгері Александр Круглов жабайылыққа балаған көрінеді, әрі ұлтараздық тудырушы деп айыптап, 174-бапты алға тартқан. Айыппұл арқылы қазақ тілін білуге ынталандыра алмаймыз, ол анық. Десе де заңгердікі жаңсақ пікір. Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғандықтан да, оны іс жүзінде көрсетуге құқылы. Егер қалаған заңын қабылдап, қағида қоя алмаса, тәуелсізбіз деп ұрандатқаннан не пайда? Бұл еліміздің мәдени, саяси, әлеуметтік тұрғыдан өзге елдің шешіміне байлаулы екендігінің айнасы. Қазақ тілі сөзге бай, қуатты тіл деп айтылып жатады. Ресей шығыстанушысы В.В. Радлов та «Әлем тілдерінің ішінен тек үш тілдің ұлылығын мойындадым. Ол – орыс, француз және қазақ тілі», – деген болатын. Қазақ тілі осы мойындаушылыққа, жоғары бағаға сай болып отырған жоқ, тіліміздің байлығын біле тұрсақ та, оны қор етіп жүргеніміз қиын-ақ. «Өз тілімен сөйлескен,

өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды... Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деп Ахмет Байтұрсынов дұрыс айтқан. Сондықтан, тілдің бағын байламай, оның жағдайына келгенде қонақжайлылық, емін-еркіндік дегенді ысырып тастағанмыз жөн. Өзге ұлттың азаматтары қазақ тілінде сөйлесе, таңырқағанмыз дұрыс емес. Қазақ халқы да, Қазақстанда тұрақтаған өзге ұлт өкілдері де қазақ тілін үйреніп, күнделікті өмірде қолдануы тиіс. Жеріміз табиғи сұлулыққа бай, оның түкпір-түкпіріне туристер ағылып-келіп жатады. Міне, солар да қазақша білсе, өздерінің алған әсерлерін қазақ тілінде жеткізсе дейміз.«Біздің алдымызда мемлекеттік тілді ұлттық идея дәрежесіне көтеру міндеті тұр. Өйткені мемлекеттік тіл – ұлттың ұйытқысы... Өз еліңнің патриотизмін көрші елдің мемлекеттік тілімен жасау мүмкін емес» [7, 272 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, аса назар аударылуы қажет мәселе – қостілділік. Біздегі қоғам арасында тарайтын ақпарат көздері де, құжаттар да екі тілде, яғни қазақ және орыс тілінде жарияланады. Мемлекеттік органдар, техникалық жүйелер, тамақтану орындары осы екі тілде жұмыс жасайды. Тіпті қарапайым дәріханалар мен дүкендердің маңдайшалары да, күнделікті өмірдегі нұсқаулықтар да екі тілде жазылады. Еліміздегі кез келген жиналыс қос тілде қатар өткізіліп, белгіленген мөлшерден тыс уақытты қамтиды. Бұл да өзінің кері әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан, аталған жайттарды ескеріп, шара қолдануға тиіспіз. Барлығын қазақ тілінде жариялау бұл мәселенің шешімі болмақ, әрі бұл қазақ халқының да, өзге ұлттың да қазақ тілін білу қажеттілігін тудырады. Бірегейлік – қазіргі саясаттың ортақ идиомасындағы негізгі термин болып табылады және әлеуметтік талдау осы фактіні ескеруі керек [8, 62 б.]. Демек ұлттық бірегейлік мәселесі ұлттың саяси жүйесімен де, заң саласымен де тығыз байланысты. Бұл ретте, Ата заңымыздағы 7 баптың 1, 2 тармақтарын айта кетсек. Мұнда: «1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. 2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады», – делінген. Жоғарыда айтылған 2-тармақтың күші жойылғаны абзал. «Мемлекет басшылары қазақ тілінде сөйлемей, орысша шүлдірлесе, қара халық қайдан сөйлесін» деген халық арасында стереотип қалыптасқан. Әрине орынды, себебі ұлттың саясаты басшылық өкілдердің қолында. Десе де қарапайым халық та өз кінәсін, өз ықпалы болатынын ұмытпаса керек-ті.

Ұлттық бірегейлік білім беру жүйесі арқылы өз көрінісін табады. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру біліммен қатар жүретін процесс. Бұны ескерген, Алаш қайраткерлері Жапонияның өмір сүру, білім беру ережесіне сүйенген көрінеді. Қазақ халқының тәуелсіздік алуына бар күшін жұмсап, ынта-жігерімен ат салысқан, Мэйдзи реформасын әкелуге тырысқан олар жапон тыңшылары деген желеумен сталиндік репрессияға ұшыраған болатын. Өйткені Жапония екі супер державаның ортасында тұрса да «жапондық рухтан» айырылмаған халық... еді. Бірақ Қазақстан Жапония бола алмады, бола алмайды. Жапония да Қазақстанның күйіне түспес [9]. Ал қазірше? Қазақстан мен Жапонияның білім ордалары қалай жұмыс жасайды? Салыстырмалы түрде қарасақ, Жапония ұлттық құндылықтарын жоғары орынға қойып, ұлт

идеологиясының өрлеуіне жол ашып отыр. Мұнда Қазақстанның білім беру бағдарламасына қажетті бірқатар ерекшеліктер бар. Соның бірі – кокуго пәні, біздің тілімізше мемлекеттік тіл. Бұл пән арқылы ұлттық жазу, ана тілі, оның қазіргі және көне үлгісі бойынша білім беріледі. Бұл ана тіліне деген құрметті білдіреді. Ал орта мектепте мемлекеттік тіл, информатика, Жапония тарихы, дүниежүзі тарихы, денешынықтыру, музыка, жаратылыстану пәндері оқытылып, ағылшын тілі меңгеріледі. Жоғары мектепте бұлардан бөлек қоғамдық ғылымдар, атап айтқанда этика, экономика, саясаттану, әлеуметтану оқытылады. Қазақ мектептерінде өзгеше, цифрлық сауаттылық, орыс тілі, ағылшын тілі бойынша білім бастауыш мектепте беріледі. Ал жоғарыда аталған қоғамдық ғылымдар бойынша жоғарғы оқу орындарында білім алады. Бұл ұлттың сана-сезіміне әсер етпей қоймайды. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру мен оқытуда, бастауыш мектепте баланы ең алдымен, ана тілімен, салт-дәстүрімен, ұлттық мәдениетімен, тарихымен таныстырып, білім берілгені абзал. Бүләз кезегінде ұлттық дүниетанымның қалыптасуына септігін тигізіп, халықтық педагогикамен ұштасып жатады. Еске салсақ, Мәжіліс депутаттары Ринат Зайытов пен Дәулет Мұқаев осы мәселенің төңірегінде сөз қозғап, өз көзқарастарын білдірген болатын. Билік өкілдері қазақ сыныптарындағы орыс тілі оқулықтарының күрделі екенін айтып, орыс тілін меңгеру бастауыш мектептен кейін басталғаны дұрыс екенін жеткізген. Алайда бұл ұсыныс Оқу-ағарту министрінің тарапынан қолдау таппаған көрінеді. Тіпті Алаштың салған сара жолын ұстанайық, балабақшада, бастауыш мектептерде білім алатындардың барлығы, тек қазақ емес, жаппай Қазақстанда мекен етіп жатқан ұлт өкілдері қазақ тілінде оқытылуы тиіс деген шара қолға алынып еді. Бұл да ауызша айтылғанмен, іске аспай қалған. Бұның барлығы жүзеге асуы үшін заң қабылданып, Жарлық берілуі қажет. Әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген екен. Білімдендірудің ошағы мектеп. Тәрбиенің ауданы одан кең, түбі терең: адамның өсетін, жетілетін балалық, жеткіншектік дәуірі түгілі, тәрбиенің әсері жігіттік, кекселік кездерінде де қалмайды [10, 7 б.]. Ендеше келесі кезекті ұлттық тәрбиеге берсек. Баланы отанына адал, ұлтына қызмет етерлік жанкешті етіп тәрбиелеу ата-ананың қолында. Демек, кішкентай бүлдіршіндер тілінің өз тілінде емес, өзге тілде шығуы отбасы тәрбиесімен тікелей байланысты. Көптеген балалар теледидар, Youtube каналындағы әртүрлі мультфильмдерді көреді. Тіпті кей ата-ана жылаған баласын жұбатып, тыныштандыру мақсатында баласының құлағына қарай иіліп, неше түрлі видео роликтерді қосып береді. Balapan телеарнасы, Балалар әлемі, Қазақфильм киностудиясы, т.б. ютуб арналары ұсынған қазақша мультфильмдер назардан тыс қалып барады. Ертеңгі күннің жалғасы деп, үміт артып отырған балақайлар Карусель, Cartoon Network, Nickelodeon, Детский мир, TiJi сынды арналарға қызығушылық танытады. Бұл олардың санасын сан саққа жүгіртіп, екі тілдің бірін де меңгере алмауына, өз ана тілін ұмытуына себепкер болып отыр. Ғаламторда шектеу жоқ, тіпті жаман қылыққа шақыратын темекі, ішімдік, есірткі қолданып, денесін жалаңаштаған, тойда ерсі билеген адамдардың іс-әрекеті жарияланады. Бұл біреуге түрпідей тисе, енді біреулердің санасын улап, теріс

тәрбие беріп жатқаны белгілі. Аталған жағдайлар ұлттық сана-сезімнің құлдырап, бірегейлігіміздің жойылуына әкеп соғады. Сондықтан шұғыл шара қолданылып, әлеуметтік желілерге шектеу қойылуы қажет. Кәмелетке толмайынша балаларға ұялы телефонды ұстау мүмкіндігі 5 сағатты қамтыса, ата-аналардың қадағалауымен, тексеруімен жүзеге асырылса керек. Сонда уақытының біршама бөлігі білім алуға, хоббимен айналысуына, адамаралық жүзбе-жүз қарым-қатынасқа жұмсалар еді. Жат болмысқа еліктеуден гөрі өз ұлтымыздың болмысын қалыптастырып, соның негізінде өмірге бейімделу тиімді әрі маңызды. Ұлттық бірегейлік мінез-құлыққа, көзқарастарға, оның тасымалдаушыларының өмірлік позициясына үлкен ықпал етеді. Өзінің этникалық тобымен өзін бірегейлеу деңгейі әдетте мәдениетті сақтау өлшемі арқылы (тілді сақтау және оған деген көзқарас, халық әдет-ғұрыптарын, салттарды білу және т.б.) және ішкі ынтымақтасу факторы арқылы бағаланады. Жоғарыда айтылғандай, Қазақстанда 130-дан астам этнос бар. Олардың кейбірі қайдан және қашан келгені тарих бойынша бәріне белгілі. Олар сонау Кеңестік кезеңдегі, 1860-жылдардағы реформаның негізінде қоныс аударуға мәжбүр болған. Патшалық үкімет отарлау саясатын мықтап жүргізу барысында өзге ұлт өкілдерін қазақ жеріне тарыдай шашқан болатын. Олардың арасында орыс шаруаларынан бөлек дүнген, ұйғыр, жапондар да бар еді. Мұндағы мақсат қазақ жерін өзге ұлт өкілдерінің еңбегі арқылы пайдаланып, өндіріс орындарын ашу және оларды көбейту еді. Содан бері біршама этнос өкілдері қазақ жерінде қалып қойған. Осы оқиғаларға сәйкес «Қазақстан мемлекеті тәуелсіздігін алғанға дейін Совет үкіметінің лабораториясы болған» деген көзқарас қалыптасты, ал бұл – тарихи шындық. Қазіргі таңда қазақ халқы өзге ұлттарды өз пайдасы, қара басы үшін пайдаланып жатқан жоқ, олар өз еркімен көшіп-қонып жүр. Бұған қарсылық жоқ, әрі бұл ұлтаралық ынтымақтастықтың дәлелі. Десек те, ұлт тазалығын сақтауға да мән берген жөн. Ұлт тазалығы қан тазалығымен өлшенсе керек. Қазақ халқының қаны қаншалықты таза? Қоғамда аралас неке яғни екі түрлі ұлт өкілінің неке қиюы күн өткен сайын артып келеді. Қаны, діні, ділі басқаға тұрмысқа шығып жатқан қыздар мен үйленіп жатқан ер азаматтар қаншама. Бірі бұны қолдап, заман өзгерді десе, енді бірі кереғар пікірін білдіретіні анық. Әрине «жүрекке әмір жүрмейді, екі жастың махаббаты ғой», «ұлтта тұрған ешнәрсе жоқ» деп үнсіздік танытамыз. Десе де, заңға сәйкес өзге елді-мекенде дүниеге келген нәресте сол елдің азаматы болып саналатынын есепке алған жөн. Тіпті, бұл ділімізде де сондай көрініске ие, яғни әкесі кім болса, соның қанына, соның ұлтына өтті деп есептеледі. Басқа ұлтқа үйленсе болмаса тұрмысқа шықса, көбінесе қазақтың ұлттық құндылықтары көзден, санадан тысқары қалып жатады. Аталған жайттар қазақ халқының өзіндік ұлттық бірегейлігіне әсер етпей қоймайды. Бұл ұлтаралық некенің нәтижесі, қазақ халқына тиер залалы, ұлттық рух пен сананың әлсіздігі болса керек. Тағы да, тарихқа көз жүгіртсек, өзге ұлт өкілдері қазақ қыздарын өз еркімен емес, күштеп алған. Патшалық үкіметтің үстем тап өкілдері жарлық етіп, қазақ сияқты бұратана жұрттан қыз алуға рұқсат берген. Ал сері жігіттер орыспен, басқа ұлтпен отбасы құрар болса, жұмыссызға жұмыс, баспанасызға пәтер беру ұсынылыпты. Қажет болса, еңбекақы мөлшерін

көтеріп, демалыс орындарына жіберген көрінеді. Міне, осылайша таза қанды халқымыздың саны азайған, не өзін қазақпын, не өзін орыспын дей алмай қара халық дал болған. Бұл да қазақ елін басыбайлы етудің, ұлтсыздандырудың амалы еді. Мұны жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» атты романы дәлелдей түседі. Бұдан бөлек Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы үшінші кітапта қазақтың үріп ауызға салғандай жеткіншек қыздарының зорлықпен өзгенің қолына табысталғаны көрініс табады. Осынау өткеннің сарқыншағы қазіргі таңда өзгеше сипат алып, барлық халықтың танымына сіңісіп кеткен үйреншікті дүние болса да, өзекті мәселе екендігі даусыз. Неге? Өйткені, бұл ұлтаралық ауызбіршілікке, етене жақын араласуға емес, ұлттардың бір-біріне сіңісіп кетуіне, тіпті, дербес ұлттың жойылуына әкеп соғуы әбден мүмкін. Осы себептен де өзгенің емес, өз ұлтымыздың санын, сапасын көбейтуді ойлау қажетпіз. Қазақтың қара домалақ баласы мен қарагөз сұлуы ретінде болмысымызды, қазақи руханиятымызды сақтауға тиіспіз.

Қорытындылайтын болсақ, ұлттық бірегейлік – кез келген халықтың өзіндік болмысын тануы мен танытуының негізі. Ол – тіл, діл, дін, салт-дәстүр, тарихи жады мен ұлттық сана арқылы көрініс табады. Бүгінгі жаһандану жағдайында қазақ халқы үшін ұлттық бірегейлікті сақтау – ел болашағының рухани кепілі. Ол үшін мемлекеттік тілдің мәртебесін нақтылап, білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды басым бағыт ету қажет. Сонымен қатар, отбасы тәрбиесі, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердің ықпалы да назардан тыс қалмауы тиіс. Қазақты сақтау – қазақ болудан басталады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Huntington S. P. Who are We? The challengers to America's national identity identity. New Delhi: Penguin books India, 2004. – 428 p.
2. Саракун Л. П. Концептуальные основы исследования национальной идентичности. 2013. – 5 стр.
3. Аймауытов Ж. Шығармалары. 5 томдық жинағы, Алматы: Ғылым, 1999. 5-том. – 456 б.
4. Айталы А. Ұлттану (Оқу құралы). 2-ші басылым–Алматы: «Арыс» баспасы, 2003. – 226 бет.
5. Кэлхун. К. Национализм / пер. А. Смирнова. М.: Издательский дом «Территория будущего», 2006. (Серия «Университетская библиотека Александра Погорельского»). – 288 с.
6. Садықов С. Ұлттық бірегейлік және журналистика. Оқулық –Алматы: Лантар books ЖШС, 2022. – 465 бет.
7. Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография / З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 375 бет.
8. Брубейкер. Р. Этничность без групп [Текст]/пер. С англ. И. Борисовой; Нац. Исслед. Ун-т «Высшая школа экономики». – М.: Изд. Дом Высшей школы экономики, 2012. – 408 с. – (Социальная теория). – 1000 экз. – ISBN 978-5-7598-0973-9 (в пер.).

9. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы / *Тәрбиеге жетекші. Жаңа ауыл (оқу құралдары)*. – Алматы: «Ел шежіре», – 2013. Т. 5: – 384 б.

10. Сарсенбаева З.Н. Этнос және құндылықтар. Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – 312 бет.

ӘОЖ 94 (574)

ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСЫ ТАРИХЫНА ТАРИХНАМАЛЫҚ ЖАҢА КӨЗҚАРАСТАР

Ғалым Нұржайнат, сениор-лектор

Шайхиева Ж.Т., Тарих мұғалімі

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Өскемен қ., Қазақстан Республикасы

Тәуелсіз елімізде қалыптасқан жағдайға сай ұлттық тарихымыздың зерделенуін егемендік тұғырынан жаңаша көзқараспен объективті түрде жазу және толықтыру – отандық тарих ғылымындағы маңызды мәселелер ретінде саналады. Осындай үлкен міндеттерді шешудің бір парасы XVII-XVIII ғғ. қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихнамасымен байланысты.

Қазақ халқының басынан кешірген сан-алуан оқиғалардың ішінде «жаугершілік заман» аталған XVII-XVIII ғасырлар ел жадында ерекше із қалдырды. Қазақ үшін, әсіресе, шығыстан келген жоңғарлардың шапқыншылық соғыстарының тегеуріні қатты болды. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес мәселес отандық тарихнамада маңызды болғандықтан, қазақ елінің тарихын қарастырған зерттеуші бұл оқиғаны назарынан тыс қалдырмады. Қазақ-жоңғар соғысы мәселесіне тарихшылардың ғана емес, басқа гуманитарлық және қоғамдық ғылым салаларының мамандары да қызығушылық танытып, ғылыми, танымдық негізде жаза бастады. Қазақ-жоңғар қатынастарын әр қырынан зерттеудің өзектілігі хронология бойынша бір ғасырдан астам уақыт аралығын, ал территориялық аумақ бойынша Орталық Азияны түгел қамтуымен түсіндіріледі. Тақырып аясында көшпелілер өркениеті, халықаралық қатынастар, соғыстар, діндер тарихы қатар зерделенеді. Сондықтан проблемаға алыс және жақын шетел тарихшылары да зерттеулерін арнады. Бұл аталған мәселелер қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихнамалық деректер базасының әр алуандығын және өте ауқымды екендігін көрсетеді.

Қазақтардың жоңғарларға қарсы күресі тарихын, жалпы ел тарихындағы маңызды оқиғаларды зерттеуде ерекше тұлғалардың алатын орны мен жасаған қызметінің рөлі маңызды.

XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасыр қазақ халқы үшін аса ауыр, күрделі де сындарлы кезең болды. Бұл – бір жағынан мемлекеттіліктің тұрақтылығына қауіп төнген, екінші жағынан ұлт бірлігі мен рухының сыналған

уақыты. Жоңғар хандығының күшеюі, әскери қуаты мен сыртқы саясаттағы экспансиялық бағыт ұстануы – қазақ елі үшін үлкен қатерге айналды. Бұл қауіп әсіресе Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін, ел ішіндегі саяси бытыраңқылық кезеңінде күшейе түсті. Жоңғарлар қазақ жеріне бірнеше бағыттан жорықтар жасап, елдің оңтүстік, шығыс және орталық өңірлеріне ойран салды. Осы тұста «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» (1723 - 1727) деп аталатын зұлмат жылдар басталып, қазақ халқы жаппай босып, босқыншылыққа ұшырады [1, 181 б.]. Бұл оқиғалар қазақ халқының демографиялық құрамына ғана емес, рухани тұтастығына да орны толмас зардап әкелді. Халықтың едәуір бөлігі аштықтан, аурудан және шапқыншылықтан қаза тапты, тірі қалғандары көршілес хандықтарға, Жетісу мен Түркістан маңына шегінуге мәжбүр болды.

Тақырыбымыздың тәуелсіз еліміздің тұсындағы тарихнамасы еңбектердің молдығымен ерекшеленеді. Тарих ғылымының мамандарымен қатар, әдебиет ғылымының өкілдерінің еңбектерінде, көркем туындыларда, біріккен ақпарат құралдарында, соның ішінде, интернет деректерінде қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің күрделі мәселелері қамтылған. Дегенмен зерттеу жүргізу барысында аталған мағлұмат көздерінің ішінде тарихнамалық деректер ретінде ғылыми тұрғыда жазылған тарихи еңбектерге және тарихшы-мамандарымыздың тұжырымдары келтірілген.

Қазақ халқының азаттық үшін күресі тарихын зерделеу ісіне К. Аманжолов, М.Қ. Әбусейітова, В.З. Галиев, Қ. Данияров, А.Қ. Жұмаділ, И.В. Ерофеева, Б.Б. Кәрібаев, Ж. Қасымбаев, З. Қинаятұлы, М.Қ. Қозыбаев, М.М. Мағауин, К. Мамырұлы, Г.М. Меңдіқұлова, Н. Мұқаметқанұлы, Н. Мыңжан, К.А. Пищулина, А.С. Сейдімбек, Р.Б. Сүлейменов, А. Тасболатов, К.Ш. Хафизова сынды еліміздің зерттеушілері өз үлестерін қосты. Бұл уақытқа дейін қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі тарихының жалпы сипаты қалыптасқан еді. Алайда онда кемшін тұстар жеткілікті болатын, кеңес тұсында ол ең әуелі саяси идеологияға байланысты болды. Мәселені мүмкіндігінше объективті тұрғыда қарастырып, ұлттық көзқараспен пайымдау арқылы жазуға осы заманымыздың тарихшылары бет бұрды.

Сол сияқты Қазақ хандығы құрылмай жатып-ақ ойраттармен қатынас болғандығын деректерден білеміз. К.А. Пищулинаның еңбегінде Керей мен Жәнібек тұсында-ақ қазақ рулары мен тайпаларының жағдайына Әбілхайырдың XV ғ. 50-жылдарында ойраттардан жеңіліс табуы кері әсерін тигізгендігі негізделген. Ол жайлы «Казахское ханство в XV-XVII вв.» еңбегінде: «Еще более стесненным стало положение казахских родов и племен, подчиненных Гирею и Джаныбеку, после поражения Абулхайра от калмаков (ойратов) в конце 50-х гг.», - деп жазылған [2, с. 147]. Жоңғардың арғы тегі болып табылатын ойраттардың қазақ елін құраған тайпалармен қатынасы XV ғ. орын алғаны айқын.

Н. Мұқаметқанұлы қазақ - жоңғар қатынасына өз мақаласын арнап жазған. Ол XV ғ. Орта Азия даласында көркейіп көрінген қазақ ұлты мен еліміздің солтүстігіне өктемдік еткен моңғолдың жоңғар руы бүкіл Орта Азия тарихына терең әсер көрсеткенін атап өткен. Сонымен қатар автор бір типтегі көшпенді екі

ұлттың қарым-қатынасы қызығарлық ғылыми-зерттеу тақырыбы есептелетінін жазған. Ары қарай зерттеуші: «автордың білуінше дәл қазірге дейін мемлекетіміздің іші-сыртында қазақтар мен жоңғарлардың қарым- қатынас тарихын зерттеген арнаулы шығарма немесе арнаулы мақала жазыла қоймаған», - деп көрсеткен [3, 40 б.]. Бірақ бұл жерде автордың жоңғарларды еліміздің шығыс жағында емес, солтүстігінде орналасқандығын көрсеткендігі ерекше тұжырым болып тұр. Аталған тақырыптың өзектілігін орынды ескертіп өткен автор қазақ-жоңғар қатынасының тарихын қамтыған В. Моисеевтің еңбегіне мән бермеген, себебі бұл мәселені көтерген арнайы зерттеу жоқ екендігін ескереді.

Осы мерзімге қатысты бір фактіге назар аударсақ, ортағасырлар тарихының мамандары К.А. Пищулина, Қ. Өскенбай және Н. Атығай «Қазақ және Жоңғар хандықтары: бейбітшілік және теке-тірес» атты зерттеу мақаласында бірқатар маңызды мәселелерді көтерген [4]. Олар «қазақтар мен ойраттар бір ғасырға жуық бейбіт және тату көрші қарым-қатынаста болды» деген қате пікір екендігін алға тартқан. Авторлар өз қорытындыларын дәделдеу үшін фактілерді көрсетіп, оларға талдау жасаған. Қысқаша тоқталсақ, бұл кезең XV ғ. 60-жж. – XVI ғ. 30-жж. сай, ал бұл пікірді алғаш И.Я. Златкин айтқан, Х.М. Әбусейітова да қолдаған. И.Я. Златкин В.В. Вельяминов-Зерновқа сілтеме жасаған болса, В.В. Вельяминов - Зернов «Тарих-и Рашидиден» үзінді келтірген, ал М.Х. Дулати өз еңбегінде моңғолдар туралы емес, түркі тілді моңғолдар туралы жазғандығын авторлар талдап көрсеткен. «Осының нәтижесінде – батыс моңғолдарды, яғни ойраттар қазақтармен достық қарым-қатынаста болды деген қате пікір туған», - деп қорытындылаған зерттеушілер [5, с. 56]. Бұл жерде мамандардың, яғни мақала авторларының тұжырымы оң саналады. Мәселе бойынша қосатынымыз, кеңестік кезеңде Ш.Б. Чимитдоржиев те Вельяминов- Зерновтың еңбегіне сүйеніп, өз еңбегінде: «нападение ойратских феодалов на казахские земли начались в первой половине XVI в. До этого взаимоотношения казахов и ойратов в течение целого столетия были мирными» [6, с. 32], сол сияқты У. Эрдниев те: «к 30 годам XVI в. ухудшились отношения ойратов с казахскими феодалами, которые были мирными в течение столетия», - деп көрсетеді [105, с. 33-34]. Бұдан байқайтынымыз, қазақ пен ойраттардың қарым- қатынасы жүз жылдан астам уақыт бойы тату болғандығы туралы бұрыс, яғни қате қорытындының тарихшылардың арасында кең тарап кеткендігі. Тағы қосатынымыз жоғарыдағы Ш.Б. Чимитдоржиевтің еңбегін В.А. Моисеев өзінің «Некоторые вопросы казахско-джунгарских отношений в советской историографии» атты мақаласында талдаған. Онда В.А. Моисеев те Ш.Б. Чимитдоржиевтің жоғарыда көрсетілген қорытындысы қате екендігін дұрыс пайымдаған, бірақ Ш.Б. Чимитдоржиевтің сол жерде берген сілтемесіне мән бермеген және В.А. Моисеевтің айтылған проблемаға қатысты салыстырмалы түрде толыққанды талдау жүргізбегені көрінеді [7, с. 146]. Талданып отырған фактіге байланысты тарихи зерттеулерді жүргізу барысында қолданып отырған деректерге жеткілікті дәрежеде көңіл бөліп, мүмкіндігінше түп деректерді пайдаланудың маңыздылығы жоғары.

Қазақ-жоңғар қатынастары тұсында да қазақ елінің территориясы әр

авторларда түрлі айырмашылықтармен көрсетілген. К.А. Пищулина оның себебін жақсы негіздеп түсіндіріп өткен. Ол: «противоречивость сведений источников о землях Казахского ханства отражает успехи и неудачи его правителей в борьбе за укрепление власти на разных этапах развития этого государства», - деп жазған [8, с. 144]. Қазақ хандығының жер көлемі мемлекеттің даму барысындағы түрлі кезеңдердегі ел басшыларының билікті нығайту күресіндегі жетістіктері мен жеңілістеріне байланысты өзгеріп отырған. Автордың бұл тұжырымы орынды әрі Қазақ хандығының территориялық аумағының әр кезеңдегі өзгеріп отыруы күрделі мәселе болғандықтан, оны арнайы зерттеу көлемінде қарастырған жөн саналады.

Қазақ пен жоңғар арасындағы шайқас туралы жаза келе К. Данияров, оны ерекшелеп көрсетіп, жоңғар мен қазақ арасындағы соғыс 23 жылға ғана созылғандығын айтқан. Ол: «Это (битва в долине гор Кинды 1746 г.) была самая крупная победа казахов за все 23 года войны с джунгарами», - деген [4, с. 227]. «Қазақстанның әскери тарихы» жұмысында қазақ жоңғар соғысының хронологиясын былай анықталған: «қазақ елінің өткендегі тарихында елеулі із қалдырған, дүркін-дүркін үзілістермен 100 жылға жалғасқан қазақ-жоңғар соғысы...» [9, 110 б.]. Н. Мыңжан қазақ-жоңғар қатынасы кейде шиеленісіп, қан төгіс соғыстарға ұласып, кейде бәсеңдеп уақытша бітімге келісіп, 120 жылға созылғанын көрсеткен [10, 271 б.]. Бұл тұста, соңғы автордың тұжырымы біз қарастырған хронологиялық мерзімге жақынырақ. Қазіргі зерттеушілеріміз де қазақ-жоңғар, қазақ-ойрат соғысының жалпы мерзімін әрқалай көрсетеді.

Жоңғар шапқыншылығына қарсы Орта Азия халқының бірлесіп қарсылық көрсеткендігі туралы ой-тұжырымдарды қазіргі тәуелсіз Қазақстан тарихшыларының еңбектерінен байқауға болады. Көптеген зерттеушілердің пікірлеріне сай, Тәуке хан тұсында Қазақ хандығы айтарлықтай нығайған мемлекет болған және ол тұста қазақтар қырғыздармен және қарақалпақтармен бірлікте болған [4, с.79; 3, с. 29].

Н. Мыңжанның түйіндеуінше, XVIII ғ. 20-жж. қазақ хандығының бөлшектенуі және қазақ-жоңғар қатынасының шиеленісуі қазақ халқын қатты күйзелткен [10, 265 б.]. Келесі зерттеушілердің тұжырымдауынша, қазақтардың жүзге бөлінуінен және бірорталықтанған биліктің болмағандығынан, ең басты әрі негізгі қауіпті Жоңғар мемлекеті тудырған [11, с. 50]. Ал келесі тарихшының пікірінше, қазақтың жүзге бөлінуі оның әлсіздігіне себеп болмаған, ол кездегі қазақ үшін болған қиын күннің түп- тамыры от қаруды пайдалануда болған. Айтылған ой толықтай түсінікті болуы үшін бұл жерде автордың өз сөзін берсек, автор егер үш жүзге бөліну қазақ қоғамының шын мағынасындағы әлсіздігін, іштей ыдырауын білдірсе, ол 1723 ж. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» төтеп бере алмай, қатерлі дұшпанға бірлесе тойтарыс беру идеясы төңірегіне топтала қоймайтынын келтіреді. Ол: «XVIII ғасырда тәуелсіздігімізден, елдігімізден айрыла бастауымыздың құпиясы жүзге бөлінуде де емес, жоңғармен соғыста да емес. Бар пәле ындыны бұзық еуропалықтардың от қаруын иеленгенінде жатыр», - деп түйіндеген [12, 5 б.]. Ол уақытта сирек қолданылатын от қарудың соғыс нәтижесіне тигізетін әсері күшті болғаны ескерілген.

К. Данияровтың түйіндеуінше, Қазақ хандығы Тәуке ханның өлімінен кейін үш жүзге бөлінген және қазақ жүздерінің ешқандай тарихи тамыры жоқ екен [13, с. 144]. В.З. Галиев қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі қазақ халқының қалыптасу үрдісімен байланысты екендігін көрсетіп, XVI ғ. соңы мен XVII ғ. басында қазақ жүздерінің қалыптасқандығын түйіндеген [14, с. 41-42]. Жалпы, қазақ-жоңғар күресі кезеңін қарастырудағы қазақ халқының жүзге бөліну мәселелері аса өзекті проблемалардың бірінен саналады.

Н. Мыңжан «Ақтабан шұбырындының» ауыр апаты бес жылға (1723-1728) созылғандығын көрсеткен. Дегенмен бұл апаттың зардабы қазақ даласының барлық жерінде бірдей болмағандығын да жазған автор [10, 276 б.]. К. Аманжолов пен А. Тасболатов барлық қазақтар біркелкі дәрежеде «Ақтабан шұбырындыға» ұшырамағандығын, әсіресе, Ұлы жүздің ішінде қоныс аудару болмағандығын түйіндейді [15, 113 б.]. Ал К. Данияровтың ойынша, «Ақтабан шұбырынды» кезіндегі басты соққы Ұлы жүзге тиген [16, с. 154]. Жоғарыдағы зерттеушілердің тұжырымдары бір-біріне қарама-қайшы.

«Ақтабан шұбырындының» ең ауыр зардабы ретінде М.М. Мағауин демографиялық шығынды көрсеткен: «Самый большой вред Актабан-шубырынды – демографическая катастрофа – на два века назад отбросила естественный рост алашского народа» [17, с. 104]. Автор бұл жерде дұрыс көрсеткен, өйткені қазақтың демографиялық ахуалының қиындауына тек адам шығыны ғана емес, сонымен бірге сыртқа ауған халық санының көп болуы, яғни эмиграцияның кері әсері болған.

Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі тарихының өрбуіне көрші орналасқан Ресей империясы мен аспанасты елі өз ықпалын тигізген. Зерттеушілердің қорытындыларына сай, қазақтар мен жоңғарлар шығыс пен батыстағы Қытай мен Ресейдің саяси ойыншығына айналды және бұл империялар өз мақсаттарына жету үшін екі мемлекетті бір-біріне айдап салу арқылы әлсіретуді көздеген, нәтижесінде қытайлар жоңғарларға, ал орыстар қазақтарға өз ықпалын жүргізіп, бағындырмақшы болған [18, 120 б.]. Сол сияқты, А.С. Сейдімбектің ойынша, Ресей мен Қытай қазақ пен жоңғардың өзара бірігу мүмкіндігіне қатты алаңдап, оған қарсы тұру үшін қолдарынан келгенін жасауға тырысқан. «Китай и Россия натравливали джунгаров на казахов лестью, посулами, тайной поставкой оружия и добивались того, что джунгарские правители все больше укреплялись в намерениях разгромить Казахское ханство», - деп жазған автор [19, с. 78-79]. Авторлар екі көшпелі мемлекет және екі үлкен империя түйіскен аумақтағы саяси шараларда әр елдің өз мүддесі, өзінің көздеген мақсаты туралы қорытынды жасаған.

«Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде» атты көптомдық еңбектерде қазақ руларының тарихы жеке-жеке қарастырылып жазылған. Олардың арасында қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресіндегі жекелеген рулардың қосқан үлесі тақырыпша ретінде бөлек зерделенген. Мысалға, оның 11-томы керейттерге арналған, ондағы «Қазақ-жоңғар қатынастары кезіндегі керейттер» тақырыбында авторлар мәселенің тарихнамасына қысқаша тоқталған. Авторлар ойраттар тарихын XIII ғ. бастап

қысқаша беріп, керейт батырларының ерлігіне тоқталған [20]. Сол сияқты еңбектің жалайырларға арналған томында да жалайырлардың жоңғар шапқыншылығына қарсы күресіне арнайы тарау арналған. Бұнда тарихшылар жалайыр тайпасының қалмаққа, жоңғарға қарсы бар күшімен қарсы тұрып, өз жерін қорғағаны туралы түйіндеп, жалайырдың Ескелді, Балпық, Қабан, Жолбарыс, Тәттібай, Айту, Қоғыл сияқты т.б. би, батырларының ел қорғаудағы ерлігін дәріптеп, олардың азаттық үшін қосқан үлесінің елеулі болғандығын ерекшелеген [21, 247 б.].

1998 ж. елімізде халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жарияланды. Сол жылы «Бұланты – 98» тарихи-этнографиялық экспедициясы ұйымдастырылып, Ж.О. Артықбаевтың редакторлығымен «Бұланты шайқасы» кітапшасы жарыққа шықты [22, 65 б.]. Онда Бұланты шайқасының қазақ үшін тарихи маңызы айшықталған. В.З. Галиевтің экспедиция жұмысының негізгі нәтижесіне Бұланты өзенінің маңындағы тасты жерлерде қазақ ру- тайпаларының көптеген тамғаларының анықталғандығын жатқызған [23, с. 42]. В.З. Галиев қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі тақырыбына көптеген зерттеу еңбектерін арнаған авторлардың қатарынан саналады. Оның Орбұлақ шайқасына арналған монографиясы [24], қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресіне арналған оқу құралы және қазақ-жоңғар соғыстарының мәселелерін көтерген бірнеше зерттеу мақалалары [24; 25; 26] жарыққа шыққан. В.З. Галиев XVII ғ. – XVIII ғ. бірінші жартысындағы қазақ-жоңғар қатынасының проблемалық мәселелеріне арналған еңбегінде қазақ-жоңғар тақырыбын зерттеуде шайқастың дислокациясы мен барысы, қатысушылардың саны, түрлі оқиғалардың хронологиясы, белгілі деректерді жаңаша қарастыру, ғылыми айналымға жаңа құжаттарды енгізу, оқиғалардың жергілікті топографиямен тығыз байланыстыру – осылардың барлығы маңызды екендігін ерекшелеген. Тәуелсіздік жылдары қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихына қатысты белгілі бір мәселелерге арналған шағын зерттеулер көптеп жазылды. Дегенмен зерттеушілердің барлығы бірдей жаңа деректер мен зерттеу бағдарларын ұсынбаған. Олардағы негізгі қорытындыларға қысқаша тоқталуға болады.

С.В. Тимченко өзінің «Наступление джунгарских ханов на Среднюю Азию и международные отношения в конце 30-х – начале 40-х гг. XVIII в.» мақаласын ғылыми журналда жарыққа шығарған. Онда 1739-1741 жж. қазақ-жоңғар соғысының нәтижесін қорытындылай келе оның Орта жүз қазақтары үшін аса қиын болғанын және қоңтайшының қазақ жағына ауыр шарттар қойғанын жазады. Сонымен бірге жоңғарлардың бірқатар әскери және дипломатиялық жетістіктеріне қарамастан, олардың Орта және Кіші жүз қазақтарын бағындыра алмағандығын қорытындылайды. Дәл осы автор

Мақалалар тақырыбымызға қатысты жазылғанымен, оларда қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихын, оқиға барысын толықтыра түсетін жаңа фактілер қосылмаған, бұрын белгісіз болған деректер айналымға енгізілмеген, тек нақты мәселе аясында бұрыннан белгілі фактілерге байланысты автордың жеке ойлары мен көзқарастары берілген. Ал егер қазақ

халқының тарихы туралы өзге деректемелердегі, түпнұсқалық тарихи дереккөздерден жаңа мағлұматтар ғылыми айналымға енгізілсе, қазақ-жоңғар соғысының беймәлім қырларын ашуға септігін тигізе алатын еді. Бірақ көпшілік зерттеушілердің еңбектерін жазу барысында белгілі бір проблемаға қатысты өзінің ой-тұжырымын түйіндеу міндетін ғана атқарғаны байқалады. Сондықтан бұндай сарында жазылған туындылар баршылық.

Тәуелсіз Қазақстан тұсында қазақ-жоңғар соғыстарына қатысты тек тарихшыларымыз ғана емес, сонымен қатар өзге де кәсіп иелері өз еңбектерін арнады. Деректердің санымен қатар, заман талабына сәйкес олардың түрлері (интернет жүйесі) көбейді.

Қазақ-жоңғар күресі проблемасы қазіргі тарихнамада қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі тұрғысынан қойыла бастады. Отандық тарих ғылымында мәселе қазақ халқының азаттығы үшін күресі ретінде қарастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Айтбаева Р.Т. Қазақтың ауызша тарих айту дәстүріндегі қазақ-жоңғар қатынастары // Бекмаханов тағылымы – 2004: халықар. ғыл. конф. материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – Б. 274-276.

2 Пищулина К.А. Казахское ханство в XV–XVII вв. // История Казахстана с древнейших времен до наших дней: очерк. – Алматы: Дәуір, 1993. – С. 144-164.

3 Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: шежірелік деректер / дайындаған А. Қожабеков. – Алматы: Жалын, 1994. – 144 б.

4 Пищулина К.А., Өскенбай Қ., Атығай Н. Қазақ және Жоңғар хандықтары: бейбітшілік және теке-тірес // Туған өлке. – 2006. – № 1(6). – Б. 51- 58.

5 Данияров К. История Казахского государства XV–XX вв. – Алматы: Эдельвейс, 2001. – 528 с.

6 Чимитдоржиев Ш.Б. Взаимоотношения Монголии и Средней Азии в XVII–XVIII вв. – М.: Наука, 1979. – 88 с.

7 Моисеев В.А. Некоторые вопросы казахско-джунгарских отношений в советской историографии // Вопросы историографии и источниковедения Казахстана (дореволюционный период). – Алма-Ата: Наука, 1988. – С. 134-150.

8 Пищулина К.А. Казахское ханство в XV–XVII вв. // История Казахстана с древнейших времен до наших дней: очерк. – Алматы: Дәуір, 1993. – С. 144-164.

9 Кычанов Е.И. Повествование об ойратском Галдане Бошокту-хане. – Новосибирск: Наука, 1980. – 190 с.

10 Мыңжан Н. Қазақтың көне тарихы / дайынд. М. Қани. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.

11 Абенов Е.М., Арынов Е.М., Тасмагамбетов И.Н. Казахстан: эволюция государства и общества. – Алматы: ИРК, 1996 г. – 390 с.

12 Әбжанов Х.М. Тәуелсіз Қазақстан және Әлемдік тарихи кеңістік // Қазіргі замандағы жаһандану және ықпалдастық жағдайында әлемдік қауымдастық және Қазақстан: халық. ғыл.-тәж. конф. материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 199 б. – Б. 4-7.

13 Данияров К.К. Альтернативная история Казахстана. – Алматы: Жибек

жолы, 1998. – 208 с.

14 Галиев В.З. Проблемные вопросы казахско-джунгарских отношений в XVII – первой половины XVIII веков // История Казахстана: новый взгляд. Сб. матер. метод. семинаров ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова за 2012-2013 гг. – Алматы: Елтаным, 2014. – С. 40-53.

15 Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы. – Алматы: Білім, 1999. – 320 б.

16 Данияров К. История Казахского государства XV–XX вв. – Алматы: Эдельвейс, 2001. – 528 с.

17 Магауин М. Алфавит казахской истории: докум. повествование. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 224 с.

18 Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы. – Алматы: Білім, 1999. – 320 б.

19 Сейдимбек А. Мир казахов. Этнокультурологическое переосмысление. – Алматы: Рауан, 2001. – 576 с.

20 Қазақ-жоңғар қатынасы кезіндегі керейттер // Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде. – Алматы: Алаш тарихи зерттеу орталығы, 2011. – Т.

11. – Б. 178-190.

21 Жалайырлар XVII–XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте // Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде. – Алматы: Алаш тарихи зерттеу орталығы, 2008. – Т. 2.– Б. 209-247.

22 Артықбаев Ж.О. Бұланты шайқасы. – Қарағанды: Полиграфия, 1998. – 65 б.

23 Галиев В.З. Новые данные о битве при Буланты // Родной край. – 2013. – № 3-4 (23-24). – С. 34-44.

24 Галиев В.З. Хан Джангир и Орбулакская битва. – Алматы: Ғылым, 1998. – 128с.

25 Галиев В.З. Усиление борьбы казахского народа против джунгарской агрессии в начале XVIII века // Отан тарихы. – 2013. – № 1. – С. 11-26.

26 Тимченко С.В. Наступление джунгарских ханов на Среднюю Азию и международные отношения в конце 30-х – начале 40-х гг. XVIII в. // Вестник КазНПУ им. Абая. Сер. истор. и соц.-полит. науки. – 2008. – № 4(19). – С. 10- 14.

ӘОЖ 37.1

ХАЛЫҚ МҰҒАЛІМІ ҚҰРМАШ НҰРҒАЛИЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Шуршитбай Б., т.ғ.к., қауымдастырылған профессоры

Әмірханов Е.Р., Тарих мұғалімі

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: ms.beybitgul@mail.ru

Бұл мақалада қазақтың ұлы ұстазы, халық мұғалімі Құрмаш Нұрғалиевтің педагогикалық қызметі мен шығармашылығы қарастырылады. Құрмаш Нұрғалиевтің білім беру саласындағы жетістіктері, оның жетекшілігімен

Борандағы мектептің даму тарихы, жаңа ғимараттың салынуы және мектептің білім беру жүйесіндегі орын алатын маңызы баяндалады. Мақалада ұстаздың өмірі мен шығармашылығындағы елеулі кезеңдер, оның еңбек жолы мен педагогикалық көзқарастары, ұлт тәрбиесіне қосқан үлесі туралы айтылған. Құрмаш Нұрғалиевтің ұлағатты еңбегі мен қоғамдағы орны туралы айтыла келе, оның мектептің құрылуына, дамуына қосқан ықпалы мен ұстаздық жолындағы жаңашылдықтары туралы баяндалады.

Түйін сөздер: *Құрмаш Нұрғалиев, халық мұғалімі, педагогика, білім беру, Боран мектебі, ұстаздық қызмет, мектеп құрылысын ұйымдастыру, әлеуметтік жаңашылдық, тәрбие, Шығыс Қазақстан, мектептің дамуы.*

Құрмаш Нұрғалиев 1925 жылдың қазан айында Шығыс Қазақстан облысы, бұрынғы Марқакөл, қазіргі Күршім ауданындағы Бұғымүйіз қыстауында дүниеге келген. Ол найман руынан шыққан. Туған жері туралы баспасөзде кейде Марқакөлдегі Орловка немесе Сармөңке ауылдары аталып жүрсе де, Шығыс Қазақстан облысы Мемлекеттік Мұрағатының Зайсан бөлімі мен Құрмаш Нұрғалиевтің зайыбы Қанипа Әйкенқызымен әңгіме барысында оның туған жері нақты Марқакөлдегі Бұғымүйіз екені анықталған. 1935 жылы отбасы Сармөңкеге көшіп, Құрмаш оқуға деген қызығушылық таныта бастайды. Оның алғырлығы мен зеректігін байқаған әкесі оны көрші Катонқарағай ауданындағы С. Торайғыров атындағы Шыңғыстау орта мектебіне оқуға жібереді. 8 - сыныпты бітіргеннен кейін ол педагогикалық училищеге түсуге асығады. Алайда 1940 жылы әкесі 55 жасында ауырып, қайтыс болады. Әкесінің өлімінен кейін ол мектептен қол үзеді, бауырлары мен жиендерін асырау үшін жұмыс істей бастайды.

Құрмаш жас кезінен еңбекке араласады: қоймашы, сатушы, ауыл Кеңесінің хатшысы қызметтерін атқарады. 1940 жылы ЛКЖО (комсомол) қатарына қабылданып, Шығыс Қазақстандағы Іле ұжымшар комсомол ұйымының жетекшісі болып сайланады. Бұл кезең оның еңбек жолындағы маңызды кезең болды, себебі осы қызметтер оның азаматтық тұлғасының қалыптасуына, өз бетімен оқуына мүмкіндік берді. 1941 жылы Құрмаш Нұрғалиев әскерге шақырылады. Майданға аттанып, 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысады. Соғыстан кейінгі кезеңде ол өзінің білімін тереңдете түсіп, халыққа қызмет көрсету жолында еңбек етіп, қоғамға үлкен үлес қосқан тұлға ретінде танылады. Құрмаш Нұрғалиевтің өмір жолы мен шығармашылығы күрделі әрі әсерлі. Оның еңбек жолы мен әскери қызметі, сондай-ақ педагогикалық және қоғамдық қызметі ұрпақтарға үлгі боларлықтай. Құрмаш Нұрғалиевтің шығармашылығы мен қоғамдық жұмыстары халық үшін маңызды, оның өмірі мен еңбегі ұрпаққа тәлімгерлік, патриотизм, еңбекқорлық, адалдық сияқты құндылықтарды насихаттайды [1, 94 б.].

Құрмаш Нұрғалиев – өз заманының ұлы ұстазы әрі ағартушысы, қазақ мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқан тұлға. Оның педагогикалық көзқарастары мен дүниетанымы ХХ ғасырдың ортасында қалыптасып, уақыт өте келе қоғамдық қозғалыстың алдыңғы қатарлы өкілдерінің біріне айналды. Құрмаш Нұрғалиев тек білім саласында ғана емес, өзінің философиялық ойлары

мен өмірлік ұстанымдарымен де өз кезеңінің жаңашыл ұстаздары қатарында болды. Оның педагогикалық көзқарастары мен өмірлік пайымдаулары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпай, ұстаздар мен шәкірттер үшін үлкен мәнге ие.

Педагогикалық көзқарастары

Құрмаш Нұрғалиевтің педагогикалық көзқарастарының негізінде адамға деген құрмет пен сенім, білімге деген ұмтылыс және адамгершілік құндылықтар жатыр. Ол ұстаздық қызметіне өте жауапкершілікпен қарап, әрбір шәкіртіне өзіне тән жеке көзқараспен қарай отырып, оған білім мен тәрбие беруді мақсат тұтты. «Боларға ұмтыл, болмасқа қанағат қыл», [2, 10 б.]. – деп айта отырып, Нұрғалиев әр адамды өз қабілетін дұрыс бағалауға және қолынан келетін істі жасауға ынталандырды. Бұл ұстаным шәкірттеріне өзін-өзі тануға, нақты жағдайды дұрыс бағалауға және өзіндік даму жолына түсуге мүмкіндік берді. Құрмаш Нұрғалиев өмірде өз орнын табу үшін адамның саналы түрде әрекет етуін, әрбір ісіне жауапкершілікпен қарауды өте маңызды деп санады. Ол өз өмірінде осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, өзінің ұстаздық жолын таңдады, қиындықтар мен ауыртпалықтарға қарамастан биік мақсаттарға ұмтылды. Бұл оның педагогикалық көзқарастарының негізі болып табылды: адамның өз күшіне сену, өз қабілеттерін бағалау және ең бастысы – еңбекқорлық пен адалдық.

Эстетикалық көзқарастары мен дүниетанымы

Құрмаш Нұрғалиевтің эстетикалық көзқарастары оның дүниетанымымен тығыз байланысты. Ол өзінің шәкірттеріне тек білім мен тәрбие беріп қана қоймай, сонымен қатар олардың рухани дамуына да ықпал етті. Оның педагогикалық әдісінде тек ақыл мен логика ғана емес, жүректен шыққан ұлағатты сөздер мен адамның ішкі әлемін терең түсіну маңызды орын алды. Ол оқушыларын тек сабақ үлгерімі үшін ғана емес, адамның жеке қасиеттері мен моральдық тұрғыда да жетілдіруге ұмтылды. Нұрғалиевтің көзқарастары оның эстетикалық дүниетанымымен тығыз байланыста. Ол әрбір тұлғаның эстетикалық дамуында ұлттық мәдениеттің, өнердің және әдебиеттің рөлін жоғары бағалады. Оның шығармашылығында өнер мен білімнің бірлігін, рухани және материалдық мәдениеттің сабақтастығын көруге болады. Ол қазақ халқының мәдени мұраларын насихаттауға, ұлттық өнер мен әдебиетті жаңғыртуға ұмтылды.

Ұлттық педагогикаға ықпалы

Құрмаш Нұрғалиевтің педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына ұлттық педагогиканың да ықпалы зор болды. Ол шығыс философиясы мен педагогикасына терең қызығып, оның іргелі қағидаларын өз қызметінде қолдануға тырысты. Мектеп мұғалімдерінің арасында әйелдердің көп болуын сынай отырып, ол мектептегі мұғалімдердің басым көпшілігінің ер адамдар болуын жақтады. Оның ойынша, әкесі қасында өскен ұл мен ана тәрбиесінде болған ұлдың айырмасы көп, әрі әке тәлімін көрмеген ұл қоғамға қызмет ету тұрғысынан қиындықтарға тап болуы мүмкін. «Бұл әйел мұғалімдердің намысына тиетін талап емес деп ойлаймын, [3, 110 б.] - деп жазды ол, - Отбасында әке тәлімін көрмеген ұл қандай болмақ? Әкесі қасында өскен ұлдың

айырмасын ойлаңызшы». Құрмаш Нұрғалиев осылайша қоғамда теңдік, әділеттілік және білім беру саласындағы өзекті мәселелерге назар аударды. Оның пікірінше, әке тәрбиесі ұл баланың мінез-құлқы мен болмысын қалыптастыруда ерекше маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыда ол өз заманындағы білім беру жүйесін жетілдіру, ұлдар мен қыздарды теңдей тәрбиелеу қажеттігін айқындап берді.

Шәкірттерге деген ұстанымдары

Құрмаш Нұрғалиевтің шәкірттеріне деген көзқарасы өте ерекше болды. Ол әрбір баланың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етіп, оның ішкі мүмкіндіктерін аша білуге тырысты. Оның педагогикалық ұстанымы бойынша, ұстаз тек білім беруші ғана емес, шәкіртіне бағыт - бағдар көрсетуші, оның рухани дамуында жетекші болу керек. Құрмаш Нұрғалиевтің көзқарастарының басты ерекшелігі – әрбір шәкіртті жеке тұлға ретінде қабылдап, оның ерекшеліктерін ескере отырып, оған білім беру еді. Ол «Әр бала – жеке әлем» [4, 210 б.]. деп санап, білім беру барысында әр баланың даралығын құрметтеді. Оның еңбектері мен педагогикалық көзқарастары бүгінде өзектілігін жоймай, мұғалімдер мен оқушыларға бағыт-бағдар береді. Құрмаш Нұрғалиевтің айтуынша, білім мен тәрбие тек ақыл-оймен шектелмейді, ол жүрек пен сананы да дамытуы қажет. Бұл идеялар қазіргі заманғы педагогикада да маңызды орын алып, болашақ ұрпақтың дамуына зор әсерін тигізуде.

Құрмаш Нұрғалиевтің педагогикалық көзқарастары мен өмірлік ұстанымдары – бүгінгі күннің маңызды мәселелерімен үндеседі. Оның адамгершілік, еңбекқорлық, ұлттық тәрбиені сақтау, білім беру саласындағы жаңашылдықты насихаттауы қазіргі уақытта да маңызды әрі өзекті. Құрмаш Нұрғалиевтің шығармашылығы мен педагогикалық қызметі ұрпақтан-ұрпаққа үлгі болып, қазақ қоғамының рухани және мәдени дамуына зор ықпал еткен. Ол өз шығармашылығында білім мен тәрбиені ұштастырып, шәкірттерін жоғары адамгершілік пен ізгілікке тәрбиеледі.

Құрмаш Нұрғалиевтің мектепке қосқан үлесі мен білім беру саласындағы жетістіктері

Құрмаш Нұрғалиевтің өмірі мен қызметі тек ұстаздық жолмен ғана шектелмей, ол өз мектебін дамытуға зор үлес қосқан педагог және қоғамдық қызметкер ретінде тарихта қалды. 1958-1965 жылдар аралығында мектептің №3, №4 және №5 корпустарының құрылысын ұйымдастырып, 1966 жылы интернаттың іске қосылуына себепші болды. Бұл кезеңдерде оқу-тәрбие жұмысында қол жеткізілген зор табыстар нәтижесінде, 1965 жылы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің қаулысымен Борандағы мектепке В.И. Ленин аты берілді. Мектептің білім беру деңгейі мен тәрбие саласындағы жетістіктері назарға алынып, ол бүкіл облыс көлемінде танымал болды.

1967 жылы Шығыс Қазақстан облыстық халыққа білім беру бөлімінің басшысы Б. Қайырбеков Қазақстан КСР-нің Құрмет Алтын Кітабына облыстан екі адамды ұсынды, олардың бірі – Құрмаш Нұрғалиев болды.

Бұл Құрмаш Нұрғалиевтің мектептің дамуына, педагогикалық қызметіне көрсетілген жоғары бағасы еді. Құрмаш Нұрғалиевтің ұжымдық күш - жігермен

атқарған еңбегі мен мектептің білім беру жүйесіндегі жетістіктері 1968 жылы Мәскеуде өткен мұғалімдер съезінде ерекше атап өтілді. Оған сол жылдары Социалистік Еңбек Ері атағы ұсынылды, бірақ атақ берілмеді. Алайда бұл жағдай оның қоғамға, педагогикаға және білім беру саласына қосқан үлесін кемітпеді. Құрмаш Нұрғалиев осы сәтте партиялық бақылау комитетінің төрағасы А.Я. Пельшенің қабылдауында болып, мектеп салуға рұқсат сұрады. Ол осыған дейінгі жетістіктерін ескеріп, одан да жоғары деңгейдегі мектеп салуды армандады. Бұл арманы 1972 жылы жүзеге асып, бұрынғы мектептің орнына жаңа сәулетті мектеп ғимараты тұрғызылды.

Жаңа мектептің құрылысы – бұл Құрмаш Нұрғалиевтің қызметіндегі маңызды кезең болды. Бұл мектеп заманауи талаптарға сай салынған, жалпы ауданы 8000 шаршы метр, 960 орындық кешенге айналды. Мектептің кіре беріс қабырғасына «Боран мектебінің оқушылары Мәскеу мектептерінің оқушыларынан несі кем?!» [5, 12 б.] - деп ойылып жазылды. Бұл сөздер тек мектептің өзінің деңгейін көрсету ғана емес, сонымен қатар, Құрмаш Нұрғалиевтің мектебінің білім беру саласындағы биік мақсатын, ұмтылысын, сондай-ақ мектеп ұжымының қажырлы еңбегін білдіреді. Мектептің кеңдігі мен маңыздылығын Құрмаш Нұрғалиев ерекше мақтан тұтты. Ол өзінің мектебін жиі айтып, мақтанған: «Біздің мектеп – үлкен мектеп. Мыңға жуық оқушысы бар. Мектеп өзінің территориясы жағынан Ватикан мемлекетінің территориясынан қомақтырақ», [6, 9 б.] - деп айтқан. Бұл сөздер оның білім беру жүйесіндегі жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін және сол кездегі мектептің ауқымын көрсетеді.

Құрмаш Нұрғалиевтің ұстаздық қызметі мен оның мектебіне қосқан үлесі оның педагогикалық көзқарастарының, оның жан - жақты іскерлігінің айқын дәлелі болды. Ол әрқашан мектептің дамуына назар аударып, оқушыларға білім мен тәрбие беру жолында үлкен жетістіктерге жетуді мақсат етті. Жаңа ғимараттың құрылысымен қатар, Құрмаш Нұрғалиев мектептің білім беру әдістемесін де жаңартып, оқушыларға сапалы білім беруге барлық күш – жігерін жұмсады. Құрмаш Нұрғалиевтің еңбегі жоғары бағаланып, оның мектебі – білім беру саласындағы үздік үлгілердің бірі ретінде танылды. Оның мектебінің дамуы, жаңа ғимаратының салынуы, мектеп ұжымының бірлігі мен қажырлы еңбегі бүгінгі күнде де көптеген педагогтар мен оқушылар үшін үлгі болып қалуда.

Қорытындылап айтар болсам, Құрмаш Нұрғалиевтің өмірі мен шығармашылығы – қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы мен жетілуінің жарқын үлгісі. Ол тек педагог емес, сонымен бірге қоғамның дамуына өз үлесін қосқан азамат, білім беру саласының жаңашыл көшбасшысы болып табылды. Құрмаш Нұрғалиевтің ұстаздық қызметі оның өмірлік ұстанымдары мен педагогикалық көзқарастарын айқын көрсетеді. Ол білім мен тәрбиені, тәртіп пен ізгілікті ұштастыруға зор мән берді, шәкірттеріне адамгершілік қасиеттерді, еңбекқорлықты, білімге деген сүйіспеншілікті бойына сіңіруге ұмтылды.

Құрмаш Нұрғалиевтің мектебінің дамуы тек ғимараттың салынуы мен жаңа оқу - жаттығу жағдайларын қамтамасыз етумен ғана шектелген жоқ. Ол әрқашан

оқушылардың білім алуы мен тәрбиесі үшін ең қолайлы жағдайлар жасауды басты мақсат етіп қойды. Оның басқаруымен мектепте жаңа әдістемелік тәсілдер енгізіліп, оқушылардың білім сапасы артты. Құрмаш Нұрғалиев шәкірттеріне тек пәндер бойынша ғана емес, өмірлік дағдыларды игеруге де мән беріп, тәрбиенің жан - жақты болуына ықпал етті. Шәкірттеріне деген қамқорлығы мен педагогикалық әдіс - тәсілдері арқылы Құрмаш Нұрғалиев ұлттық білім беруге зор үлес қосты. Оның көзқарасы бойынша, білім беру тек ақыл-ойды дамыту ғана емес, тұлғаның жан - жақты дамуына ықпал етуі керек еді. Ол әрбір шәкірттің жеке тұлғасын құрметтеп, оның қабілеттерін ашуға барынша жағдай жасады. Оның басты мақсаты – оқушыны тек жақсы азамат етіп тәрбиелеу емес, сонымен қатар оның шығармашылық әлеуетін дамыту болатын. Құрмаш Нұрғалиевтің өмірі мен шығармашылығы, оның педагогикалық әдіс-тәсілдері мен ұстанымдары қазіргі уақытта да өз маңызын жоймай, педагогика саласында жаңа бағыттарды қалыптастыруға ықпал етуде. Оның мектебінің ауқымы мен даму жолы, сондай - ақ ұстаз ретінде жас ұрпаққа берген тәрбиесі мен білімі бүгінгі күні әрбір педагог пен білім саласына қатысты тұлға үшін үлгі болып табылады.

Құрмаш Нұрғалиевтің педагогикалық көзқарастарының негізінде адамгершілік, еңбекқорлық және білімге деген сүйіспеншілік жатыр. Ол өмірдің әрбір жағдайында адамға өз күшіне сенуді, өзінің қабілетін бағалауды және қоғамға пайдалы болуды басты міндет деп санады. Сонымен қатар, оның көзқарастары ұлттық құндылықтарды сақтап, халқымыздың дәстүрлерін жаңғыртуға бағытталды. Ол қазақ халқына тән қасиеттерді – еңбекқорлық, ұқыптылық, адамгершілік және білімге деген ұмтылысты жастардың бойына сіңіруді мақсат етті. Құрмаш Нұрғалиевтің еңбегі мен қызметі көп қырлы және жан-жақты болды. Ол ұстаз ретінде ғана емес, ұлттық білім беру жүйесінің дамуына белсенді түрде араласқан қоғамдық тұлға ретінде де танылды. Оның мектебі тек білім мен тәрбие берудің үлгісін ғана емес, ол қоғамдағы өзекті мәселелерге үн қатып, жастарға жаңа жол ашқан білім ордасына айналды. Мектептің салынуы мен оның даму тарихы бүгінгі таңда педагогика саласындағы маңызды қадамдар ретінде бағаланады.

Қорытындылай келе, Құрмаш Нұрғалиевтің ұстаздық жолы мен шығармашылығы Қазақстанның білім беру саласының тарихында маңызды орын алады. Оның еңбегі мен педагогикалық көзқарастары қазіргі күнге дейін өз мәнін жоймай, жастарды тәрбиелеу мен білім берудің негізіне айналуда. Ұстаздың педагогикалық тәсілдері, оның қоғамға деген қызметі және өз шәкірттеріне деген қамқорлығы қазақ білімінің дамуына қосылған зор үлес болып табылады. Құрмаш Нұрғалиевтің шығармашылығы мен өмірі жас ұрпақ үшін үлкен үлгі болып, білім мен тәрбие жолындағы ізденістеріне бағыт-бағдар береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Чекетаева Р.С. Кәсіби шеберлікті дамытуда халық мұғалімі Қ. Нұрғалиевтің педагогикалық мұрасының рөлі. – Өскемен: «Өрлеу», 2013. – 137 б.

2. Сембаев Ә.І. Қазақ совет мектебінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1967. – 395 б.
3. Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 540 б.
4. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы / Құрастырған: Қалиев С., Аюбай К. – 6 т. – Алматы: Сөздіксловарь баспасы, 2009. – 400 б.
5. Жұматаева Е. Ұстаз әулеті. – Алматы: Таймс, 2005. – 256 б.
6. Тоқпатаев У. Менің замандастарым. – Өскемен: [б.и.], 2006. – 440 б.
- Елубай О. Алтайым, алтын тамырым. – Алматы: Әл-Фараби, 2000. – 181 б.

ӘОЖ 94(574. 42)

ОРЫС ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫНЫҢ «ЖАЗБАЛАРЫ» БОЙЫНША ӨЛКЕТАНУ ДЕРЕГІ РЕТІНДЕ

Жаманбаева Л.Қ.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: lazzat_9299@mail.ru

Қазақстан тарихының өз шешімін күтіп тұрған мәселелері әлде де жеткілікті. Сондай мәселелердің бірі халқымыздың шаруашылық-мәдени типтерін, жергілікті, өлкелік тұрғыдан зерттеу болып табылады. Осы зерттеулерді жүргізуде тарихи деректердің маңыздылығы сөзсіз. Аталмыш кезеңдегі халқымыздың тарихы, мәдениеті мен дәстүрі, шаруашылық өмірі жайлы маңызды дереккөзі ретінде Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімі Семей бөлімшесінің «Жазбаларын» атап өтуге болады.

«Жазбаларда» өлкеміздің тарихына қатысты әртүрлі материалдар, зерттеулер жарияланып отырғаны белгілі. Мысалы, Б.Г. Герасимов өз еңбегінде Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің ашылу тарихы және оның ХХ ғ. басындағы өлкетанушылық миссиясының қызметін қарастырады. А.Н. Седельниковтың жан-жақты еңбектері Зайсан көлі, Қара Ертіс, Қарқаралы уезіндегі жерасты суларының температурасы туралы ізденістер түрінде келеді. Е.П. Михаэлистің зерттеулері Семей қаласындағы «құмды ұйтқыларға» арналған. А.Н. Белослюдовтың жұмысы алтайлық «тас қашағыштардың» үйлену дәстүрлерімен, қазақтардың дастандары мен ертегілерімен таныстырады. Белгілі өлкетанушы, Орыс Географиялық қоғамының Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің төрағасы Н.Я. Коншинның еңбектері Шығыс Қазақстан халқының тұрмысы мен шаруашылығын зерттеуге елеулі үлес қосты [1, 315-316 бб.].

Осы қатарда, бөлімшенің мүшесі І.Ф.Пахомовтың да есімін атауға болады. Бөлімшенің отырысында ол, «Киргизское хозяйство Ак-Кабы и на верховьях Курчума» тақырыбында дәріс оқыған. Осы дәріс материалдарына қарап, біз ХХ ғасырдың басындағы дәстүрлі қазақ шаруашылықтарының жергілікті ерекшеліктерін және ондағы өзгерістерді көре аламыз.

Материалда Жоңғар мемлекеті талқандалғаннан кейін қазақтардың осы өлкені қайта қоныстануы жайлы айтыла келіп, зерттеуге өзек болып отырған аймақты мекендеуші қазақтардың шаруашылығы қарастырылған [2, 1-22 бб.].

XVIII ғ. 40-жылдары Шар өзенінің арғы жағынан Шыңғыстай болысының қазақтары, ал Зайсан уезіндегі Маңырақ тауларынан Күршім және Алтай болыстарының қазақтары келіп қоныстанды деп мәлімденеді.

Ақ Қаба мен Бұғымүйізді қоныстанған қазақтар: Дәулет, Самай, Сарғалдақ, Төртуыл, Шоңмұрын, Шеруіш, Андағұл, Шимойын руларына жатқан. Осы аталған рулардың бір бөлігі Қаратайға жатса, екінші бір бөлігі Төртуылдан тараған екен. Қаратай руына жататындар Өскемен уезінің Шыңғыстай болысын, ал төртуылдар Зайсан уезіне қарасты Қара Ертіс болысын құрады. Біз қарастырып отырған Ақ Қаба мен Бұғымүйізді мекендеуші қазақ рулары Шыңғыстай болысының әкімшілік аймағына енген.

1908 жылы Ашылы-бұлақ, Ақ Қаба, Шыбынды Бұлақ, Бәйгекезең, Шоққайың, Жылыбұлақ, Бүркітсай, Сары жүрек, Бұғымүйіз т.б. сайларда 140 шаруашылық жайлаған. Автордың сөзіне орай, қыстаулық жердің аумағы мөлшермен 25-30 десятинаны құраған.

Ал, халқының жалпы саны 715 адам, оның ішінде 384 ер адам және 331 әйел адамды құрайды, яғни бұған дейін Өскемен уезінің далалық аймақтарын зерттеу бойынша ұйымдастырылған экспедицияның көрсеткен мәліметтеріне тұспа-тұс келеді.

Еңбекке жарамды халық (18-60 жас аралығындағы ер азаматтар және 15-55 жас аралығындағы әйелдер) жалпы халықтың 54,4%; жартылай жұмысшылар (14-17 жас аралығындағы ер азаматтар, 14-15 жастағы әйелдер) – 3,3%; балалар (1-13) – 38,2%; еңбекке жарамсыздар (60 асқан қарттар мен 55 жастан жоғары әйел адамдар) – 4,1% құрады [2, 8 б.].

Жұртшылық қыс мезгілінде 210 ағаш үйлерде, ал жазда 135 киіз үйде орналасады, бірақ бұл арада, қысқы баспана қай түрде және онда қандай отбасылар қоныстанатындығын анықтау мүмкін болмаған.

Күршім өзенінің жоғары ағысын мекендеген алтайлық қазақтардың өмірінен алынған кей мәліметтер олардың тау аңғарларын мекендегенін, осы жерлерде барлығын 311 қожайынның қора-қопсысы тіркелгенін көрсетеді. Олардың бір бөлігінің негізгі баспанасы басқа жерде де, бұл арада уақытша, егіншілік пен шабындық науқанында тұрады немесе малдың бір бөлігін алып келеді деп көрсетеді.

Қыстак: қыстак үй, яғни пешпен жылытылған жылы бөлме; ауыз үй – азық-түлік сақтауға, әдетте ошақта тамақ әзірлеуге арналған салқын бөлме; себет немесе жекелеген құрылыстардың арасында төбесін жаба отырып жасалған, малға арналған қоршау; қора (оның қой қора, ат қора сияқты түрлері болған); қаша – қоршау, оның ішінде шөп сақталған және монша сияқты құрылыстардан тұрған. Тұрғын үйлер көбінесе ағаштан жасалынған, кейде шарбақтан өріліп, тастан қаланған. Қашаны әдетте, шарбақтан және сырғауылдан жасаған. Кейде жер үйлер де кездесіп отырған.

Қоныстардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болып келеді. Щербинаның далалық аймақтарды зерттеу экспедициясының қолданған әдісі бойынша, барлық мал басын мал бірлігімен есептейтін болсақ (бірлік - 1 ат, 2 тай, 6 құлын, 1 түйе, 2 тайлақ, 6 бота; 6 қой, 6 ешкі, ^{6/5} ірі қара, ^{12/5} тайынша, ^{36/5} бұзау түрінде алынады), онда мал саны мен өзара қатынасы былайша көрінеді:

1-кесте – мал саны мен өзара қатынасы

№	Малдың түрі	Малдың бірлігі	%
1	Жылқы	2786	53
2	Қой	1464	28
3	Ірі қара мал	644	12
4	Ешкі	239	4
5	Түйе	125	3
	Жиыны	5257	100

Сонда, бір шаруашылыққа орта есеппен, 23,9 жылқы, 7,9 ірі қара мал, 0,9 түйе, 62,7 қой, 3-5 ешкі – барлығы 37,55 мал бірлігі келеді. Бұл көрсеткіш Өскемен уезі бойынша жалпы көрсеткіштен (18 мал бірлігі) әлдеқайда артық [2,126.].

Мал негізінен жайылмалы болып келеді, алайда шаруашылықтың түрі таза көшпелі түрде болған жоқ. Қысқа 20-22 мың шөмеле, яғни бір бірлік малға орта есеппен, 4 шөмеле дайындалады. Бұл көрсеткіш, әрине төмен, негізінен, жайылымдық отқа қосымша түрінде болды. Қандай-да бір қиыншылық туындаған шақта жұтқа кез болып отырған. Мысалы, 1907 жылғы қалың қар мен көктайғақтан 806 бас жылқы (барлық санның 24%, 139 бас ірі қара (12 %) 26 түйе (20%), 4529 қой (52%), 499 ешкі (34%) жұтқа ұшыраған. Жұтта негізінен қазақ шаруашылықтарының басты байлығы саналған жылқы мен қой көп қырылып отырған. Ірі қара үшін шөп дайындалғандықтан, неғұрлым аман сақталып отырған. Шаруашылықтың жаңа саласы оны жүргізу тәсіліне де әсер ете бастады. Тебіндеуге қолайсыз, әрі баяу өсетін ірі қара мал, көшпелі шаруашылықтың бірте-бірте жойылуына ықпал етті.

Ірі қараны өсірумен, негізінен, кедей шаруашылықтар айналысқан, барлық малдың жартысынан астамын өз қолдарына шоғырландырған бай шаруашылықтар барлық ірі қараның 1/3 бөлігін ғана иеленді. Кедей шаруашылықтарда шөппен қамтамасыз етілу, орта шаруашылықтарға қарағанда екі есе, ірі шаруашылықтардан 5 есе жоғары болып келген.

Сондай-ақ, шөпті шабу жолы да түрлі шаруашылықтарда әркелкі болған. Бай шаруашылықтарда шөпті дайындағанға қарағанда, сатып алу басым. Екіншіден, кедейлер шөпті негізінен, өз күшімен дайындаса, онымен қоса ортақ шабындықта байлар үшін де шөп шауып отырған. Көптеген қауымдарда шөпті бірлесіп шауып, оны бөлгенде еңбегіне қарай емес, мал санына қарай бөліп отыру да тән болған. Соған қарамастан, неғұрлым кедей шаруашылықтар шөппен жақсы қамтылып отырған. Осылайша, автордың пікірінше,

шаруашылық жүргізудегі жаңашылдық орта таптық топтарда жүрді де, ақсүйек топтар барынша консервативтік сипатта болған [2,15 б.].

Жалпы, қарастырылып отырған кезеңдегі Оңтүстік Алтай қазақтарының мал шаруашылығының негізгі типі жартылай көшпелі сипатта болды деп санауға негіз бар. Автор оған әсер етуші факторлардың қатарында табиғи-климаттық жағдаймен қоса, жаңадан еніп келе жатқан шабындық пен егіншілікті және отырықшы халықтың ықпалын атап өтеді. Ал толықтай көшпелі шаруашылықты рулардың қатарында Қытайдың қол астындағы керей тайпаларын атайды.

Қарастырылып отырған аймақта мал саудасының көлемі аса зор емес. 1908 жылдың алғашқы жартысында 2 жылқы, 30 бас ірі қара сатып алынған; 45 жылқы, 14 бас ірі қара, 351 бас қой және 28 бас ешкі сатылған. Бұл арада, ірі қараға деген сұраныс шаруашылықтың жаңа типіне байланысты болса керек, ол егіншіліктегі негізгі күш көлікке айнала бастады [3, 11-12б.].

Аталмыш аймақ қазақтарының шаруашылық қызметіндегі өзгерістерге тоқталар болсақ, алдымен шөп шабу туралы айтуға болады. Ақ Қаба мен Бұғымүйіздің барлық шабындықтары 214 тілікте болды. Олардың қыстаумен аралығы 50-15 сажынды құраған. Автордың айтуы бойынша, бұл аймақта шөп шабуды XIX ғ. 90-шы жылдарынан бастаса керек және орыс қоныстанушыларының ықпалы да айтылады.

Шөп жинау ісіне келер болсақ, кедей шаруашылықтар барлығын өз күштерімен жинап алатын болса, бай шаруашылықтар жалдап тасытады, немесе жоғарыда айтылғандай, кедейлердің еңбегін тегін пайдаланады.

Ал, Күршім өзенінің жоғарғы ағысын мекендеген қазақтарда шөп шабу өзгешерек сипатта болды. Мұндағы шабындықтар суғаруды талап етіп отырғандықтан, шаруашылықтар қолайлы жылдары 2-3, кейде 5 мая шөп шапқан. Кейбір сайларда шөп мүлде шабылмайды. Әдетте, шалғындар қожайындар арасында бөліске салынған және оны пайдалану алдыңғы аймаққа ұқсас келеді, дегенмен, шабындардың шекарасы нақты айқындалып, жеке пайдаланып отырған. Жинау кезінде, өз күштерімен шабу және шөпті мал санына қарай бөлісу кең таралған.

Егіншілік жайына келер болсақ, жер 117 жекежайда жыртылған, егістіктер қыстаудан 50-30 сажын қашықтықта болды деп хабарланады [2, 18б.].

Шөп шабу тәрізді егін егу де XIX ғасырдың соңында басталды, алайда, автор, қазақтардың мәліметі бойынша Шыңғыстай болысында Нарым мен Бұқтырма өзендерінің бойында жүз жылдан бұрын да егін салына бастаған болуы керек деп топшылайды. Сөзіне дәлел ретінде, қазақтардың егіншілік құралдары орыс шаруаларына қарағанда әлдеқайда қарапайым, көбінесе темір тесе қолданғанын және 4 соқа, 1 тырма ғана болғанын хабарлайды. Орыстардың егіншілік кәсібі, қазақтарға қарағанда алдыңғы қатарлы болғандықтан, кейінгілерге ықпал ете бастады.

Ірі шаруашылықтар ұсақ және орта шаруашылықтарға қарағанда екі есе үлкен жерге егін салғанымен, оны өңдеуде жалдамалы және аралас еңбекті кеңінен қолданып отырған және де ұсақ шаруашылықтардың жерін қысқартып, кейте тіпті жерден айырып та отырған.

Қазақтар негізінен, бидай, арпа, тары және сұлы өсірумен айналысқан, соның ішінде азық ретінде – арпа, малға жем ретінде сұлы көп өсірілген. Сонымен қатар, қара бидай, бұршақ және қарбыз да өсірген.

Алайда, егіншілік өнімдері қазақтардың қажеттілігін толық өтей алмағандығын төмендегі кестеден көруге болады:

2 кесте – Дақыл түрлерін тұтыну (пұт бойынша)

№	Дақыл түрі	Өзінің өнімі	Сатып алынған	Барлығы
1	Арпа	1240	795	2035
2	Сұлы	1254	1000	2254
3	Ұн	120	2743	2863
4	Бидай	76	-	76
5	Тары	-	1462	1462
	Жиыны	2690	6000	8690

Негізінен, сұлы, бидай ұны және тары сатып алынған. Тары өсіруге осы аймақтың климаттық жағдайы қолайсыз болса керек.

Тұтынылатын астық өнімдерінің 69 % сатылып алынады, егер арпа мен дән және ұн түріндегі бидайды тек тамаққа пайдаланатынын ескере отырып, бір адам орта есеппен, 2 пұт өз астығын, 7 пұт сатып алған астықты азық етеді деп алсақ, бар жоғы 9 пұт шығады, бұл егіншілікпен айналысатын халық үшін (21 пұт) өте төмен көрсеткіш. Өсімдік тағамдарының жетіспеушілігін мал өнімдері толықтырып отырады.

Таулы аймақтардағы қазақтардың егіншілік шаруашылығы туралы Алтай болысының мәліметтерімен толықтыра келе, автор, мұнда, табиғи орта егіншілікке барынша қолайлы болуына қарамастан, бір шаруашылыққа 8/1-1 десятинаға егін салынатынын айтады. Кей егіндіктер суғармалы келеді, кей шаруашылықтарды егістік мүлде жоқ болған. Егіндік қатаң түрде бөлшектелген, оларды қайта бөлу тек бірқатар топтарда жеке келісім бойынша жүзеге асады. Ортақ егіндікті әдетте, рулық топ басқарады.

Бір десятинаға 12 пұт арпа немесе 15 пұт сұлы егеді, астық өнімділігі – 4-5 самды құрайды. Өз астықтары жетпегендіктен, жәрмеңкелерде орыс шаруаларынан сатып алып отырған. Астықты қандай ақшаға алды деген мәселеге келсек, біз жоғарыда айтып өткендей, мал саудасы кең таралмаған, оған қарағанда жүн және жүн бұйымдарын сату кең таралған. Табыстың екінші бір көзі – орыс шаруаларына және алтын кен орындарына жалданып жұмыс істеу арқылы табылып отырған.

Осы дереккөзіндегі материалдардан түйетініміз, ХХ ғасырдың басындағы Оңтүстік Алтайды мекендеуші қазақтардың шаруашылығы көшпеліліктен жартылай көшпелі сипатқа ауыса бастаған. Және де ол, қарастырылып отырған кезеңдегі жалпы қазақ жеріндегі болып жатқан шаруашылық үрдістермен үндес жүріп жатты. Мысалы, Симонова Ю.М. «Традиционное хозяйство казахов конца XIX – начала XX века» атты мақаласындағы «Однако на рубеже XIX - XX вв.

наиболее распространенным было не кочевое, а экстенсивное полукочевое скотоводство. Для него было характерно пастбищно-полустойловое содержание скота, занятие земледелием, сенокосением, пребывание в зимний период на одном месте и в связи с этим наличие помимо переносной юрты стационарных зимних жилищ. В течение весны, лета, осени и частично зимы полукочевники содержали скот на подножном корму, в самое неблагоприятное, зимнее, время (сильные морозы, ветры, снега и гололед) скот оставляли и кормили сеном (это и есть момент полу стойлового содержания скота). В условиях полукочевого скотоводства пастбища различались не только по сезонам - летние, зимние, весенне-осенние, но и по форме пользования ими», - деген ойлары дәлел бола түспек [3, 11-12 б.]. Мақала авторы айтып отырған жартылай көшпелі шаруашылықтарға тән басты белгілерді өзіміз қарастырып отырған аймақты мекендеуші қазақ шаруашылықтарынан да байқалып тұрғаны анық. Демек, қиыр шетте жатқанына қарамастан бұл өлкенің дамуында да дамудың жаңа белгілері қалыптаса бастағаны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Турова Л.П. Краеведение Восточного Казахстана в XX веке // Краеведческие чтения – 2017. – Өскемен, 2017. – С. 314-325.
2. Пахомов И. Киргизское хозяйство на Ак-Кабе и на верховьях Курчума. // Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского Географического Общества. Выпуск V. – Семипалатинск, 1911. – С. 1-22.
3. Симонова Ю.М. Традиционное хозяйство казахов конца XIX – начала XX века // Материалы республиканской научно-практической конференции «Козыбаевские чтения-2006». Т. 2. - Петропавловск, 2006.

ӘОЖ 821.512.122.09

М. ӘУЕЗОВ ЗЕРТТЕГЕН АБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ ӨМІРБАЯНЫ

Жеңісова М.М.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., профессор, филология

ғылымдарының докторы

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: zhenisova_2807@mail.ru

Саналы ғұмырын әдебиет пен ғылымға арнап, шығармашылықтың шыңына шыққан кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезовтың әдебиет әлемі қамбасына әкелгені аз емес. Жазушының көркем шығармалары өзінше бір төбе де, оның қазақтың ұлы ақыны Абай өмірін тереңінен зерттеуі бір төбе.

20-30-жылдардағы абайтану саласында жазылған ірілі-ұсақты еңбектердің дені, негізінен, ақын шығармаларының әлеуметтік төркіні мен мұрагерлік

жағына көп аялдады. Осымен қатар кейбір мақалаларда алғаш рет Абай өмірбаянын жаңа деректер негізіне сүйеніп, толықтырып қайтадан жазу талабы да көтеріледі. Бірақ ұлы ақын өмірбаянын бірден есілтіп жазып кетуге нақтылы деректерді қалмауы үлкен қол байлау болғанын М.Әуезов: «Биография - оның олқылықтары, Кәкітай (күнделік, хал, мемуарлардың болмауы, тіпті оның кезінде мерзімді баспасөздердің жоқтығы) ауызша естеліктер», - деп тезис ретінде атап өтуі жай нәрсе емес еді.

20-жылдардың басында Абай мұрасын зерттеу саласында талантты көркем шығармаларымен, әдебиет тарихын зерттеудегі еңбектерімен үздік таныла бастаған М.О. Әуезовтің, араласуы абайтануға үлкен зерттеушінің, келіп қосылғанын бірден аңғартты. Жас таланттың ерте қанаттанып, өз ортасында даралана бастаған қазақ әдебиеті тарихына байланысты зерттеушілік қадамын жете тани білген Семей губерниялық Атқару Комитетінің 1925 жылғы 20 маусымдағы Ленинград университетіне жолдаған ресми қатынасында «...М. Әуезов қазақ әдебиетіне қызығуы мен осы саладағы өз бетінше жүргізген зерттеулері арқылы техникумда қазақ әдебиетін оқытатын лектор ретінде бірден-бір кандидатура болып табылады», - деп көрсетуі шындық еді. 1924 - 1925 жылдар аралығында Семейдегі оқу орындарында Абай мұрасынан дәріс оқып, «Таң» журналында ақын шығармаларын жариялап, Абайдың өмірбаяны жайлы деректер мен шығармаларын толықтыра түсу жолында тынымсыз әрекет етіп жүрген М. Әуезовті көреміз. Ол бұл кезде көлемді монографиялық еңбегін жазу үстінде болатын. Абайды көзі көрген ақын замандастарына естелік жаздырып, ел аузынан Абай өмірбаяны мен сол заман шындығы жайлы деректерді қағаз бетіне түсіріп қалуға асыға кірісті.

Ақын мұрасын зерттеу жолындағы алғашқы белсенді әрекеті Абайдың, ғылыми өмірбаянын жазу үшін жаңа деректер жинап, ақын шығармаларының тұңғыш толық жинағын құрастыру жолындағы күрделі де қиын жұмысқа бағытталды. Әдеби қауымға М.Әуезов сол кезде-ақ Абай өмірі мен шығармаларының, аса жетік білгірі ретінде танылып қалған еді. М. Әуезов 1922-1923 жылдары Ташкент оқу орындарында дәріс беріп жүріп те Абай өмірбаяны мен ақын шығармаларын таныту ісімен айналысады. Ол 1923 жылы күзде Ленинград университетінде оқуға түсіп, соңыра ұстаздық, творчестволық жұмыспен айналысқан кезінде де Абай мұрасын зерттеуден, өмірбаяны жайлы деректер жинастырудан қол үзбейді. М.Әуезовте басқа зерттеушілерге қарағанда Абай өмірбаянын жазуды 1924 жылдан бастап шындап қолға алған кезге дейін-ақ ақын өмірі жайлы тобықты ішіндегі арғы-бергі ел әңгімелері мен ірілі-ұсақты болып өткеноқиғалардан, ата-баба шежіресінен хабардар, олардың шет жағасын өзі де көріп, біліп, жастай санаға сіңіп өскен артықшылықтар болатын-ды. Абай шығармаларында үлкен суреткерлікпен бейнеленген өмір шындығының көрінісі, оған ақын үкімі айтылған әлеуметтік сарыны басым ойшыл, жаңашыл поэзияны терең танып білудің бір саласы Абай өмірбаянын білуге әкеп соғатын-ды. Осыны кімнен болса да ерте сезініп, Абай бастан кешкен ғұмырдың өзекті желілерін қайта тірілтіп, ғылыми тұрғыдан өз қалпына келтіру міндеті тұрғанын түсінді. М.Әуезов қазақ әдебиеті тарихында теңдесі жоқ тарихи орны бар ұлт ақынының

ғылыми өмірбаянын жазуды алғаш рет қолға алғанда осы бір үлкен жауапкершілікті ұғына білді. Абай өмір сүрген орта мен қым-қуыт әлеуметтік оқиғаларға толы ақынның өмір жолын шама келгенше, асырмай да, жасырмай да шыншылдықпен көрсету үшін, зор даярлық жұмыстарын жүргізуге кірісіп те кетті. Қолға ілінген беймәлім деректердің ғылыми тұрғыдан сырын ашып, оларды Абай атқарған ақындық-қоғамдық қызметіне сәйкестендіріп беруге күш салды. Абай өмірбаянын сан рет өзгерте жазып, уақыт өткен сайын дәуір талабына сай толассыз іздену, соны деректер көзін еселеп табу арқылы оны жаңғыртып, өсіріп, тереңдетіп отырудан жалықпады. Азға қанағат етіп, орта жолда тоқтап қалуға көнбейтінін: «Өмірбаянды жазу - ғылыми еңбек, зерттеу болатын. Оны оп-оңай ала салып, тізе салған кісі жоқ. Сондықтан 1927 жылдан бері қарай қайта-қайта үстеліп, түзеліп келеді. Дұрысталып өсіп, тереңдеп келеді», - деп арнайы ескертуінде де көп мән болатын-ды. Яғни советтік дәуірдегі Абайдың бірегей биографы болған Мұхтар Әуезов ұзақ жылдар бойы Абай өмірбаяны жөнінде деректерді жинау, сұрыптау жолында «Абай жолына» аса қажетті көл-көсір тарихи деректер көзінің іргесі де қаланып жатты [1, 330 б.].

Абайтанудың алғашқы негізі де М.Әуезов жазған Абайдың ғылыми өмірбаянында жатқаны мәлім нәрсе. Абай өмірбаянын ғылыми негізде жаза отырып М.Әуезов абайтану саласындағы бірнеше күрделі мәселелерді тұтастай қарастыруды бірден қолға алды. Бұлай етпейінше Абай өмірбаянын жазуға кірісудің өзі қиынға соғары мәлім еді. Себебі, Абайдың жаңа типтегі ақын, қоғам қайраткері боп қалыптасу процесін көрсету үшін, сол дәуірдің тарихи шындығын, яғни жасаған әлеуметтік ортасы мен араласқан адамдарын, руларын, билік атаулары мен жер аттарын, ақын шығармалары нәр алған бұлақтарын, Абай мұрасындағы жаңа бағытты соны көзқарасты тудырған әлеуметтік мотивтерді, әсіресе, Абай өлеңдерінің жазылу себептерін т. б. көптегегі қосалқы мәселелерді қамту қажет еді. Бұларды тұтас қамту, дұрыс шешімін, бағыт-бағдарын табу - биографтан зор даярлықты, қуатты творчестволық ізденісті талап етті. Абай өмірбаянын қалпына келтірудегі басты әдіс - ауызша сұрау, тірі архив иелерінің естеліктерін жинау, жариялау. Ең бастысы Абай өлеңдеріндегі негізгі әлеуметтік сарындарға сүйену арқылы биограф көп шындықтың сырын ашады. Осы арқылы М.Әуезов Абай мұрасының зерттелу жолына зор үлес қосты. Абай өмірбаянын қалпына келтірудегі басты әдіс - ауызша сұрау, тірі архив иелерінің естеліктерін жинау, жариялау. Ең бастысы Абай өлеңдеріндегі негізгі әлеуметтік сарындарға сүйену арқылы биограф көп шындықтың сырын ашады. Осы арқылы М.Әуезов Абай мұрасының зерттелу жолына зор үлес қосты. Абайдың ғылыми өмірбаянын ойдағыдай жазып шығуы арқылы М.Әуезов келешекте абайтану саласында зор көлемде жүргізер зерттеу жұмыстары үшін табан тірер ғылыми негіздегі ірге тасын жасап алды. 1924 жылдың өзінде-ақ М. Әуезов Абай шығармаларының тұңғыш толық жинағын құрастырып, Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы алар орнын анықтап алуға ұмтылды. «Абай», «Шолпан» журналындағы ақын жайлы пікірлері мен Орыс Географиялық Қоғамы Семей бөлімінің Абайға арналған салтанатты кешіндегі «Қазақ әдебиетіндегі Абайдың орны» деген баяндамасы - осы әрекеттің айғағы [1, 235 б.].

Абай мұрасын зерттеушілердің ішінде алғаш рет ұлы ақын шығармаларымен толық танысып, өмірі жайлы деректерді тікелей сол ортаның ішінде жүріп, тірі архив иелерінен алып қалған М.Әуезовке абайтанудың негізін салу сияқты аса абыройлы тұғырға көтерілу тағдыры да бұйырды. М. Әуезовтің Абай өмірбаяны мен заманы жайлы деректерді жию, оларды тарихшы ретінде мұқият талдап, дұрыс қорытынды шығару, оларды соңыра эпопеяға тарихи негіз ретінде пайдалану проблемалары абайтану мен мұхтартану саласында жазылған көптеген еңбектерге жеңілдіктер де туғызып отыр. Жалпы қазақ әдебиеті тарихында Абайдай алып тұлғалы ақынның артында архив қазынасы, түрлі жазба деректері қалмаса да, негізінен, тірі архив иесі болған ақын замандастары естелігіне сүйеніп, әуелі, Абайдың ғылыми өмірбаянын қалпына келтіру, соңыра осы ізденістерінің негізінде дүниежүзілік мәні бар зор көлемдегі керкем туынды жазу - әдебиет әлеміндегі қайталанбас бірегей құбылыс.

М.Әуезов Абайдың тұңғыш толық шығармалар жинағын құрастырып, текстологиялық жұмыстар атқаруы мен Абай өмірбаянын жазу арқылы абайтану саласында болашақ зор көлемдегі ғылыми зерттеулер жүргізуге айтарлықтай қор жасап алды. Бұған нақтылы, айғақты дәлел - көп жылғы ғылыми зерттеулерінің қорытындысы ретіндегі Абай мұрасы жайлы монографиясы мен «Абай жолы» эпопеясы арасында іштей байланысып жатқан сабақтастықты еске алсақ та жетіп жатыр. Осы тұрғыдан қарағанда, төрт рет қайта жазылған Абай өмірбаянының барлық нұсқалары мен «Абай жолы» эпопеясындағы өзекті творчестволық ішкі байланыстардың сырын ашу үшін арнайы кең көлемдегі ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуді талап етеді. Біз бұл арада алға қойған мақсатымызға сай екі аралықтағы сабақтастықтардың кейбір жақтарын ғана қысқаша сөз етумен шектелеміз. Биограф бірінші кезекте Абай дәуірінде қазақ елінің тұрмысына түскен ірі тарихи өзгерістердің негізі мен ақын шығармаларындағы басты әлеуметтік сарындарды тудырып отырған замана шындығына баса көңіл бөлген.

Жазушы 1924 жылдан бастап Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты деректерді зерттеп, жинастыруды қолға алған еді. Осы тұста алғаш рет Абайдың толық басылымының тұңғыш нұсқасын жасауға кірісіп, ақын шығармаларының толық жинағын жариялауды тиісті ресми орындар алдына қоюы мен Абайдың тарихи орнын анықтауға ұмтылуы-абайтану негізінің 20-жылдар басында-ақ қаланғанын көрсетті. Әсіресе осы жылдардан бастап ақын жайлы деректерді ел аузынан жинастырғанда алдымен Абай өмірін зерттеуді тарихшы ретінде бастағанын ескертеді де [2, 54 б.]. Жас ғалымның мәселені әуелі тікелей тарихшы ретінде Абайдың өмірбаянын зерттеуден бастауы да жай нәрсе емес-ті. Өйткені тұңғыш рет жазылған Абай өмірбаяны - абайтану мен «Абай жолы» эпопеясының да тарихи желісінің ірге тасына айналғаны жұртшылыққа танымал нәрсе.

Абай өмірбаянын жазып, тұңғыш толық жинағын даярлаумен қатар М.Әуезовтің монографиялық еңбегі автордың көрсетуінше, 1925 жылы Ленинградта аяқталған. Осы еңбектен М.Әуезов жалпы қазақ ақындары өмірін жете білмей тұрып, бұл ақындар шығармаларының табиғатын толық танып білу ісі қиынға түсетінін өз тәжірибесінде мықтап ұғынған, осы себептен де:

«...ақындардың өмір тарихын білсек, соның әр қайсысы өмір сүрген заманның тірі пішінді белгісін тауып алғандай боламыз», - деп ескертеді [3, 47 б.]. Яғни зерттеуші әрбір ақын өмірін терең білу-сол ақын шығармасын талдауда ол өмір сүрген кезеңнің әлеуметтік болмысын танудың өзекті желісін,кілтін тапқандай пікір білдіреді. Демек, Абайға дейінгі қазақ ақындарының өмірбаянын зерттеу ісін қолға алғанда, оны қай тұрғыдан зерттеу мәселесі жайлы өзіндік ой тұжырымы мен дербес пікірін біраз қалыптастырып қалған қалпын танытады. Бұл болашақ ғұлама ғалмның бойындағы ғылыми зерттеу ісіне даярлықтың сол тұста-ақ биік деңгейде болғандығын аңғартады да.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мырзахметов М. Абайтану (Библиографиялық көрсеткіш). – Алматы: Ғылым, 1988. - 8 бет.
2. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. - 101-127 бет.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қаз. Ақпарат, 2006. – Б. 173-174.

УДК 37

ИСТОРИЧЕСКОЕ КРАЕВЕДЕНИЕ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ (ПО ТРУДАМ И. В. ЕРОФЕЕВОЙ «БУДДИЙСКИЙ МОНАСТЫРЬ АБЛАЙХИТ», 2019)

Кабылкайрова К.К.

Педагог-исследователь, учитель истории
КГУ «Средняя школа №7» отдел образования по
городу Усть-Каменогорску УО ВКО
e-mail: Kabylkairova_k_k@mail.ru

Историческое краеведение в настоящее время переживает этап активного развития. Оно становится важной частью гуманитарного знания, сочетающей в себе элементы истории, этнографии, археологии, культурологии и антропологии. Современные тенденции направлены на междисциплинарность, цифровизацию, вовлечение местных сообществ и более глубокое переосмысление региональной истории в контексте глобальных процессов.

Историческое краеведение — это особое направление гуманитарного знания, сосредоточенное на изучении истории конкретного региона. Сегодня краеведение выходит за рамки сугубо локального интереса и становится частью глобального научного и культурного дискурса. Современные тенденции в этой области включают междисциплинарность, цифровизацию, активную популяризацию знаний и переосмысление регионального прошлого. Примером подобного подхода служит исследование Ирины Викторовны Ерофеевой «Буддийский монастырь Аблайхит» (2019), которое может быть рассмотрено как модель актуального краеведческого исследования. Это исследование посвящено одному из уникальных памятников духовной и архитектурной

культуры Центральной Азии – буддийскому монастырю Аблайкит, расположенному в Восточном Казахстане.

Работа Ерофеевой отражает актуальную для современного краеведения установку на восстановление и популяризацию забытых или искажённых страниц региональной истории. Монастырь Аблайкит долгое время оставался объектом интереса только узкого круга специалистов, однако автор демонстрирует, как краеведение способно вывести такие темы в широкий культурный и научный дискурс.

Буддийский монастырь Аблайкит: забытая история Восточного Казахстана

Объект исследования Ерофеевой – монастырь Аблайкит, построенный в XVII веке ойратами и позднее разрушенный. Это уникальный памятник буддийской архитектуры и духовной культуры, расположенный в Восточном Казахстане. Долгое время его история оставалась практически неизвестной широкой аудитории. Ерофеева восстанавливает контекст появления монастыря, анализирует археологические находки, письменные источники и буддийские рукописи.

И.В.Ерофеева использует комплексный метод, объединяя исторический анализ, археологические данные, буддологические исследования и источниковедение. Она привлекает редкие китайские, тибетские и русские источники, а также результаты полевых исследований. Такой подход соответствует современной тенденции к междисциплинарности в краеведении.

Исследование строится на синтезе методов истории, археологии, этнологии, буддологии и источниковедения. Автор привлекает китайские хроники, тибетские рукописи, русские отчёты XVII–XVIII вв., а также данные археологических раскопок. Такой подход соответствует современной установке на комплексный анализ исторических объектов.

Особую ценность представляет использование И.В. Ерофеевой уникальных буддийских текстов, обнаруженных при исследовании руин Аблайкита. Это расширяет представление о распространении буддизма в Центральной Азии и позволяет точнее интерпретировать культурные процессы в регионе.

Как и многие современные исследования, труд Ерофеевой И.В. использует методы цифровой обработки и визуализации материалов: карты, схемы, фотографии артефактов. Это делает материал доступным и для научного, и для широкой аудитории.

Исследование разрушает стереотипы о религиозной однородности региона. Автор показывает, что Казахстан в XVII веке был пространством многообразных духовных практик, в том числе буддизма. Это даёт импульс к переосмыслению истории региона не только как части советской или казахской истории, но и в контексте паназиатского культурного обмена.

В работе подчёркивается необходимость сохранения культурного наследия и привлечения общественного внимания к историческим памятникам. Это отражает современную гуманитарную тенденцию к включению общества в научный процесс, к формированию исторической памяти как живого процесса.

Работа И. В. Ерофеевой также имеет популяризаторский потенциал. Автор делает акцент на сохранении культурного наследия, что созвучно современным тенденциям вовлечения местного населения в изучение и охрану памятников. Это подчеркивает важную роль краеведения в формировании исторической памяти и гражданской идентичности.

Заключение

Труд Ирины Викторовны Ерофеевой *«Буддийский монастырь Аблайхит»* демонстрирует, каким может быть историческое краеведение в XXI веке: научно глубоким, междисциплинарным, социально значимым. Исследования такого рода не только восстанавливают забытые страницы истории, но и формируют новое отношение к региональной идентичности, подчеркивая уникальность каждого уголка исторического пространства. Краеведение сегодня — это не просто сбор фактов, а осмысленный диалог с прошлым, в котором участвует как наука, так и общество.

Он отражает ключевые тенденции развития исторического краеведения: обращение к локальным сюжетам с глобальным смыслом, активное использование новых методов и технологий, а также стремление к диалогу с обществом.

Урок краеведения в 6 классе: «Буддийский монастырь Аблайхит – окно в историю родного края»

Цель урока:

Познакомить учеников с культурным наследием Восточного Казахстана, развить интерес к истории родного края через рассказ о древнем монастыре Аблайхит.

Этап урока: Введение в тему

Учитель показывает на карте Казахстана, где находится Восточно-Казахстанская область, и задаёт вопросы:

«Как вы думаете, какие религии существовали здесь в прошлом?»

«А вы знали, что в наших краях когда-то был буддийский монастырь?»

После этого кратко рассказывается, что учёная Ирина Викторовна Ерофеева исследовала древний монастырь Аблайхит и нашла удивительные буддийские книги и надписи, которые рассказывают о жизни людей XVII века.

Работа с источником (адаптированный отрывок)

Можно использовать фрагмент из книги Ерофеевой (в упрощённой форме):

«Аблайхит был построен ойратским князем Галдама в 1654 году. Это был большой монастырь с каменными стенами, башнями и библиотекой буддийских книг на тибетском языке. Внутри находились статуи Будды, а стены были украшены фресками».

Вопросы к классу:

Кто построил монастырь и когда?

Как он выглядел?

Почему он важен для изучения истории нашего края?

Интерактивная часть: «Создай монастырь»

Учащимся предлагается нарисовать, как они представляют себе Аблайкит, или собрать его макет из бумаги/лего по описанию из источника.

Заключение: «Зачем нам знать об этом?»

Учитель подводит итог:

«Исследования таких учёных, как Ирина Ерофеева, помогают нам узнать, что наша земля имеет удивительное прошлое. И это прошлое — часть нашей общей культуры».

Домашнее задание:

Найти дома или спросить у родителей, знают ли они ещё какие-нибудь старинные места в вашем крае, и принести информацию или фотографии на следующий урок.

Рабочий лист для урока краеведения

Тема: Буддийский монастырь Аблайкит: История нашего края

Имя ученика: _____

Дата: _____

1. Введение. Прочитай и ответь на вопросы:

Фрагмент из исследования И. В. Ерофеевой:

«Аблайкит был построен ойратским князем Галдама в 1654 году. Это был большой монастырь с каменными стенами, башнями и библиотекой буддийских книг на тибетском языке. Внутри находились статуи Будды, а стены были украшены фресками».

Вопросы:

Кто и когда построил монастырь Аблайкит?

Ответ: _____

Что находилось внутри монастыря?

Ответ: _____

Какие книги хранились в монастыре?

Ответ: _____

2. Найди на карте

Используя карту Казахстана, отметь на ней, где расположен монастырь Аблайкит (Восточный Казахстан).

Поставь маркер или обведи этот район на карте.

3. Ответь на вопросы по тексту

Прочитай вопросы и ответь на них, опираясь на информацию из текста и свои знания.

Почему монастырь Аблайкит важен для изучения истории Казахстана?

Ответ: _____

Какие особенности буддийского монастыря ты бы отметил? Чем он отличается от других религиозных сооружений, о которых мы узнавали на уроках?

Ответ: _____

Как ты думаешь, почему буддизм был распространён в Центральной Азии? Где ещё могли бы быть такие монастыри?

Ответ: _____

4. Творческое задание: «Создай монастырь»

Вдохновись описанием монастыря Аблайкит! Нарисуй, как ты представляешь себе этот буддийский монастырь. Можешь использовать фантазию или посмотреть в интернете, как выглядят старинные буддийские монастыри.

(Место для рисунка)

5. Вопрос на размышление:

Почему нам важно изучать историю и культуру нашего края? Напиши 2–3 предложения о том, что тебе стало ясно из этого урока.

6. Домашнее задание:

Найди дома или спроси у родителей, знают ли они ещё какие-нибудь старинные места в вашем крае. Напиши короткое сообщение о том, что ты узнал, и принеси его на следующий урок.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Учебник для 5–7 классов КРАЕВЕДЕНИЕ Восточно-Казахстанская область Ж.С. Аубакирова, А.С. Жанбосинова, Э.О. Столярова общеобразовательной школы 5–7 Рекомендовано Министерством образования и науки Республики Казахстан Алматы, «Атамұра», 2018.

2. Ерофеева, И. В. Буддийский монастырь Аблайкит / И. В. Ерофеева. — Алматы: Издательство "Генезис", 2019. — 256 с.

3. История Казахстана. С древнейших времён до конца XVIII века / под ред. С. М. Касенова. — Алматы: "Дайк-Пресс", 2010. — 430 с.

ӘОЖ 94(574)

ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАСТАРҒА ӘСЕРІ

Қадылқанова А.М., Тарих ғылыми-педагогикалық бағыт, 1-курс магистрі
Ғылыми жетекшісі: Нурбекова Р.К., Қазақстан тарихы және әлеуметтік гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты (PhD).

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: aizok.94kz@mail.ru

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттың болмысын, рухани құндылықтарын сақтау – басты міндеттердің бірі. Осы тұрғыда тарихи тұлғалардың жастар санасына әсер етуі өзекті мәселеге айналып отыр. Өйткені, жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуы, рухани кемелденуі мен елжандылық қасиеттерінің дамуы тарихи тұлғалар өмірі мен өнегесі арқылы жүзеге асады. Бұл мәселенің


маңыздылығы – ұлт тарихындағы ұлы адамдардың ерлігін, даналығын жастарға үлгі етіп, олардың бойына отансүйгіштік пен жауапкершілік қасиеттерін сіңіру қажеттілігінде жатыр. Мақаланың мақсаты – тарихи тұлғалардың рөлінің қазіргі жастардың дүниетанымы мен құндылықтарына әсерін талдау. Міндеттері – тарихи тұлға ұғымын айқындау, олардың қоғамдағы орнын сипаттау, қазіргі жастардың құндылықтар жүйесін саралау және осы екі фактордың өзара байланысын анықтау. Зерттеудің нысаны – тарихи тұлғалар мен олардың өмірлік жолы, пәні – бұл тұлғалардың жастарға тәрбиелік және рухани әсері.

«Тарихи тұлға» ұғымы – белгілі бір тарихи кезеңде қоғамның саяси, әлеуметтік, мәдени дамуына елеулі үлес қосқан адамдарды сипаттайтын ұғым. Мұндай тұлғалар өз заманының көрнекті қайраткерлері ретінде ұлттық болмыстың, ел тағдырының бет - бейнесін айқындайды. Қазақ халқының тарихында да осындай ірі тұлғалар аз емес. Мысалы, Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиеті мен философиясының негізін қалаушы, адамгершілік пен білімге үндеген ойшыл. Абылай хан – ел бірлігін сақтап, мемлекеттілік негізін қалыптастырған дара тұлға [1]. Әлихан Бөкейхан – Алаш қозғалысының көшбасшысы, ұлттық тәуелсіздікті саяси деңгейде қорғаған қайраткер. Бұл тұлғалар өз дәуіріндегі халықтың санасын оятып, мәдениет пен елдік идеяларды дамытты. Олардың идеялары мен еңбектері бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ, қайта жаңа ұрпақ үшін шабыт көзіне айналып отыр.

Ұлы тұлғаларды білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Тарихи тұлғалардың өмірінен біз тарих көшінің жүрісін біліп қана қоймай, оның рухын, тынысын сеземіз. Жалпы тарихтың жолы тақтайдай тегіс, түзу бола бермейді. Өзгерістері мен бұрылысы кездесетін дәуірде сыншысы да көп. Ал, нақты әр істе ойы, сөзі бірлікте, батыл іс - әрекетке күш жұмсап, көздеген мақсатына жете алатын адам азын аулақ. Осындай тұлғалар тарих бетін түзейді, жаңа заманды алға жетелейді. Тарихи тұлғалар – ұлттың, мемлекеттің, әлемнің дамуына зор ықпал еткен ерекше адамдар. Олар өз заманының көшбасшысы бола отырып, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге қалдырды. Қазіргі жастар үшін тарихи тұлғалардың өмірі мен еңбектері маңызды рөл атқарады, себебі, олардан рухани, моральдық және патриоттық құндылықтарды үйренуге болады.

Қазіргі жастар – цифрлық технологиямен тығыз байланысты, ақпаратты тез қабылдайтын және жаңашылдыққа бейім ұрпақ. Олар білімге, жеке даму мен еркіндікке үлкен мән береді. Алайда, жаһандану мен батыс мәдениетінің ықпалы кейде ұлттық құндылықтарды екінші орынға ысырып жібереді. Дегенмен, жастар арасында ұлттық сана-сезім, тілге, дәстүрге деген қызығушылық артып келеді. Жастардың тарихи санасы – олардың ата-баба мұрасына деген құрметі мен өз ұлтының өткенін білуге ұмтылысы арқылы көрінеді. Әлеуметтік желілер мен медиа құралдары бұл үдерісте маңызды рөл атқарады: тарихи тұлғалар туралы фильмдер, посттар мен роликтер жастардың санасына оң ықпал етеді. Мысалы, Абай сөздерін TikTok арқылы тарату немесе тарихи тұлғалар туралы деректі сериалдар олардың танымын арттырады. Сондықтан жастардың

құндылықтары мен тарихи тұлғалар арасындағы байланыс бүгінгі тәрбиелік жұмыстарда аса маңызды орын алады [2].



1-сурет – Жастардың тарихи тұлғалармен байланысы

Тарихи тұлғаларға деген қызығушылық тек оқу үдерісімен шектелмейді. Жастар тарихи тұлғаларды заманауи медиа құралдары арқылы да танып біледі. Бүгінгі күні интернет кеңістігінде, әсіресе әлеуметтік желілерде тарихи тақырыптағы контент кең таралып жатыр. TikTok, Instagram, YouTube платформаларында Абайдың нақыл сөздері, Бауыржан Момышұлының ерлік әңгімелері, Томиристің батырлық бейнесі секілді контент түрлері үлкен сұранысқа ие. Бұл контенттер жастардың тарихқа деген қызығушылығын арттырып, оларға заманауи форматта ұсыну арқылы тарихи сананың жандануына ықпал етеді. Мысалы, TikTok желісінде тарихи тұлғалар туралы қысқаметражды бейнероликтер жүздеген мың қаралым жинап, жастардың арасында пікірталас пен талдау туындатады. Бұл – жастардың тарихи тұлғаларға енжар емес, керісінше белсенді, сын көзбен қарайтын ұрпаққа айналып келе жатқанын білдіреді.

Қазіргі ақпараттық қоғамда жастардың ұлттық тарихқа, рухани мұраға, соның ішінде тарихи тұлғаларға деген көзқарасы ерекше маңызға ие бола бастады. Жастар – ел болашағы, олардың дүниетанымы мен құндылықтары ұлттың ертеңін айқындайды. Осы тұрғыда тарихи тұлғалар — өткен мен болашақты жалғайтын рухани көпір іспетті. Олар – тек өткеннің кейіпкерлері ғана емес, қазіргі ұрпақтың бойына патриотизм, елжандылық, парасаттылық, әділеттілік сияқты қасиеттерді дарытатын үлгі. Жастардың тарихи тұлғаларға деген көзқарасын саралау – бүгінгі тәрбиелік және әлеуметтік жұмыстың ең өзекті бағыттарының бірі.

Жастардың тарихи тұлғаларға деген қызығушылығы біртіндеп артып келеді. Бұған бірден-бір себеп – қазіргі білім беру жүйесінде тарихи мазмұнды білім беруге, ұлт тұлғаларын насихаттауға айрықша көңіл бөлінуі. Мектеп қабырғасынан бастап, оқушылар Абай Құнанбайұлы, Абылай хан, Қасым хан, Әлихан Бөкейхан сияқты ұлы тұлғалардың өмір жолын оқып, олардың ел үшін сіңірген еңбегімен танысады. Бұл білім жоғары оқу орнында тереңдей түсіп, ғылыми тұрғыдан талданып, жастарға тарихи пайыммен қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, түрлі ғылыми жобалар, эсселер, баяндамалар арқылы да тарихи тұлғалармен байланысты ізденіс жұмыстары жандануда. Мысалы, студенттер арасында Алаш зиялыларының еңбектерін зерттеп, оларды қазіргі заманмен байланыстыру әрекеттері жиі кездеседі. Бұл – жастардың тарихи тұлғаларға жай қызығушылық танытып қана қоймай, оларды бүгінгі қоғам үшін маңызды рухани бағдар ретінде қарастыра бастағанын көрсетеді [3].

1-кесте – Тарихи тұлғалардың жастарға әсер ету жолдары

№	Әсер ету жолы	Құралдары мен мысалдары	Мақсаты мен нәтижесі
1	Білім беру жүйесі арқылы	Мектепте тарих пәні	Жастардың тарихи ойлауы мен санасын қалыптастыру, тұлғалардың өмірі мен еңбегімен таныстыру
		Жоғары оқу орындарындағы арнайы курстар	
		Жоба, эссе, ғылыми жұмыстар	
2	Медиа және мәдениет арқылы	Көркем және деректі фильмдер (мысалы «Күлтегін», «Алаш», «Томирис»)	Тарихи тұлғаларды заманауи форматта таныстыру, үлгі ету.
		Кітаптар, подкасттар	
		Әлеуметтік желілер (TikTok, Instagram, YouTube)	
3	Отбасы мен қоғам арқылы	Ата-ана, ата-әженің әңгімелері	Ұрпақтар сабақтастығын сақтау, тарихи жадыны жандандыру, рухани-адамгершілік тәрбие беру
		Ұлттық мерекелер мен тарихи күндер	
		Ескерткіштер мен музейлерге бару	

Жастар арасында тарихи тұлғаларға деген құрмет пен танымның артуы қоғамдық өмірде де көрініс табуда. Жастар тарихи тұлғалардың атындағы көшелерге, ескерткіштерге, музейлерге қызығушылықпен барады. Ұлттық мерекелер – Тәуелсіздік күні, Алаш қозғалысының құрылған күні, Абай күні сияқты даталар – жастардың белсенді қатысуымен атап өтіліп келеді. Мұндай шаралар жастардың тарихи тұлғаларға деген көзқарасын тереңдете түсіп, олардың санасына елдік идеяларды сіңіреді. Жастар бұл тұлғаларға тек өткеннің қаһармандары ретінде емес, бүгінгі күннің рухани ұстаздары ретінде қарайды. Олардың өмірінен алған үлгіні өз өмірлеріне қолдануға тырысады [4].

Сауалнамалар мен зерттеулер де жастардың тарихи тұлғаларға деген оң көзқарасын дәлелдейді. Мысалы, бірнеше жоғары оқу орнында жүргізілген сауалнамалар нәтижесінде жастардың басым көпшілігі (70-80%) Абайды өзінің рухани бағдаршысы ретінде қабылдайтынын, Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлын ұлттық еркіндік пен білімнің символы деп білетінін айтқан. Сонымен қатар, жастардың жартысынан көбі тарихи тұлғалар туралы фильмдерді тамашалайтынын, әлеуметтік желідегі контент арқылы тарихи білімін арттыратынын көрсеткен. Бұл – тарихи тұлғалар жайлы ақпарат көзі тек кітаппен шектелмей, әртүрлі медиа мен цифрлық платформаларда белсенді насихатталып жатқанын білдіреді.

Отбасының және қоғамдық тәрбие ортасының ықпалы да ерекше. Көптеген жас азаматтар алғаш рет тарихи тұлғалар туралы ата-анасының немесе ата-әжесінің әңгімелері арқылы білгенін айтады. Отбасы – тарихи сана мен ұлттық рухтың алғашқы тірегі. Ұлттық мерекелерде дастархан басында айтылатын әңгімелер, батырлар жырын оқу, бірге ескерткіштер мен музейлерге бару – баланың санасына терең із қалдырып, тарихи тұлғаларға деген қызығушылығын ерте жастан оятады. Қоғамдық институттар да бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Мәдениет үйлері, жастар ұйымдары, еріктілер клубтары тарихи тұлғаларға арналған іс-шаралар өткізіп, жастарды белсенділікке шақырады.

Қорытындылай келе, тарихи тұлғалар қазіргі жастар үшін рухани бағдарламға айналып келеді. Заман өзгерген сайын жастар тарихи тұлғалардан жаңа заман талабына сай бейімделе отырып, негізгі құндылықтарды үйренуде. Бұл – ұлттық жаңғырудың жарқын көрінісі. Жастар тарихи тұлғаларды құрметтеу арқылы өзінің тамырын таниды, ұлттық рухын оятады, болашағына сеніммен қарайды. Зерттеу негізінде тарихи тұлғалардың жастарға әсер ету жолдары жан-жақты қарастырылып, олардың рухани тәрбиедегі орны анықталды. Білім беру, медиа және отбасылық тәрбие – тарихи тұлғалардың өнегесін жеткізетін негізгі арналар екені дәлелденді. Жастардың тарихи тұлғаларға деген оң көзқарасы – ұлттың болашағының жарқын болуына кепіл. Қазіргі жаһандану дәуірінде жастарға өз елінің тарихын білу және ұлттық құндылықтарды сақтауы маңызды. Заман өзгерсе де, тарихи тұлғалардан алынатын сабақтар – уақытпен бірге құндылығын жоймайтын өмірлік қағидалар. Бұл бағыттағы зерттеулерді кеңейту, әсіресе жастар арасында тарихи сананы қалыптастыратын әдістер мен құралдарды жетілдіру – келешек ғылым мен тәрбиенің маңызды бағыты болмақ. Тарихи тұлғалардың өмір жолы – мәңгілік сабақ. Ал, бұл сабақты лайықты жеткізу – бүгінгі қоғамның, әсіресе жастардың қасиетті борышы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абиляжанов М. Жас ұрпақтың ұлттық тарихи санасын қалыптастырудағы рухани тұлғалардың рөлі // Интеграционные процессы в науке в XXI веке. – 2018. – С. 75-81.
2. Каирова Д. М. Тарихты оқытудағы көркем әдебиеттің рөлі // In The World Of Science and Education. – 2024. – №.15 ноябрь ИН. – С. 3-8.

3. Алпысбес М., Еришева Т. Ұлттық ұжымдық жады феномені тұрғысындағы тарихи персоналистика мәселелері //Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. – 2020. – Т. 2. – №. 65.

4. Сактаганова Э. Б. Тарихи тұлғаны зерттеудің әдіснамалық негізі: мәселенің тарихнамасы //Вестник Карагандинского университета Серия История. Философия. – 2023. – Т. 111. – №. 3. – С. 106-112.

ӘОЖ 94 (574)

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Мамербекова Д.Х., тарих мамандығының 2-курс магистранты,

Шуршитбай Б., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан Республикасы

Қазақстандағы тарихты оқыту – өскелең ұрпақтың тарихи санасын дамытуда және ұлттық бірегейлікті нығайтуда шешуші рөл атқаратын маңызды педагогикалық процесс. Тарих пәннің оқытудың тиімділігі оқушылардың тарихи фактілер мен оқиғаларды меңгеруімен ғана шектелмейді, сонымен қатар сыни ойлауды, отаншылдықты, тарихи сананы дамытуды көздейді. Қазіргі білім беру жүйесінде Қазақстанда тарихты оқытуға қойылатын талаптар түбегейлі өзгерді, оқытудың әдіс-тәсілдері мен құралдарын жетілдіру қажет.

Білім беру жүйесінде тарих ғылымының орны айрықша. Әсіресе, ұлттық тарихты оқыту – жас ұрпақтың бойында елдік сананы қалыптастырудың, отансүйгіштік қасиетті дамытудың негізгі құралы. Қазақстан тарихын мектепте оқыту – оқушылардың тарихи танымын арттырып қана қоймай, олардың рухани адамгершілік бағытта жетілуіне ықпал етеді. Бұл пән арқылы өскелең ұрпақ ата - баба ерлігін танып, ел тарихындағы маңызды оқиғалар мен тұлғалар туралы терең мағлұмат алып, ұлттық болмысын бағалай бастайды. Тарихи білімнің негізі мектеп қабырғасында қаланады. Осы білім дұрыс әрі ғылыми негізделген мазмұнмен, тиімді әдістемемен берілсе ғана, оқушы тарихты тек жаттап қана қоймай, оның мәні мен маңызын түсіне алады. Демек, тарихты оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттырып, оларды дербес ойлауға жетелейтін, тарихи деректерді саралап, салыстыра алуға үйрететін әдістемелік амалдар қажет. Оқыту үдерісі тек мұғалімнің дәрісімен шектелмеуі тиіс, ол оқушы мен ұстаздың өзара әрекеттесуін, диалог пен пікір алмасуға негізделген белсенді тәсілдерді қамтуы қажет [1, 41 б.].

Қазіргі таңда білім беру жүйесі жаңа талаптарға бет бұрып отыр. Білім мазмұнын жаңарту, құндылықтарға негізделген білім беру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – осының бәрі тарих пәніне де тың көзқараспен қарауды талап етеді. Мектепте Қазақстан тарихын тиімді оқыту үшін оқу бағдарламасын, оқулықтарды, оқу құралдарын заманауи талаптарға сай бейімдеу, мұғалімдердің әдістемелік даярлығын арттыру, жаңа технологияларды

оқыту процесіне енгізу аса маңызды. Сонымен қатар, ұлттық тарихты оқыту барысында тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері мен тарихи сабақтастықты көрсете отырып, оқушы бойында азаматтық позицияны, елге деген құрмет сезімін қалыптастыру – бүгінгі күннің басты міндеті. Осы орайда, Қазақстан тарихын мектепте оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеу – бұл бағыттағы жұмыс сапасын арттырып, жас ұрпақтың тарихи білімін тереңдетуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада аталған мәселенің маңыздылығы жан-жақты қарастырылып, оны шешудің жолдары ұсынылады.

Тағы бір мәселе – мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдардың аздығы немесе заман талабына сай келмеуі. Жаңа технологияларды қолдану, оқытудың белсенді формаларын енгізу бойынша тәжірибелік ұсыныстардың жетіспеуі – мұғалім жұмысына кедергі келтіретін жайттардың бірі. Осыған байланысты, Қазақстан тарихы пәні мұғалімдеріне арналған заманауи, жаңартылған әдістемелік нұсқаулықтар мен курстар жүйелі түрде ұйымдастырылуы қажет. Сондай-ақ, кей мектептерде материалдық-техникалық база әлсіз: карталар, хронологиялық кестелер, тарихи деректі фильмдер, мультимедиялық ресурстар секілді көрнекі құралдардың жетіспеуі де білім беру сапасына әсер етеді. Заманауи тарих сабағы – тек оқулықпен шектелмей, жан-жақты, интерактивті форматта өтетін, оқушыны зерттеуге, ізденуге жетелейтін кеңістік болуы тиіс.

Қазақстан тарихын тиімді оқытудың басты шарты – оқыту процесін оқушыға бағыттау, яғни білім алушыны сабақтың белсенді субъектісіне айналдыру болып табылады. Бұл бағытта оқытудың дамытушылық, проблемалық және жобалық әдістерін қолдану. Мысалы, белгілі бір тарихи кезең бойынша шағын жоба қорғау, тарихи тұлға рөліне ену, диалог құру, дереккөздерді талдау арқылы зерттеу жүргізу, оқушының логикалық ойлауын дамытып, пәнге деген қызығушылығын арттырау. Яғни оқушыларды түрлі тарихи іс-шараларға, пікір - сайыс клубтарына, тарихи викториналарға, өлкетану экспедицияларына тарту арқылы олардың пәнге деген ынтасын ояту керек. Бұл – тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, азаматтық ұстанымын нығайтуға ықпал ететін маңызды бағыт. Мұғалімдер қауымы үнемі ізденіс үстінде болып, кәсіби даму жолында жанашылдыққа ұмтылуы тиіс. Бұл тұрғыда тәжірибе алмасу, үздік ұстаздардың әдістемелерін тарату, оқыту семинарларына қатысу, сондай-ақ тарих пәні мұғалімінің кәсіби деңгейін арттыратын тиімді курстар мен ғылыми конференцияларға қатысу.

Тарихты оқыту әдістемесі мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекетінің ұйымдастырылған формасы болып табылады. Оқыту процесінде мұғалімдер оқушыларға тарих арқылы бағыт-бағдар беру үшін әртүрлі әдістерді қолданады. Қазақстанда тарихты оқытудың дәстүрлі және заманауи әдістері мен қатар ауызша тарихты, көрнекі құралдарды пайдалану. Яғни тарихи құжаттарды өңдеу, интерактивті әдістерді енгізу арқылы, пәнді тиімді меңгеруге ықпал етуіміз керек [2, 210 б.]. Зерттеушілер барлық пәндерге ортақ оқыту әдістерін төмендегідей қорытындылады. Мысалы, иллюстративті түсіндіру әдісі – мұғалімнің ауызша баяндауын әңгіме барысында қолданылатын басқа да

құралдар аудио әдіс. Бұл әдіс арқылы оқушылар мұғалімнің жетекшілігімен алған білімдерін әртүрлі жағдайда қайта-қайта өз бетінше еске түсіруге мүмкіндік береді. Мысалы, бүгінгі күні болып жатқан тарихи оқиғаларды бұрынғы дәріс тақырыбы болған ұқсас оқиғалармен салыстырады, ұқсас белгілерін анықтайды, меңгерген материалы бойынша жоспар құрады, тарихи фактілерге өз бетінше баға береді, тарих пен өмірден нақты мысалдар келтіре отырып, өз бетінше теориялық қорытындылар жасайды, әртүрлі диаграммалар, кестелер сызады.

Проблемалық педагогика – оның мәні мынада: жаңа тақырыпты енгізу немесе маңызды мәселені түсіндіруге кіріспес бұрын мұғалім оқушылар алдына проблема қойып, мәселені шешудің ғылыми болжамын тұжырымдап, оған жетудің әртүрлі әдістері мен нұсқаларын ұсынады. Мұғалімнің әңгімесін меңгергеннен кейін оқушылар есептерді шығару логикасына сүйеніп, бұрын айтылған ғылыми болжамдар мен тұжырымдардың дұрыстығы мен бұрыстығына қорытынды жасай алады. Мысалы, оқушыларға түрлі-түсті суреттерге, құжаттарға немесе түсіну есептеріне байланысты сұрақтар қою арқылы тарихи мәселені шешуге үйретеді. Оларға естіген фактілерінен қорытынды жасауды немесе өз болжамдарын айтуды ұсынады [3, 251 б.].

Зерттеу әдісі ғылыми білімнің әдіс-тәсілдерін зерттеуге, шығармашылық жұмыстың қалыптастыруға, өзіндік ізденіс жұмыстарын ынталандыруға, оқушылардың білімді жан-жақты және саналы меңгеруіне көмектеседі.

Кеңестік педагогикада кеңінен қолданылған иллюстрациялық, реконструкциялық, проблемалық, эвристикалық, зерттеушілік әдістер бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймай, заман талабына сай түрлендіріп, қолданылып келеді.

Эвристикалық әдіс оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамытып, өз бетінше қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдісі оқушылардың шығармашылық және ізденімпаздық қабілеттерін шыңдайды.

Қазақ мектептерінде жиі қолданылатын дәстүрлі әдіс ауызша әңгімелеу, мұғалімнің түсіндіруі өте жиі кездеседі. Бұл әдісте мұғалім тарихи ақпаратты логикалық реттілікпен ұсынып, оқушылардың назарын тарихи оқиғалардың маңыздылығына аударады.

Қазақстанда тарихты оқытудың бір қиындығы оқулықтардың тілі мен мазмұнының күрделілігі болып табылуда. Орта мектеп оқулықтарындағы тарихи терминологияның көп болуы оларды оқушылардың түсінуін қиындатады. Сонымен қатар, тарихи оқиғаларды біржақты көрсету, ақпарат көздерінің тапшылығы оқыту сапасына кері әсерін тигізуде. Мұндай жағдайларда мұғалімдер тарихи оқиғаларды оқушыларға объективті түрде көрсету үшін балама материалдарды пайдалануы керек.

Ауызша баяндау балаларды тарихи оқиғаларға тартымдылығы аз, сондықтан бұл әдісті басқа әдістермен бірге қолдану керек. Мысалы, карталар, портреттер, құжаттар және бейне материалдар сияқты көрнекі құралдармен біріктірілгенде тиімдірек болады. Сонымен қатар рөлдік ойындар, пікір - талас,

тарихи көріністер, топтық жұмыстар, жобалар тағы басқа әдістерді білім беру барысында қолдана білсе мысалы, тарихи тұлғалар арасында пікірталас ұйымдастыру немесе тарихи деректерге сүйене отырып, шағын көлемді зерттеулер жүргізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, нақты тарихи білім алуға жетелейді.

Интерактивті оқыту әдісі, қазіргі білім берудің ең маңызды техникалық құралдар болып табылады. Мысалы, түрлі - түсті сызбалар, тарихи карталар, фотосуреттер және видеобейнелерді де жиі сабақ барысында қолданған дұрыс. Оқушылар көрнекі құралдарды елестете отырып материалды жақсы есте сақтауға көмектеседі. Қазіргі уақытта интерактивті тақталар мен Kahoot, Google Classroom, Zoom сияқты цифрлық платформалар кеңінен қолданылады [4, 62 б.]. YouTube каналдарынан тікелей бейнебаяндар, анимациялар және тарихи фильмдер оқу үдерісінде үнемі қолдануда болуы шарт. Осындай көрнекілік құралдардан соң мұғалім мен оқушылар арасында сабаққа деген құштарлық оянып, білім алуға, білім беруде ұтымдығы жоғарылай түседі.

Қазақстан тарихын ғана меңгермей азаматтық тәрбие мен ұлттық сананы дамыту құралы болып табылады. Сондықтан тарих пәнінің мұғалімдері тек ақпарат беруші ғана емес, сонымен қатар шәкірттеріне тәрбиеші, жол көрсетуші де болуы керек. Оқытудың сапасына кәсіби құзіреттілігі, тарихи ақпаратты жүйелеу, талдау және түсіндіру, оқушылардың өз бетінше ойлауға баулу қабілеті тікелей әсер етеді. Осыған орай ұстаздар үнемі әдістемелік шеберлігін жетілдіріп, оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге ұмтылуы қажет.

Өткен тарихтың тұтас суретін, оқиғаларын өзінің бастапқы қалпында оқушыларға ұсынатын ұстаздың динамикалық, әсерлі, жанды, тартымды баяндауын ешбір құрал алмастыра алмайды. Сонымен қатар, ауызша баяндаудың көптеген басқа мүмкіндіктері бар, әсіресе басқа әдістермен және тәсілдермен үйлесімді үйлескенде. Мысалы, тарихи материалды әңгімелеу кезінде мұғалімдер интерактивті тақтаны, тарихи карталарды, көрнекі құралдарды пайдалана алады, тарихи құжаттардан, романдардан үзінділер оқи алады немесе олардың мазмұнын өз әңгімелеріне енгізеді [5, 33 б.]. Пән мұғалімі тарихи оқиғаларды баяндаған кезде әр сөзі анық, түсінікті және нақты болуы керек. Мұғалімнің құзыреттілігі күрделі мәселелерді ғылыми-теориялық мазмұнына нұқсан келтірмей түсінікті және қарапайым тілмен түсіндіре білуінде. Оқушылар дұрыс түсінбейтін немесе қызықтырмайтын сөздерді тыңдамайтыны белгілі. Сондықтан әр сөйлемді мұқият ойластырып, әр сөзді таңдап сөйлегені абзал. Сөйлеу кезіндегі мұғалімнің дауыс ырғағы, екпіні және ым-ишарасы да оқушылардың дұрыс есту қабілетіне әсер етеді. Сөйлеудің өзі оқушыларды ойландырып, танымдық белсенділігін дамытатындай етіп құрылуы керек.

Сабақ беру барысында пән мазмұнына ғана мән бере бермей дамыта оқыту өте маңызды. Оқыту процесінде жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалар қарастыру керек мысалы: логикалық есептер, өзара сілтемелер, хронологиялық тапсырмалар, тарихи карталарды пайдалану арқылы оқушылардың пәнге деген

қызығушылықтары артып, логикалық ойлау, есте сақтау, өз пікірін еркін жіткізуге де көмек жасай алады.

Қазақ тарихын оқытудың маңызды ерекшелігі – ұлттық бірегейлікті сақтау және тарихи жадыны қалпына келтіру. Тарихты білмей, болашақты болжау мүмкін емес. Сондықтан оқытудың бір бөлігі ретінде оқушыларға Алаш арыстарының қызметі, тәуелсіздік жолындағы күресі, кеңестік кезеңнің шындығы туралы терең мағлұмат беру өте маңызды. Өскелең ұрпаққа патриоттық рухын қалыптастырып, ұлттық идеологияның негізі бола алады.

Жаңартылған оқу бағдарламасы тарихи сауаттылыққа, деректерді өңдеу және зерттеу дағдыларына баса назар аударады. Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімдер проблемалық оқыту, жобалау және зерттеу әдістері сияқты белсенді әдістерді қолдануы керек. Оқу үдерісіне стандартты бағалау жүйелері енгізу маңызды.

Қазақстан тарихын оқыту ол – білім сапасын арттыру ғана емес, тарихи сананы дамытудың, ұлттық идеологияны жүзеге асырудың ең тиімді жолы. Тарих тағылымы фактілерді жеткізетін ақпарат ретінде қарамай, бір ұлттың болашағы деп қараған жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қалиұлы С. Тарихты оқыту әдістемесі / С. Қалиұлы. - Алматы: Қазақ университеті. – 2010. - 210 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы / М. Қойгелдиев. – Алматы: Жалын, - 2008. – 320 б.
3. Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі / Т:Т. Тұрлығұл. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.
4. Қалиева Б.Т. Тарих оқулықтарындағы иллюстративті материалдар: сипаттамасы және талдануы. – 2022. – 99 б.
5. Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихын оқыту қағажу қала бере ме? – Қазақ тарихы, 1994.
6. Қожанұлы А. Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал / А. Қожанұлы.– Алматы: Дайыр, 2021, – 87 б.

ӘОЖ 94 (574)

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Медеуова Г.Қ., тарих мамандығының 2-курс магистранты

Күмісбек Н.Ә., 2-курс студенті

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: kumisbekenazar@gmail.com

Қазіргі білім беру жүйесінде тарих пәнінің маңызы күн өткен сайын артып келеді. Қазақстанның жаңа заман тарихы – оқушылардың ұлттық сана - сезімін қалыптастыруда, Отан сүйгіштікке тәрбиелеуде маңызды орын алады. Бұл кезең

ел дамуының күрделі де тағдырлы беттерімен ерекшеленеді. Сондықтан да мектеп оқушыларына бұл тарихи кезеңді жүйелі әрі ғылыми негізде оқыту - білім беру үдерісінің басты міндеттерінің бірі. Қазақстан тарихының жаңа заманы туралы білім беру барысында оқушылардың тек деректерді есте сақтауы емес, оларды тарихи ойлау қабілеті арқылы сараптап түсінуі маңызды. Осы орайда әдістеменің тиімділігі - оқытудың сапасын арттырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятудың негізі бола алады.

Қазақстан тарихын заманауи мектепте оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін анықтау – еліміздің болашағы үшін маңызды міндеттердің бірі. Қазіргі білім беру жүйесі жаңа талаптар мен өзгерістерге ұшырап отырған кезеңде тарих пәнінің мазмұны, оқытылу әдістемесі және педагогикалық тәсілдері терең ғылыми негізде қарастырылуы тиіс. Қазақстан тарихы – ұлттық сананы қалыптастырудың, елдің тәуелсіздігін құрметтеудің, азаматтық позицияны дамытудың негізгі құралы. Бұл пән арқылы оқушылар өз халқының өткені туралы жүйелі білім алады, тарихи тұлғалармен танысып, тарихи оқиғаларға баға беруге дағдыланады. Қазақстан тарихын оқыту – ұлттық идеяны қалыптастырудың, жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеудің ең тиімді жолы [1, 21 б.].

Қазіргі таңда білім берудің жаңартылған мазмұны тарихи білімге де ерекше талаптар қойып отыр. Жаңа бағдарламада оқушылардың сыни ойлауын дамыту, зерттеу жүргізу, тарихи деректермен жұмыс істеу, өзіндік пікір қалыптастыру секілді дағдыларға басымдық берілген. Бұл тарихты жай ғана дерек пен оқиғалар жиынтығы емес, оқушының өзіндік тарихи көзқарасын қалыптастыратын, танымдық әлеуетін дамытатын пән ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, тарихты оқытуда тұлғалық-бағдарланған, құндылықтық және конструктивистік әдіснамалар алдыңғы орынға шықты. Бұл тәсілдер оқушыны білім алушы ғана емес, оны қалыптастырушы, талдаушы және қолданушы ретінде қарастырады.

Білім берудегі өзгерістерге сәйкес тарих пәнінің мазмұны да жаңартылды. Жаңартылған оқу бағдарламаларында оқушыларға тек деректерді меңгерту емес, сонымен қатар оларды талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, тарихи тұлғалардың рөліне баға беру міндеттері қойылған. Сонымен бірге, әр тарихи кезеңнің өз ерекшеліктерін, контекстін түсіну, хронологияны меңгеру, тарихи оқиғаларды қазіргі замандағы жағдайлармен салыстыра білу – оқушының тарихи сауаттылығын арттыратын негізгі бағыттардың бірі. Жаңа оқулықтар мен оқу құралдары да осы талаптарға сәйкес жасалып, түрлі визуалды материалдармен, тапсырмалармен, бағалау өлшемдерімен толықтырылды [2, 69 б.].

Тарих пәнінің оқытылуы мұғалімнің кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, тарихи сана қалыптастырушы, үлгі көрсетуші, бағыттаушы тұлға. Сондықтан қазіргі заман мұғалімі тарих ғылымының негіздерін жетік меңгерген, түрлі оқыту технологияларын еркін қолдана алатын, цифрлық сауатты, жаңашыл әрі шығармашыл болуы қажет. Мұғалімнің кәсіби дамуы үшін тұрақты түрде біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, ғылыми-әдістемелік кеңестер ұйымдастырылып отырады. Сонымен

бірге мұғалімдердің өздігінен ізденуі, тарихи-ғылыми әдебиеттерді оқуы, зерттеу жұмыстарын жүргізуі – олардың кәсібилігін арттыратын маңызды фактор.

Тарихты оқытудың әдістемелік негізінде ғылыми дәлдік, тарихи логика, көзқарас плюрализмі, сыни тұрғыдан ойлау және диахрондық-синхрондық тәсілдер сияқты принциптер жатады. Бұл оқушыларға тарихи оқиғаларды тек жаттау емес, оларды түсіну, салыстыру, логикалық тұжырым жасау қабілетін дамытуға бағытталған. Мысалы, оқушыларға бір тарихи оқиғаға байланысты әртүрлі дереккөздер ұсынып, олардың арасындағы айырмашылықты табу, себептерін анықтау тапсырмалары өте тиімді. Мұндай тәсіл оқушыны дербес ойлауға, тарихи фактіге күмәнмен қарауға, оның астарында не жатқанын түсінуге баулиды.

Тарихты оқытудың тиімділігі қолданылатын әдіс-тәсілдерге тікелей байланысты. Заманауи мектептерде проблемалық оқыту, жобалық әдіс, зерттеуге негізделген оқыту, дебаттар, тарихи реконструкция, интерактивті сабақтар сияқты әдістер кеңінен қолданылады. Сонымен қатар цифрлық технологиялар – мультимедиалық презентациялар, виртуалды экскурсиялар, тарихи карталар, онлайн деректер базасы, тарихи тұлғалар туралы анимациялар оқушылардың қызығушылығын арттырып, пәнге деген ынтасын күшейтеді [3, 96 б.]. Оқушылардың ақпараттық технологияларды қолдана отырып тарихи деректерге қол жеткізуі, оларды талдауы, өз ойларын электронды форматта жеткізе алуы – заман талабына сай тарихи білім алудың көрінісі.

Мектеп бағдарламасында Қазақстан тарихын оқытуда ұлттық идеяны негізге алу – басты басымдықтардың бірі. Бұл тарихи оқиғаларды ұлттық құндылықтармен байланыстыра отырып түсіндіруді, қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресі мен батырлық рухын көрсету арқылы оқушылардың бойында отансүйгіштік сезімін тәрбиелеуді көздейді. Қазақстан тарихындағы Керей мен Жәнібектің көшіп шығуы, Қазақ хандығының құрылуы, Абылай ханның саясаты, Алаш қозғалысы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы мен Тәуелсіздік кезеңі – бұл тек тарихи факт емес, ұлттық мақтаныш, елдің рухани коды. Бұл тақырыптарды оқытқанда мұғалім оқушылардың патриоттық сезімін оятуға, елге деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған әдістерді пайдалануы тиіс.

Сабақ барысында тарихи дереккөздермен жұмыс жүргізу – тарихты оқытудың маңызды бөлігі. Тарихи құжаттар, шежірелер, мұрағаттық материалдар, фотосуреттер, естеліктер мен хроникалар арқылы оқушылар нақты тарихи фактілермен танысады. Бұл олардың тарихи зерттеу дағдысын қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар дереккөздермен жұмыс істеу арқылы оқушылар деректердің қайдан алынғанын, олардың шынайылығын тексеруді, авторлық көзқарасты анықтауды үйренеді. Мұндай тәсіл – тарихи сауаттылықты арттыратын, оқушыны нағыз зерттеуші ретінде дамытатын тиімді құрал.

Қарастырылып отырған жұмысымызда мектепте Қазақстанның жаңа заман тарихын оқытудың тиімді әдістері, тәсілдері мен ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, оқу бағдарламасына сай оқытудың мазмұны мен бағыттары

талданып, қазіргі білім беру талаптарына сәйкес әдістемелік ұсыныстар беріледі. Жаңа заман тарихын оқытудың маңызы: Қазақстанның жаңа заман тарихын мектеп бағдарламасында оқыту – жас ұрпақты ел тарихына құрметпен қарауға, өткеннен сабақ алуға, болашаққа бағдар жасауға үйретеді. Бұл кезең – Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіруі, отаршылдық кезеңі, ұлттық азаттық қозғалыстар, XX ғасыр басындағы реформалар, Алаш қозғалысы сияқты маңызды тарихи оқиғалармен ерекшеленеді. Осы тарихи деректерді дұрыс жеткізу – болашақ азаматтың тарихи санасын қалыптастырудың алғышарты. Мектеп бағдарламасындағы ерекшеліктер жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан тарихы пәні бірнеше деңгейде оқытылады. 8-11 сыныптар аралығында оқушылар жаңа заман, кеңес дәуірі және қазіргі кезеңдерді меңгереді. Жаңа заман тарихына 8-9 сыныптарда көбірек мән беріледі [4, 78 б.]. Бұл бөлімде мұғалім оқу бағдарламасына сәйкес тарихи деректерді іріктеп, оқу мақсаттарына сай тақырыптарды түсіндіруі қажет. Сонымен қатар оқулық мазмұны, қосымша материалдар және шеңбері нақты қарастырылуы тиіс.

Қазақстан тарихын оқытуды жетілдіру жолдары сан алуан. Біріншіден, пән мазмұнын үнемі жаңартып отыру қажет. Тарихи зерттеулердің жаңа нәтижелері, археологиялық жаңалықтар, тарихи тұлғалар туралы тың деректер оқулықтар мен бағдарламаларға енуі тиіс. Екіншіден, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар мен практикалық нұсқаулықтар көбірек шығарылуы қажет. Үшіншіден, тарих пәні бойынша ғылыми - тәжірибелік конференциялар, шығармашылық шеберханалар, онлайн курстар тұрақты түрде өткізіліп тұруы керек. Төртіншіден, мұражайлармен, архивтермен, тарихи орталықтармен байланыс орнатып, экскурсиялар, зерттеу жобаларын ұйымдастыру арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға болады.

Қазақстан тарихын оқытуда оқушының жеке белсенділігіне сүйену – ең тиімді тәсілдердің бірі. Оқушыны сабақтың орталығына қою, оған дербес ойлануға, жауапкершілік алуға мүмкіндік беру – оқытудың заманауи моделіне сай келеді. Мысалы, белгілі бір тарихи кезеңге байланысты рөлдік ойын ұйымдастыру, оқушыға тарихшы, жазушы, мұрағат қызметкері, журналист рөлін беру – оның пәнге деген көзқарасын өзгертеді. Бұл тәсілдер арқылы оқушы тек тыңдаушы емес, тарихты жасаушы, түсіндіруші ретінде қалыптасады.

Қазақстан тарихын оқыту барысында көпмәдениеттілікке, толеранттылыққа, адам құқығын құрметтеуге баулу да өзекті. Әсіресе ел тарихындағы түрлі этностар мен діни топтардың бірігіп өмір сүргені, достық пен бірліктің тарихы – бұл оқушыларды бейбітшілікке, келісімге, ұлтаралық татулыққа тәрбиелеудің тиімді жолы. Сонымен бірге, қазіргі жаһандық тарихи контексті ескеріп, Қазақстан тарихын әлемдік үдерістермен байланыстыра оқыту – оқушының тарихи ойлауын кеңейтеді.

Қазақстан тарихы пәнін оқытуда жас ерекшеліктеріне сай тәсілдерді қолдану маңызды. Бастауыш сыныптарда тарихқа қызығушылықты арттыру үшін ертегі элементтері, иллюстрациялар, аңыз-әңгімелер пайдаланылса, орта буында дереккөздермен жұмыс, кестелер, хронологиялық тапсырмалар орын алады. Ал жоғары сыныптарда ғылыми-зерттеу жұмыстары, тарихи эссе жазу,

дербес жоба қорғау, әлеуметтік-тарихи талдау жасау, мәселелік сұрақтар төңірегінде пікірталас ұйымдастыру – оқытудың мазмұнын тереңдете түседі.

Қазіргі таңда Қазақстан тарихын оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – басты міндеттердің бірі. Бұл олардың алған білімдерін өмірде қолдана білу қабілеті, тарихи деректерді тұрмыстық, әлеуметтік жағдайлармен байланыстыра білуі, шешім қабылдауда тарихи фактілерге сүйене алуы. Функционалдық сауаттылық – ХХІ ғасыр білімінің негізгі көрсеткіші [5, 54 б.]. Осы мақсатта пән мазмұнын өмірмен байланыстыру, тарихи тәжірибені қазіргі мәселелермен салыстыра талдау, проблемалық жағдайлар ұсыну, шешу жолдарын табу – негізгі әдістемелік бағыттардың бірі.

Қазақстан тарихын оқытудың сапасын арттыру үшін педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына баса назар аудару қажет. Тарих пәні мұғалімдерін даярлайтын оқу орындарында әдістемелік пәндер тереңдетіліп оқытылып, практикалық сабақтар кеңінен жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар болашақ мұғалімдерге зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастыру, тарихи жобалармен жұмыс істеуді үйрету, педагогикалық инновациялармен таныстыру – кәсіби білікті маман даярлаудың кепілі.

Қазақстан тарихын заманауи мектепте оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін жетілдіру – ұлттық білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі. Бұл бағытта жүзеге асырылатын шаралар тарих пәнінің беделін арттырып қана қоймай, өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға, азаматтық көзқарасын нығайтуға, патриоттық сезімін тәрбиелеуге зор үлес қосады. Тарихты құрметтейтін, одан сабақ ала білетін, тарихи танымы жоғары ұрпақ – еліміздің ең үлкен жетістігі. Сондықтан Қазақстан тарихын оқыту ісіне мемлекет, қоғам, ұстаздар қауымы және ата-аналар бірлесіп атсалысқанда ғана тиімді нәтижеге қол жеткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Орта білім беру ұйымдарында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздері. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. - Нұрсұлтан: 2022. – 12. 78-85 б.

2. Зуева Л.И., Ускембаев К.С. «Методика преподавания истории в средней школе» Международный журнал экспериментального образования. – 2016. - №12. - С. 107-108.

3. Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Қарасай, 2011. - 264 б.

4. Қалиева Б.Т. Тарих оқулықтарындағы иллюстративті материалдар: сипаттамасы және талдануы. - Нұрсұлтан – 2022. – 99 б.

5. Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихын оқыту қағажу қала бере ме? // Қазақ тарихы, 1994. – 4 мамыр. – 91 б.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Мұратбекұлы Н., тарих мамандығының 2-курс магистранты
Ғалым Нұржайнат, сениор-лектор
Орынбекқызы Ж., қазақ тілі мен әдебиеті
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: zhanerkeorynbekkyzy2005@gmail.com

XX ғасырдың бас кезінде дәстүрлі мектептер мен медреселер қоғамның өскелең талаптарын қанағаттандырудан қалды. Мұсылман мектептерін реформалау қозғалысы басталды. Оны ұйымдастырушылар жадидшілдер болды. XX ғасырдың бас кезінен бастап жаңа әдістемелік мектептер пайда бола бастады. Оқытудың бұл әдісінің негізін қалаушы белгілі түркі тілдес халық ағартушыларының бірі, қоғам қайраткері И. Гаспринский болды.

Жадидшілдер мектептерде арифметика, география, жаратылыстану, тарих сияқты басқа да зайырлы пәндерді оқыту қажеттігін дәлелдеді. Жаңа әдістемелік мектептерде білімді де білікті мұғалімдер сабақ берді, оларда қажетті оқу құралдары мен жабдықтары жеткілікті болды. Оның үстіне, оқыту әдістемесі де әлдеқайда тиімді еді Қазақстандағы ең алғашқы жаңа әдістемелік мектеп 1900 жылы Түркістан қаласында ашылды. Ондай мектептер Ақтөбе, Жаркент, Верный, Қазалы, Қостанай, Перовск, Семей сияқты басқа да қалаларда пайда бола бастады. Қазақ зиялыларының едәуір бөлігі жаңа әдістемелік мектептерде білім алып шыққандар болатын. Мәселен, Уфадағы «Ғалия» медресесінде Б. Майлин, Орынбордағы «Усмания» медресесінде білімін шыңдап Қ. Болғанбаев және басқалары оқыды. Абай Құнанбаевта Семейдегі Ахмет Риза медресесінде жаңа әдістемелік оқыту методикасын жақтаушы ұстаздардан дәріс алған болатын [1, 3 б.]. Алайда жаңа әдістемелік мектептер елге кең көлемде тарай алмады. Патша үкіметі жаңа әдістемелік мектептердің ашылуына барынша қатты қарсылық көрсетті. Себебі ондай мектептерді панисламизм мен пантүркизмнің ошақтары деп білді. Соның салдарынан 1917 жылы Қазақстан аумағында 100-ге тарта ғана жаңа әдістемелік мектеп бар еді. Яғни алғашқы мектептерден бастау алған білім саласы бүгінгі күні әр салада немесе әр пәнге деген қызығушылықпен қатар оны жай оқытып қоймай, оған жаңаша ойлаумен қатар тереңдетіп, оқытудың керемет әдіс тәсілдер оқу жүйесіне толық енгізілді десек артық айтпас едік. Мысалы, айта кетсек тек тарих саласы дамып ғана қоймай оны оқытудың не бір жағына тарихы кірді. Міне осы ойымызға бір неше дәлел жасап қарастырсақ. Оқушыларда тарихи білімді қалыптастыру аса маңызды мәселе болып табылады. Тарихи білім мынадай құрамдас бөлімдерден тұрады: тарихи фактілер, тарихи күндер мен хронологиялар;

- тарихи фактілердің кеңістіктен, уақытпен байланыстығы;
- тарихи түсініктер; тарихи ұғымдар;
- тарихи заңдылықтар.

Олар үш категорияға бөлінеді: тарихи уақыт; тарихи кеңістік; тарихи

қозғалыс. Тарихты оқытудағы фактінің рөлі. Тарихи білімді меңгеру тарихи фактіні оқып үйренуден басталады. Факт – тарихта болып өткен оқиға. Демек тарихи фактілер өте көп. Тарихи фактілерді бірнеше топқа бөлуге болады: жеке оқиғалар белгілі бір факт. Ондай оқиға – тарихи факт болып табылады, демек бір жерде, белгілі бір уақытта, белгілі қатысқан адамдар бар [2, 456 б.]. Мәселен, 1220 жылы шапқыншылықпен басталған Отырар қаласының күйреуі, 1991 жылы 16 желтоқсанда жарияланған Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі тағы басқаларды. Екінші топқа жататын фактілер – тарихи құбылыстар деп атауға болады, өйткені олар белгілі бір тарихи дәуірдің, кезең-нің сипатты белгісін білдіреді, бірнеше рет қайталанатын. Мәселен, ХІХ ғасырда патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы Қазақстанда болған ұлт-азаттық қозғалыстар.

Тарихи фактілер көлемі, күрделілігі, маңызы жөнінен түрліше болады. Мәселен, 1916 жылғы көтеріліс ірі тарихи фактілер қатарына жатады және бірнеше шағын фактілерден құралады. Фактілерді – оқиғалардың ішкі мазмұны мен олардың жоғарыдағыдай ерекшеліктерін ескеру керек. Ал, оқушылар фактілерді берік меңгермесе, оларда тарихи білім жүйелі қалыптаспайды. Демек оларды оқытуға ерекше мән берілу тиіс.

Фактілерді оқып, қалыптастыру олардың үлкен кішілігіне байланысты. Олардың бәрі бірімен бірі байланысты. Оқытуда фактілердің себептері мен салдары міндетті түрде ашылып көрсетілуі тиіс, сонда ғана олардың өзара байланысы бірден байқалады. Мәселен, ХХ ғасырдың 70 - 80 жылдарында Қазақстанда ұлт саясатының барынша бұрмалануы 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының себептері мен сипатын түсінуге көмектеседі [3, 307 б.]. Сондықтан да әрбір сабақта пайдаланғанда фактілерді тандауға, іріктеуге ерекше мән беріледі. Алдымен ол факт бүгінгі сабақтың негізгі мақсатын, білім мазмұнын ашуға көмектесуі тиіс. Сонымен қатар оның ғылымилығы, анық-дұрыстығы, нақтылығы, бейнелілігі, эмоциялықтығы, біліктерді қалыптастыруы мен оқушылардың таным қызметін дамытуы тағыда басқа жолдарын көрсетеді.

Бұл мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі мен олардың оқытудағы тиімді әдістері қарастырылады. Мақсат – тарих сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру үшін сол кезеңдегі тәжірибелерді заманауи білім беру процесіне енгізудің жолдарын анықтау.

Қазақ халқының рухани-мәдени дамуына өлшеусіз үлес қосқан Алаш зиялылары – Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов сынды қайраткерлердің педагогикалық көзқарастары қазіргі білім беру жүйесінде де өзектілігін жоғалтқан жоқ [4, 54 б.]. Олар оқу-тәрбие ісін ұлттық құндылықтарға негіздей отырып, баланың шығармашылық ойын дамытудың сара жолдарын ұсынған.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғана емес, сонымен қатар ұлт мектебінің іргетасын қалаушы ұстаз. Ол «Мектептің жаны – мұғалім» деп, мұғалімнің кәсіби және рухани дайындығына аса мән берді. Оның

оқыту әдістері: оқушының логикалық ойлауын дамыту, өздігінен ізденуге үйрету, ана тілінде білім берудің маңызын көрсету.

Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» [5, 329 б.] еңбегінде оқушы психологиясын терең түсіну керектігін айтты. Ол оқытудың тиімді тәсілі ретінде баланың ішкі жан дүниесімен үндесетін әдістерді қолдануды ұсынды.

Қазақ зиялылары ұсынған оқыту әдістері қазіргі заманғы интерактивті оқыту технологияларымен үндес келеді.

Алаш зиялыларының идеяларын тарих пәнінде пайдалану арқылы: біріншіден оқушылардың ұлттық сана-сезімі қалыптасады;

Екіншіден тарихи тұлғаларға қызығушылығы артады;

Үшіншіден сыни ойлау қабілеті дамиды.

Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын зерттей отырып, оқушыларға ХХ ғасыр басындағы ұлттық күресті терең түсінуге мүмкіндік жасаудың жолын ұсына білді. Қазақ зиялыларының оқытудағы тәсілдері – бүгінгі білім беру ісіне бағдаршам бола алатын құнды педагогикалық мұра. Бұл тәсілдерді тарих сабақтарында тиімді қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға, ұлттық сана мен тарихи жадыны қалыптастыруға мол мүмкіндік бар. мүмкіндігі ескерілуі керек. Оқушылардың дайындық дәрежесіне баса назар аударылады. 5 – 7 сыныптарда бейнелеп айтуға мүмкіндігі мол, ал 8 – 11 сыныптарда оқушылардың сенімін қалыптастыра түсетін, қорытынды жинақтауға көбірек көмект беретін фактілер алынады. Әрбір фактілер бойынша ғылыми, кейде теориялық қорытынды жасалып, білім жинақталады [6, 1 б.].

Қазан социалистік революциясы, Ұлы Отан соғысы, КСРО-ның ыдырауы тағыда басқа тірек атаулы күдер – белгілі бір тарихи дәуірдің оқиғасына үнемі ескерілетін, қайталанатын күндер – екінші дүние жүзілік соғыстың аяқталуы – 9 мамыр. Негізгі осындай күндер білім ретінде өмір бойы керек (қазақ халқының қалыптасуы, олардың мемлекет болып құрылуы, тірек күндер тарих курстарының бүкіл мектептік тарих пәнін оқып бітіргенге керек болады. Сондықтан да хронологиялық даталарды есте сақтаудың әдістемелік жолдары да көп: күн, дәптер; кесте, ұзақтықты, неше жыл өтті, неге байланысты хронологиялық тағы басқа да кестелер; карточкалар; картаға аппликациялар шаншу, стрелка, жылы сияқты қызықтыруға болады.

Қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі, олардың педагогикалық мұрасы – қазіргі білім беру саласына ауадай қажет рухани-әдістемелік байлық. Ахмет Байтұрсынұлының тіл тазалығына, түсініктілікке, логика мен жүйелілікке негізделген оқыту тәсілдері бүгінгі білім беруде де маңызын жоғалтқан жоқ. Ол білімнің бала санасына жақын, өмірмен байланысты, ұлттық рухпен сіңірілуі керек екенін нақты дәлелдеп кеткен. Мағжан Жұмабаев болса, бала жүрегіне жол таба білу, оның ішкі әлемін түсіну арқылы оқыту керектігін айтып, психологиялық-педагогикалық көзқарастарымен заманауи әдістеменің іргетасын қалаған. Ал Міржақып Дулатов ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиетті басты орынға қойып, білімді азамат тәрбиелеудің негізін ұсынды [7, 9 б.].

Қазіргі мектептегі тарих пәні – көпқырлы мазмұнды, тәрбие мен білімнің бірлігін талап ететін маңызды сала. Сол себепті мұғалімге қойылатын талап та жоғары. Ол тек тарихты білетін маман ғана емес, сонымен бірге ұлт руханиятын жеткізе алатын тәрбиеші, оқушылардың қызығушылығын оята алатын шебер ұйымдастырушы бола білуі керек. Бұл мақсатқа жету үшін мұғалім қазақ зиялыларының мұрасын негізге ала отырып, жаңа әдістер мен заманауи технологияларды тиімді ұштастыруы қажет. Мысалы, оқушыларға тарихи оқиғаларды жай баяндап беру жеткіліксіз. Сабаққа тарихи кейіпкерлерді «тірілтіп», сол дәуірдің тынысын сезіндіретін рөлдік ойындар, шығармашылық жобалар, пікірталастар, тарихи реконструкциялар сияқты әдістерді енгізу – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларды ойлауға, талдауға, салыстыруға, өз пікірін дәлелдеуге үйретеді. Осындай сабақтар ғана оқушының есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын, ұлттық дүниетанымын және тарихи санасын дамыта алады.

Сабақ барысында оқушылардың өзіндік зерттеу дағдыларын қалыптастыру да маңызды. Қазақ зиялылары осыны ерте түсініп, оқушыларды өз бетінше ізденуге баулуды ұсынған. Бүгінгі таңда бұл тәсіл жобалық жұмыс, тарихи эссе, шығармашылық презентациялар, топтық зерттеу арқылы жүзеге асады. Осылайша оқушы – тарихты оқитын емес, оны қайта зерделейтін тұлғаға айналады. Бұл – білімнің нағыз нәтижесі. Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру – тек бір реттік тапсырмалармен емес, жүйелі, мақсатты, әдістемелік тұрғыдан негізделген жұмыс нәтижесінде ғана жүзеге асады. Қазақ зиялыларының ұстанған қағидасы да – үздіксіз іздену, ұлтты тануға деген құштарлық, адам тәрбиесін жүрекпен сезіну еді. Осы мұраны қазіргі мұғалім терең түсініп, өзінің тәжірибесінде іске асырса, тарих сабағы – жай пән емес, ұлттық сана мен патриотизмнің қайнар көзіне айналатыны сөзсіз.

Қорытындылай келе, қазақ зиялыларының оқытудағы тиімді тәсілдерін қазіргі заманғы әдіс-тәсілдермен үйлестіре отырып, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру – білім сапасын арттырудың, ұлттық рухты оятудың және саналы ұрпақ тәрбиелеудің сенімді жолы. Бұл жолда ұстаздардың кәсіби шеберлігімен қатар, ұлттық рухқа деген адалдығы мен ішкі сенімі де айрықша рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кекілбаев Ә. Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі / Ә.Кекілбаев // Қазақстанская правда. - 1998. - 15 қазан. – 3 б.
2. Мыңбаева А.Қ. Оқытудың инновациялық әдістері немесе Қызықты қалай оқыту керек: оқулық / А.Қ. Мыңбаева, З.М.Сәдуақасова. – Алматы: Қазақ университеттері, 2019. – 462 б.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің шыңдары / Р. Нұрғали. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 307 б.

4. Шаханов А. Ахмет Байтұрсынов – қазақ мәдениетінің үш тұғырының бірі. // Қазақстан тарихы: мектепте және жоғары оқу орындарында оқыту.-2004. – №4. – 54 - 55 б.

5. Вагин А.А. Методика преподавания истории в средней школе / А.А. Вагин. – М., 1968. Раздел III, глава VI. С. 329–364.

6. Короткова М.В., Студеникин М.Т. Методика обучения истории в схемах, таблицах, описаниях. М., – 1999. – С. - 1-2.

7. Болотов В.А., Сериков В.В. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе // Педагогика. – 1993. – №10. – С. 9 – 10.

ӘОЖ 821.512.122.09

ШЕРХАН МҰРТАЗА ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ КЕЙШКЕРЛЕР БОЛМЫСЫ

Ногаева А.К., «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., филол.ғ.д., профессор

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: nogaevaaiulym@mail.ru

Бұл күнде қазақ прозасының шағын жанры - әңгіменің көркемдік көкжиегін кеңейтуге Ш. Мұртазаның қосқан үлесі мол деп білеміз. Халық жазушысының қаламынан туған әңгімелер оның шығармашылық жолындағы үлкен шыңдалу мектебі болып табылады. Сонымен Халық жазушысы Шерхан Мұртаза соңғы он-он бес жылдың бедерінде түрлі жанрда суреткер ретінде де халқына қызмет етіп, елжұртының тағдырындағы, замана толқынындағы аса бір зәру мәселелерге жан сала қалам тартты. Қауымның көкейіндегісін дөп басып айта білген, жеткізе білген қаламгердің еңбегі жұрттың ықыласына, құрметіне ие болды.

Түгелдей алғанда, Ш. Мұртаза туындылары қазақ халқының көркем әдебиетінің өркендеп өсу жолындағы баға жетпес зор табыс болды. Олардың өткен ғасырда қазақ сөз өнеріне мол жаңалық әкелген тарихи мәнін былай қойғанда, қайталанбас көркемдік сипаты да ешқашан кемімейтін айрықша құндылығын таныта алады. Әлем әдебиетінің жетістіктерін еркін игеріп, таңдаулы үлгілерінен өнеге ала білген, сөйте отырып, ұлттық әдебиетіміздің нышан-белгілерін өз шығармаларында сақтай білген, көрсете алған Ш. Мұртазадай суреткер дәстүрлерін Т. Әбдіков, Б. Нұржекеев, Д. Исабеков секілді көрнекті ақын-жазушылар жалғастырып, өрістетіп, жан-жақты дамытты.

Жазушының балалық шағы сұрапыл соғыспен тұспа-тұс келіп, өмір ерте есейтеді. Бұғанасы қатпастан еңбекке араласып, ересектермен бірге жұмыс істеді. Өмір жайлы көзқарастары, таным-түйсігі әлдеқайда тым ерте қалыптасып, жаман мен жақсының не екенін тым ерте айыра білді. Нәтижесінде кейіннен Шерхан «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965), «Белгісіз солдаттың баласы» (1966), «Мылтықсыз майдан» (1969), «41-жылғы келіншек» (1972), «Интернат наны» (1974), «Ақсай мен Көксай» повестері мен «Сол бір күз», «Шекшек

шырылдайды», «Бойтұмар», «Бір нәзік сәуле» атты әңгімелеріндегі кішкентай кейіпкерлер арқылы өз тағдырын, балалық шағын көрсетті. Аталмыш шығармаларда қаламгер өзінің балалық шағында көрген, көкейге түйген, басынан кешкен оқиғалар арқылы қаһарлы кезеңнің қатал шындығын берді, ауыл адамдарының мінезін даралады. Шерхан Мұртаза 1941-1945 жылдардағы қазақ ауылының «қара қағаздан» шошынған зәрезап халі, кеуделерін апатқа тосқан боздақтарынан айрылған атааналардың зары мен бұла шағын болашақтың бодауына берген жесірлердің жоқтауы, бәрі-бәрі төбе құйқанды шымырлатар ащы шындықпен жеріне жеткізіле суреттеледі. Солардың ішіндегі соғыс жылының балалары – әкелерін көрмей өсіп келе жатқан жетімектердің өксікке толы өмірлері де өзінше бір әлем. Өнерінің шығармашылық ғұмырбаяны әлемінің сыршыл тұстарына дәрумен болғанда қилы балалық дәурен екендігі туралы жазушының «Халық жазушысы» атандым. Жазғанымның бәрі алтын дей алмаймын. Бірақ солардың көбі және дәмділері, тек балалық шақтың нәрінен, балауса балғын шақтың әсерінен туған. Өсе келе, көпті көрдім, дүниенің шартарабын араладым. Бірақ соның бәрі мені балалық шағымдай байыта алмады» дегені бүкіл шығармашылығына арқау болған тарихи танымның төркіні қайда екенін танытады. Әңгіме жазуға Ш.Мұртаза қолына қалам ұстаған күні келе қалмағанын ескерер болсақ, шығармашылық лабораторияның ең күрделі құрылымы шығармашылық процестегі ішкі түйсіктің ерекшеліктеріне мән беру қажеттілігі туындайды. Ғылымда ішкі түйсіктің негізгі екі түрі (сезімдік және интеллектуалды) қатар қолданылатынын еске сала кетейік. Өнерде тек сезімдік ішкі түйсік қана қолданылады десек, онда көркем таланттың психологиялық ерекшелігі тым төмендеп кетер еді.

Ерлерін майданға аттандырған шиеттей бала-шағасымен жетім-жесір атанған абысын-ажындарымен тіл табысып, ел басына түскен ауыртпалықты бірге көтеріп, қара суды да бөліп ішіп, бір-біріне тіреуіш, жебеуші болған жандардың арасында Хадишаның жағдайы басқаларға қарағанда біршама өзгешелеу еді. Ол – жалғызбасты. Әйтсе де оған жасып жатқан Хадиша жоқ, ер мінезді, қажырлы, үмітке адамдық сеніммен қарайтын кебін кимей, кебенек киіп кеткен Мақсұт әйтеуір бір оралады деп, ер-азаматынан айрылса да, елінен кетпей, барша өмірін күтуге арнайды. Мұндай сенім мен арманға берік жанның характері Шерхан Мұртазаның «Шекшек шырылдайды», «Айырбас», «Бір нәзік сәуле», «Сүдігерде изен ызындайды», «Соғыстың соңғы жесірі» сияқты тамаша тағылымға толы әңгімелер сериясын жазуға көркемдік және өмірлік тірек болды. Бұл ретте, біріншіден, Хадиша образын типтік тұлғаға айналдыра отырып, автор соғыс жылдарындағы өзі көзімен көріп, басынан кешірген Мыңбұлақ ауылындағы әйел-аналар Айша, Баян, Мүнира, Мәрзия, Зибә сынды жандардың биік адамгершілік, рухани таза, шуақты мейірім иелері екендігін паш етеді. «Жазушы дегеніміз – жан ауруы. Жазушы өзінің жанын ауыртар жайттарды жақсы білетін, зердесінен, жанжүрегінен өткізген жайттарды жазатын шығар» дейтін болсақ, Ш. Мұртазаның оқырмандарын эстетикалық ләззатқа бөлеген әңгімелерінде осы жан ауруы, ой мазасыздығы анық сезіледі. Сәбилік санада сақталған бұрынғы бастан кешіргендерін жетік білетіндігі, түйсігінде жақсы

түйе білуі сол ортаның хал-ахуалын суреттей отырып, ұзақ жылдардан кейін заман, адам, уақыт туралы ой айтуға жетелеген. Әңгімелерінде пәлсапаға беріліп, ақыл айтатын кейіпкерлерді кездестірмейміз, дей тұрғанмен «Ақсай-Көксай», «Сол бір күз», «Сүдігерде изен ызындайды», «Айырбас», «Бойтұмар», «Тұйық шарбақ», «Жарамазан», «Келіншектау сағымдары», «Бұршақ», «Соғыстың соңғы жесірі», «Алапар мен Динго», «Жүрекке әжім түспейді», «Сусамыр» т.б. әңгімелеріндегі кейіпкерлер болмысында рухани танымымызды байытар тағылымды ойларды көп кездестіреміз. Жазушының әңгімелерінің көркемдік көкжиегі кең екендігін ерекше атап өтуге тиістіміз. «Тәуекел той», «Келіншектау сағымдары», «Соғыстың соңғы жесірі», «Алтын тікен», «Соңғы нәсіп» әңгімелерінде бүгінгі орта, әлеуметтік адамгершілік қарым-қатынастар басты орын алса; бүгінгі тек қаз-қалпында суреттеумен шектелмей, бүгінгі кешегімен, кешегі уақытты – тарихпен себеп-салдарлы тығыз байланыстыра беруге ден қою да бар. «Бойтұмар», «Интернат наны», «Қасқырдың тарамысы», «Айырбас», «Бір нәзік сәуле», «Ақсай мен Көксай» әңгімелері оқиғалық, кейіпкерлердің қалыптасу, дамуы жағынан бір-бірімен тығыз байланысты дүниелер. Бұл әңгімелерге автордың басынан өткен кейбір өмірбаяндық жайлар да негіз болған. Оның кейде жекелік те сипаттары сақтала отырып, өзгеше идеялық-эмоциялық қуат алады да, әңгімелерде сонау соғыс жылдарындағы тыл өмірінің шынайы суреті жасалады. Соғыстың ауылдағы анық ауыртпалығы, уақыт шындығы, адамдардың күрделі де сан тарау тағдырлары кейде автордың үшінші жақтан баяндауымен, ал кейде бала Барсханның өз атынан әңгімелеуімен ауыстырылып келіп отырады.

Мәселен, жоқшылықтың кесірінен қырманнан қамыт ұрлап, оны кезбе сығанға беріп бәтіңке алған Ноянның кейін зар илеп, өз ойын өз ары жазғыра опынғаны, өртеңге өскен гүлдей бой түзеп келе жатқан қос өркен Нұрперзент пен Айзаданың балауса пәк сезімдері табиғат емес тағдыр үсігіне ұрынып, содан мәңгілікке солғаны («Мылтықсыз майдан»), тоя тамақ ішпей, бір тілім қара нанды қастерлеген Сәттіғұл, Тасболат сияқты интернат балалары — («Интернат наны»), міне, жазушы шебер бейнелеген, оқушы зердесінде қалатын кейіпкерлер. Солардың арасында жазушы Шерхан Мұртазаның да балалық шағы жүр. Балалық және жасөспірім шақтағы әсерлер Шерхан үшін айрықша қымбат, өйткені ол өзінің бүкіл шығармашылығында өмір бойы осыларды сарқылмас бұлақ етеді. Демек, қаламгер Шерхан Мұртаза Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ ауылының қабырғасын қайыстырған жоғарыдағы шындықтарды сол бала кезінде көрмесе, ондағы өмір көріністерін бала жүрегіне түйіп өспесе, жазбас еді. Сондықтан да, Шерханның өзі: «Өмір заңы: бала – бала болуы керек. Балаға тән аз дәуренді басынан кешіру керек. Егер балалық дәуренің шала болса, сол жетіспей қалған сыбағанды кейін есейгенде аңсап тұрасың... Сорымызға қарай, балалық шағымыз соғыс жылдарына тап болды», — деп жазады. Бұл шығармаларындағы тыл балаларының кермек өмірбаяны өзінің де өмірбаяны екендігін, әрбір оқиғалар өзінің көзімен көрген, басынан өткізген жағдаяттар екендігін аңғартады. Сондай-ақ, «...Жазғанымның бәрін алтын дей алмаймын. Бірақ солардың көбі және дәмділері тек балалық шақтың әсерінен туған», —

деуінің өзі, «суреткердің өнері өмірімен, яки өз басынан кешкен ғұмыр тіршілігімен тығыз байланысты. Ол өмірде нені жете танытатындығын» дәлелдей түседі.

Әңгіме – адам өмірінің белгілі бір эпизоды туралы, не белгілі бір оқиға турасында көркем тілмен баяндайтын прозалық шығарма. Демек, «әңгіме – шағын көлемді эпикалық түрдің айрықша үлесі». Шерханның «Ақсай мен Көксай», «Интернат наны», «Ұзақ командировка», «Шекшек шырылдайды», «Көкмарал гүлдегенде» атты әңгімелері қарапайым адамдардың өмірін әр қырынан көрсетуге арналды. Мәселен, ең көлемді, сюжетті әңгімесі «Ақсай мен Көксайда» қаламгер қарымының көп қырларынан көрініс береді, сонда байқағанымыз, Шерхан әсіресе, сөзді ұтымды, шабер қолданады. Ол сөзге неғұрлым сараң тартып, қарапайымдылыққа бой ұрған сайын көркемдік көгіне көтеріле түседі. Қызық – қызық тағдыр, қилы-қилы мінезге бай әңгімесі жазушы туындыларының ішіндегі леулі еңбектерінің бірі болып табылады. Автордың таңдап алған фабуласы яғни бір ғана өмір үзiгiн бейнелеу арқылы, тартыс – қақтығысты бейнеленумен кейiпкерлердiң мiнез-тұлғасы толық, айқын көрiнiс тауып, негiзгi идея түйiнделуi тиiс. Жанр көлемi шағын болғанымен қойылар талап – тiлегi үлкен таланттылықты талап ететiн көркем әңгiме жазуда қаламгер Ш.Мұртаза өндiре еңбектендi. Жазушының әр жылдары жарыққа шыққан әңгiмелерiнiң тақырыптары да сан-алуан. Табиғаты тамаша болғаны мен қытымыр қысы, аптапты жазы бар Жуалы өңiрiнiң әсемдiгi мен тылсым дүниесiн сол жерде мекен еткен адамдар тағдыры мен астастыра бейнелеген жазушы әңгiмелерiнiң идеясы да тартымды болып келедi. Тарихта терең iз қалдырып, жазықсыз жандардың қанына малынған кешегi Ұлы Отан соғысы тұсындағы қазақ халқаның басындағы шырғалаң қалы Ш.Мұртаза әңгiмелерiнiң арқауы. Соғыс жылдарындағы ауыл өмiрiнiң қилы бейнесi сомдалған «Сол бiр күз», «Ақсай мен Көксай», «Бойтұмар», «Айырбас», «Жүз жылдық жара», «Интернат наны», «Қасқырдың тарамысы» әңгiмелерi оқиғаны басынан кешiрген басты кейiпкер атынан баяндалады. Ер- азаматы соғысқа аттанған, қоғам мен өндiрiстiң ауыр салмағы заты нәзiк әйелдер мен қарттарға, жас балаларға артылған кешегi қиын күндердiң тағдыр тай-таласы бұл әңгiмелердiң негiзгi арқауы десе де болғандай. Пәк, адал, қиялы ұшқыр, арманы асқар, дұшпанына қайсар, намысқа жiгерлi, айбарлы, жас баланың өмiрде көргенi оның ерте есейiп, тез ес жиып азамат болып қалыптасуына айтарлықтай әсер етедi.

«Сол бiр күз» әңгiмесiндегi Ноянның құрқылтайдың қысқа қамданғанын көрiп мұңлы ойға берiлуi, қысты күнi сабаққа киер аяқ киiмiнiң жоқтығы есiне түсiп, соғыстағы ағасынан бiр бәтiңке сұрап жазған хаты есiне түсiп қалтасына қол салғандағы жайын баяндап кележатқан жазушы оқиғаның шарықтау шегiн «Кенет, керемет! Ноянның көктен iздегенi жерден табыла жаздады» — деп, оқырманын ерекше елiтiп, оқиға желiсiнiң ары қарай дамуындағы кезеңге меңзейдi. Көшпендi цыган таборының аты – аталып, түсi- түстелмегенiмен фабуладағы жас баланы алдап, дүйiм елдiң обалына қалған озбырлық осы ұлт өкiлдерiнiң ғана қолынан келер iс екенiн автор астарлап жеткiзедi. Ноянның алғаш арбадағы адамдарды көруi, өрiмдей қыздың бұрын – соңды бұл көрмеген

аспапта күй тартуы, оның ерекше әсем сиқырлы үні барлығы алдағы болар оқиғаның барысын аңғартады. Суреткер бала Ноянның есіне апасы айтқан «ақыр заман боларда жердің жүзінен сиқырлы ән жүріп өтеді. Оған ілескендер қайтып жер бетіне оралмақ емес. Ол сиқырдан ешкім аман қалмайды екен» деген әпсананы салуы әңгіменің сюжетін қызықты етіп, идеясын аша түскен.

«Ақсай мен Көксай», «Бойтұмар» әңгімелеріндегі Арзы ана мен Аталық қарттармен көптің қамы үшін еңбек қылып, азапты мол тартқан бала бейнесі мен мезгілінен ерте есейіп, санасы саралана бастаған, елгезек ұлды көреміз. Екі әңгімедегі бала кейіпкер шағын ауылдан алысқа ұзап шықпаса да қиын сәттерде үлкен адамдарша батылдыққа барып, ширақ қимылдап, сәтті шешімдер қабылдайды. Алдыңғы әңгімелердегі сияқты «Ақсай мен Көксай», «Бойтұмар» шығармаларында да жазушы әпсаналарды әдемі үйлестіреді. «Ақсай мен Көксайда» қырғыз қызы Чолпан айтқан «Қарағұл ботам» әңгіменің көркемдігі мен сюжетіне әр берсе, «Бойтұмардағы» Аталық қарттың сарысуыр туралы айтқаны шығарманың астарлы идеясын ажарландырған. Ел арасына тараған аңыздың түпкі ақиқатынан шыққан Байшынар туралы жазылған «Жүз жылдық жара» әңгімесіндегі табиғат пен адам арасындағы қарым – қатынас пәлсафасы жазушының тың әдіс және дара концепция айтумен ерекшеленеді. Адам тағдырындай сомдалған Байшынардың басынан кешірген қиянатын баяндауда жазушы әңгіме экспозициясын өмірде түйген ойынан бастайды.

Бұл орайда қаламгер шығармашылығының қоғам өмірімен, халықтың, ұлттың ой-санасымен тығыз байланысы, тамырластығы және оның өмір құбылыстарын биік адамгершілік идеялары тұрғысынан шебер бейнелеуге негізделген зор танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәні алдымен айтылуға тиіс. Сұңғыла суреткер бүкіл бір тарихи дәуірдің тынысын айқын аңғартып, аса маңызды әлеуметтік мәселелерді терең толғайды. Осы кең мағынасында Ш. Мұртазаның барлық шығармасынан заман шындығын, сан алуан өмір құбылыстарының кескінбейнесін айқын көре аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Т. 3. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 512 б.
2. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Т. 4. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 448 б.
3. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Т. 5. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 392 б.
4. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Т. 7. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 362 б.
5. Мұртаза Ш. Ай мен Айша: роман-дилогия. – Астана: Елорда, 2000. – 393 б. - 124 б.
6. Мұртаза Ш. Қырық бірінші жылғы келіншек. – Алматы: Жалын, 1972. – А.Т. Кембаева, О.С. Жұбай 48 №1 / 2024 ВЕСТНИК Евразийского гуманитарного института. BULLETIN of the Eurasian Humanities Institute.
7. Мұртаза Ш. Бір кем дүние // Ойтолғау. – Алматы: Жазушы, 2008. – 176 б.

8. «Шерхан Мұртаза заман шындығын іздеген заңғар тұлға» / Халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ Университеті, 2022. – 338 б.

ӘОЖ 94 (574.42)

БАЙ МЕН ДІН БАСЫЛАРЫНЫҢ (МОЛДАЛАРДЫҢ) ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙНЕСІ

Нурбекова А.К., тарих магистрі, сениор-лектор
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: bak_ayaulu@mail.ru

XIX ғасырдың аяғында мұсылмандық ықпалдың күшеюімен және тереңдеуімен бастауыш діни мектептерде қазақтар санының көбеюі, орта азиялық діни оқу орындарында білім алғандар, мешіттер мен медреселер салынып, қазақ қоғамында дін өкілдері қалыптаса бастады. Мұның бәрі осы кезеңде қазақтар арасында исламды маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Қазақтарға мұсылман дінін ұстанды және оның нұсқауларын орындады, сондай-ақ, олар өз балаларын мұсылман мектептері мен медреселерде оқытты, мешіттерге барған, сондықтан олар нағыз мұсылмандық парыздарды белсенділікпен қолдап, ұстанып отырды, сол арқылы дінбасылары, көптеген молдалар, имамдар, қожалар және басқа да ғибадат етушілердің қызметіне негіз салды. Қазақ қоғамында мұсылман дін иелері молдалардың өзіндік орындары болды. Неке қию, балаға азан шақырып ат қою, мұсылмандыққа өткізу яғни сүндетке отырғызу, сауат ашуда, жерлеу шараларында діни ғұрыптарды өткізуде маңызды қызмет атқарды. Қазақ қоғамында дін иелерінің яғни молдалардың орны ерекше болды.

1920-1930 жылдардағы Кеңес сайлау жүйесін дамытудың маңызды кезеңі азаматтардың жекелеген санаттарын сайлауға қатысудан, яғни олардың сайлау құқығынан айырыу барысы болды. Бұл шара кеңестік мемлекеттің әлеуметтік саясатының бөлігі ретінде белгілі бір топтар мен халықтық топтарға экономикалық, әкімшілік, әлеуметтік және психологиялық қысым көрсетуді көздеді.

1921 жылдан діни қызметкерлердің құқықтары шектеліп, мұсылман дін өкілдері (1936 жылға дейін) сайлау құқықтарынан айырылды. Дін басыларға салық салу арқылы да қысым жасауға тырысты. 1923 жылы Қазақ АССР ІХК-ның нұсқауында мемлекеттік және жергілікті салықтардың төленбеуі себепті жергілікті атқару комитеттері дал болып, ғибадатханаларды жабу туралы шешім қабылдап жатқаны туралы ақпар берілді. Сөйтіп, Бөкей губерниясының Жамбейт уезінде тоғыз мешіт жабылып, молдалар сот жазасына тартылған [1, 96 б.].

Кеңес өкіметінің жазалау шаралары, мешіттердің жабылуы мен дінге қарсы насихат мұсылман діни ұйымдарының бұзылуына алып келді. Бұған Ішкі Ресей

және Сібір мұсылмандарының діни басқармасының төрағасы – муфти Ризаитдин Фахретдиновтың РКФСР мұсылмандарының жағдай мен оны жақсарту шаралары туралы Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті Төралқасына жолдаған өтініш-баяндамасы дәлел. Онда: «Кеңес өкіметі орнағаннан бастап және шығу тегі мен діни ұстанымдарына қарамастан барлық азаматтардың теңдігі жарияланған күннен бастап мұсылман дін қызметкерлері, мұсылмадық діни ұйымдар кеңес өкіметіне толық адалдық танытып келді және таныта бермек. Бірақ бұған қарамастан, олардың еркіне тәуелсіз жағдайларға байланысты мұсылмандардың барлық діни ұйымдары жер бетінен толығымен жойылуға жақын» – делінген. Р. Фахретдинов пірірінше бұған мешіттердің жабылуы, мұсылман дін қызметкерлеріне шамадан тыс салықтың салынуы, жер аудартып, мүлікті кәмпескелеумен сипатталған «кулактар мен байларды» құрту, Қаситетті құран мен діни кітаптарды тартып алып жою, жұма күні құдайға құлшылық ету мен рамазан айында ораза тұтуға тиым салу сияқты шаралар себеп болған. Сонымен бірге 12 мың приход пен мешіттердің ішінен 10 мыңы жабылып, молдалар мен мүезиндердің 90-97 пайызы діни жоралғыларды орындау мүмкіндігінен айырылғанын атап өтеді [2, 69-72].

ХКК-нің қабылданған ар-ұждан, шіркеу және діни қоғамдардың еркіндігі жөніндегі декретті шіркеуді мемлекеттен бөліп берді. Осы декрет шығысымен халық ағарту халық саласында кеңестік мектептердегі діни оқуды толығымен жою жөнінде қаулы қаулы қабылданды [3, 20-21 б.]. Сөйтіп, кеңестік билік дінге қарсы күресін бастап жіберді. Билік басындағылар діни мейрамды халықтық күнтізбеге еңгізбеуге тырысып бақты.

Сайлау құқығынан айыру туралы құжатты 1918 жылдың 10 шілдесінде қабылданған РКФСР Конституциясы болды. Ол пассивті және белсенді сайлау құқығынан айырылатын азаматтардың санаттарын анықтады. Мәселен, 65 бапта дауыс беруге және сайлануға құқығы жоқ азаматтардың негізгі санаттарын тізеді: діни ғибадатханалар мен дін қызметкерлері деп ерекше бөліп нақтылаған [4, 22-23 б.]

Кеңес билігі дін қызметкерлерін қарапайым халыққа ықпал ете алатын жерлерге жіберілуіне жол бермеуге тырысты [5, 41-42 б.].

Биліктің дінге қарсы күресі ойлағандай нәтиже бере бермегенін байқалады. Халық арасында, оның ішінде ұлттық аймақтарда, діншілдіктің сақталуы туралы фактілер кездеседі. Бұл жағдай кейбір партиялық қызметкердердің арасында да орын алған. Мысалы, Қазақстанда Сыр-Дария губерниялық бақылау комиссиясының ауылдық партия ошақтарын тексеру нәтижесі туралы анықтамасында РК(б)П-ның барлық мүшелерінің діншіл болып шыққаны жазылды. «Құдайға сенесің бе?» деген сұраққа мүшелердің біреуі «Біз барлығымыз сенеміз, мешітке барамыз, бізге намаз оқуға ешкім 60 тиым салған жоқ...Парткомды сыйлаймыз, құдайды да тастамаймыз. Құдайын ұмытқан оңбайды. Менің ойымша, Ленин де құдайды сыйлаған...» деп жауап берген. Ал, Оңтүстік аудандарда шарият соттары сақталды. 1922 жылы 18 мамырда РК(б)П ОК-нің «Түркістан-Бұхара істері туралы» қаулы жарияланды. Қаулы бойынша вакуфтық жерлер бұрынғы иелеріне, яғни мешіт пен медреселерге қайтарылып,

қазы мен билер соты қалпына келітірілді. Олардың құзырында неке, мирас, мүлік, асырауға алу туралы істер болды. Қазылар сотында қаралатын істер 1922 жылы РКФСР Қылмыстық кодексінің баптарына сәйкес қаралуға тиіс болды. Бірақ іс жүзінде шарифат пен адат негіздері жиі қолданылды [6, 81 б.]. Яғни, ислам азаматтық-құқықтық қатынастарды реттеуде маңызын жоймағандығы байқалды. Дінге қарсы күресте материалистік дүниетанымды насихаттау қажеттігі туралы В. Сарабьянов «Дінге қарсы үгіт-насихаттың басты мақсаты» атты мақаласында дінмен күрес оған ғылыми дүниетанымды қарсы қою жолымен емес, материалистік дүниетанымды насихаттау арқылы жүзеге асырылуы тиіс – деп есептеді. Өйткені, дін жеке наным-сенімдердің жиынтығы емес, ол – жүйе, тұтас дүниетаным болып табылады [7, 57-62 б.].

Дінге шектеуліктердің қойылуы 1921 жылдың ақпанындағы РКФСР ХКК-нің діни қауым жайындағы қаулысынан көрінді. Қаулы бойынша, біріншіден, дін қызметкерлеріне ауылдық кеңестерде, болыстық атқару комитеттерінде, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарды, ауылды жерлердегі кооператив, совхоздарда жұмыс істеуге тыйым салынса; екіншіден, тек уездік және губерниялық қалаларда арнайы бақылаумен жұмыс істеуге рұқсат етілді. Үшіншіден, бұрынғы дін қызметшілері жоғыры жауапты қызметтерді де атқара алмады. Олар тек қосалқы, көмекші және төменгі қызметтерді ғана істей алды. Төртіншіден, діни дәстүрді берік ұстанатындарға халық ағарту саласында, әділет бөлімінде, сауды саласында, жұмысшы - шаруа инспекциясында қызмет етіуге тыйым салынды [3, 41-42 б.].

Сайлау құқығынан айыруға қатысты заңнамалық актілердің өзгеруі мемлекеттің саяси жағдайын бейнеледі. 1924 жылы кеңесті сайлауға қатысқандар көп болған жоқ. Үкімет қайта сайлауды сайлаушылар саны 35 пайыздан аз болатын сайлау округтерінде өткізу туралы шешім қабылдады. 1924 жылы өткізілген сайлаудың нәтижелері, 1925 жылы сайлаушылардың әлеуметтік базасы кеңейтіліп, халықтың бірқатар санаттарын қамтыды (ауыл шаруашылығымен айналысатын және жалдамалы еңбек күшін пайдаланатын адамдар, диірмендердің, май зауыттарын, ұстахана кәсіпорындары иелері мен жалдаушылары, мемлекеттік, муниципалдық және кооперативтік несиелердің депозиттері мен облигацияларынан сыйақы алатын тұлғалар; дауыс беру құқығынан айырылған адамдардың отбасы мүшелері және тағы басқалар).

Осылайша, пролетарлық емес топтардың құқықтық мәртебесін қысқа мерзімді ырықтандыру көрсетілді. 1925 жылғы сайлаудың нәтижесінде, әсіресе ауылдарда, коммунистер өз позицияларын жоғалтып ала жаздады. Бұл елдің партия басшылығына теріс әсерін тигізді, бұл «айырылғандар» шеңберіндегі сайлау құқығы нормаларының қатандауына алып келді.

1925 жылы Семей Қалалаық Сайлау Комитетінің хаттамасында Конституциясының 69 – бабына және сайлау туралы нұсқауына сәйкес сайлау және сайлану құқығынан айырылған тұлғалар тізімінде 25 молданың жанұяларымен бірге сайлау құқығынан шеттетілгені көрсетілген. Олардың барлығы діни ғұрыптарды орындағандары үшін сайлау құқығынан айырылды. Сондай - ақ, молдалардың қамқорлығында, яғни оның діни жоралғылардан

тапқан табысқа күн көрген отбасы мүшелері әйелі, бала –шағасы да сайлаудан шет қалды [8, 41- 43 б.].

Сайлау құқығынан айырылған адамдардың тізімі нұсқаулықтарға сәйкес жасалды. Олар үшін материалдарды жергілікті билік органдарына, сондай-ақ полиция, жұмысшылар мен шаруалар мен қаржы инспекторлары, сот мекемелері берген ақпараттан алынды. Тізімдер бірнеше көшірмеде дайындалды: олардың біреуі жергілікті кеңеске, екіншісі жоғары тұрған сайлау комиссиясына жіберілді, қалғандары «халықтың ақпаратын жариялауға» ұсынылды (газеттерде және арнайы сөрелерде). Тізіммен жұмыс істеу әрқашан мұқият жүргізілмеген. Кеңестің 1925-1926 жылдардағы сайлауларын дайындау кезінде аймақтық атқарушы комитетіне тізімді неғұрлым мұқият көрсететін. Атап айтқанда, көмекші дін қызметкерлеріне қатысты, бұл жұмыс азаматтың негізгі табыс көзі болып табыла ма, және жалпы алғанда Бүкілресейлік Орталық Атқарушы Комитетінің 1925 жылғы 13 қазандағы нұсқауын басшылыққа алу тапсырылған. Сол нұсқаулық бойынша дайындалған тізімнің бірі 1925 жылғы № 238 – ші, «Степная правда» газетінің қосымшасында Семей Қалалық Сайлау Комитетінің №5 хаттамасында РКФСР Конституциясының 69 – бабына сәйкес, сайлау және сайлану құқығынан айырылған тұлғалар тізімі берілген, №5 тізімде сайлау құқығынан айырылған діни ғибадат және дін қызметкерлеріне арналған:

1926 жылы - «Сайлау құқығынан айырылған адамдардың сайлау құқығын қалпына келтіру туралы» нұсқаулыққа жаңа тарау енгізілді. Онда, бұрынғы нұсқаулармен салыстырғанда, барлық санаттағы, соның ішінде діни қызметкерлер үшін сайлау құқықтарын қалпына келтіру ережелері әлдеқайда қатаң болды. Құқықтарды қалпына келтірудің негізгі шарттары әлеуметтік пайдалы еңбекпен айналысу (қанаушылар үшін - 5 жылға) және кеңес өкіметіне шынайы адал қарау. Сонымен бірге әлеуметтік пайдалы еңбек өтілі 5 жыл болуы керек еді.

Дінмен күресте мерзімді басылым кең қолданылды. Халық ағарту саласын қайта құруды діни мектептер мен оқу орындарының жауап қана қойған жоқ, осы салада оқытушы қызметте жүрген дінданалар қызметтен қуылды. Осылайша, діни мектептердің орынына жаңа түрдегі еңбек мектептерін ашу қолға алына басталды [9, 69 б.]. Әйтсе де, мұсылман халықтары арасында діншілдік пен ұлтшылдықтың басым екендігі байқалды. Сондықтан кеңестік билік дінді мәдениеттің дамуына, өрлеуіне бірден - бір нұқсан келтіруші ретінде көрсетуді мақсат тұтып, еңбекші халық арасында діни нанымшылдықтың зияндығын түсіндіретін насихат жұмыстарын өрістете жүргізуге белсене кірісті.

Сайлау құқықтарын қалпына келтіруге қатысты сұраулар, негізінен, пролетариаттың шығу тегіне, әлеуметтік-пайдалы еңбекпен айналысуына, жастарының қартайюларына байланысты болды. Айырылғандар билікке адалдықтарын көрсету үшін әртүрлі дәлелдерді ұсынды. Олардың бұрынғы еңбектерін алға тартты. Яғни Азамат соғысында қызылдар жақта болып қатысуларын, қоғамдық ұйымдарда жұмыс істегендері және тағы басқа.

Дінге қарсы бұқара арасында үгіт-насихат жұмыстары өрістеп, бұл іске мерзімді басылым таратылды. РК(б)П Қазақстан Өлкелік V конференцияда (1925

ж. 1-7 желтоқсан) діни топтардың ауыл мен деревняда ықпалы бар екендігі атап көрсетіліп, конференция өлкелік комитетке дінге қарсы насихаттың дұрыс әдістерін талдап, белгілеуді тапсырды. Бірақ бұл орайда түпкілікті қазақ халқының экономикалық және тұрмыстық ерекшеліктері, сондай-ақ Қазақ АКСР территориясында мекендейтін ұлттардың да ерекшеліктері де ескерілуі талап етілді [10, 270 б.].

Сайлау құқығынан айырылу автоматты түрде оған экономикалық түрде бағынышты және осы адамның асырауында болған отбасы мүшелеріне де таратылды. 1918 жылғы Конституцияда, отбасы мүшелері сайлау құқығынан айырылмаған. Алғаш рет, бұл санат 1925 жылғы нұсқаулықта жарияланып, содан кейін ең массивтердің бірі болды. Сайлау құқығынан айырылғандардың әйелдерді, аналарды және әпкелерді (әсіресе, дін қызметкерлерінің) үй шаруашылығымен айланысты, олар кәсіподақтарға кірмеді, сондықтан олар өз отбасының басшысынан тәуелсіздігін растамаса, өз құқығын қалпына келтіре алмады. Бірақ кейбір әйелдер өздерінің тәуелсіздігін дәлелдеуге тырысып, осы жолмен өз құқықтарын қалпына келтіруді ойлады. Көбінде қазақ әйелдері отағасына толық тәуелділіктерін сақтап шағымдану шаралары өте аз болды. Алайда, репрессияға ұшырап, сайлау құқығынан айырылып, жер аударылуға шешімі бар айырылғандардың әйелдері күйеулерінен ажырасу арқылы, өз құқықтарын қалпына келтіруге тырысқандықтары туралы көптеген мысалдар бар.

Өзін-өзі сақтаудың инстинкті бастартушылық құбылысы сияқты әлеуметтік жағымсыз феноменін тудырды. Ауыр Сайлау құқығының айырылушының отбасыларының мүшелері (әсіресе жастар) жиі таңдауға түсті, отбасыларда болуды (демек, болашақ перспективасыз) немесе өзінің туыстарына қатысы жоқ екені туралы мәлімдеу, олардан бас тарту. Мұндай жағдайлардың кең тарағандығына мұрағат құжаттары күәлік береді. Отбасыларымен құқықтары шектелген жастар оқуларын аяқтауға мүмкіндік берулерін сұрап, болашақта Кеңес өкіметіне қалтқысыз қызмет жасайтындарына үде беріп шағым хаттар жазған.

«Айырыушылық» әлеуметтік саясатының нәтижесінде адамгершілік және отбасылық дәстүрлер бұзылды. Дін қызметкерлері мен оларға теңестірілгендер қоғамнан қуылды. Сайлаушылар тізімдерінен шығару барлық салада адам құқықтарына қысым жасауға алып келді, ал айырылып қалғандар өздерінен шектеу қиянатын сезіне бастады. Олардың арасында атап өткен жөн: жұмыстан шығару; кәсіподақтар мен кооперативтерден шығару 1929-1935 жылдар карточкалық жүйе жағдайында тауарлар мен өнімдер алу мүмкін еместігіне әкеп соқтырды; салық ауыртпалығының едәуір артуы және тіпті ерекше салық енгізу, мысалы әскери, өйткені, айырылғандардың балалары Қызыл Әскер қатарына шақырмаған; орта мектептердің жоғары сыныптарынан, техникумдар мен жоғары оқу орындарынан балаларды шығарды [10, 8 б.]. Дін қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдардың сайлау құқықтарынан айыру жаңа қоғамда бейімделуге мүмкіндік бермеді. Айырушылық саясаты бір мезгілде дін мен дін

орындарына қатысты Кеңес мемлекетінің дербес және қосымша жазалау шарасы ретінде жүрді.

Кеңес өкіметінің ислам дініне және мұсылмандардың түпкілікті мүдделеріне деген дұшпандық пиғылдары бүкілресейлік мұсылмандар қозғалысын ресми түрде басып тастау (1918 ж.сәуірде), Қоқан Автономиясын асқан қатыгездікпен талқандап, күйрету, революцияны Бұхара, Хиуа жеріне экспорттау, тағы басқа оқиғалар кезінде байқалған. Көптеген ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан діни бастауларға қарсы күрес оңай болмайтындығы мойындалды. Осыдан барып қайшылықтар, бұлтару, алдау туындады. Дінге қарсы күресті жанама түрде жүргізу, оның негізін жаңа дүниетанымдық көзқарастарды кеңінен тарату арқылы біртіндеп әлсірету қажет деп саналды. Коммунистердің тактикасы уақытты оздыра отырып, асықпастан іс-әрекет жасауға бағытталған еді, бұл саясаттың әсіресе мұсылмандар мекендейтін аймақтарға қатысы болды. Шығыстың консервативтік күйі, діннің ұлттық әдет - ғұрыппен бірге тұтасып кетуі, сонымен қатар, «мұсылмандардың арасында христиан миссионерлерінің ұзақ жылдар бойына жұмыс жүргізгендігін еске ала отырып, олармен біздің насихатшыларымызды шатастырып алуға сылтау табылуынан сақ болу керек» деген жәйт те алға тартылды. Большевиктер мұсылмандық қозғалыстан сескеніп, алғашқы кезде ислам дінімен тікелей күресуге күш салмай, ең алдымен түркі-мұсылман халықтарының араларына жік түсіре отырып, олардың ауыз бірліктерінің шырқын бұзуға тырысты. Этникалық ерекшеліктерге көңіл бөлу, ұлттық сезімдерді қолдау іс жүзінде дінге қарсы қолданылатын өте белсенді саясат болды [12, 6 б.].

Коммунизм мен мұсылмандық Шығысты тәжірибеде үйлестіруге тырысып, орталықтың ұлт аймақтарына қатысты саясатын ұлы державалық және шовинистік деп сынаған М. Сұлтан-Ғалиевтың әрекеттері оның барлық лауазымдардан шеттетіліп, 1923 жылы қамауға алынуымен аяқталғаны белгілі. Мемлекет барлық діни бірлестіктерге қатысты, оларды конфессияларға бөлмей, ұлттық аумақ ерекшеліктерін ескермей, катал секуляризация саясатын ұстанды [13, 130-131б.].

Дінге қарсы жалпы қастандық әрекеттер, қызыл гвардияшылардың шектен шыққан жүгенсіздіктері, бұзақылығы бекітіліп, рұқсат етілмегеніне қарамастан, діни қызметшілерді тұтқындау, өлтіру, монастырьлар мен шіркеулерді талан-таражға салып, тонау сияқты адамның жаны түршігерліктей зұлымдық әрекеттер барлық жерлерде жүріп жатты. Дін басылары (ең алдымен христиан дініндегілер) «кұдайсыз өкіметтен» қорыққандықтан, белгілі дәрежеде революцияға қарсы күштерге қолдау көрсетуі, идеологиялық қарсы тұру әрекеттерінің күшейіп, үдей түсуіне себепкер болды [11, 6 б.].

Сөйтіп 20 - жылдардың соңынан бастап мемлекеттік-діни қатынастар дінге қарсы катал шабуылға, оның іс жүзіндегі құқықсыздануына, биліктің (ол кезде

мемлекеттен заңды түрде бөлінген) барлық конфессиялардың ісіне араласуына ұласты. Социалистік қоғам құру барысында дінге қарсы күрес күшейе берді. Дін «контрреволюциялық идеологиялық күш» ретінде танылып, дінге қарсы күрестің күшеюі «тап күресінің» әлсізденуінің белгісі» саналды. Ресми түрдегі заңсыздық орын алған сталиндік кезеңде озық заңнаманың жолы кесіліп, зияткерлік және мәдени өмір қатаң реттеуге алынды. Бұл өз алдына дінге деген қатынас мәселесіне ықпал етпей қоймады. Дін саласы да партиялық-мемлекеттік бақылауға алынып, іс жүзінде шіркеудің мемлекеттен бөлінуі емес, оның мемлекетке бағындырылуы іске асырылды. Ал, 1936 жылы қабылданған Конституцияда діни ғұрыпты орындау мен дінге қарсы насихат бостандығы сөз етілді. Барлық азаматтарға, қай дін тұтқанына және дінге қатынасына қарамастан, тең саяси құқықтардың берілгені жарияланып, демократиялық сипаттағы қадамдар жасалды. Арнайы бапта дін жеке іс ретінде танылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нургалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 224 с. – 165 с.
2. «Все религиозные организации мусльман находится накануне полнейшего разрушения...» свидетельство муфтия Р.Фахретдинова) // Отечественные архивы. - 1994. - №1. - С. 69-72.
3. Преодолевая религиозное влияние ислама (Из опыта Коммунистической партии Казахстана) 1917 – начало 30-х годов. Алма-Ата: Казахстан, 1990. – 256с.
4. Конституция РСФСР 1918 г. // Декреты Совет. власти. М., 1959. Т. 2.
5. Преодолевая религиозное влияние ислама (Из опыта Коммунистической партии Казахстана). 1917 - начале 1930-х годов. - Алма-Ата: Казахстан, 1990. - 256 с. / с. 41-42.
6. Аширов Н. Эволюция ислама в СССР. - М.: Политиздат, 1972. - 152 с.
7. Сарабьянов В. Основная задача антирелигиозной пропаганды// Антирелигиозик. - 1926. - №3. - 57-62.
8. ШҚОҚЗҚО. – 73 қор. - 1 тізбек. 482а – іс. - 41-43-пп.
9. Декреты ВКП(б) и постановления Советского правительства в народном образовании за 1918-1947 гг. - М-Л., 1947. - 118 б.
10. Қазақстан Коммунистік Партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1921-1927) / ҚК ОК жанындағы Партия тарихы институты – КПСС ОК жанындағы Марксизм – ленинизм институтының филиялы. - Т.1. - Алматы: Қазақстан, 1987. - 418 б.
11. Красильников, С.А. Маргиналы в постреволюционном российском обществе в 1920-е – 1930-е годы // Вестн. РГНФ. 2003. - №4. - С. 8.
12. Нуртазина Н.Д. Исламға қарсы шабуыл. Кеңес өкіметінің Қазақстанда жүргізген саясаты (XX ғасыр) - Алматы: Қазақ университеті, - 2008. - 36 б.
13. Коммунистическая партия Казахстана в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов (1921-1927): сборник документов и материалов. – Алматы: Казахстан, 1987. - Т.1. - 399с.

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ТАҒДЫРЫ

Оспанбаева М.С.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., филол.ғ.д., профессор

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: 87479903273@mail.ru

М.Әуезов дәстүрін жете пайдаланып, дәстүрлі үрдісті дамытқан қаламгер Қ.Жұмаділов «Дарабоз», «Соңғы көш», «Тағдыр» романдарында аласапыран тарихи кезеңде табысып, бір-біріне сенімді серік болған, тату-тәтті ғұмыр кешкен ерлі-зайыптылардың өмірін Қабанбай-Ханбибі, Қабанбай-Майсара, Әлі-Мүней, Қанағат-Балжан, Жолбарыс-Зипа, Нұрбек-Ғалия, Демежан-Бибі желілері арқылы көркем суреттейді.

Қ.Жұмаділов өзі көріп, өзі де араласқан тарихи үлкен өмірді көркемдік шындыққа көтеріп, Демежан, Нұрбек, Естай, Гүлжиһан, Бибі характерін айқын танытқан. Шығарманың басты кейіпкерлері тарихи кезеңнің жүгін арқалап, сол бір тұстың талап-тілектерін алға тартып, эстетикалық ұғым, талғамның эволюциялық даму үрдістерін аңғартады.

Жазушы өз өмірбаянымен өзектес, тарихи кезеңнің көркем шындығын, уақыт ауқымын өзіне етене жақын тарихи тақырып арқылы ашады. Тарихи шындықты көркем әдебиеттің ажырағысыз ақиқатына айналдырды.

«Тағдыр» романында да кешегі қаймағы бұзылмаған қазақ ауылының тынысы, көлеңкесі мен шуағы, қуанышы мен қайғысы суреттеледі. Ерекшелігі көтерген проблемасының ірілігінде, ауқымдылығында, Қазақстан секілді талай елдің басынан өткен трагедиялық типтік хал-ахуалында. Аталмыш шығармада ХІХ ғасырдың ІІ жартысында патшалық Ресей мен Цин империясының Орта Азиядағы қазақ жерін өзара енші бөліскендей бөлісіп, қамсыз ел-жұртты қақ айырып, айдың-күннің аманында ағайын-туыстан ажыратқан кезең хақындағы авторлық ұстанымын халық тағдырымен байланыста көрсетеді.

Зерттеуші Н.Т.Жұмаділова: «Қабдеш Жұмаділов романдарындағы бір-бірінен мінез ерекшелігімен ажыратылатын кейіпкерлер қатары қалың. Отаршылдар мен бағынышты елдің арасындағы қым-қуыт қайшылықтар, тартыс, мінездер қақтығысы негізінде көрінеді. Шығарманың композициясын халық трагедиясын аша суреттеуге бағындырған» [1, 9 б.] - деген пікірінің өзегі де сол мәселені айқындайды. Жазушы Шығыс Түркістанда жүзеге аса бастаған патшалық Ресейдің қазақ даласын бөлшектеп, билеу саясатын Демежан өміріндегі тартысты оқиғалар арқылы ашып көрсетеді. Қалың қазақ үшін отаршылдарға қарсы өмір бойы күресіп өткен есіл ерді де сол отаршылдар азаптап өлтірді емес пе?

Міне, ел ардақтап, халық құрметтеген есіл ердің серігі - Бибі. Бибі -жаны таза, нәзік, биік бейне. Бибі - өмір талқысына түсіп, өмірдің небір шырғалаңынан өтсе де ақыл-парасатын жоғары, биік деңгейде ұстай білген кейіпкер. Ол -

сезімталдығымен, асқан қарапайымдылығы, сыпайылығымен, нәзіктігімен, сырға беріктігімен жан әлеміндегі небір асыл ойлар мен парасаттылығы, сирек кездесетін қуанышы шебер қиюласқан бейне. Бибі өмірі қайшылыққа толы. Демежандай ерін қадір тұлып қастерлей білген Бибіні бала мәселесі, ұрпақ жалғастығы түрлі әрекеттерге итермелейді.

Қазақ баласы үшін шаңырақ көтеріп, дүниеге ұрпақ әкеліп, бабалар дәстүрін жалғастыру - басты мақсат. Қаламгер өзінің ұстанған өмірлік ұстанымын Бибінің әрекеті арқылы жеткізеді. Демежандай ерінің мерейін үстем етіп, шаңырағын қуаныш пен шаттыққа бөлер баласының болуын тілеген Бибі әрекеті кез келген әйел затының қолынан келе бермейтін тәуекелге бел буу емес пе?

«Демежан тұяқсыз өтем демесе, түбінде бір үйленуі керек қой. Ал күйеуі екінші рет үйленетін болса, оған мына Ырысқаннан артық адамды іздеп табу қиын. Бибі түбінде басқа адаммен жар төсегін бөліссе, Ырысқандай арумен ғана бөлісе алады. Анау-мынау ақ жаулыққа Демежанның да құлы түсе қоймайтыны анық» [2, 279 б.] Бибіге Ырысқан сұлу, адал, сенімді жардың символы ретінде көрінді. Ырысқан Демежанның босағасын аттап, алғаш келін боп түскен сәттегі қос әйелдің сыйластығына таңданған жұрт Бибінің атын аңызға да айналдырды емес пе?

Қаламгер Бибі-Ырысқан қарым-қатынасы арқылы адам мінезінің небір нәзік те тылсым иірімдерін шебер суреттейді. Романдағы Шығыс Түркістан халқының тағдырына байланысты авторлық идея өзіндік сюжет желілерін, композицияны тудырып тұр. Қаламгер Қ.Жұмаділов романда суреттеліп отырған тарихи оқиғаларға ғана тоқталып қоймай, халқының өткен тарихына көз жіберіп, Кешегі мен Бүгінгі тарихтың арақатынасын, олардың сабақтастығын бейнелеген.

Ғалым Ш.Елеуқеновтің: «Шығарманың сәтті шығуы оның соңғы нүктесінің қалай қойылғанына байланысты. Сол нүктені Қабдеш сәтімен қоя білген. «Тағдыр» трагедиялық тебіреністе аяқталады. Сөйтіп, шығарманың өн бойына әлдебір мұң енгізгендей, қайта әсер етеді. Бастапқы қызықтардың бәрі тұрақсыз да соңғы күйзеліс бейнебір мәңгі басқандай сезінесің. Демежан көзінен нұр таюымен бірге даланың үміті кесілгендей. Ойландырады. Торығу емес, толғанысқа шақырады. Шындыққа, тарихи келбетімізге тура қарауға үндейді» [3, 6 б.] - деген пікірімен келісе отырып, шығармада отаршылдық қасіретін тартқан Шығыс Түркістандағы қазақтардың тағдыры, отаршылдарға қарсы күресіп өткен Демежанның тағдыры, ерін қастерлеп, қадір тұтып, бар өмірін еріне арнаған Бибі тағдыры, Демежан өлген соң, дүние-мүлкін алып, өзге ердің етегінен ұстаған Ырысқан тағдыры, «апалап» Бибіден эзер айрылған Демежанның қос ұрпағының желілі тағдыры бейнеленген деген ой айтамыз. Дүниеде Бибіге Демежаннан қымбат кім бар? Бибі Демежандай арысынан өлі айрылса, қуанышына айналған Назарбектен тірі айрылды. Тұтас өмір бар. Тағдыр. Адам бар. Әр тағдыр өз тауқыметін тартады.

«Қазір ойлап отырса, Демежан екеуі жиырма бес жыл бойы бір шаңырақтың астында жұп жазбай өмір сүрген екен. Бибінің кешкен тірлігім, көрген қызық дәуренім дейтіні де - сол қайта оралмас бақытты күндері. Ол бұрын да тек Демежан үшін өмір сүріп еді, ендігі қалған тірлікте де соның түтінін түтетіп,

рухына дұға оқыту үшін ғана жүрген сияқты. Демежан қазасы кезінде Бибі де өзіне қол жұмсап, күйеуінің соңынан аттанып кетуді көп ойластырған. Бірақ онысы құдайға күпірлік, шарифатқа қайшы келетін болды. Жасынан діндар, сопы боп өскен Бибінің көңілінде қазір медеу тұтар бір ғана жұбанышы бар. Ол ана дүниеге барғанда, таңда машьар күндерінде Демежанмен қайтадан қауышам деп ойлайды. Өзін соған қалтқысыз сендіріп қойған. Ол үшін құдай алдында бетіне шіркеу болатын бірде-бір қате жібермей, аяғын шалые баспай, пенделік, жұбайлық парызын адал атқарып баруы керек» [2, 618 б.]. Романшы ақ некені кие тұтқан, ерді пір тұтқан инабатты қазақ әйелінің, еріне шын берілген адал жардың үлгісін Бибінің бойына жинақтаған.

Қ.Жұмаділовтің қаһармандары - адамға тән қиын да күрделі тағдыр иелері ғана емес, өздері де толғанғыш, сондай-ақ авторды да ойлантып, толғантатын қаһармандар. Адам өмірі, оның мән-мағынасы турасында кейіпкерлер терең толғанысқа беріледі. «Барған із бар да қайтқан із жоқ, көрмеген, білмеген, бейтаныс, жұмбақ дүниеге аттанып барамын», - деген Естайдың әкесі Қанағат әл үстінде жатып, «ойлап тұрсам, әке мен бала да бір-біріне аз күндік қонақ екен. Өмір сапарында біраз жыл дәмдес, жолдас болады да, күндердің күнінде қош-қош айтысып, айрылысатын кезге де жетеді. Сен екеуіміз де сондай жол айырығына тақап тұрған сияқтымыз, балам», деп еді. Сонысы - қоштасқаны екен ғой... Бірақ осы шындыққа Естайдың ақылы сенсе де, жүрегі сенбейді. Өз өмірі, отының басы әкесінсіз көз алдына елестемейді. Сонда қалай? Дүниедегі ең қымбат, ең жақын адамынан бұл шынымен-ақ, ажырайтын болғаны ма? Енді қайтып әкенің ыстық дидарын көрмеу, мәңгілік жоқтыққа айналу, оның махаббат пен мейірбандыққа толы күмбірлеген қоңыр дауысын енді қайтіп естімеу, мынау жарық дүниеде енді қайтіп ешкімге еркелемеу... Жо-жоқ, бұлай болуы мүмкін емес! Бұл - қиянат, зорлыққа қалай ғана төзуге болады?!» [4, 109-110 бб.]

Өмір үнемі қозғалыста. Біреулер дүниеден мәңгілік сапарға аттанып жатса, біреулер жарық дүние есігін енді ғана ашып жатады. Оқыған, көзі ашық Нұрбектің әйелі Ғалия да бойына біткен сәбиін өмірге әкеле алмай дүниеден өтті. Қатал тағдыр адал жардан, аяулы анадан айырды. Шығармадағы кішкентай Айгүл қашанда анасын сағынып күтумен жүреді. Сәби жаны өмірге қарама-қарсы ұғым өлімнен хабарсыз. Өмірден қайтқан адамның қайтып келмейтініне сәбидің нәзік жаны сенбейді. Балаға ананың махаббаты, ананың аялы алақаны қажет. Айгүл аналық жылылықты Торғыннан тапты.

«- Торғын тәте, сен енді біздің үйден кетпейсің ғой, ә? Бізге мама боласың ғой? - деп қойып қалғаны бар емес пе.

...-Айналайын, Айгүл-ай, манадан бері жүз ойланып, мың толғанып, айта алмай отырған сырымды Торғын тәтеңе өзің айтып бердің-ау! Балаға үйретіп қойған екен деп ойлама, Торғын. Ерте ме, кеш пе, менің де саған айтар өтінішім осы. Өзім батып айта алмағанды сәбидің пәк жүрегі жеткізді-ау, ақыры. Егер, лайық көрсең, бұдан кейін бір-бірімізге пана болып, ендігі қалған өмірді жүп жазбай бірге өткізейік. Бұған қалай қарайсың?» - деп еді Нұрбек [4, 217 б.]. Ананың айналып, толғанғаны кімнің есінен кетеді! Сәбидің шырылдап жерге түскен сәттен бастап іздейтін ең бір жақын, ең бір асыл адамы бар. Ол - ана.

Дүниені танып-біліп, үйренбей жатқан сәбидің іздейтіні де ана. Ол - барлық адамнан қымбат, аяулы жан. Анаға деген махаббат сәбидің күндақта жатқан кезінен-ақ басталады. Ана деген сөздің өзі қандай ыстық. Ана десе тебіренбейтін жан, толқымайтын жүрек жоқ. Тарихи романшылар адам баласына жарық дүние, өмір берген аяулы ана, асыл жар, адал махаббаттың иесі Ананы қастерлеп, құрметтеудің мәңгілік мұратын көркемдік-эстетикалық биікке көтерді. Бұл өзекті де өміршең тақырыпқа соны сипат дарытты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жұмаділова Н.Т. Қабдеш Жұмаділов романдарының поэтикасы / Фил.ғыл. канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайынд. авторефераты. Алматы, 1999. - 306.
2. Жұмаділов Қ. Тағдыр. Роман. -Алматы: Жазушы, 1988. - 624 б.
3. Елеуқенов Ш. Телқара // Заман Қазақстан. 1996. 26 көкек. №15.
4. Жұмаділов Қ. Соңғы көш. Роман-дилогия. Екінші кітап. - Алматы: Жазушы, 1998. - 448 б.

ӘОЖ 372.8:94(574)

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА Қ.О. БІТІБАЕВАНЫҢ МЕТОДИКАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Сайлаубек Әділ

ШҚО Білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«Шәкәрім атындағы №1 орта мектебі» КММ. Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: adil.07@mail.ru

Қоғамның өркендеуі мен рухани жаңғыруы тікелей білім сапасына байланысты екені баршамызға мәлім. Сондықтан тарих пәні – оқушылардың азаматтық ұстанымын қалыптастырып, ұлтжандылық қасиеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады деп айта аламыз. Тарих арқылы білім алушылар өткенді біліп, келешек өмірлеріне дұрыс бағыт жасай біледі. Демек, мектеп бағдарламасында тарих пәнінің оқытылуының мәні зор.

Тарих пәнін тиімді оқытуда Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ұстазы, Қазақстан елінің еңбек сіңірген қайраткері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Ұлттық Педагогика ғылымдары академиясының құрметті академигі, профессор, Қазақстан Білім Беру ісінің Құрметті қызметкері Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның еңбектерінің құндылығы жоғары. Ұлағатты ұстаз өзінің өмірін жас ұрпаққа сапалы білім беру ісіне арнап, білім беру саласына бірегей әдістемелік еңбектер жазып, орасан зор үлес қосты.

Мақаланың өзектілігі – тарих пәнін оқытудың дәстүрлі әдістерін заманауи тәсілдермен ұштастыра отырып, Қ. О. Бітібаеваның «Ой салу, ойланту, ойлау» технологиясын тиімді қолдану арқылы оқушылардың тарихи танымын, сыни ойлау қабілетін дамыту.

Мақсаты – тарих сабақтарында аталмыш технологияны қолдану жолдарын нақтылап, оның тиімділігін көрсету.

Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева – мектептерде қазақ әдебиеті және тарих пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіруге елеулі үлес қосқан көрнекті педагог. Ол көп жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарып, жас мұғалімдерге тәлім-тәрбие беріп, өзінің авторлық технологиясын ұсынды. Еңбектері тек Қазақстанда ғана емес, шетелдерде де жоғары бағаланады. Қ. О. Бітібаева ұстаздың рөлін оқушының қабілетін ашушы, бағыттаушы тұлға ретінде қарастырды [1].

Әдіскер ұстаздың тарихты оқыту ұстанымы «ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу» пәлсапасынан тұрады. Ой салу - ұстаз тарапынан, ойлану - шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады. Ұстаз тәжірибесінің тағы бір ерекшелігі, оқушылар сабаққа өздері мақсат қойып келеді. Ол мақсаттарды ұстаз диагностика, болжам үшін пайдаланады. Оның сабақ жоспары оқушы-субъектінің еркіндігіне жол ашады, оқушының да, ұстаздың да іс әрекеті түпкілікті нәтижеге қол жеткізудің өнімді еңбегіне айналады. Бұл туралы атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» [6]. Бос отыратын, сабаққа селқос, тек орындаушы, тек дайынды қайталап айтушы оқушы болмайды. Ұстаз да, оқушы да жаңаны іздеуші, табушы, бірліктегі одақ деңгейіндегі еңбек етуші дәрежесінде болады.

Қ.О.Бітібаева технологиясының астарында – тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы жатқандығын бәріміз білеміз. Яғни, әр оқушының жеке мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, білім беру үрдісін ұйымдастыру. Оқушылардың тарихи ойлауын дамытуға, өз пікірін еркін айтуына, дербес шешім қабылдай алуына жағдай жасайтын әдістерді ұсынды. Сабақ барысында оқушылардың белсенділігіне басымдық берілді. Бұл үшін «сұрақ-жауап», «пікірталас», «шығармашылық тапсырмалар», «зерттеу жұмыстары» сияқты интерактивті тәсілдер кеңінен қолданылды. Қ.О.Бітібаеваның ұстанымы бойынша, мұғалім тек ақпарат беруші емес, керісінше, оқушыны жетелейтін серіктес болуға тиіс.

Қ. О. Бітібаеваның әдістемесінде білім беру мен тәрбиелеу өзара тығыз байланыста қарастырылады. Ол тарих пәнін оқыта отырып, оқушылардың азаматтық сана-сезімін қалыптастыруды, ұлттық құндылықтарға деген құрметті арттыруды мақсат етті. Әрбір сабақта тәрбиелік мазмұн болатын, оқушылар тек фактіні жаттап қана қоймай, оның мәнін түсінуге, тарихи тұлғалардың әрекетін саралауға тырысатын [2].

Қ.О. Бітібаеваның әдістемесі негізінде тарих пәнін оқытудың басты мақсаты – оқушыны тек тыңдаушы емес, ізденуші, ойлаушы, талдаушы деңгейіне көтеру. Осы мақсатқа жету үшін ол түрлі тиімді әдістер кешенін ұсынды [3].

1) «Дәріс» әдісі – оқушыларға жаңа тарихи мәліметтерді жүйелі түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Алайда, Қ. О. Бітібаева мұғалімнің монолог түріндегі дәрісін емес, диалогке негізделген интерактивті дәрістерді ұсынды. Яғни, мұғалім мен оқушы арасында «сұрақ-жауап» арқылы білімді бірлесе игеруге мүмкіндік береді.

2) «Пікірталас» әдісі – оқушылардың өз ойын дәлелдей айта алуына, тарихи оқиғаларға әртүрлі көзқараспен қарауына мүмкіндік береді. Бұл әдіс әсіресе, күрделі тарихи мәселелер мен тұлғаларды талдау барысында тиімді рөл атқарары даусыз.

3) «Зерттеу» әдісі – оқушыларға тарихи дереккөздермен жұмыс істеуге, фактілерді салыстырып, өз бетінше қорытынды жасауға үйретеді. Мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны зерттеп, оның себеп-салдарын анықтау тапсырмалары оқушының сыни ойлау қабілетін арттырады.

Жобалық жұмыс – Қ. О. Бітібаеваның әдістемесінде маңызды рөл атқарады. Мұндай жұмыстар оқушылардың дербес ізденуін, тарихи тақырыпты тереңірек меңгеруін қамтамасыз етеді. Оқушылар топпен немесе жеке жұмыс істей отырып, презентациялар, көрмелер, тарихи сахналық қойылымдар дайындай алады [4].

Шығармашылық тапсырмаларға «эссе жазу», «тарихи күнделік жүргізу», «ойдан шығарылған тарихи кейіпкердің атынан хат жазу» сияқты тапсырмалар жатады. Аталмыш әдістер оқушылардың қиялын дамытып, пәнге қызығушылығын арттырады.

Көрнекі құралдар – тарих сабағының ажырамас бөлігі. Хронологиялық карталар, тарихи схемалар, инфографика арқылы оқушылардың визуалды қабылдауы жақсарады. Қ. Бітібаева оқушыларды тек тыңдауға емес, тарихи карталармен белсенді жұмыс істеуге, мәліметтерді талдауға үйреткен [5].

Тарихи деректермен жұмыс барысында оқушылар алғашқы дереккөздермен таныса отырып, құжаттармен танысу барысында шынайы тарихи фактілерді бағалауды үйренеді. Бұл әдіс олардың дербес көзқарастарының қалыптастыруына септігін тигізетіндігін айта аламыз.

Қ. О. Бітібаеваның технологиясын қазіргі заман талабына сай тиімді пайдалану – оқушының белсенділігін, қызығушылығын арттырудың, сапалы білім берудің негізгі шарттарының бірі. Қ.О.Бітібаева әдістемесінде оқушы тек білім алушы емес, сонымен бірге зерттеуші, сын тұрғысынан ойлаушы тұлға ретінде қарастырылады. Мұғалім оқушыға дайын жауапты бермей, проблемалық сұрақ қоя отырып, оқушының өз бетінше ойлануына мүмкіндік туғызуы керек. Мысал келтіретін болсақ:

1) Тарихи оқиғаның себебі мен салдарын талдау;

2) Тұлғалардың әрекетіне баға беру;

3) «Егер сен сол кезеңде өмір сүрсең, не істер едің?» деген сияқты проблемалық сұрақтар беру. Бұл тәсіл оқушының логикалық және шығармашылық ойлау деңгейін дамытады.

Қазіргі оқыту үрдісінде интерактивті әдістердің маңыздылығы айрықша орын алады. Қ. О. Бітібаева оқушы мен мұғалім арасындағы белсенді өзара әрекетке үлкен мән берген.

1) «Диалогтік оқыту» – тарихты түсінудің және ой бөлісудің тиімді құралы. Оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, тарихи шындықты әр қырынан қарастыруға үйренеді. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, диалогтік оқытудағы «әңгіме-дебат», «кумулятивтік әңгіме», «зерттеушілік әңгіме» түрлерін тиімді қолданып, оқушы бойына сындарлы оқуды қалыптастыруға болады.

2) «Рөлдік ойындар» – тарихи оқиғаларға ену арқылы оқушының елестету қабілетін, сөздік қорын және актерлік шеберлігін дамытуға болады. Мысалы, «парламент отырысын», «тарихи келіссөздерді», «тарихи оқиғаларды» сахналауға болады.

Заманауи оқытудың тиімді жолы – ақпараттық-коммуникативтік технология. Қ. О. Бітібаеваның әдістемесін қолдана отырып, мультимедиялық презентациялар, деректі фильмдер, виртуалды экскурсиялар, онлайн-викториналар секілді құралдарды енгізуге болады [5].

«Тарихи интерактивті карталар», «Инфографика», «Деректер базасы» сияқты цифрлық ресурстар тарихи материалды көрнекі әрі жеңіл қабылдауға септігін тигізеді. «Google Forms», «Kahoot», «Padlet» сияқты платформалар оқушының білімін тексеруге және пәнге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Қ. О. Бітібаеваның әдістемесін тарих пәнінде қолдану барысында бірнеше тиімді нәтижелер мен артықшылықтар байқалады. Бұл технология қазіргі білім беру талабына сай оқытудың тиімді моделін ұсынады. Әдістемеде оқушы тұлғасына бағытталған тәсіл қолданылатындықтан, олардың оқу жетістіктері айтарлықтай ұлғаяды. Оқушылар:

- 1) тарихи материалды терең меңгереді,
- 2) өз ойын жүйелі жеткізе алады,
- 3) шығармашылықпен жұмыс істей алады.

«Интерактивті және шығармашылық» әдістер арқылы оқушылар тарихты жай ғана пән ретінде игеріп қана қоймай, қазіргі қоғаммен байланысты құбылыс деп қабылдай біледі. Бұл:

- 1) тарихи деректерге, тұлғаларға қызығушылық тудырады,
- 2) оқушылардың қосымша ақпарат іздеуіне түрткі болады,
- 3) тарихи кітаптар, деректі фильмдер көруге құштарланады.

Оқыту әдістемесінде түрлі форма мен әдістер үйлесімді пайдаланылатыны оқыту үдерісін тартымды әрі нәтижелі етеді. Сабақтар:

- 1) қызықты өтеді,
- 2) оқушылардың белсенді қатысуымен ерекшеленеді,
- 3) білім беру мен тәрбиені біріктіреді.

Бұл әдістеме оқу сапасын ғана емес, жалпы мектептегі білім беру мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Қ. О. Бітібаеваның мұрасы – қазақ педагогикасының баға жетпес байлығы. Оның оқыту философиясы оқушыны тұлға ретінде дамытуға, тарихи білімді

терең әрі мағыналы меңгеруге бағытталған. Осы әдістемені тарих пәнінде тиімді қолдану – оқу процесін жандандырып, білім сапасын көтерудің қайнар жолы.

Қ. О. Бітібаеваның әдістемесі оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытатыны, сабаққа деген қызығушылықтарын арттыратыны және оқытудың нәтижелілігін қамтамасыз ететіні анықталды. Бұл тәсіл заман талабына сай білім беру талаптарымен үндесіп, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастыққа негізделген жаңа форматты ұсынады.

Ұстаз-әдіскер Қ.О. Бітібаеваның технологиясы – білім беру сапасын арттырудың және оқушы тұлғасын жан-жақты қалыптастырудың сенімді жолы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1) Бітібаева Қ. О. «Әдебиетті оқыту әдістемесі». – Алматы: Рауан, 1997.
- 2) Бітібаева Қ. О. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі». – Алматы: Мектеп, 2004.
- 3) Жүнісова К. «Қ.О. Бітібаеваның педагогикалық мұрасы». // Педагогика журналы, №4, 2012.
- 4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. «Орта білім мазмұнын жаңарту бағдарламасы». – Астана, 2017.
- 5) Сатыбалдиева Б. «Тарих сабағында инновациялық әдістерді қолдану жолдары». // Тарих және қоғам журналы, №1, 2020.
- 6) Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы: Екінші басылымы. – Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2003. – 336 бет.

УДК 37

КЛАССИФИКАЦИЯ РЕЧЕВЫХ НАРУШЕНИЙ

Сакенова Ж.

Научный руководитель: Канапьянова К.Д., сениор-лектор, магистр ПиКП
ВКУ имени С. Аманжолова, г.Усть-Каменогорск, Казахстан

Речь – сложный психофизиологический процесс, обеспечивающий коммуникативную деятельность человека. Она развивается в тесной связи с когнитивной, эмоциональной и двигательной сферой. Нарушения речи оказывают значительное влияние на социальную адаптацию, обучение и формирование личности ребёнка. В логопедии и дефектологии классификация речевых нарушений является важной основой для точной диагностики, коррекционной работы и построения индивидуального образовательного маршрута.

Классификация речевых расстройств позволяет систематизировать знания о природе и симптоматике нарушений, определить направления коррекционной работы, а также способствует выбору методов и средств логопедического воздействия. Современные подходы к классификации опираются на клинико-

психолого-педагогические характеристики нарушений речи и предполагают комплексный анализ речевого развития.

Речевые нарушения – это стойкие отклонения от возрастной нормы в развитии речи, обусловленные различными биологическими и социальными факторами. Они могут проявляться в недоразвитии или искажении фонетико-фонематической стороны речи, нарушениях лексико-грамматической структуры, темпо-ритмической организации, а также в трудностях овладения письменной речью.

Классификация речевых нарушений по Л.С. Волковой и Р.Е. Левиной

Одной из наиболее известных и применяемых в отечественной логопедии классификаций является система, предложенная Л.С. Волковой и Р.Е. Левиной. Она делит все речевые расстройства на четыре группы:

1. Нарушения произносительной стороны речи:

- *Дислалия* - это различные дефекты звукопроизношения у лиц с нормальным слухом и сохранной иннервацией артикуляционного аппарата. Дислалия проявляется отсутствием, заменами, смещением или искажениями звуков в устной речи.

- *Дизартрия* - это расстройство произносительной организации речи, связанное с поражением центрального отдела речедвигательного анализатора и нарушением иннервации мышц артикуляционного аппарата. Структура дефекта при дизартрии включает нарушение речевой моторики, звукопроизношения, речевого дыхания, голоса и просодической стороны речи; при тяжелых поражениях возникает анартрия.

- *Ринолалия* - расстройства артикуляции и голосообразования, обусловленные дефектами строения и функционирования речевого аппарата. Ринолалия характеризуется грубыми искажениями звукопроизношения, назализацией согласных и гласных звуков, вторичным нарушением фонематических процессов и письменной речи, недоразвитием лексико-грамматической стороны речи.

2. Нарушения всех компонентов речевой системы:

- *Общее недоразвитие речи (ОНР)* - нарушение формирования всех сторон речи (звуковой, лексико-грамматической, семантической) при различных сложных речевых расстройствах у детей с нормальным интеллектом и полноценным слухом.

- *Системное недоразвитие речи* - сложное речевое расстройство, при котором нарушено формирование всех компонентов речевой системы, относящихся к ее звуковой и смысловой стороне у детей с ограниченными возможностями здоровья. Расстройство характеризуется неправильным произношением звуков, низкой грамотностью и скудным словарным запасом.

3. Нарушения темпо-ритмической стороны речи:

- *Заикание* – нарушение темпа, ритма и плавности речи, обусловленное судорогами мышц речевого аппарата.

- *Тахилалия и брадилалия* – патологическое ускорение или замедление темпа речи.

4. Нарушения письменной речи:

- *Дисграфия* – специфическое нарушение письма.

- *Дислексия* – специфическое нарушение чтения.

Классификация по этиологическому признаку

Речевые нарушения также классифицируют по происхождению (этиологии):

- *Органические* – обусловлены поражением мозга (алалия, афазия, дизартрия).

- *Функциональные* – не связаны с органическими повреждениями, чаще зависят от социально-психологических факторов.

- *Соматогенные* – возникающие на фоне тяжелых соматических заболеваний.

- *Психогенные* – результат психологических травм и стрессов.

Эта классификация особенно важна при разработке маршрута медицинской и логопедической помощи, поскольку коррекция органических и функциональных нарушений требует различных подходов.

Классификация по уровню речевого развития

В логопедии также широко используется градация речевых расстройств по степени недоразвития речи:

- *I уровень* - словесные средства общения отсутствуют или почти отсутствуют в тот период, когда у нормально развивающихся детей речь в основном сформирована. Активный словарь детей состоит из звукоподражаний, звуковых комплексов. Обиходные слова и их заменители используются в различных значениях, часто заменяются паралингвистическими средствами общения – жестами, мимикой. Речь понятна лишь близким людям в конкретной ситуации общения.

- *II уровень* - возрастает речевая активность детей. Появляется искаженная в фонетическом и грамматическом оформлении фразовая речь. Активный словарь расширяется за счет использования различных частей речи (существительные, глаголы, прилагательные, наречия); появляются попытки использовать отдельные навыки словоизменения и словообразования. Ярко проявляется нарушение звукопроизношения. Дети не могут произнести ряд слогов, слов, близких по звучанию (па–та–па, кот–ток–кот), часто искажают слоговую структуру и звуконаполняемость слов (асипед–велосипед, ёт–самолёт, телемптуя–температура, апапед–логопед). Ребята не готовы к овладению языковым анализом и синтезом.

- *III уровень* - фонетико-фонематические нарушения. Нарушение звукопроизношения чаще всего носит полиморфный характер. Патология охватывает 4–6 групп звуков (шипящие, свистящие, сонорные, аффрикаты, мягкие и твердые, звонкие и глухие). Многие дети с ОНР не дифференцируют акустически или артикуляторно сходные звуки. Это говорит о несформированности фонематического слуха, неподготовленности артикуляционного аппарата к произнесению звуков речи. Искажается звуковая и слоговая структура слова. В активной речи дети чаще всего пользуются

простыми предложениями или отдельными словами. Дети испытывают затруднения в заучивании стихов, пересказе даже знакомых текстов.

• *IV уровень* - недостаточная дифференциация звуков ть – ц – с – сь – щ; своеобразие нарушений слоговой структуры – понимая значение слова, ребенок не удерживает в памяти его фонематический рисунок. И как следствие – искажение звуконаполняемости слов в разных вариантах; смазанность речи; стойкие ошибки при употреблении: суффиксов существительных с значениями единичности предметов (горошка – горошина), эмоционально-оттеночных, уменьшительно-ласкательных (скворчик – скворушка), прилагательных (мужовой – мужественный, мускальный – мускулистый), трудности в образовании сложных слов (книжник – книголюб); особую сложность представляют конструкции предложений с разными придаточными (пропуски и замены союзов, инверсия); испытывают затруднения при планировании высказывания и отборе соответствующих языковых средств.

Современные подходы к классификации

Современная логопедия всё чаще использует междисциплинарные подходы, включая нейропсихологию, психолингвистику и педагогику. Выделяются следующие речевые расстройства:

• *Алалия* - один из наиболее сложных дефектов речи, при котором нарушены операции отбора и программирования на всех этапах восприятия и воспроизведения речевого высказывания. Система языковых средств (фонематических, грамматических, лексических) не формируется.

• *Афазия* - полная или частичная утрата ранее сформированной речи, связанная с локальными поражениями головного мозга: сосудистыми нарушениями, воспалительными процессами, черепно-мозговыми травмами.

• *Дизартрия* - речевые расстройства при повреждении нервных путей, иннервирующих органы артикуляции.

• *Сенсорные расстройства* — нарушается понимание речи, как при сенсорной алалии.

• *Синдромальные формы* - речевые нарушения, сопровождающие такие состояния, как аутизм, синдром Дауна, ДЦП.

Заключение

Классификация речевых нарушений необходима для систематизации знаний, постановки точного диагноза и определения эффективной стратегии коррекционной помощи. Она позволяет учитывать индивидуальные особенности ребёнка и планировать работу специалистов междисциплинарной команды. Развитие классификаций отражает прогресс логопедии как науки и практики, направленной на обеспечение полноценного речевого развития каждого ребёнка.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Волкова Л.С., Левина Р.Е. Основы логопедии. – М.: Просвещение, 2021.
2. Лалаева Р.И. Общая и возрастная логопедия. – СПб.: Речь, 2020.
3. Жукова Н.А. Нарушения речи у детей дошкольного возраста. – М.: Владос, 2019.

4. Мастюкова Е.М. Теория и практика логопедии. – М.: Академкнига, 2018.
5. Ткаченко Т.А. Логопедия. Диагностика и коррекция. – М.: Академия, 2022.
6. Потемкина О.Ф. Диагностика и коррекция речевых нарушений у детей. – СПб.: Детство-Пресс, 2022.

ӘОЖ 94 (574)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XVII-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫН ТАРИХ САБАҒЫНДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Шуршитбай Б., т.ғ.к., қауымдастырылған профессоры
Шайхиева Ж.Т., тарих мамандығының 2-курс магистранты
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: Zhanar.shaykhiyeva.88@mail.ru

Қазақ халқының XVII-XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі – Қазақстан тарихындағы аса маңызды әрі күрделі кезеңдердің бірі. Бұл дәуір қазақ халқының тәуелсіздігі мен елдігі үшін жүргізілген ұлт-азаттық қозғалыстармен ерекшеленеді. Жоңғар шапқыншылығы халықтың демографиялық, әлеуметтік және саяси жағдайына үлкен әсерін тигізіп, елдің тұтастығы мен болашағына қауіп төндірді. Осы кезеңдегі күрес оқиғаларын терең әрі жан-жақты зерттеу – жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруда, отаншылдық рухын оятуда маңызды рөл атқарады.

Тарих пәнін оқыту барысында мұндай тарихи оқиғаларды тиімді әдіс-тәсілдер арқылы жеткізу – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Сондықтан бұл мақалада аталған кезеңнің тарихнамасы қарастырылып, оны мектептегі тарих сабағында оқытудың тиімді жолдары мен әдістері ұсынылады.

Кілт сөздер: *Қазақ халқы, жоңғар шапқыншылығы, тарихнама, тарих сабағы, оқыту әдістері, патриоттық тәрбие, интерактивті оқыту, тарихи сана.*

XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасыр қазақ халқы үшін аса ауыр, күрделі де сындарлы кезең болды. Бұл – бір жағынан мемлекеттіліктің тұрақтылығына қауіп төнген, екінші жағынан ұлт бірлігі мен рухының сыналған уақыты. Жоңғар хандығының күшеюі, әскери қуаты мен сыртқы саясаттағы экспансиялық бағыт ұстануы – қазақ елі үшін үлкен қатерге айналды. Бұл қауіп әсіресе Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін, ел ішіндегі саяси бытыраңқылық кезеңінде күшейе түсті. Жоңғарлар қазақ жеріне бірнеше бағыттан жорықтар жасап, елдің оңтүстік, шығыс және орталық өңірлеріне ойран салды. Осы тұста «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» (1723 - 1727) деп аталатын зұлмат жылдар басталып, қазақ халқы жаппай босып, босқыншылыққа ұшырады [4, 181 б.]. Бұл оқиғалар қазақ халқының демографиялық құрамына ғана емес, рухани тұтастығына да орны толмас зардап әкелді. Халықтың едәуір бөлігі аштықтан,

аурудан және шапқыншылықтан қаза тапты, тірі қалғандары көршілес хандықтарға, Жетісу мен Түркістан маңына шегінуге мәжбүр болды.

Жоңғар шапқыншылығы – тек соғысу оқиғасы емес, сонымен қатар ұлт ретінде сақталып қалудың үлкен сынағы еді. Қауіп алдында қазақ жүздерінің бір - бірімен одақтасуы, ортақ жауға қарсы біріккен қимыл жасауы – тарихи маңызы зор бетбұрыс болды. Бұл кезеңде Абылай ханның саяси және әскери стратегиясы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды дана билердің мәмілегерлік рөлі ерекше көзге түсті [2, 94 б.]. Олардың ұлт тағдыры үшін жұмылған іс-қимылы – болашақ тәуелсіздік күресінің негізі болды, бұл кезеңде халық ауыз әдебиетінде де жоңғар шапқыншылығы кең көрініс тапты. Бұқар жырау, Үмбетей жырау сынды сөз шеберлері ел басына түскен зұлматты жырға қосып, батырлардың ерлігін мадақтады. Бұл туындылар – сол заманның тірі куәсі әрі тарихи дереккөзі ретінде де бағаланады.

Жоңғар шапқыншылығы тақырыбы отандық және шетелдік тарихнамада бірнеше ғасыр бойы зерттеліп келе жатқан өзекті тақырыптардың бірі. Тарихи деректердің басым бөлігі алғаш рет орыс саяхатшылары мен зерттеушілерінің еңбектерінде көрініс тапты. Солардың ішінде ерекше атап өтерлік тұлға – А.И. Левшин. Оның «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-қайсацких, орд и степей» [3, 117 б.] атты еңбегі қазақ халқының тұрмыс-салты мен қоғамдық құрылымын, сондай-ақ олардың жоңғарлармен күресін жан - жақты сипаттайды. Левшин қазақтардың әскери жүйесіне тән ерекшеліктерді, соғыстағы тактикалық тәсілдерін, батырлардың шынайы бейнесін нақты сипаттаған. Ол жоңғарлармен болған шайқастардың сипатын шынайы түрде баяндап, қазақтардың ерлігін жоғары бағалайды. Бұл еңбек қазақ халқының сыртқы қауіпке қарсы ұлт ретінде бірігіп күресе алғандығын тарихи негізде дәлелдейді.

Кеңестік кезеңде жоңғар шапқыншылығы тақырыбы белгілі бір идеологиялық шеңберде зерттелді. Бұл кезеңдегі зерттеулерде көбіне-көп таптық күрес ұғымы алдыңғы орынға қойылып, қазақ - жоңғар соғысы феодалдық мүдделер арасындағы қақтығыс ретінде қарастырылды. Алайда бұл кезеңде де нақты, құнды зерттеулер жүргізілгені рас. Мәселен, тарихшы Р.Б. Сүлейменов өз еңбектерінде бұл соғыстың сыртқы саяси қырларына, дипломатиялық қатынастарға, халықаралық жағдайға ерекше мән берді [4, 12 б.]. М. Тынышбаевтың «Великие бедствия» еңбегінде жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі нақты тарихи оқиғалар, оның ішінде «Ақтабан шұбырынды» [5, 78 б.]. трагедиясы терең зерттелген. Ол бұл оқиғалардың елдің ішкі құрылымына, шаруашылығына, мәдени дамуына тигізген әсерін кешенді түрде қарастырады [6, 185 б.]. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында бұл тақырыпқа жаңа көзқарас тұрғысынан қарау үрдісі қалыптасты. Зерттеулер ұлттық мүдде тұрғысынан жүргізіліп, қазақ халқының батырлық рухы, бірлік жолындағы күресі кеңінен ашылып көрсетілуде. Бұл бағыттағы еңбектерде дереккөздер саны мен мазмұны да кеңейіп, шетел мұрағаттарындағы материалдар да тартылуда.

Орта білім беру жүйесінде оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруда бұл тақырыптың маңызы зор. Бұл тақырыпты оқыту арқылы мынадай мақсаттар жүзеге асырылады:

- Қазақ халқының бірлік пен ынтымақтастық жолындағы күресін көрсету;
- Оқушыларға тарихи оқиғаларды сараптай білуге үйрету;
- Патриоттық сезім мен ұлттық рухты нығайту;
- Тарихи тұлғалардың рөлін ұғындыру;

Бұл мақсаттар оқушының жеке тұлғалық қалыптасуына, елжандылық қасиеттерінің дамуына ықпал етеді.

Тарих сабағында жоңғар шапқыншылығы тақырыбын тиімді оқыту – білім алушының тарихи санасын қалыптастырудың, ұлттық құндылықтарды меңгерудің және отансүйгіштік тәрбие берудің негізгі жолдарының бірі болып саналады. Бұл бағыттағы жұмыс мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен қолданатын әдіс-тәсілдерінің тиімділігіне тікелей байланысты. Бүгінгі білім беру кеңістігінде оқушы тұлғасына бағдарланған, шығармашылық пен сын тұрғысынан ойлауға жетелейтін интерактивті технологиялар, жобалық оқыту, саралай отырып түсіндіру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану секілді әдістер кеңінен қолданылады. Жоңғар шапқыншылығы секілді күрделі әрі эмоциялық мазмұны күшті тарихи тақырыптарды дәстүрлі баяндау тәсілінен гөрі оқушыны белсенді қатыстыруға бағытталған әдістер арқылы меңгерту әлдеқайда тиімді [7, 113 б.].

Мәселен, интерактивті әдістердің ішінде «оқиғаға ену» әдісі ерекше орын алады. Бұл тәсілде оқушылар жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі нақты тарихи тұлғалардың рөлін сомдап, олардың көзқарасымен тарихи шешімдер қабылдайды. Мұндай рөлдік ойындар тарихи оқиғаларды тереңірек түсінуге көмектесіп, оқушының эмоционалдық сезінуін арттырады. Сол сияқты, пікірталас әдісі де тиімді. «Қазақтар бейбіт келісімге ұмтылуы керек пе еді?» деген тақырыпта дебат ұйымдастыру арқылы оқушылар екі тараптың мақсат-мүддесін талдай отырып, өз көзқарастарын дәлелдеуге машықтанады. Ал кейс-талдау әдісі арқылы нақты тарихи жағдаяттар ұсынылып, оқушылар сол жағдайдың себеп-салдарын анықтап, баламалы шешімдер ұсынады. Мысалы, «1723 жылғы жаппай босқыншылықтың алдын алу мүмкін бе еді?» деген сұрақ төңірегінде талдау жасау олардың тарихи ойлау, бағалау және дәлелдеу дағдыларын дамытады.

Бұдан бөлек, жобалық оқыту әдісі де тарих пәнін меңгертуде өзіндік тиімділігімен ерекшеленеді. Бұл тәсілде оқушылар жеке немесе топ болып зерттеу жүргізіп, шағын ғылыми жоба әзірлейді. Бұл бағытта «Ақтабан шұбырынды: себептері мен салдары», «Абылай ханның сыртқы және ішкі саясаты», [8, 61 б.]. «Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ батырларының рөлі» сияқты тақырыптар өзекті болмақ. Жоба барысында оқушылар тарихи деректермен жұмыс жасап, әдебиеттерді салыстырады, диаграмма, презентация немесе көрнекі материалдар арқылы өз жобасын қорғайды. Мұндай әрекет тек тарихи біліммен шектелмей, зерттеу қабілеті мен шығармашылық ойлауды қатар дамытады. Сабақ үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану да оқыту сапасын арттыруға ықпал етеді. Мысалы, «Ақтабан шұбырынды» оқиғасын бейнелейтін қысқа деректі фильмдерді көрсету, виртуалды карталар мен хронологиялық лента арқылы жорық бағыттарын

көрсету оқушылардың елестету, кеңістіктік таным және уақыттық бағдарын жетілдіреді. Сонымен қатар, Padlet, Mentimeter, Kahoot сияқты онлайн платформалар арқылы оқушылардың білімін тексеру, кері байланыс алу сабақтың қызықты өтуіне жағдай жасайды.

Бүгінгі күні білім беру жүйесінде визуалды, аудиовизуалды құралдардың маңызы зор. Көрнекілік – оқытудың ең маңызды элементтерінің бірі ретінде, оқушының ақпаратты қабылдау, есте сақтау және қолдану қабілеттерін арттырады. Жоңғар шапқыншылығы тақырыбын түсіндіру кезінде тарихи карталар, бейнематериалдар, деректі және көркем фильмдер, анимациялар, сондай-ақ интерактивті презентациялар арқылы білім беру өте тиімді саналады. Мысалы, оқушылар XVII–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы мен Жоңғарияның шекараларын салыстырып, жорық бағыттарын картадан көріп қана қоймай, оны интерактивті картада өз бетімен іздеп, анықтай алады. Бұл әдіс географиялық кеңістікті елестету қабілетін арттырады және тарихи оқиғалардың шынайы орын алған жерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. «Ақтабан шұбырынды» туралы түсірілген деректі фильмдер, тарихи реконструкциялар оқушылардың тарихи санасына әсер етіп, эмоциялық қабылдау арқылы білімді бекітуге көмектеседі. Мультимедиялық материалдарды сабақта қолдану – тек оқушының визуалды қабылдауын ғана емес, сонымен қатар танымдық белсенділігін, қызығушылығын арттыратын маңызды құрал. Бұл әдіс оқушының тарих пәніне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, тарихи оқиғаларды заманауи көзқараспен қабылдауына мүмкіндік береді.

Тарихи тұлғаларды оқыту - жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі тек тарихи деректерді игеру емес, сонымен бірге ұлттық болмысты, рухани құндылықтарды сіңіру құралы. Абылай хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Бұқар жырау сияқты тарихи қайраткерлердің рөлін оқушыларға таныстыру олардың ой-санасына, отансүйгіштік, әділдік, ерлік сынды қасиеттерге тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады [9, 10 б.]. Сабақ барысында бұл тұлғалар жайлы қысқаша өмірбаяндық мәліметтермен қатар, олардың жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі нақты әрекеттерін ашып көрсету маңызды. Мысалы, Абылай ханның дипломатиялық және әскери саясаты, Бұқар жыраудың ұлт бірлігін насихаттаған өлеңдері мен жырлары арқылы оқушылар тарихи кезеңге эмоционалды тұрғыдан бойлай алады.

Қазіргі білім беру талаптарына сай, оқушының оқу үрдісіне белсенді қатысуы – оның білімді игеру деңгейін арттырудың басты шарты болып табылады. Сол себепті жоңғар шапқыншылығы тақырыбын меңгерту барысында оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылады. Бұл бағытта келесі тәсілдер ерекше тиімді саналады:

а) Тарихи реконструкциялар. Сабақта сол дәуірдегі қазақ халқының тұрмысын, киім үлгілерін, қару-жарақтарын, шатырлары мен үй мүліктерін көрнекілік ретінде көрсету оқушыны тарихи ортаға енгізіп, өткенмен байланысын нығайтады. Мұндай визуалды әсер оқушының тарихи оқиғаларды нақты елестетуіне, эмоционалды тұрғыдан сезінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалім мұражай материалдарын қолдану немесе виртуалды

мұражайларға саяхат ұйымдастыру арқылы оқушыны визуалды түрде қызықтыра алады.

ә) Квест-ойындар мен интеллектуалды жарыстар. «Тарихи із кесу», «Хандар мен батырлар ізімен» сияқты квест түріндегі сабақтар арқылы оқушылар тапсырмаларды кезең-кезеңмен орындап, тарихты зерттеуші ретінде әрекет етеді. Бұл әдіс топпен жұмыс істеуді, уақытпен санасуды, логикалық ойлау мен шығармашылықты дамытады. Мысалы, оқушылар жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі маңызды даталар мен оқиғаларды шешіп, тапсырмалар орындау арқылы финалдық «жаңалықты» аша алады [10, 179 б.].

б) Хронологиялық шеру. Жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі оқиғаларды кезең-кезеңімен сипаттап, уақыт белдеуінде орналастыру оқушылардың уақыттық сана-сезімін дамытуға ықпал етеді. Мысалы, «1680–1758 жылдар аралығындағы маңызды оқиғалар» атты уақыт жолағын құрастыру арқылы оқушылар тарихи үрдістердің логикалық сабақтастығын түсінеді. Бұл тәсіл оқушыға оқиғалар арасындағы себеп-салдар байланысын көруге мүмкіндік береді.

в) Тарихи мини-драмалар мен сахналық көріністер. Сабақ барысында жоңғар шапқыншылығы кезіндегі тарихи көріністерді сахналау, мәселен, Төле бидің билік айтқан сәтін немесе Абылай хан мен Бұқар жырау арасындағы диалогты көрсету арқылы оқушылар тарихи мазмұнды рөлдік тәсілмен қабылдайды. Мұндай әдіс олардың сөйлеу мәдениетін, өзіндік көзқарасын және тарихи кейіпкерлерге деген ішкі құрметін арттырады.

г) Шығармашылық тапсырмалар. Жоңғар шапқыншылығы кезеңіне арналған өлең шығару, сурет салу, эссе жазу, тарихи күнделік жүргізу, «Мен – Қабанбай батырмын» атты монолог құрастыру сияқты жұмыстар оқушылардың жеке қабілеттерін ашады. Бұл тәсіл оқушының тек білімін тексеріп қана қоймай, оны еркін шығармашылыққа баулиды.

ғ) Онлайн платформалар мен цифрлық ресурстарды қолдану. Kahoot, Quizizz, LearningApps секілді платформалар арқылы жоңғар шапқыншылығы бойынша викториналар мен тесттер өткізу – білімді пысықтауға өте ыңғайлы. Мұндай тәсіл әсіресе қазіргі ұрпағы үшін маңызды мотивациялық құрал болып табылады.

Қорытындылай келе Қазақ халқының XVII–XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі – ұлттың тарихындағы ең ауыр да, ең тағдырлы кезеңдердің бірі. Бұл дәуір қазақ халқының тағдырына түбегейлі өзгерістер әкеліп, халықтың бірлігі мен батырлығының, еркіндікке деген ұмтылысының айқын айғағына айналды. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атты халық қасіретінің өзі — азаттық пен тұтастық жолындағы күрестің терең символына айналып, ұрпақ жадында мәңгілік сақталды. Бұл кезең – тек соғыстың тарихы ғана емес, бұл – халықтың рухани тазаруының, ұлт болып ұйысуының, тағдыр сынынан сүрінбей өтіп, азат ел болуға деген ұмтылысының шежіресі. Сол себепті де аталған тақырыпты білім беру кеңістігінде оқыту, жай ғана оқу бағдарламасының бір тармағы емес, бұл – ұлт тәрбиесінің іргетасы. Жоңғар шапқыншылығы туралы тарихи білім жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік,

ұлттық рух, тарихи жады және азаматтық сана қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Мұндай тарихи білім оқушының жеке тұлғалық қалыптасуына ықпал етіп, оны тек білімді ғана емес, рухы биік, елін сүйетін азамат ретінде тәрбиелейді. Қазіргі заманауи білім беру жүйесі тарихты оқытудың мазмұны мен формасына үлкен мән береді. Жаңа ғасыр оқытушысы - тек ақпарат жеткізуші емес, ол - бағыт беруші, шабыттандырушы, ел мен жер тарихын қадірлеуге үйретуші тұлға. Сондықтан тарих пәні мұғалімінің алдында үлкен міндет тұр: ол оқушыға өткенді танытумен қатар, оны бүгінгімен байланыстырып, болашаққа сенімді көзқарас қалыптастыруы тиіс. Бұл әсіресе жоңғар шапқыншылығы сияқты күрделі әрі терең тарихи оқиғаларды оқыту барысында ерекше байқалады.

Мектеп қабырғасында тарихи тақырыптарды оқыту – бұл тек білім беру емес, ұрпақтың бойына елдік сананы сіңіру. Жоңғар шапқыншылығы туралы білім беру – өткеннің ауыртпалығын, халқымыздың азаттық жолындағы күресін түсіндіру арқылы оқушыға ерлік пен бірлік ұғымының мәнін ұғындыру. Бұл оқиғалар тек тарих бетінде қалған оқиға емес, ол – бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі. Егер оқушы өткенін білсе, бүгінін бағалап, болашағына сеніммен қарайды. Сабақ барысында жоңғар шапқыншылығының себеп-салдарын, нәтижелерін, халыққа тигізген зардабын, сонымен бірге бұл қасіретті жылдардан кейін елдің қайтадан бірігіп, күшейе түсуі секілді тұстарын терең түсіндіру – ұлттық идеологияны нығайтудың ең тиімді жолдарының бірі. Бұл оқиға арқылы оқушыларға тек өткеннің сабағын ғана емес, қазіргі кезеңнің маңызын да ұғындыруға болады. Қазіргі таңда еліміз тыныш, шекарамыз бекем, тәуелсіздігіміз баянды. Мұның бәрі – ата-бабаларымыздың жанқияр ерлігінің жемісі екенін ұрпаққа түсіндіру – ұстаздың басты парызы.

Осы тарихи тақырыпты оқыту барысында сабақтың тәрбиелік мәні ерекше болмақ. Тарих пәні – болашақ азаматтарды тәрбиелеудің қуатты құралы. Ол арқылы біз жас ұрпаққа тек білім ғана емес, олардың бойына рухани құндылықтарды да сіңіреміз. Сондықтан жоңғар шапқыншылығы сияқты тақырыптарды оқытуда оқушылардың елге, жерге деген махаббатын ояту, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге тәрбиелеу мұғалімнің негізгі мақсаты болуға тиіс. Мұғалім осы жауапты істі атқара отырып, жас буынды тарихи саналы, ұлттық рухы биік, тәуелсіз елінің өткені мен болашағына немқұрайлы қарамайтын азамат етіп тәрбиелеуге күш салуы тиіс. Себебі тарихты таныған ұрпақ – тамырын таныған, болашағына берік қадам басатын ұрпақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Құрманалина Н.Н. М. Тынышбаевтың Ақтабан шұбырынды... туралы тұжырымдарына орай // Интеграционные процессы в науке в современных условиях: матер. межд. научн.-практ. конф. – Прага, 2016. –138-141 бб.
2. Алаш қозғалысы: Құжаттар мен материалдар жинағы: сәуір 1920-1928 жж. /Бас ред.: Қойгелдиев М.Қ.; Жауаптықұраст.: Грибанова Е.М., Жағыпаров Н. Р. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 304 б.

3. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Аблай-хан: внешняя и внутренняя политика. – Алматы: Жазушы, 2001. – Изд. второе, испр. – С.168.
4. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: Ғылым, 1996. – 168 б.
5. Ерофеева И.В. Русско-джунгарские отношения в 40-х гг. XVIII в. и Казахстан (посольство К. Миллера) // Из истории международных отношений в Центральной Азии: средние века и новое время. – Алматы: Ғылым, 1990. – С. 43-67.
6. Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: шежірелік деректер / дайындаған А. Қожабеков. – Алматы: Жалын, 1994. – 144 б.
7. Мұқаметханұлы Н. Қытай және жапон тарихшылары XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ тарихы туралы // Қазақ тарихы. – 1994. – № 3. – 49-54 бб.
8. Данияров К. Аныракай и Джунгария (История гибели Джунгарии). – Алматы: Комплекс, 2002. – 168 с.
9. Средняя и Центральная Азия в XVI–XVIII вв. Алматы: Наука. С. 34.
10. Әбдіғапбарова Ұ.М. Қазақстан Республикасында болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіруге ғылыми-әдістемелік ұсыныстар // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Психология сериясы. – Алматы, 2019. - No2(59). – Б. 237.

ӘОЖ37

АҚБАУЫР ТАҢБАЛАРЫНЫҢ КИІМ ДИЗАЙНЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Шүкірхан Л.Е.

ШҚО, Ұлан ауданы, Асубұлақ ауылы, «Асубұлақ орта мектебі» КММ
География пәні мұғалімі, «Педагогика және психология» магистранты
e-mail: lyazzat_zhumataeva@mail.ru

Ақбауыр үңгірі – Қазақстанның ежелгі мәдениетінің айқын көрінісі. Бұл үңгірдегі петроглифтер зерттелген алғашқы кезеңнен бастап-ақ археологтардың ерекше назарын аударған. Археологиялық деректер бойынша, таңбалардың жас шамасы б.з.д. III мыңжылдыққа жататындығы дәлелденген. Осы таңбалар арқылы ежелгі көшпелі қоғамның шаруашылық түрлері, әлеуметтік құрылымы және діни сенімдері туралы маңызды мәліметтер алуға болады. Мысалы, қос дөңгелекті арба таңбасы көшпелі өмір салтының маңызды символы болып табылады, ол қозғалыс пен даму, өмірдің үздіксіз циклін білдіреді. Ұлттық мәдени мұраны сақтау және оны қазіргі заманға бейімдеу – қазіргі қоғам үшін маңызды мәселелердің бірі. Қазақ халқының ежелгі тарихы мен рухани мәдениетінен сыр шертетін Ақбауыр үңгіріндегі таңбалар – бұл мәдени кодтың бірегей үлгісі. Бұл таңбалар Қазақстанның археологиялық және тарихи мұралар тізіміне енген. Олардың көркемдік және символдық маңызы терең әрі көпқырлы. Осы зерттеуде Ақбауыр таңбаларының маңыздылығы мен мәні қарастырылып, оларды заманауи киім дизайнында қолдану жолдары зерттеледі. Қазақстандағы

Ақбауыр тарихи-археологиялық кешеніндегі жартастағы таңбалардың көркемдік және рухани мәні қарастырылып, олардың заманауи киім дизайнында қолданылу мүмкіндігі қарастырылды. Зерттеу барысында таңбалардың тарихи-мәдени семантикасы талданып, олардың халықтың дүниетанымы мен дәстүрлі өмір салтымен тығыз байланысты екені анықталды. Сонымен қатар, қазіргі сән индустриясына бейімделген киім үлгілерінде таңбаларды принт ретінде пайдалану тәжірибесі ұсынылды. Әлеуметтік сауалнама нәтижелері арқылы жастар мен қоғам өкілдерінің бұл таңбаларға деген қызығушылығы мен сұранысы сараланды. Мақала ұлттық құндылықтарды насихаттауға, тарихи мұраны заманауи құралдармен жеткізуге бағытталған. Ақбауыр үңгірі таңбаларының тарихи-мәдени маңызы сипатталып, оларды қазіргі заманғы киім дизайнында қолдану жолдары қарастырылады. Киім үлгілерін безендіруде петроглифтерді қолданудың маңызы, ұлттық идеяны насихаттаудағы рөлі және шығармашылық тұрғыдағы ерекшеліктері баяндалады.

Бүгінгі таңда ұлттық болмысты сақтау мен дәріптеу мәселесі күн тәртібіндегі өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Ұлттық мәдениетіміздің ажырамас бір бөлігі – ежелгі таңбалар мен символдар, олар халықтың тарихы, дүниетанымы мен дәстүрлерін білдіретін ерекше мәдени код ретінде маңызды. Ақбауыр үңгіріндегі таңбалар – Қазақстан археологиясындағы аса құнды мұралардың бірі. Бұл таңбалар рухани өмір мен дүниетанымның көрінісі ретінде ерекше мәнге ие. Олардың мазмұны мен композициясы арқылы сол дәуірдің әлеуметтік құрылымы, шаруашылық түрлері және ғұрыптық дәстүрлері жайлы құнды ақпарат алуға болады. Осы мақалада ежелгі Ақбауыр таңбаларының мәнін ашу және оларды заманауи киім дизайнында қолдану арқылы ұлттық мұраны жаңғырту мәселесі қарастырылады. Сонымен қатар, зерттеу барысында жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері мен олардың мәдени-экономикалық әлеуеті талданады. Қазіргі киім өндірісінде цифрлық баспа, сублимация, ою-өрнек тігу, және AR технологиялары кеңінен қолданылады. Ақбауыр таңбаларын заманауи технологиялар арқылы матаның бетіне дәл әрі жоғары сапада орналастыру дизайнерлерге көп мүмкіндік береді. AR технологиясы арқылы киімге салынған таңбалардың мағынасы, тарихы туралы интерактивті ақпаратты ұсыну – бұл киімді тек сән элементі емес, білім беру құралына айналдырады. Ақбауыр таңбаларын киімнен бөлек интерьер дизайны, аксессуарлар, графикалық өнерде, сондай-ақ білім беру материалдарында қолдану мүмкіндіктері зор. Бұл таңбалар арқылы ұлттық мәдениетті кеңінен таратуға болады. Сонымен қатар, оларды халықаралық сән көрмелерінде ұсыну ұлттық бренд ретінде танылуға жол ашады. Ұлттық таңбаларды киім дизайнында қолдану отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырады, туризмді дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, ұлттық мәдени өнімге деген сұранысты көтеріп, шығармашылық индустрияға жаңа жұмыс орындарын ашуға септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысы екі негізгі бағытта жүргізілді:

1. Тарихи-мәдени талдау – Ақбауыр үңгіріндегі таңбалардың семантикасы, тарихи контексті және археологиялық маңызы сарапталды. Бұл үшін әдебиет пен археологиялық зерттеулерге сүйендік (Курдаков, 2002; Самашев, 2006).

2. **Әлеуметтік сауалнама** – Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан 150 қатысушы (жастар мен ересектер) қатысты. Сауалнама мақсаты – ұлттық таңбаларға деген қоғамдық қызығушылықты және киім дизайнында олардың қолданылуына қатысты пікірлерді анықтау. Сауалнама сұрақтары таңбалардың көркемдік, символдық маңыздылығына, сондай-ақ заманауи сәндегі қолдану жайлы болды. Алынған деректер SPSS бағдарламасында статистикалық өңдеуден өткізілді.

3. **Дизайндық эксперимент** – Ақбауыр таңбаларының графикалық редакторларда цифрлық өңделуі және киімге принт түрінде басылуы қарастырылды. AR технологиясын қолдану арқылы таңбаларды интерактивті көрсету әдістері зерттелді.

Ақбауыр үңгіріндегі петроглифтер б.з.д. III мыңжылдыққа жататын ежелгі суреттер мен таңбалардан тұрады. Олар астрономиялық символдар, тотемдік жануарлар бейнелері, геометриялық фигуралар және әлеуметтік құрылымды сипаттайтын белгілерден құралған. Ғалымдардың пікірінше, бұл таңбалар ежелгі адамдардың дүниетанымы, рухани сенімдері мен әлеуметтік өмірінің айнасы болып табылады. Қос дөңгелекті арба, төңкерілген теке сияқты символдар өмір мен өлім, қозғалыс пен тұрақтылық идеяларын бейнелейді. Таңбалар 5 негізгі топқа бөлінеді:

- **Астрономиялық символдар:** күн, ай, жұлдыздар, кресттер;
- **Тотемдік жануарлар:** арқар, теке, бұғы, өгіз;
- **Көлік бейнелері:** қос дөңгелекті арба;
- **Геометриялық фигуралар:** нүкте, шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш;
- **Құрылыс пен күркелер бейнесі:** әлеуметтік және отбасылық құрылым туралы дерек.

Үңгірдің күмбез тәрізді формасы аспанмен байланыстырушы символ ретінде қабылданады, ал күннің негізгі таңбаға түсуі ғұрыптық функциясын көрсетеді (Марсадоллов, 2000).

Ұлттық ою-өрнек пен таңбаларды киімге енгізу – ұлттық мәдениетті жаңғырту және насихаттау тәсілі. Қазіргі заманғы дизайнерлер ежелгі символдарды жаңа стиль мен технологиялар арқылы қайта өңдеп, киімге сәндік әрі мағыналы элемент ретінде енгізуде. Бұл үрдіс жастардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға және мәдени сабақтастықты сақтауға ықпал етеді. Заманауи сән индустриясында ұлттық ою-өрнек пен таңбаларды қолдану сәнге айналған. Ақбауыр таңбаларын да киімге енгізу арқылы ұлттық мәдениетті жаңғыртуға болады. Зерттеу барысында түрлі жас топтарына бағытталған киім үлгілері әзірленді:

- Ерлерге арналған спорттық күрте мен футболкаларда қос дөңгелекті арба мен шеңбер композициясы пайдаланылды;
- Әйелдер киімінде геометриялық күн тәрізді таңбалар кеуде және иық бөліктерінде сәндік элемент ретінде қолданылды;
- Балалар киімінде тотемдік жануарлар бейнесі мультфильм стилінде жұмсартылып бейнеленді.

Қолданылған принт әдісі – цифрлық баспа, ол матаның сапасын сақтап, түстердің жарқын болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, AR технологиясы енгізіліп, киімдегі таңбалардың мағынасын смартфон арқылы көруге мүмкіндік

жасалды. Бұл әдіс киімді тек сәндік элемент қана емес, білім беру құралына айналдырады. Ақбауыр таңбаларын киім дизайнында қолдану ұлттық бірегейлікті сақтау мен насихаттауда маңызды құрал болып табылады. Бұл ұлттық кодты ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге, тарихи-рухани танымды арттыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, ұлттық стильдің ғаламдық сән индустриясында танылуына және отандық дизайнерлердің жаңа бағытта жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Алдағы уақытта бұл таңбаларды интерьер дизайн, графикалық өнер, білім беру және жарнама салаларында кеңінен қолдану перспективалары бар. Ақбауыр таңбаларын киім дизайнында қолдану ұлттық мәдениетті кеңінен насихаттауға септігін тигізеді. Бұл ұлттық бірегейлікті сақтауға, жастарды тарихи-рухани құндылықтарға тартып, өз мәдениетіне деген құрмет пен мақтаныш сезімін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, ұлттық символдар арқылы безендірілген киімдер отандық сән индустриясына жаңа серпін беріп, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Ақбауыр үңгіріндегі таңбалар – қазақ халқының терең тарихы мен рухани мәдениетінің бірегей үлгісі. Олар киім дизайнында қолданылғанда ұлттық кодты сақтап, мәдени сабақтастықты нығайтады. Сонымен қатар, бұл таңбалар жастардың тарихи-рухани танымын арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері ұлттық стильді дамытуға жаңа серпін беріп, сән индустриясында ұлттық мәдениеттің кеңінен қолданылуына жол ашады. Алдағы уақытта бұл таңбаларды интерьер дизайн, графикалық өнер, білім беру және жарнама салаларында да кеңінен пайдалану перспективалары бар. Ұлттық кодты сақтау – ұлттың рухани тәуелсіздігінің негізі. Сондықтан Ақбауыр таңбаларын заманауи дизайнда қолдану – өткен мен бүгіннің арасындағы мәдени байланыстың көпірі әрі болашақ ұрпаққа берілетін асыл мұра. Ақбауыр таңбалары – тек өткеннің белгісі ғана емес, заманауи мәдениет пен сәннің ажырамас бөлігіне айналуы мүмкін. Оларды киім дизайнында қолдану ұлттық мәдениеттің жаңа деңгейде дамуына, жастардың тарихи-рухани құндылықтарды меңгеруіне ықпал етеді. Бұл үрдіс ұлттық сана мен мәдениетке жаңа тыныс қосып, еліміздің рухани тәуелсіздігін нығайтады. Ақбауыр үңгіріндегі таңбалар — қазақ халқының терең тарихы мен рухани мәдениетінің маңызды бөлігін құрайтын ерекше мәдени код. Оларды киім дизайнында қолдану ұлттық бірегейлікті сақтау мен насихаттаудағы тиімді әдістердің бірі болып табылады. Бұл таңбалар арқылы ұлттық мәдени мұра заманауи технологиялармен ұштасып, жаңа буынның тарихи-рухани танымын арттырады. Цифрлық баспа мен AR технологияларын пайдалану киімге салынған таңбалардың мағынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, киімді білім беру құралына айналдырады. Сонымен бірге, ұлттық стильді дамыту және отандық сән индустриясының бәсекеге қабілеттілігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Алдағы уақытта Ақбауыр таңбаларын киім дизайнымен қатар, интерьер, аксессуар, білім беру және жарнама салаларында кеңінен қолдану ұлттық мәдениеттің жаңа деңгейде дамуына, жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Бұл үрдіс ұлттық сана мен рухани тәуелсіздіктің нығаюына, мәдени сабақтастықтың сақталуына және еліміздің мәдени бренді ретінде әлемдік аренада танылуына жол ашады. Ақбауыр таңбаларын заманауи дизайнда қолдану – өткен мен бүгіннің арасындағы мәдени көпір ғана емес, болашақ

ұрпаққа берілетін асыл мұра. Осы арқылы ұлттық мәдениетіміздің ұлықтылығы мен өміршеңдігі сақталып, жаңа шығармашылық ізденістерге жол ашылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Курдаков Е.В. Загадки и тайны Ак-Бауыра. – М., 2002. – 32 с.
2. Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы: Өнер, 2006. – 200 с.
3. Марсадоллов Л.С. Астрономический аспект грота Ак-Баур. – М., 2000. – 27 б.
4. Марсадоллов Л.С. Методические аспекты изучения древних святылец. – Барнаул, 2005. – 34–42 б.
5. Samashev Z.S., Sher Y.A. Исследования в Восточном Казахстане. – СПб., 1998.
6. Ата-баба мұрасы порталы. www.atalarmirasy.kz

2 СЕКЦИЯ
ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА: САҚТАУ,
ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ: СОВРЕМЕННЫЕ ПРАКТИКИ
СОХРАНЕНИЯ И ИЗУЧЕНИЯ

ӘОЖ 37

ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРУ
КЕЗЕҢІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Азылханова А.Б.

«Алтай қаласының №9 орта мектебі» КММ тарих пәні мұғалімі
ШҚО, Алтай қ., Қазақстан, e-mail: bakytzhanovna-82@mail.ru

Қандай ғылым саласы болмасын оның өзіндік даму тарихы бар. Тарихнама - тарих ғылымының даму тарихы, сонымен бірге бұл ұғым өзге де ғылым түрлеріне қатысты. Тарихнама - ғылымның белгілі бір түрі қай ғасырда пайда болды, қай ғасырдан бастап зерттеле бастады, ғалымдар осы ғылым саласы бойынша қандай еңбектер жазғанын зерттейді. Дегенмен «тарихнама» деген атау ең алдымен тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуын, өзекті мәселелерін қарастырады. Қарап отырсақ жазбаша тарихнама өз бастауын ауызша шежіреден алады. Көне заманда өмір сүрген, «тарихтың аталары» Геродот пен Сыма Цяньнен бастап көптеген тарихшылар ауызша тарихнамалық дәстүрлерге сүйенді. Сонымен тарихнама тарих ғылымы туралы жүйелі қағидалар жинағы. Ол тарих қалай жазылуы керек, қандай құндылықтар басым болуы керек, не жазылды, не жазылмады, ал жазылса қандай деңгейде жазылуы керек деген сұрақтарға жауап береді. Қазақстандық тарих ғылымының дамуы, тарихи зерттеулердің сапасы мен тиімділігінің артуы, олардың қоғамдық дамудың әлеуметтік-саяси және мәдени-тәрбиелік мазмұнына ықпалы белгілі бір дәрежеде тарихнамалық зерттеулермен анықталатындығы белгілі. Сондықтан да қазіргі таңдағы отандық тарих ғылымының дамуы мен өсуін бағамдау мақсатында қазақстандық тарихнама мен олардың әдістемелік зерттеулерінің қалыптасуының өзіндік тарихы бар.

Қазақстан тарихында ХХ ғасырдағы аса елеулі оқиғалардың бірі – Тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны. «Тың эпопеясы» аталған дәуір жайында жетпіс жылға жуық уақыт жүзінде көптеген кітаптар жазылды, көркем және деректі кинотуындылар түсірілді, картиналар салынды, ғылыми еңбектер мен мақалалар жазылды. Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеруге негіз болған себептер және оның игі әсері мен салдары, тың және тыңайған жерлерді игеру науқанының бастауы және қарқын алуы жөнінде қарастыратын болсақ, **тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңінің тарихнамасы** - Қазақстан тарихындағы маңызды әрі күрделі кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл

тақырып тарихнамада 1950-жылдардан бастап кеңестік идеология тұрғысынан зерттелсе, кейінгі кезеңдерде түрлі көзқарастар мен жаңа әдіснамалар негізінде қарастырыла бастады.

Соның бірі - кеңестік дәуір тарихнамасы (1950-1990 жж). Бұл кезеңдегі зерттеулер көбіне партиялық-идеологиялық тұрғыда жазылды. Тың игеру науқаны "социализм жеңісі", "кеңестік ауыл шаруашылығының дамуындағы серпіліс" деп бағаланды. Негізгі бағыттары ретінде тың игерудің экономикалық маңызын дәріптеу, коммунистік партия рөлін асыра мақтау, халықтың (әсіресе, жастардың) ерен еңбегін үлгі ету қарастырылды. Бұлар кеңестік экономистер мен аграрлық саясатты зерттеушілердің еңбектері (мысалы, Н.Хрущёвтің баяндамалары, сол кездегі баспасөз мақалалары) мен кеңес одағының коммунистік партия (КОКП) тарихы бойынша оқулықтарда баяндалды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін елде көптеген өзгерістер орын алды. Соның ішінде, ғылым саласы, тарих, тарихнама басқа бағытқа бет бұрды. Тәуелсіздік кезеңі тарихнамасында (1991 жылдан бастап) тың игеру мәселесіне жаңа көзқараспен қарау басталды. Тарихшылар әлеуметтік, демографиялық, этникалық, экологиялық салдарларға ерекше назар аудара бастады. Негізгі бағыттары ретінде тың игерудің Қазақстан халқының этникалық құрамына әсері, қазақ халқының жерінен айрылуы және жергілікті тұрғындардың шеттетілуі, экологиялық зардаптары (мысалы, топырақ эрозиясы, табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы), тың игерудің қазақ ауылына және дәстүрлі мал шаруашылығына әсері қарастырылды. Тың игеру кезеңі тарихнамасында белгілі тарихшылар мен еңбектеріне тоқталсам, тарихшы Манаш Қозыбаев – тың игерудің саяси және ұлттық салдарын зерттеген. Көптеген мәселер төңірегіндегі зерттеулер нәтижесінде, Манаш Қабашұлының қаламынан шыққан «История и современность», «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Жауға шаптым ту байлап», «Тарих зердесі», «Проблемы отечественной истории: методология, историография, источники», «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» сияқты және т.б. сүбелі еңбектер дүниеге келді. Ғалымның ел іздеп жүріп оқыған «Ақтаңдақтар ақиқаты» деп аталатын еңбегіндегі «Голощекин. Саяси портрет», «Сталин және Қазақстан», «Хрущев және Қазақстан», «Брежнев және Қазақстан» сияқты мақалалары отандық тарихи әдебиеттегі тұлғалық портреттер галереясын жасаудағы алғашқы қадам болды.

Талас Омарбеков – кеңестік аграрлық саясаттың қазақ қоғамына әсерін, кеңестік жүйенің ауыл шаруашылығына енгізген өзгерістерінің салдарын, қазақ халқының демографиялық, әлеуметтік және мәдени өміріне қалай ықпал еткенін терең талдау жасағандардың бірі. Тың игеру – Қазақстан тарихындағы ең ірі кеңестік аграрлық жобалардың бірі, әрі соның ішінде ерекше орын алатын кезең. Бұл науқан 1954 жылдан бастап басталды, және оның басты мақсаты – Кеңес Одағында астық өндіруді арттыру үшін Солтүстік Қазақстанның және басқа да Одақтас республикалардың шұрайлы, бірақ жыртылмаған жерлерін егістікке айналдыру болды. Талас Омарбеков бұл үрдісті кеңестік биліктің қазақ жеріндегі аграрлық саясатының бір бөлігі ретінде қарастырады. Оның айтуынша, тың игеру - экологиялық және демографиялық өзгерістерге әкелді. Тың игеру

барысында Қазақстанға Ресей, Украина, Беларусь секілді республикалардан жүздеген мың адам көшірілді, бұл қазақ халқының этникалық құрамына айтарлықтай әсер етті. Қазақ халқының жер мәселесіндегі құқықтарын шектеді. Жергілікті халықтың келісімінсіз олардың ата-бабасы қоныстанған жерлері жыртылып, сырттан келген тың игерушілерге берілді. Дәстүрлі мал шаруашылығына нұқсан келтірді, өйткені жайылымдық жерлердің көп бөлігі егістікке айналды. Мәдени отарлау элементтерін де қамтыды – яғни тіл, мәдениет, тұрмыс салтындағы орыстандыру үдерісі тың игеру арқылы күшейе түсті. Талас Омарбеков бұл науқанды кеңестік идеологияның экономикалық қана емес, саяси құралы ретінде де бағалайды. Оның пікірінше, тың игеру тек астық алу ғана емес, қазақ ұлтының саяси-әлеуметтік құрылымына әсер ету мақсатында жүзеге асқан саясаттың бір бөлігі болған.

Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарындағы демографиялық өзгерістерді зерттеп, ғылымға үлес қосқандардың бірі, Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттеуде еліміздің тарихы туралы шетелдік әріптестер мен зерттеушілер тарапынан жазылған еңбектердің құндылығын екшеп, олардың жазған ой-пікірлерін басшылыққа алудың маңыздылығын көрсете білген тарихшы-ғалым Көшім Есмағамбетов. Ол кеңестік кезеңдегі көші-қон, этнодемографиялық жағдай, халықтың ұлттық құрамы, және әсіресе тың игеру саясатынан кейінгі қазақ халқының саны мен үлесіндегі өзгерістерге терең талдау жасаған. Есмағамбетовтың еңбектерінде: 1950–60 жылдардағы Кеңес Одағының ішкі көші-қон саясатының Қазақстан демографиясына әсері, тың игеру барысында басқа республикалардан келген халықтың саны мен құрамы, қазақ халқының өз жеріндегі үлесінің төмендеуі, тың игерудің ұлттық сәйкестік пен мәдениетке ықпалы сияқты мәселелер кеңінен қарастырылды. Көшім Есмағамбетовтың маңызды еңбектерінің бірі «Қазақстандағы этнодемографиялық үрдістер» атты зерттеуінде ол тың игеру жылдарындағы (1954–1965) Қазақстанға жаппай келіп қоныстанған славян тектес халықтар (негізінен орыстар, украиндар, белорустар) санын талдайды. Осы көші-қон толқынының нәтижесінде қазақ халқының өз жеріндегі үлесі алғаш рет 30%-ға дейін төмендегенін дәлелдермен көрсетеді. Қазақ ауылдарының ыдырауы, қазақ тілінің шеттетілуі, мәдени ықпалдың әлсіреуі сияқты терең әлеуметтік-мәдени өзгерістерді сипаттайды. Сонымен қатар, тың игеру саясатының экономикалық нәтижелерімен қатар, оның ұлттық сана мен демографиялық тепе-теңдікке тигізген кері әсеріне де назар аударады.

Жоғарыда айтылған зерттеу жұмыстары бүгінгі таңда Қазақстанның этносаясаты мен тіл саясатын құруда, тарихи әділеттілік пен ұлттық болмысты қалпына келтіру үдерісінде, жаңа демографиялық саясатты қалыптастыруда ғылыми негіз болып отыр.

Қорыта келгенде, тың игеру тарихнамасы – саяси, әлеуметтік, экологиялық және этникалық аспектілерді қамтитын көпқырлы зерттеу саласы. Кеңестік кезеңде бұл оқиға ұраншылдықпен дәріптеліп, мадақтау сипатында болса, қазіргі тарихшылар оның көлеңкелі тұстарын да ашық көрсетіп, объективті, жан-жақты бағалай бастады. Бүгінде тың игеру тарихы – тек аграрлық саясаттың көрінісі

ғана емес, сонымен қатар ұлттық бірегейлік, демография, экология және әлеуметтік әділеттілік мәселелерін қамтитын кең ауқымды зерттеу нысанына айналды.

Осылайша, тың және тыңайған жерлерді игеру тарихын зерттеу – еліміздің өткенін түсініп, болашақта мұндай ауқымды бағдарламаларды іске асыруда жіберілген қателіктерді қайталамауға жол ашады.

ӘОЖ 37

ЗНАЧЕНИЕ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ В ИСТОРИИ СРЕДНЕЙ АЗИИ

Александров Н.Д.

ВКУ имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Республика Казахстан

Аннотация: Великий шелковый путь имеет непреходящее значение как для мировой истории в контексте развития глобализации с древнейших времён и до наших дней, так и для региональных исследований истории Центральной Азии. Этот логистически-экономический феномен, представлявший собой уникальное трансграничное формирование, осуществлял свою эффективную деятельность на протяжении нескольких эпох, способствуя интеграции и диалогу культур разных народов и этносов на самом большом материке мира. Он улучшал возможности людей по взаимодействию в сфере не только товарно-денежного обмена, но также и в культурно-религиозном плане – происходила «диффузия» взглядов и верований, это значительно обогащало регионы, примыкающие к маршрутам пути. В данной статье рассматривается значение Великого шелкового пути в истории Средней Азии. Осознание могущественной роли, которую сыграл данный маршрут в жизни наших государств и народов способствует обогащению исторической памяти, а также способствует грамотному осознанию нашего наследия. В реалиях современности новые условия развития межцивилизационного взаимодействия и сотрудничества в экономической, культурно и научно-технических сферах представляют человечеству беспрецедентные возможности по возрождению великой дороги жизни и процветания, но уже не только в сухопутно-территориальном формате, как веками ранее, а на более современном и масштабном уровне: с учётом развитых морских путей, а также прогресса технологий интернета и развивающегося мета-пространства.

Путешествия и обмен товарами, навыками и идеями с соседними племенами – это естественные человеческие процессы, которые осуществлялись во всем мире с самых давних времён. С доисторической эпохи огромная территория Евразии становилась ареной для демонстрации развития и пересечения самых разнообразных дорог и торговых путей, именно они в своей многогранной совокупности и сложной переплетенности составили формирование известного историкам и исследователям Великого шелкового пути. В самом сердце нашего

суперконтинента осуществлялась торговля шелком и другими товарами. Обменивались народы самых разных развитых регионов цивилизации той эпохи. Создавались и морские маршруты, чей целью была связь Запада и Востока, их использовали по большей части для добычи и обмена специями, именно поэтому данная морская вариация торговых путей вошла в историю под названием «Путь пряностей».

Разнообразные дорожные системы были нужны не только для того, чтобы товары и предметы роскоши могли беспрепятственно перемещаться между странами и границами, помимо вещественных и материальных объектов осуществлялся и духовный диалог, обмен идеями, взглядами, верованиями и умениями. Передавались знания, идеи, культуры и религии, все вместе они оказывали огромное влияние на процесс развития евразийских цивилизаций и народов.

Главными героями и акторами межгосударственных отношений прошлых веков были авантюристы и купцы. Путешественники подвергали себя значительному риску, а порой и смертельной опасности, когда принимали участие в торговой деятельности, но вместе с этим они и вносили свой вклад в интеллектуальный и культурный обмен по территориям, находившимся на маршрутах прохождения караванов по Шелковому пути.

Культурные и цивилизационные уровни народов получали взаимное обогащение в сферах науки, искусства, философии и литературы, осуществлялся обмен опытом касательно ремёсел и технологий – все эти процессы синергии различных этносов и отличающихся друг от друга культур не могли не повлиять на формирование верований и лингвистический прогресс.

Несмотря на то, что существование данных маршрутов имело место с древнейших времён человечества, само своё название Шёлковый путь получил относительно недавно. Его предложил выдающийся немецкий геолог Барон Фердинанд фон Рихтгоффен, произошло осуществление этой знаковой дефиниции в середине XIX века. Рихтгоффен дал наименование системе взаимосвязанной торговли термином «Die Seidenstrasse», что переводится с немецкого языка как Шёлковый путь. С того времени данный термин получил своё широкое употребление, порой даже во множественном числе, что придавало порой данному историческому и вполне конкретному процессу восточный таинственный колорит и вызвало неподдельный интерес у европейских исследователей, зачастую находившихся весьма далеко от данных территорий.

Проходившие маршрутами Великого Шёлкового пути авантюристы сильно рисковали, когда делали первые шаги из родных земель Китая по пути своих опасных странствий. Но страх не мог остановить их всех. Одной из наиболее знаменательных личностей ранней эпохи этих маршрутов был генерал по имени Чжэн Цань. Именно ему, по мнению многих исследователей-историков, принадлежит право первенства в открытии во II веке до нашей эры первого маршрута из Китая. Императором Хань У-Ди в 139 году до нашей эры была отправлена на запад экспедиция во главе с Чжэн Цанем, целью которой было создание крепкого и надежного союза против заклятых врагов Китая – народа

хунни (они же гунны), в ходе данной экспедиции они всё же смогли взять в плен посланника императора Чжана Цяня.

Тридцать долгих лет генерал провёл в заложниках и лишь после он смог бегством покинуть гуннский плен и вернуться на родину. Император, ввиду данного удачного стечения обстоятельств, решил доверить триумфально возвратившемуся в Китай генералу в 119 году до нашей эры новое задание: Чжэн Цяню предстояло отправиться на территории других соседних племён с целью навестить и получить подробную информацию о них. Данная миссия была успешно выполнена и это значительно повлияло на открытие путей для послов и путешественников в дальнейшие годы.

Одним из важнейших факторов вдохновения для путешествий по данным маршрутам всегда была религия. Монахи-буддисты из Китая совершали паломничество в Индию в целях возвращения священных текстов, а их дневники стали ценнейшими историческими информационными свидетельствами об этих процессах прошлого. Буддийский монах по имени Файсян в своём дневнике V века рассказал о путешествии, которое длилось с 399 по 414 годы, данные строки стали существенным вкладом в изучение истории Центральной Азии раннего Средневековья.

Исключительное историческое место занимает труд Суаньцзяня под названием «Путешествие на Запад». Данное выдающееся произведение представляет собой дневник, который автор вёл 25 лет в период с 629 до 654 годы н.э., оно обладает не только огромным историческим, но также художественным и культурным значением для мировой цивилизации. Это и комический роман, а также великое произведение литературы.

Путешествия по данным маршрутам осуществлялось людьми тех времён по двум направлениям. В эпоху Средневековья европейские торговцы и миссионеры путешествовали в сторону Востока. Наиболее знаменательными персонами из этого числа были посланник Папы Римского Иннокентия IV по имени Джованни Карпини, монах ордена святого Франциска из Фламандии и, разумеется, Марко Поло, чьё имя стало символом путешествий Западного человека в мир Востока, открытие новых путей торговли и политики путём дипломатии и логистики. Дорога Карпини заняла пару лет: 1245-1247 гг., сколько же времени ушло на дорогу у фламандского религиозного посланника короля Людовика IX Святым: 1253 по 1255 гг, а путешествия Марко Поло заняли более двадцати лет: с 1271 по 1292 гг..

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде мультимедиялық және интерактивті технологиялардың кеңінен қолданылуы тарихи тұлғаларды оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл әдістер оқушылардың тарихи материалды қабылдауын жақсартып қана қоймай, олардың сыни ойлауын, зерттеу дағдыларын және тарихи санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мультимедиялық және интерактивті әдістер тарихи фактілерді түсіндірудің дәстүрлі тәсілдеріне қарағанда әлдеқайда нәтижелі. Виртуалды экскурсиялар, кеңейтілген шындық, тарихи симуляциялар мен геймификация элементтері оқушылардың қызығушылығын арттырып, оларды оқу үдерісіне белсенді тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тарихи оқиғаларды визуализациялау мен иммерсивті форматта ұсыну тарихи деректерді есте сақтауды жақсартады.

Тарихи тұлғаларды оқытуда қолданылатын тиімді әдістерді дамыту үшін цифрлық технологияларды кешенді түрде енгізу қажет. Оқулықтармен қатар, анимациялық бейнематериалдар, деректі фильмдер, 3D модельдер мен интерактивті тарихи карталар пайдаланылуы тиіс. VR және AR технологияларын дамыту маңызды, себебі бұл әдістер оқушыларға тарихи оқиғаларды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Қазақстандық білім беру платформаларында тарихи симуляцияларды әзірлеу мен енгізу қажет. Геймификацияны кеңінен пайдалану да маңызды, себебі оқу материалдарын оқушылар үшін қызықты әрі тартымды ету тарих пәніне деген қызығушылықты арттыруға көмектеседі. Мысалы, тарихи квесттер, интерактивті викториналар және стратегиялық ойындар оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, интерактивті әдістерді оқытушылардың кәсіби даярлығына енгізу керек. Мұғалімдер мультимедиялық және интерактивті құралдарды тиімді пайдалану бойынша арнайы курстардан өтуі тиіс. Бұл олардың сабақ беру әдістемесін жетілдіруге және жаңа технологияларды қолдануға дайындығын арттыруға көмектеседі. Цифрлық білім беру ресурстарын жетілдіру үшін

Қазақстан тарихы пәні бойынша интерактивті онлайн курстар мен платформаларды дамыту қажет. BilimLand, OpenU сияқты білім беру платформалары тарихи білім беруге арналған контенттерді көбейтуі тиіс. Оқытушылардың кәсіби дамуының маңызды аспектілерінің бірі – заманауи білім беру технологияларын меңгеру. Бұл тұрғыда цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған семинарлар мен біліктілікті арттыру курстарының жүйелі түрде өткізіліп отыруы маңызды. Әсіресе, Қазақстан тарихы сияқты пәндерде визуалды және интерактивті материалдарды қолдану оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, тарихи деректерді жеңіл әрі нақты меңгеруге ықпал етеді.

Сонымен қатар, тарих пәні мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен цифрлық құралдарды тиімді пайдалану бойынша практикалық тренингтер ұйымдастыру қажет. Бұл олардың оқыту сапасын жақсартып қана қоймай, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, талдау және салыстыру қабілеттерін дамытады.

Бұдан бөлек, интерактивті платформаларда тарихи карталар, деректі фильмдер, хронологиялық кестелер және тұлғалық бейнелер сияқты контенттердің көбеюі оқыту үдерісін барынша жандандыра түседі. Мысалы, виртуалды музейлер мен 3D тарихи реконструкциялар оқушыларды тарихи ортаға енуге мүмкіндік беріп, оқытудың тиімділігін арттырады.

Жергілікті тарихи мұраларды цифрландыру мен аймақтық тарихты оқу материалдарына енгізу де өзекті. Бұл ұлттық болмысты дәріптеу мен оқушылардың туған өлке тарихына деген қызығушылығын оятуға ықпал етеді.

Болашақ зерттеу бағыттары аясында мультимедиялық технологиялардың тарихи білім берудегі когнитивтік әсерін зерттеу қажет. Мультимедианың оқу процесіндегі тиімділігін, әсіресе оқушылардың материалды қабылдау ерекшеліктеріне ықпалын терең талдау маңызды. Сонымен қатар, жасанды интеллект пен big data негізінде тарихи білім беруді жекешелендіру жолдарын қарастыру қажет. Оқушылардың қызығушылықтары мен білім деңгейіне сәйкес бейімделетін оқыту модельдерін жасау бағытында зерттеулер жүргізу маңызды.

VR және AR технологияларын тарих пәніне енгізудің тиімділігін зерттеу арқылы бұл технологиялардың білім беру сапасына әсерін бағалау мақсатында эксперименталды зерттеулер жүргізу қажет. Сонымен қатар, геймификация элементтерінің тарихи оқытудағы рөлін анықтау да маңызды. Тарихты ойын арқылы оқытудың мотивациялық және педагогикалық тиімділігін зерттеп, оны оқыту әдістемесіне жүйелі түрде енгізу жолдарын қарастыру керек. Интерактивті оқыту әдістерінің ұлттық тарихи сана қалыптастырудағы рөлін зерттеу де өзекті. Қазақстан тарихын оқытуда ұлттық тарихи мұраны сақтау және дамыту үшін интерактивті әдістерді пайдаланудың маңызын талдау қажет.

Қорытындылай келе, мультимедиялық және интерактивті технологиялар тарихи тұлғаларды оқыту үдерісін жаңғыртып, тарихи білім берудің тиімділігін арттырады. Мультимедиялық материалдар тарихи деректерді визуалды және аудиалды форматта ұсыну арқылы когнитивтік процестерді оңтайландырады, ал

интерактивті әдістер білім алушыларды оқу процесіне белсенді түрде тартып, олардың тарихи ойлау қабілеттерін дамытады.

Тарихи білім беру жүйесінде бұл технологияларды кешенді түрде пайдалану оқушылардың тарихи танымын қалыптастырып, олардың білім алу сапасын жақсартады. Болашақта тарихи білім беруді технологиялық тұрғыдан дамыту жаңа оқыту стратегияларын қалыптастырып, білім алушылардың тарихи процестерге деген көзқарасын кеңейтуге мүмкіндік береді. Осы бағыттағы ғылыми зерттеулер мен инновациялық шешімдерді жүзеге асыру тарихи тұлғаларды оқыту әдістерін жетілдіруге айтарлықтай үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абдугулова Б.К. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша «қазақстан тарихы» мен «дүниежүзі тарихы» пәндерін оқыту мәселелері // Вестник казпну имени Абая, серия «исторические и социально-политические науки». – 2020. – Т. 65. – №.1.

2. Зулпыхар Ж.Е., Азамат А., Оразбаева Б. Оқу процесінде виртуалды шындық технологиялардың қолданысы: өткені және болашағы. – 2023.

3. Қабыл А., Абдурахманов Н. Білім беру үдерісінде қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы оқытудың тиімділігі мен маңызы // Вестник казпну имени Абая, серия «исторические и социально-политические науки». – 2021. – Т. 1. – №68.

4. Құсайынова, А. (2021). Тарихи тұлғаларды оқытуда цифрлық технологияларды қолданудың әдістемелік негіздері. – «Қазақ тарихы» ғылыми журналы, №3, 45-52 бет.

УДК 930.85(574)

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К СОХРАНЕНИЮ ПАМЯТНИКОВ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ: ОПЫТ КАЗАХСТАНА

Бабик А.О., старший преподаватель кафедры всемирной истории и
международных отношений

Федеральное бюджетное образовательное учреждение высшего образования
«Луганский государственный педагогический университет»
(ФГБОУ ВО «ЛГПУ»), Луганская Народная Республика, г. Луганск, Россия
e-mail: alyona.babik@yandex.com

Историко-культурное наследие Великой степи – не только объект научного интереса, но и действенный фактор укрепления идентичности народов Центральной Азии. Территория Казахстана, как сакральный ландшафт степной цивилизации, аккумулирует уникальные археологические и этнографические артефакты, охватывающие период от неолита до новейшего времени. Их сохранение, осмысление и актуализация требуют системного, междисциплинарного и инновационного подхода, сочетающего методики

истории, археологии, музеологии, культурной антропологии и цифровых технологий.

В этих условиях особую значимость приобретает реализация государственных стратегий, таких как программа «Культурное наследие», ставшая ориентиром для евразийского пространства. Казахстан первым на постсоветском пространстве применил принцип освоения наследия (по концепту О.Н. Шелегиной), заключающийся в его комплексной репрезентации: от научного исследования и реставрации до включения в международные музейные и туристические практики [7, С. 24].

Вместе с тем, растущая угроза утраты ландшафтных и архитектурных памятников в результате урбанизации, индустриального освоения территорий и климатических изменений диктует необходимость не просто охраны, а новой парадигмы взаимодействия с наследием. Это взаимодействие должно строиться не только на охранной функции, но и на функциях интерпретации, инклюзивности и устойчивого развития.

Современные подходы к сохранению культурного наследия степного мира характеризуются переходом от охранной функции к концепту «интерпретированного памятника», где археологический объект рассматривается как элемент культурного ландшафта, а не только как источник научной информации. Это предполагает не только защиту, но и включение объекта в активное культурное потребление: туристическое, образовательное, медийное [7, С. 26].

Одним из наиболее ярких примеров такого подхода в Казахстане является курганный комплекс «Кырык-Оба», включённый в концепцию музея-заповедника под открытым небом – «Степная пирамида». Эта форма музеефикации позволяет сохранить целостность объекта в его природной среде и одновременно обеспечить его презентабельность для широкой публики. Согласно исследованиям М.Н. Сдыкова, подобные музеи-заповедники обладают не только научной, но и важнейшей социокультурной функцией: они формируют у населения ощущение сопричастности к исторической памяти и культурной преемственности [3, с. 152].

Музеефикация курганных групп в степной зоне опирается на несколько базовых принципов [1, С. 206]:

1. Принцип максимального сохранения природного контекста. Памятник сохраняется не в изоляции, а в связке с окружающим ландшафтом. Это позволяет зрительно и эмоционально воспринимать объект в естественной среде его исторического функционирования.

2. Принцип обратимости интервенций. Все архитектурные и инженерные вмешательства (дорожки, павильоны, смотровые площадки) выполняются из экологичных и временных материалов, не нарушающих археологический слой.

3. Принцип интерпретации через реконструкцию. Посетителю предлагается реконструированное пространство с визуальными и звуковыми элементами, воссоздающими культуру и быт населения древности. Это может быть как

частичная реконструкция погребальной камеры, так и имитация поселения бронзового века на территории между курганами.

4. Информационное сопровождение. Использование QR-кодов, мультимедийных гидов и дополненной реальности становится всё более актуальным. Они позволяют интерпретировать даже слабо выраженные на местности памятники, обеспечивая при этом доступность и вовлечённость разных групп посетителей.

В стратегии сохранения культурного наследия всё большее значение приобретают неразрушительные методы исследования: георадарное зондирование, фотограмметрия, спутниковая археология. Эти подходы позволяют «читать» памятник до начала раскопок и в будущем планировать его сохранение без полной утраты археологического слоя. Курганные группы, в том числе и Кырык-Оба, как отмечается в научных докладах, должны исследоваться строго в рамках таких щадящих технологий [4, с. 36].

Музеи подобного рода выходят за рамки чисто исследовательской функции. Они становятся институциями локальной идентичности, центрами формирования патриотического и этнокультурного сознания. В условиях Казахстана это особенно важно – именно через освоение и интерпретацию наследия Великой степи происходит воссоздание культурного кода, связывающего поколения.

На сегодняшний день сохранение культурного наследия неразрывно связано с понятием **трансформирующегося социокультурного ландшафта**. В условиях урбанизации, глобализации и коммерциализации культурного пространства памятники Великой степи оказываются под воздействием новых форм восприятия, интерпретации и, подчас, инструментализации. Как подчёркивается в современных исследованиях, происходит **переход от парадигмы использования наследия к парадигме его освоения** – то есть не просто охраны, а активного вовлечения в культурный оборот, формирование новых смыслов, образовательных практик и идентичностей.

Одним из наиболее ярких проявлений трансформации социокультурного ландшафта выступает **культурный туризм**, стремительно развивающийся в Центральной Азии. С одной стороны, он способствует популяризации и экономической поддержке объектов наследия. С другой – усиливает **антропогенное давление**, включая эрозию почвы, загрязнение, утрату аутентичности облика памятников, особенно если они плохо защищены и не снабжены соответствующей инфраструктурой.

Казахстанская практика последних лет демонстрирует, что без системного мониторинга и архитектурно-ландшафтной регламентации культурные объекты легко теряют своё историко-смысловое наполнение. На этом фоне приобретает особое значение внедрение **региональных программ устойчивого туризма**, сочетающих принципы экологической этики и культурной ответственности. Одним из таких проектов стал кластер «Сакральная география Казахстана», направленный на осмысленное включение сакральных мест в культурный и духовный ландшафт нации [6, с. 48].

Особого внимания требует **нематериальное культурное наследие**, связанное с устными традициями, ритуалами, этнокультурной памятью. Оно является особенно уязвимым в условиях современной медиатизации, когда знания, ранее передававшиеся в устной форме, вытесняются массовой культурой и цифровым шумом. В казахстанской стратегии сохранения культурного наследия значительное внимание уделяется **оцифровке**, созданию архивов, электронных каталогов и мультимедийных платформ, что позволяет сохранить уникальные образцы фольклора, языка, музыкальной и прикладной культуры [6, с. 48].

Важной задачей становится интеграция наследия в современное образование, городскую среду, архитектурную практику. Создание **музеев нового типа**, использование технологий дополненной реальности, а также инклюзия местных сообществ в процессы интерпретации и защиты наследия – всё это может стать опорой для будущего культурной устойчивости.

Перспективным направлением является **формирование креативных индустрий**, базирующихся на исторических сюжетах и культурных кодах степной цивилизации. Это позволяет не только сохранять память, но и транслировать её в современных форматах – от дизайна и кино до гастрономических туров и этнофестивалей [5, С. 122].

Культурное наследие Великой степи – это не только совокупность материальных и нематериальных объектов прошлого, но и живая ткань исторической памяти, сквозь которую проходит осмысление идентичности, принадлежности и преемственности поколений. В условиях XXI века, когда наследие сталкивается с вызовами технологической унификации, урбанистического давления и коммерциализации, становится очевидным, что его сохранение невозможно без смены парадигмы – от охраны к **освоению**, от изоляции к **интерпретации**, от статичности к **вовлечению** [7, С. 26].

Казахстанская государственная программа «Культурное наследие» стала примером системного и многоуровневого подхода, объединяющего научную, реставрационную, цифровую и просветительскую деятельность. Особую значимость приобретает внедрение **инновационных методик музеефикации**, развитие открытых археологических парков, цифровизация памятников, а также переосмысление культурных объектов как элементов **ландшафтной и духовной среды** [2, с. 188].

Параллельно с этим, трансформация социокультурного ландшафта и рост интереса к культурному туризму требуют от исследователей и практиков новых решений. Необходимо выстраивать **баланс между популяризацией и сохранением**, формировать устойчивые модели взаимодействия с наследием, вовлекать местные сообщества в процесс интерпретации и охраны культурных объектов.

Таким образом, опыт Казахстана демонстрирует, что эффективная стратегия сохранения памятников Великой степи базируется не только на научной и государственной инициативе, но и на способности культурной политики адаптироваться к современным вызовам, трансформировать методы и,

самое главное, – формировать в обществе устойчивое и глубоко укоренённое отношение к своему прошлому как к ресурсу будущего.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Воякина Н.А. Правовая основа функционирования системы государственного управления археологическим наследием Республики Казахстан // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. No 5, 2014. – С.206-217.

2. Международное значение государственной программы Республики Казахстан «Культурное наследие» / под ред. О.Н. Шелегиной. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2012. – 188 с.

3. Стратегия сохранения культурного наследия степного мира / отв. ред. М.Н. Сдыков. – Астана: Институт степной археологии, 2022. – 152 с.

4. ЮНЕСКО. Конвенция об охране нематериального культурного наследия. – Париж: ЮНЕСКО, 2003. – 36 с.

5. Плешаков А.А., Мартынюк О.И., Ковшова Н.С. Государственная программа «Культурное наследие»: опыт музеефикации и организация туризма на археологических памятниках северной ветви Великого Шелкового пути // Материалы международной научной конференции: «Изучение историко-культурного наследия Центральной Евразии»: Маргуланские чтения. Караганда, 2009. С. 122-133.

6. Программа «Сакральная география Казахстана»: культурно-просветительский аспект. – Нур-Султан: Министерство информации и общественного развития РК, 2020. – 48 с.

7. Шелегина О.Н., Жетпысбаев С.К. Концепция освоения наследия: теоретико-методологический подход // Вестник Евразийского гуманитарного института. – 2018. – № 4. – С. 24-30.

ӘОЖ 94:82-65"16/18"(574)

И.В. ЕРОФЕЕВАНЫҢ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ XVII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ БИЛЕУШІ ЭЛИТАСЫНЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫ

Байшуакова А.Д.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан, e-mail: baishuakova1806@mail.ru

Отан тарихын терең зерделеу мен түгендеуде тарихи деректердің алатын орны ерекше маңызды. Тарихи деректер адамдардың ақпараттық және әлеуметтік іскерлігінің нәтижесінде пайда болып, адамзат қоғамының дамуының айқын көрінісі ретінде ақпаратты жинақтау мен жеткізу қызметін атқарады. Ғылыми айналымға жаңа тарихи деректердің енгізілуі тарихи зерттеулердің сапасының арта түсуіне тікелей ықпал етеді. Отандық және жақын, алыс

шетелдердің архивтерінен тарихымыз бойынша құнды, әрі мазмұнды ақпарат беретін жазбаша деректерді табу мен зерттеуде ғалымдар қажырлы еңбек етеді. Еліміздің жаңа замандағы тарихына қатысты қазақ билеуші элитасының эпистолярлық деректер түрін отандық және шетелдік архивтерден іздестіріп, оларды топтастырып ғылыми айналымға енгізуде белгілі тарихшы Ерофеева Ирина Викторовна елеулі қызмет атқарды.

Халықаралық деңгейде мойындалған белгілі қазақстандық ғалым И.В.Ерофеева фундаменталды ғылыми еңбектердің, бірқатар монографиялардың және көптеген ғылыми мақалалардың авторы ретінде белгілі. И.В. Ерофеева 1976-2006 жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тарих, археология және этнография институтында еңбек жолын аспирант ретінде бастап, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер деңгейлеріне дейін сатылап көтеріліп, ұзақ жылдар бойы XVII-XX ғғ. басындағы Қазақстан тарихын зерттеумен айналысты. Оның айтуы бойынша осы аталған институтта еңбек еткен кезеңі Қазақстан тарихы ғылымының «алтын ғасырына» тұспа-тұс келді. Ол жылдары институтта Ә. Марғұлан, К. Акишев, В.П. Юдин, К.А. Пищулина, Х. Арғынбаев, т.б. атақты ғалымдар жұмыс атқарды [1; 15]. 1978-2019 жылдар аралығында И.В. Ерофееваның Қазақстанның тарихы мен мәдениетінің әртүрлі мәселелеріне байланысты 300 астам ғылыми еңбектері Қазақстан мен шетелдерде орыс, қазақ, ағылшын, неміс, француз, түрік, қытай тілдерінде жарияланды. Қазақстан ғалымдарының арасында постсоветтік және европалық ғылыми кеңістікте И.В. Ерофееваның зерттеулеріне ең көп сілтеме келтірілетін еді [1; 41].

И.В. Ерофееваның ғылыми қызығушылық объектісі XVIII ғ. екінші жартысындағы-XIX ғ. бірінші ширегіндегі Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелері еді. Алайда ол зерттеу ауқымын үнемі кеңейте отырып, тарих ғылымындағы жазбаша деректерді іздестіру, оларды терең талдау мәселелеріне ерекше назар аударды. Ерофеева И.В. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруына да ерекше үлесін қосты. Соның аясында он томдықтардан тұратын «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» және «История Казахстана в западных источниках XII-XX веков» атты еңбектері жарық көрді [1; 16]. Көп жылдар бойы ғалым XVIII-XIX ғғ. бірінші жартысындағы дәстүрлі қазақ қоғамының саяси құрылымын және саяси-қоғамдық өмірін зерттеді. Ол қазақ даласындағы Ресейдің отарлық саясаты күшейген жағдайындағы хан билігі институтын зерттеу, қазақ хандары, сұлтандары мен қожалардың генеалогиясы мен тарихи биографиясын қалпына келтіру мәселелерімен айналысты [1; 17].

И.В. Ерофеева ғылыми ізденісінің ұзақ жылдарын XVII-XIX ғасырлардағы қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасын зерттеуге арнады. 2015 жылы И.В. Ерофеева «Власть» журналына берген сұхбатында XVII-XIX ғасырлардағы қазақ хандары мен сұлтандарының хаттарын зерттеу ісін бастауына байланысты ойларымен бөліскен еді. Сұхбат барысында ол көп уақыт бойы тарихшылар қазақ даласында жазбаша дәстүр қолданысқа ие болмағандықтан жазбаша деректер жоқ есебі деген пікірді ұстанғандығын тілге тиек етті. Көп жағдайда

зерттеулерде фольклор қолданылды, алайда фольклор шектеулі мүмкіндіктерге ие, себебі онда нақты оқиғаларды, нақты уақыт пен орынды анықтау қиындық туғызады, осыған байланысты ғалымдар жергілікті жерден шыққан деректерді іздестіру ісін бастады. Жалпы Қазақстан территориясында тарихи құжаттарды сақтау дәстүрі қалыптаспаған, сондықтан да олардың көпшілігі жойылып кетті. Құжаттар сақталған басты орталықтар ол Омск, Оренбург, Ташкент, Тобольск және т.б. еді. Тарихшы оларды зерттеу үшін сол кездегі жағдайда қаншама қаражатын жұмсап, уақытын кетіретін, сондай-ақ қалаларды кезіп, архивтерде зерттеу жұмыстарын жүргізу керек еді. Мысалыға, XVIII ғасырда Москвадан Оренбургке жету үшін жолға үш жарым ай уақыты кететін. XX ғасырдың басында поезддер пайда болса да, бірақ сонда да қиындықтар аз болмады. Сондықтан да осы секілді себептерге байланысты әрбір тарихшы тек бір құжаттар тобын ғана қолданумен шектелді. Кеңестік заманда да құжаттар аз шығарылды, себебі ол кезеңде революцияға дейінгі тарих аса маңызды емес деген ой басым болды [2].

И.В. Ерофееваның пікірінше хаттар қазақ даласының ішінен шыққан кеңінен таралған жазбаша деректің түрі болып табылады, сондықтан да оның ойында оларды жинақтап, жариялау идеясы туындады. Бұл жобаны жүзеге асыруға ғалым 1998 жылы кірісті. Жинақтың жұмысына тарихшы-архивтанушы және археограф Булат Тажибаевич Жанаев белсенді түрде ат салысты [3; 41]. Осы зерттеудің нәтижесінде 2014 жылы 811 хаттан тұратын «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг.» атты екітомдық құжаттар жинағы жарияланды. Жалпы бұл зерттеуге И.В. Ерофеева ғылыми қызметінің 17 жылын арнады. Бұл уақыт ішінде Ирина Викторовна және оның әріптестері отандық, шетелдік архивтер мен кітапханаларда үлкен көлемде тыңғылықты еңбек атқарды. Он жеті жыл ішінде Ирина Викторовна Ресейдің 9 архивінде, оның ішінде 4 федералдық, 3 облыстық, 1 ұлттық, 1 ведомстволық архивінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар зерттеуінде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің материалдарын да қолданды. Ирина Викторовна бұл екітомдық жинақтың құрастырушысы, әрі жауапты редакторы, сондай-ақ кітаптің кіріспесінің, қазақ хандары туралы биографиялық зерттеулер мен ғылыми түсініктемелерінің және жобаның авторы болды [4; 11]. Тарихи құжаттар жинағына енген хаттардың басым көпшілігі мүлдем жарық көрмеген, алғаш жарияланған хаттар болып табылады. Нақты айтқанда, 811 хаттың ішінен 164 ғана бұрындары жарық көрсе, ал 647 хат алғаш рет жарияланды. Сұхбаттарының бірінде И.В. Ерофеева неліктен билеушілердің хаттарының топтамасын жариялауды жөн көрдім деген ойына байланысты пікірін білдірген еді. Оның көзқарасынша адресанттың хаттарының үлкен топтамасын оқыған кезде ол тұлғаның жеке қасиеттері, қабылдау ерекшеліктері, құндылықтары, мінезінің ерекшеліктері терең аңғарылады.

Ресей ғалымы С.А. Панаринның пікірінше «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг.» атты екітомдық құжаттар жинағы полиграфиялық өнердің нағыз ескерткішіне айналды [1; 61]. Бұл екітомдық құжаттар жинағына шетелдік ғалымдардың ішінен Ресейдің танымал

тарихшылары т.ғ.д., Ресей Ғылым Академиясының Ресей тарихы институтының бас ғылыми қызметкері Трепавлов В.В. және Ресейдің шығыстанушы-тарихшысы, з.ғ.к., доцент Почекаев Р.Ю. тарапынан берілген рецензияларында аса жоғары баға берілді. В.В. Трепавлов ұсынған рецензиясында жинаққа енген хаттардың құндылығы олар хроникалық шығармаларға тән идеологиялық тұрғыдан бұрмалауға ұшырамаған деп келтіре отырып, бұл басылым Қазақстан мен Ресей тарихын зерттеуде көлемді жаңа материалды ұсынады деп көрсетті [5]. Р.Ю. Почекаев кітапқа берген рецензиясында екітомдық құжаттар жинағы Қазақстан, Орталық Азия, орыс-қазақ қатынастарын зерттейтін мамандар үшін аса қажет, бұл жинақ қазақ элитасының өмірі мен қызметін зерттеуде көп септігін тигізеді деген ойын білдірді [6; 17].

Екітомдық жинақтың бірінші томына И.В. Ерофееваның «Письма казахских ханов и султанов последней четверти XVII-середины XIX в. как исторический источник» атты терең мазмұнды және ғылыми фактілерге толы көлемді ғылыми мақаласы енді. Бұл мақаласында ғалым эпистолярлық деректердің ерекшеліктерін, олардың тарихи маңызын, ғылыми-практикалық құндылығын жан-жақты талдаған. Мақалада негізі келесі мәселелер егжей-тегжейлі қарастырылған: қазақ хандары мен сұлтандарының хаттарын зерттеу тарихының кезеңдері; эпистолярлық деректердің саны, авторлық құрамы хронологиясы; хаттардың материалы мен құралдары; хаттардың тілі мен дала билеушілерінің хатшылары; хаттардың жанрлық әртүрлілігі мен олардың ішкі құрылымы, адресатты белгілеу мен сәлемдесуі, адресантты белгілеу; хаттардың негізгі бөлігі; ресей бодандылығы туралы түсінік пен қазақ жүздерінің империямен шарттық қатынастарының сипаты; сенімділік белгілері; құжаттардың мерзімі мен шыққан орны; хаттардың аудармашылары мен орысша аудармалары; жалпы қорытындылар [7].

Екітомдық жинақтың бірінші томы 1675-1780, ал екінші томы 1738-1821 жылдардағы қазақ билеушілерінің хаттарынан тұрады. Бұл жинаққа қазақ билеушілерінің Ресей, Цин империяларының монархтары мен билік өкілдеріне, жоңғар және қалмақ хандарына жолданған хаттары енді. Екітомдық жинақ 26 қазақ билеуші элита өкілдерінің хаттарын құрайды, жинақтың бірінші томына 16, ал екінші томына 10 хан мен сұлтандардың хаттары жарияланған.

XVII-XIX ғасырлардағы хандар мен сұлтандардың хаттары тарихи деректердің ерекше түрі болып табылады. Тарих ғылымында хаттар мемуарлармен, күнделіктермен және естеліктермен қатар жеке тұлғалық деректердің қатарына енетіндігі баршамызға мәлім. Кеңестік дәуірде субъективизміне байланысты жеке тұлғалық деректерді көбінесе қосалқы деректер түріне жатқызды. Алайда соңғы жылдары постсоветтік кеңістікте жеке тұлғалық деректерге деген көзқарас өзгерді. Қазіргі тарихшылардың пікірінше жеке тұлғалық деректерге тән субъективтілік кемшілікке жатпайды, керісінше ол бұл деректердің ерекшелігін арттыра түседі.

Екітомдық жинаққа енген хаттарда тарихи оқиғалардың қатысушылары болған хан мен сұлтандардың нақты айғақтары тіркелген. И.В. Ерофеева хандар мен сұлтандар хаттарында баяндалған оқиғалардың тікелей қатысушылары

ретінде көзқарастарын ұсынған, бұл оларды басқа деректерден ерекшелендіреді деген ойын білдірді [7; 17]. Қазақ билеуші элитасының эпистолярлық деректерінің ақпараттық әлеуеті аса жоғары. XVII-XIX ғасырлардағы қазақ хандары мен сұлтандарының хаттары тарихи жағдайды терең түсінуге мүмкіндік береді.

Еліміздің кейінгі орта ғасырлар мен жаңа тарих кезеңін зерттеу мен зерделеуіне бүкіл саналы ғұмырын арнаған, тарих ғылымының дамуына еңбегін сіңірген Ерофеева Ирина Викторовна көзі тірісінде шетелдіктер тарихшылар тарапынан үлкен танымалдылыққа ие болғанымен, өз елімізде тарих ғылымында лайықты орны мен бағасын алмағандығы көңілді қынжылтады. И.В. Ерофееваның бейітінде орнатылған ескерткіште «...Бытие человека вовсе не начинается с его рождения и не вполне кончается с его смертью...» – деп өзі жазып кеткен сөздері бүгінгі күні ақиқатқа айналды. Көрнекті ғалым өмірден өткенімен, оның ғылыми еңбектері бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін құнды ғылыми мұраны құрайды және олар кез келген уақытта тарихи зерттеулерде кеңінен қолданысқа ие болады. Сондықтан да И.В. Ерофееваның мол ғылыми мұрасы тарихшылардың жадында мәңгі сақталады деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Биография Ирины Викторовны Ерофеевой // Ерофеева Ирина Викторовна. Биобиблиография. – Алматы, 2022, – 192 с.

2 Ерофеева И.В. Вино для Абулхайр хана // <https://vlast.kz/kz/obsshestvo/11799-vino-dla-abulhair-hana.html>

3 Ерофеева И.В. «Я к вам пишу...», или 800 писем казахской элиты 17-19 веков // АйҚАП. – 2016. – 2(100). – С. 41-44.

4 Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х тт. Автор проекта, введ., биографий ханов. научных коммент., сост. и отв. ред. И.В. Ерофеева. – Алматы. – 2014. Т. I. Письма казахских правителей. 1675-1780 г.; Т. II. Письма казахских правителей. 1738-1821 гг.

5 Трепавлов В.В. [Рецензия] Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х тт. / Автор проекта, введения. Биографий ханов, научных комментариев, сот. И отв. ред. И.В. Ерофеева. Алматы: АО «АБДИ компани», 2014 // Восток (Oriens). – 2016. – №4. С. 224-227.

6 Почекаев Р.Ю. [Рецензия] Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг. / Введ., биогр., коммент., сост. и ред. И.В. Ерофеевой. Т. I. Письма казахских правителей. 1675-1780 г. – 696 с.; Т. II. Письма казахских правителей. 1738-1821 гг. – 1032 с. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014.

7 Ерофеева И.В. Письма казахских ханов и султанов последней четверти XVII-середины XIX в. как исторический источник // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Сборник исторических документов в 2-х тт. Автор проекта, введ., биографий ханов. научных коммент., сост. и отв.

ред. И.В. Ерофеева. – Алматы. – 2014. Т. I. Письма казахских правителей. 1675-1780 г. – С. 15-76.

ӘОЖ 94(574)

1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ XX Ғ. 90 Ж. – XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ БАҒАЛАУЫНДА

Бекпаукова Ә.А.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Жоғары колледжі
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: m_asel91@mail.ru

Тоталитарлық жүйенің диктатының әлсізденуіне байланысты XX ғасырдың 90-жылдардың басында ғалымдар ұлт-азаттық қозғалыстардың мәселелерін көтере бастады, соның ішінде Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар мәселесі.

Желтоқсан оқиғасы 1731 жылдан бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың құрамдас бөлігі, XX ғасырдағы қазақ халқының әкімшілік-әміршіл жүйеге қарсы бағытталған күресінің биік бір белесі. Осыған орай Н.Ә. Назарбаев өзінің “Ғасырлар тоғысында” атты еңбегінде ол туралы былай деп жазды: “1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы қазақ жастарының сана-сезімінің қаншалықты өскендігін көрсетті. Олар 190 мыңға жуық уақыт бойы халықты казармалық тәртіпте ұстап келген тоталитарлық жүйенің алдында бірінші болып айылдарын жинаған жоқ. Жастар бұдан әрі кез-келген ұлтқа тән ұлттық мақтаныш сезімін қорлауға жол бермейтінін өз халқының атынан ашық мәлімдеді ” [1, 37 б.].

1986 жылдың 17-19 желтоқсанында қазақ жастарының көтерілуіне астанада 16 желтоқсанда өткен Қазақстан Компартиясының ОК V Пленумының шешімі себеп болды. Пленум Д.А. Қонаевты зейнетке шығуына байланысты республиканың Компартияның ОК бірінші хатшысы орнынан алып тастады. Қазақстан Компартиясының ОК бірінші хатшысы болып КОКП мүшесі, партияның Ульянов обкомының бірінші хатшысы болып жұмыс істеген Г.В. Колбин тағайындалады [2].

Алматы мен Қазақстанның басқа да облыстарындағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары М. Шаханов төрағалығымен 1990 жылдың қаңтарынан бастап жұмыс істеген Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Комиссиясымен зерттелінген. 1986 жылдың желтоқсанындағы ұлттық формадағы қазақ жастарының көтерілісі ұлтшылдық болған жоқ деген қорытындыға келді.

Ресми ақпаратта ұлтшылдық элементтері мен бұзақылық жасаушы паразиттік тұлғалардың әрекеттері туралы айтылды: «Алматы. 18 желтоқсан, (ТАСС). Кеше кешке және бүгін күндізгі уақытта Алматыда ұлтшылдық элементтерімен арандатылған оқудағы жастар тобы таяудағы Қазақстан Компартиясының ОК Пленумының шешімін құптамайтындығын айтып көшелерге шықты. Бұзақылық жасаушылар, паразиттік және басқа да антиқоғамдық тұлғалар құқықтық тәртіп өкілдеріне қатысты құқыққа қайшы әрекеттерге жол бере отырып қалыптасқан жағдайды пайдаланды, сонымен

қатар азық-түлік дүкендер, жеке автокөліктерді өртеп, қала тұрғындарына қарсы қорлағандық әрекеттер жасады» [3].

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)»: 5 томдық, 5 том. – Алматы: Атамұра, 2010 1986 ж. желтоқсан оқиғаларына арналған басылымдар сипаттамалық тұрғыда атап көрсетілген. «Қазақстан тарихы» 5-ші томы «мұрағат мәліметтері бойынша 60 мыңнан астам адам қатысты, олардың 8 мыңы қамауға алынып, 200 қатысушы сотталды, мыңжарымнан астамы репрессия мен әкімшілік жазалауға ұшырады. Бірнеше ондаған жастар қаза болды» деген мағлұмат береді [4, 20 б.].

Академик М.Қ. Қозыбаев «1986 жылдың желтоқсаны: фактілер және ойлар» Алматы, 1997. – 43 б. еңбегінде 1986 жылдың желтоқсанындағы жастар көтерілісін зерттеуде М. Шаханов, Ә. Кекілбаев, С. Қасымов, К. Табаев, Н.К. Фокина және басқалардың қосқан үлесін қарастырды. Ол С.Қасымовтың ойымен келіседі: «Қозғаушы күштің 60 % жуығын жас жұмысшылар мен зиялылар өкілдері құрады... Қазақстандағы желтоқсан оқиғасы (1986 ж.) – бұл қазақ халқының ұлттық құқықтарына ұзақ және жапай қысым жасауға қарсы халықтың республиканың дербестігі мен еркіндігі үшін бұқаралық, демократиялық, ұлт-азаттық, саяси күресі» [5, 13 б.].

1986 жылғы көтерілісті зерттеушілердің бірі тарихшы, академик Манаш Қозыбаев өзінің келесі «1986 жылғы қанды желтоқсан. Дақпырт пен шындық» еңбегінде оның бірнеше себептерін ашып көрсетеді: «Біріншіден, бейбіт демонстрацияға, манифестацияға шыққан мәніндегі реформатор ұрпақтың өкілдерін қанға бөктіру процесіне қатысқандар әлі де арамызда.

Екіншіден, жүйе алғашқы жылдары желтоқсан қозғалысына байланысты негізгі деректерді құртып үлгерді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының арнаулы Комиссиясы жүріп жатқан кезде құжаттардың бірқатарын Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің өртеп жібергені осының бірден-бір айғағы.

Біздің пікірімізді мына құжаттар да растайды: «... іс жүзіндегі маңызын жоғалтуы себепті, жарамжылық мерзімі өтіп кетуіне байланысты «Метель» операциясын өткізу кезіндегі іс-қимыл жоспары (вх. 1095, 27 бет) өртелу жолымен жойылды. Ішкі қызмет подполковнигі А.И. Калинин».

«Қазақ ССР Ішкі істер министрі М.Т. Берсенев жолдасқа ...үстіміздегі жылдың (1990 ж. автор) 4-ші шілдесіндегі әңгімеден кейін Сіздің орынбасарыңыз Э.О. Басаров комиссияны қызықтыратын мына құжатты жою жөнінде жарлық берді: желтоқсан оқиғаларына қатысты адамдар туралы жедел анықтама. Құжаттар 14-ші шілде «іс жүзіндегі маңызын жоғалтқандығы және тарихи әрі ғылыми құны болмауы себепті» жойылған. М.Шаханов».

Үшіншіден, 1986 жылы желтоқсан проблемасын зерттеуге тарихшылар, қоғамтанушы ғалымдар әлі араласқан жоқ. Өйткені фактілер жиналып, одан оқиға, оқиғалардан құбылыс, құбылыстардан тарихи заңдылық өрбіту үшін уақыттылық алшақтық керек. «Таудың биіктігі алыстан көрінетіндегі» сияқты уақиға алыстаған сайын оның айшықтары ашық көрінеді» [6, 297 б.].

М. Қ. Қойгелдиев 1986 ж. желтоқсан оқиғасының 15 жылдығына арналған «Желтоқсан қозғалысы: тарихтағы орны мен сабақтары жөнінде» атты

мақаласында желтоқсан қозғалысының сипатына тоқталады: «1986 жылғы 17-18 желтоқсан күндері Алматы қаласында, сондай-ақ облыс орталықтары мен ірі елді мекендерде болып өткен фактілер, әрине бір сәттік, кездейсоқ құбылыс емес екендігі анық. Желтоқсан оқиғалары қазақ тарихында бұдан да бұрын орын алған тамырлы, өзара сабақтас оқиғалардың логикалық жалғасы, кезекті табиғи көрінісі. Анығырақ айтқанда ол қазақ халқының империялық, отарлық езгіге қарсы азаттық үшін күрісінің, мемлекеттік тәуелсіздікке деген тынымсыз ұмтылысының табиғи жалғасы. Міне, осы тұрғыдан алғанда біз әңгіме етіп отырған тарихи құбылыстың «Желтоқсан оқиғалары» емес, «Желтоқсан қозғалысы» аталған, әрине, орынды болмақ. Сондай-ақ сол бір қалалық немесе аймақтық та құбылыс емес, жалпыұлттық қозғалыс. Оның мынадай себептері бар. Империялық озбырлыққа қарсы бас көтеру тек астана қала – Алматы ғана шектеліп қалған жоқ, басқа да облыс орталықтарында, аймақтарда көрініс тапты. Желтоқсанның 17-25 күндері Жамбыл, Шымкент, Талдықорған, Жезқазған, Қарағанды, Павлодар, Көкшетау, Арқалық сиқты қалаларда, Шамалған, Сарыөзек сияқты елді мекендерде болып өткен толқулар наразылықтың жалпықазақстандық сипат алғанын айғақтайды» [7, 3 б.]. Және де М. Қ. Қойгелдиев келесідей талдау жасап, қозғалысқа қатысқан жастарды жоғары бағалады: «Қозғалысқа қатысқандардың басым бөлігі түрлі әлеуметтік топтардан тұрған республиканың жергілікті қазақ халқы. Бұндай жағдай Желтоқсан қозғалысының империялық зорлыққа қарсы ұлт-азаттық сипат алғандығын аңғартады. Осы арада мынадай жағдайды еске алуға тура келеді. Мәскеулік Орталық биліктің шешіміне саналы ашық түрде наразылық көрсетіп, шеруге шығу Қазақстан тарихында 30-шы жылдардың басынан бері болмаған құбылыс. Кеңестік билікке қарсы соңғы қарулы бас көтеру 1929-1931 жылдары, яғни қазақ шаруаларының дәстүрлі шаруашылық жүйесін күрт күйретуге бағытталған большевиктер реформасына қарсылық түрінде көрінді. 1986 жылғы желтоқсанда алаңға шыққан жастар жаңа буынның өкілі болатын. Ал осы ұрпаққа қандай ерекшілік тән?

Біріншіден, олар 37-38-дің жойқын жаппай репрессиялау саясатын көрмеген, 39-45 жылдардағы екінші дүниежүзілік аласапыран соғысқа қатыспаған, соғыстан кейінгі мерзімде қатая түскен тоталитарлық жүйенің идеологиялық ықпалына ұшырағанымен илеуінде біржола жаншылмаған ұрпақ еді. 70-80-ші жылдары кеңестік тәртіппен саяқ жүріп арпалысқан 37 жастағы Хасен Қожахметовтың өзі де шеруге шыққан жас буынның көш бастар ағасы деуге жарап қалған-тын. Екіншіден, ешқандай да күмәссіз нәрсе сол, бұл жаны таза, рузы биік қазақ әдебиеті мен өнерінің үздік дәстүрінде тәрбиеленген, Мұқағали Мақатаевтың «Реквиемін», өлеңдерін жатқа білетін, Шәмші Қалдаяқовтың «Қазақстанымын» өзінің ортақ гимніне айналдырған ұрпақ болатын. 1986-ның желтоқсан күндері олар өз елінің азаттығы үшін ең биік те асқақ қамалды алуға даяр екендіктерін нақты іс-әрекетімен дәлелдеп берді» [7, 5,6 бб.].

Қозғалысты, біріншіден, ішкі ұлттық маңызы бар оқиға (ұлттық өзін-өзі тану сезімінің оянуы), ретінді, екіншіден, жалпыодақтық деңгейдегі (одақтас

республикалардың егемендігіне серпін берген) оқиға ретінде, үшіншіден, әлемдік маңызы бар (социалистік лагерьдің күйреуінің басталуы) аса салықалы көп сипатты әлеуметтік сілкініс – атышулы тарихи феномен ретінде бағаласа да артық емес.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы, 1996. 37 б.
2. Информационное сообщение о Пленуме ЦК Компартии Казахстана // Казахстанская правда. – 1986. - 17 дек. - № 289 [19.415].
3. Сообщение из Алма-Аты // Казахстанская правда. - №290 (19.416). – 1986. – 19 дек.
4. История Казахстана с древнейших времен до наших дней: в 5 т. – Т.5. – Алматы, 2010. – С. 20.
5. Козыбаев М.К. Декабрь 1986 года: факты и размышления. – Алматы, 1997. – С. 13.
6. Қозыбаев М.К. 1986 жылғы қанды желтоқсан. Дақпырт пен шындық. Тарих зердесі. 1т. Алматы, 1998, 297 б.
7. Қойгелдиев М.Қ. Желтоқсан қозғалысы: тарихтағы орны мен сабақтары жөнінде (1986 ж. желтоқсан оқиғасының 15 жылдығына) // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. 2001. №4. 3-10 б.

УДК 37

К ВОПРОСУ ОБ АНАЛИЗЕ ПОНЯТИЯ «ИСТОРИЧЕСКОЕ ПРОСВЕЩЕНИЕ»

Левочкина Н.А., доцент, к.э.н., к.и.н.

ЧУОО ВО «Омская гуманитарная академия», г. Омск, Россия

e-mail: natnaukaomsk1@mail.ru

Аннотация: Статья посвящена изучению понятийного аппарата, связанного с историческим просвещением в Омском регионе, которое сыграло ключевую роль в формировании культурного и образовательного облика данного субъекта Российской Федерации. В работе анализируются основные этапы в изучении понятия «историческое просвещение», его влияния на общественное сознание и культурные процессы, а также роль образовательных учреждений, просветительских инициатив в распространении исторических знаний. Автор подчеркивает значимость образовательных инициатив и культурных мероприятий, способствовавших развитию общественного сознания и сохранению исторической памяти в Омском регионе.

Ключевые слова: историческое просвещение, общественное сознание, Омский регион.

Актуальность. В настоящее время существует необходимость осмысления вклада исторического просвещения в развитие региона, особенно в условиях

современных вызовов, связанных с глобализацией и изменениями в историческом сознании. Понимание исторических процессов, происходивших в Омском регионе, позволяет не только сохранить культурное наследие, но и выработать эффективные стратегии для дальнейшего развития образовательной системы трансграничного региона.

Цель. Анализ понятия «историческое просвещение», используемое в Омском регионе с конца XIX века по настоящее время, выявление его сильных и слабых сторон, а также разработка рекомендаций по повышению роли данного вопроса в жизнедеятельности данного региона и его образовательных учреждений.

Объектом изучения стали представления сибирских авторов, занимавшихся изучением процессов исторического просвещения в Омском регионе за 1982 – 2024 годы. Предметом изучения стали содержательные аспекты данного понятия, особенно методы и формы исторического просвещения в Омском регионе.

Краткий анализ понятийного аппарата. Понятийный аппарат способствует пониманию значений слов и определений, применённых в данной статье (табл. 1). В рамках него изучены понятия в сфере истории, образование и культуры (табл. 2). Историческое просвещение в Омском регионе имеет свои корни в XIX веке [2, с. 3], когда начали открываться первые образовательные учреждения. С течением времени, с развитием науки и образования, возникли новые формы просвещения, такие как краеведческие музеи и исторические общества. В советский период усилилось внимание к историческому просвещению, что способствовало массовому вовлечению населения в изучение истории и культуры. В постсоветское время наблюдается возрождение интереса к региональной истории, что находит отражение в деятельности местных историков и культурных организаций.

Основным социально-культурным институтом исторического просвещения в Омском регионе в XIX веке [2, с. 3] являлись и до сих пор являются музеи, чтение и обсуждение текстов, проектная деятельность и изучение памятников истории. Первый исторический музей в Омске был открыт в конце XIX века. Омский государственный историко-краеведческий музей был открыт для публики **в 1882 году [8, с. 7]** при Западно-Сибирском отделе Императорского Русского Географического общества. Омский музей просвещения был открыт **18 марта 1998 года [10, с. 6]**. Историко-культурный комплекс «Омская крепость» был создан **в 2009 году** по инициативе администрации города Омска [10, с. 7]. Историко-культурный музей-заповедник «Старина Сибирская» был создан **в 2014 году**. Исторический парк «Россия — моя история» в Омске открылся **15 ноября 2017 года [6, с. 3]**, при этом этот комплекс представляет историю России с древнейших времён до наших дней на основе мультимедийного и интерактивного оборудования. В парке четыре постоянных экспозиции [6, с. 4-5]: «Рюриковичи», «Романовы», «От Великих потрясений к Великой Победе. 1914–1945», «Россия — моя история. 1945–2016».

Таблица 1. Анализ сущности понятия «историческое просвещение»

Год издания	Автор	Название	Проблемы	Рекомендации	Источник
2010	Бусыгин А.Е.	«Об исторической правде и художественном вымысле в современном культурно-историческом просвещении»	1. Проблема недостаточного акцентирования внимания на различиях между исторической правдой и художественным вымыслом. 2. Проблема репрезентации исторических событий.	1. Внедрение медиаобразования, обучающего критическому восприятию информации, чтобы аудитория могла более осознанно подходить к потреблению художественных и исторических материалов. 2. Создание междисциплинарных проектов, объединяющих историков, литературоведов и культурологов для более глубокого анализа исторических событий и их художественных интерпретаций.	https://www.cyberleninka.ru/article/n/ob-istoricheskoy-pravde-i-hudozhestvennom-vymysle-v-sovremennom-kulturno-istoricheskom-prosveschenii/viewer
2024	Гаврилова Э.Д.	«Историческая грамотность населения как целевой ориентир государственной политики РФ в области исторического просвещения»	1. Историческая наука подвергается влиянию политических интересов, что может исказить исторические факты и затруднять объективное изучение истории. 2. Отсутствие достаточных средств для реализации программ по историческому просвещению	1. Создание центров, которые будут заниматься исследованием и популяризацией истории без политической идеологизации, что поможет обеспечить объективный подход к изучению истории. 2. Увеличение бюджетных средств на программы и	https://www.cyberleninka.ru/article/n/istoricheskaya-gramotnost-naseleniya-kak-tselevoy-orientir-gosudarstvennoy-politiki-rf-v-oblasti-istoricheskogo-prosvescheniya/viewer

			ограничивает доступность качественных образовательных материалов.	инициативы, связанные с историческим просвещением, а также на поддержку музейной и архивной работы.	
2024	Гаврилова Э.Д.	«Историческое просвещение – новое направление деятельности современного Российского государства»	1.Отсутствие достаточного финансирования и государственной поддержки негативно сказывается на реализации программ исторического просвещения. 2.В системе образования не хватает профессионально подготовленных преподавателей, способных качественно реализовывать программы по историческому просвещению.	1.Рассмотреть возможности привлечения частных инвестиций и международных грантов для поддержки программ исторического просвещения. 2.Предложить меры по повышению квалификации учителей и преподавателей, такие как курсы повышения квалификации, семинары и конференции. 3.Стимулировать активное участие общественности в историческом просвещении через проекты, конкурсы и инициативы, направленные на изучение и сохранение истории.	https://www.cyberleninka.ru/article/n/istoricheskoe-prosveshchenie-novoe-napravlenie-deyatelnosti-sovremennogo-rossiyskogo-gosudarstva/viewer
2023	Шмуратко Д.В.	«Спектакли-вербатим как средство патриотического воспитания и	1.Молодежь может не всегда понимать контекст событий, на которых основаны спектакли, что затрудняет	1.Дополнение спектаклей образовательными программами и дискуссиями, которые помогут молодежи лучше понять контекст	https://www.cyberleninka.ru/article/n/spektakli-verbatim-kak-sredstvo-patriotichesk

		историческое просвещение молодежи»	усвоение информации. 2.Спектакли могут быть пассивной формой обучения, что не всегда эффективно для вовлечения молодежи. 3.Не всегда понятно, какие именно ценности и идеи должны быть переданы молодежи через спектакли.	и значение представленных событий. 2.Внедрение интерактивных форматов, таких как обсуждения, мастер-классы, чтобы вовлечь молодежь и сделать процесс обучения более активным. 3.Определение конкретных целей спектаклей, чтобы молодежь понимала, какие ценности и идеи должны быть переданы и как они могут применяться в жизни.	kogo-vospitaniya-i-istoricheskogo-prosvescheniya-molodezhi/viewer
жаңа пәндердің белсенді жарыққа шығып, тез дамуына байланысты белгілі бір кезеңде оны біртіндеп бөлшектеу процесі басталғанын байқауға болады. Осыған байланысты әлемнің бұрыннан бар біртұтас бейнесі ыдырай бастайды, зерттеу пәні барған сайын нақтыланып, құрылымдық жағынан күрделене түсті [1]. Бұл дәстүрлі тәсілдің шегінен шығуға және әлеуметтану, экономика, антропология, психология, әдебиет, саясаттану және тіпті жаратылыстану ғылымдары сияқты басқа салалардан білімді біріктіруге мүмкіндік береді.

Бұл мақалада біз саясаттану мен тарихтың пәнаралық зерттеу тәсілін қарастыратын боламыз. Саясаттану мен тарихты біріктіретін зерттеулердегі пәнаралық тәсіл саяси процестер мен оқиғаларды тереңірек және жан-жақты түсінудің маңызды құралы болып табылады. Бұл екі пән әртүрлі фокустарға ие болғанымен, бір-бірін өзара толықтырады. Тарих саяси шешімдер мен оқиғалардың контекстін түсінуге мүмкіндік береді, ал саясаттану тарихи перспективада саяси процестер мен институттарды талдау үшін теориялық және әдіснамалық негіз ұсынады. Осы ғылымдар арасындағы өзара іс-қимыл тарихи және саяси құбылыстарды неғұрлым кешенді ұғынуға ықпал етеді.

Саясаттану саяси жүйелерді, процестерді, институттарды, идеологиялар мен мінез-құлықты зерттеумен айналысады. Тарих саяси оқиғаларды, жүйелерді және олардың дамуын қоса алғанда, өткенді зерттейді. Осы пәндер арасындағы қиылысу нүктелеріне тоқталсақ:

- Саяси идеологиялар және олардың тарихқа ықпалы. Саяси оқулар мен идеологияларды зерделеу олардың саяси шешімдер қабылдауға, саяси режимдер құруға және қоғамдық тәртіпті өзгертуге қалай әсер еткенін түсінуге көмектеседі. Мысалы, Ұлы Қазан төңкерісі немесе Желтоқсан көтерілісі сияқты тарихи оқиғаларды талдауда қандай саяси теориялар мен идеологиялар (либерализм, социализм, консерватизм, ұлттық) түрлі саяси күштердің іс-қимылына шабыт беріп, ақталғанын ескеру маңызды.

- Саяси институттардың эволюциясы. Саяси институттардың тарихын зерделеу - парламентаризмнен бастап демократиялық және авторитарлық режимдерге дейін - саясаттанушыларға олардың қалай дамып, түрлі тарихи дәуірге айналғанын түсінуге көмектеседі.

- Саяси шешімдердің тарихи контексті. Саясаттанушылар соғыстар, төңкерістер немесе халықаралық дағдарыстар сияқты саяси оқиғалардың негізгі саяси шешімдерді қабылдауға, сондай-ақ саяси құрылымдарды қалыптастыруға қалай әсер еткенін талдау үшін тарихқа жиі жүгінеді [2].

Саясаттану тарихи зерттеулер үшін әртүрлі әдістер мен теорияларды ұсынады. Солардың кейбірін қарастырсақ:

1. Саяси жүйелерді талдау. Саясаттану тәсілі әртүрлі тарихи кезеңдердегі: дәстүрлі монархиялардан бастап қазіргі заманғы демократияларға дейінгі саяси жүйелерді талдауды қамтиды. Демократия, авторитаризм, тоталитаризм теориясын түсіну бұл жүйелердің тарих бойы қалай жұмыс істегенін және олардың қалай дамығанын, мысалы, Қазақ хандығының құрылуынан бастап қазіргі демократиялық мемлекеттердің қалыптасуына дейін талдауға көмектеседі.

2. Саяси іс-қимылдар мен стратегияларды талдау. Саясаттану саяси іс-қимылдар стратегиясын - олардың тарихи контексте қалай қолданылғанын зерттейді. Саяси көшбасшылардың, партиялардың, мемлекеттік құрылымдар мен көпшіліктің мінез-құлқын талдау маңызды элемент болып табылады, бұл тарихшыларға тарихтың белгілі бір сәттерінде қандай да бір шешімдердің неге қабылданғанын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл сайлау, насихат, дипломатия және соғыс сияқты саяси құбылыстардың тарихи оқиғалардың барысына қалай әсер еткенін зерттеуге көмектеседі.

3. Биліктің саяси режимдері мен типтерін жіктеу. Саясаттанушылар биліктің әр түрін және саяси режимдерді жиі жіктейді. Тарихшылар бұл жіктемелерді басқарудың түрлі нысандарының дамуын және олардың салдарын талдау үшін пайдалана алады. Мысалы, «тоталитаризм» немесе «демократия» тұжырымдамасын түсіну тарихшыларға XX ғасырдағы Германиядағы нацизм немесе қырғи-қабақ соғыс сияқты оқиғаларға биліктің осы түрлері қалай әсер еткенін зерттеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан контекстінде саясаттану мен тарихты біріктіретін пәнаралық тәсілді қолдану елдегі тарихи үдерістерді де, саяси өзгерістерді де тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Қазақстан бай тарихи-мәдени мұрасы мен алуан түрлі саяси тәжірибелеріне ие бола отырып, тарихи және саяси ғылымдардың өзара іс-қимылы ел дамуының түрлі кезеңдерін түсіндіруге қалай көмектесетінінің жақсы мысалы болып табылады.

XX ғасырдағы Қазақстандағы саяси өзгерістерді зерттейтін болсақ:

1. Кеңес кезеңі және орталық билік. Қазақстандағы кеңес дәуірінің саясаттану талдауы Кеңес Одағының ішіндегі саяси процестерді де, олардың Қазақстанға әсерін де қамтиды. Мысалы, тарихи және саясаттану теорияларын үйлестіретін зерттеулер 1917 жылы кеңестік билік орнағаннан бері кеңестік режимнің Қазақстанның саясатына қалай әсер еткенін түсінуге көмектеседі.

Тарихи аспект: Қазақстан кеңестік кезеңде ұжымдастыру, индустрияландыру және қуғын-сүргін сияқты бірнеше негізгі оқиғаларды басынан өткерді. Бұл өзгерістердің елдің әлеуметтік және саяси құрылымы үшін терең салдары болды.

Саяси аспектісі: Кеңес билігінің саясатын саяси талдауы (мысалы, орталықтандырылған басқару, билікті нығайту үшін идеологияны пайдалану) бұл шаралардың Қазақстандағы саяси тұрақтылық пен қоғамдық көңіл-күйге қалай әсер еткенін түсіндіруге көмектеседі.

Пәнаралық тәсілдің мысалы 1930-1940 жылдардағы Қазақстандағы қуғын-сүргіндерді зерттеуге арналған жұмыс болып табылады, онда тарихи талдау әдістері мен тоталитарлық режимдерді зерттеуге саясаттану тәсілі үйлесімді болады.

2. Кеңес билігінен тәуелсіздікке көшу. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан жаңа саяси тәртіпті құру міндетінің алдына шықты. Өтпелі процестер жөніндегі саясаттану теориялары мен тарихи талдауды қоса алғанда, аралас тәсіл осы кезеңді зерттеуге мүмкіндік береді [3].

Тарихи аспект: Экономикалық қиындықтарға, нарықтық экономикаға көшуге және саяси реформаларға тап болған КСРО ыдыраған кездегі Қазақстандағы экономикалық және әлеуметтік ахуалды талдау маңызды элемент болып табылады.

Саяси аспектісі: Саяси тұрақтылықты, демократияландыру және билікті нығайту процестерін зерттеу Қазақстанның Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін өзінің саяси жүйесін қалай дамытқанын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

3. Жаңа бағыт: Қазақстан жаһандық саясатта. Қазақстанның тәуелсіздігі Батысқа да, Ресей мен Қытайға да бағдарланған сыртқы саясатты құру қажеттігіне алып келді. Елдің сыртқы саясатын талдауда пәнаралық тәсілді қолдану Қазақстанның геосаяси жағдайын тарихи талдауды да, сыртқы саясат пен стратегияға саясаттану тәсілін де қамтиды.

Тарихи аспект: Қазақстанның Ресей және Қытай сияқты көршілес елдермен, сондай-ақ БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасының тарихы Қазақстанның стратегиялық мүдделерін түсінуге көмектеседі.

Саяси аспектісі: Қазақстанның бейтараптықты сақтау, Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен басқа да халықаралық альянстардағы рөлін нығайту жөніндегі саяси стратегиясын зерделеу мемлекеттік көшбасшылардың жаңа саяси шындықтар мен тарихи контексті ескере отырып, сыртқы қатынастар саясатын қалай бейімдегенін зерделеуге мүмкіндік береді.

4. Этникалық және әлеуметтік мәселелер. Саясаттану мен тарих Қазақстандағы этникалық және әлеуметтік мәселелерді талдауда да қиылысады. Қазақстан көп этникалық топтан тұратын ел болып табылады және этникалық саясат мәселелері, түрлі топтардың (қазақтар, орыстар, ұйғырлар, қырғыздар және басқалар) қоғамдық-саяси өмірдегі рөлі өзекті болып қалуда [4].

Тарихи аспект: Этносаралық қатынастарды, олардың кеңестік кезеңнен осы уақытқа дейінгі эволюциясын тарихи талдау Қазақстандағы ағымдағы саяси проблемаларды түсіндіруге көмектеседі.

Саяси аспектісі: Әлеуметтік саясатты, ұлттық бірегейлік саясатын және мемлекеттік идеологияны саяси талдау Қазақстанның саяси көшбасшыларының этносаралық үйлесімділік пен әлеуметтік бірлік мәселелерін қалай шешетінін түсінуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, Саясаттану мен тарихты біріктіретін пәнаралық тәсіл зерттеушілерге саяси процестер мен олардың тарихи дамуға әсерін неғұрлым толық және көп қырлы түсінуге мүмкіндік береді. Тарих саяси шешімдер үшін контексті қамтамасыз етуге көмектеседі, ал саясаттану саяси құбылыстар мен институттарды талдауға арналған құралдарды ұсынады. Пәндер арасындағы мұндай ынтымақтастық әртүрлі саяси күштер мен оқиғалар әлемдік тарихтың барысын қалай қалыптастыратынын теориялық та, практикалық та түсінуді байытады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Хритов И.Н. междисциплинарный подход в современной политологии: проблемы и перспективы // Международный научный журнал «Вестник науки». – 2023. – №6 (63). С. 258-263.
2. Бушмакина Ю.А. Междисциплинарный подход в современном историческом знании // Вестник Пермского государственного гуманитарно-педагогического университета. Серия Гуманитарные и общественные науки. – 2017 – № 3(2), С. 7-20.
3. Омарова, А. Эволюция политической системы Казахстана: от советской модели к независимости // Журнал политических исследований. – 2013. – № 2(4), С. 122–138.
4. Громов, А. (2015). «Межэтнические отношения в Казахстане и влияние политики на этническую идентичность» // Социология и политика,– 2015 – №7(2), С.98–110.

ӘОЖ 37

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ЭТНОТЕРРИТОРИЯ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Нәбижан Мұқаметханұлы, т.ғ.д., профессор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті

Қытайтану кафедрасы, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: nabizhan.muhametkhanult@gmail.com

Абылай (Әбілмансұр) көркем Уәлиұлы (1711 – 1781 жж.) – қазақтың ұлы хандарының бірі және бірегейі. Абылай хан өмір сүрген XVIII ғасырды Шоқан Уәлиханов «қазақ халқының өміріндегі бір алапат кезең еді» [1] деп сипаттаған. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы алапаттарды еңсерген қазақ халқы, ғасырдың екінші жартысында ел-жұрты біріккен, этнотерриториясы бүтінделген, төңіректегі елдер санасқан Қазақ хандығы болып тарихи сахнадан көрінді. Мұндай тарихи өзгерістердің болуын Абылай ханың сіңірген еңбегінен бөле қарауға болмайды. Өйткені Абылай хан қазақтың ұлы мұраты үшін күресті. Ол мұрат еліміздің бостандығы, тәуелсіздігі және этнотерриториясының тұтастығы болатын. Міне, осы асқақ мұрат үшін Абылай хан ғұмыр бойы күресті және оны іс жүзінде іске асырды деп айтуға тарихи негіз бар.

Абылай ханның қоғамдық қызметке араласуы 1731 жылы жоңғар батыры Шарыспен өткен жекпе-жектегі жеңісінен кейін басталды. Оның «Абылай» атануы да, Орта жүзде Әбілмәмбет ханның сұлтаны әрі әскери қолбасшысы болып танылуы да осы оқиғадан басталған. Бұл кездегі қазақ қоғамындағы басты мәселе жоңғар басқыншыларын қазақ даласынан қуып шығару болатын. Сондықтан бүкіл қазақ батырлары жұмырықтай жұмылып, жоңғарлар шапқыншыларына қарсы күреске шықты. Сондықтан болар Бұқар жырау:

«Өңкей батырды жиысты,

Абылай салды жарлықты». – деген еді.

Қазақтың атақты батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбей, Шақшақ ұлы Жәнібек, Серкеқара Тілеуке, Шапырашты Наурызбай сияқты көптеген баһадүрлер тізе қосып күрес жүргізгендіктен қазақ жасақтары жеңістен жеңіске жетіп отырды. Абылайдың ел ішіндегі беделі өсіп, Орта жүзде Әбілмәмбет ханнан кейінгі саяси тұлғаға айналды. Сонымен Ресей де, жоңғарлар да Абылайға назар аударды. 1740 жылы Орынбор комиссиясының бастығы В. Урусовтың Ресей Сыртқы істер алқасында жолдаған мәлімхатында «...Орта жүздің билеушілері Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан ...», [2] – деп айтылуы, Абылайдың қоғамдық орны мен ықпалының маңызды екенін көрсетеді. Мұны А.И. Левшин жазбалары да айғақтайды: «1739 жылы Орта жүзде Сәмеке (Орта жүздің батысындағы аз санды руларды билеген) ханның орнына хан сайлаудан бұрын, Әбілмәмбетпен пен Абылай екеуі бірдей хандық билік жүргізген». 1740 жылы тамызда Абылай Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен бірге Орынборға барып, орыс өкіметінің «қорғауында» болуға келісеті деген де деректер бар. Бұлар Абылайдың қазақ қоғамындағы орны мен беделінің жоғары екенін көрсетеді.

Ал жоңғарлар болса Абылайдың сағын сындыруға әрекет жасап бақты. Олар Абылайды аңдып жүріп қапияда қолға түсірді. Бұл оқиға Үмбетай жыраудың жырында:

«Қалдан ханның әскері,
Іздеп сені әрі-бері,
Қапыда ұстап алғанда,
Алып барып Ташкентке,
Көр зынданға салғанда,
Елің қаран қалғанда». — деп айтылған.

Бұл сөздер толығымен тарихи шындыққа жанасады. Жоңғарлар Абылайды екі жылдай тұтқында ұстап, ақыры босатып, Топыш деген ару қызын атастырып еліне қайтарады [3, 87 б.]. Әбілмәмбет хан алдынан шығып қарсы алады. Сондай-ақ, ол 1743 жылы үш жүздің игі жақсыларын шақырып, салтанатты той жасап, өзінің хандық билігін жүргізуді Абылайға табыстайды [4]. Бұл оқиғаның шындығын А.И. Левшинның деректері де дәлелдейді. Ол: «Әбілмәмбет түрлі қастандықтан сақтану үшін, 1744 жылы Түркістан қаласына барды. Сөйтіп ол шекара үкіметінен байланысын түгелдей үзіп кетті», [5, 99 с.] – деп жазды. Айта кетуіміз керек, қазақтың дәстүрлі билік жүйесі бойынша Әбілмәмбетте ғұмырының соңына дейін хандық лауазым мен құрмет сақталған.

1743 жылдан кейін Абылай Орта жүзде хандық билік жүргізді, сондай-ақ жалпы қазақ елінің саяси өкілі ретінде Қазақ хандығының ішкі және сыртқы мәселелерін шешіп отырды, төңіректегі елдердің бәрі де тек Абылаймен ғана санасты.

Абылай Орта жүздің хандық билігін қолына алған кезде қазақ қоғамына үлкен сын-қатерлер төніп тұрған болатын. Солардың ішінде қазақ халқының дербестігі мен өмір сүруіне қауіп-қатер төндіріп тұрған жоңғар басқыншылары да бар еді. Сондықтан Абылай хан бірінші кезекте ел-жұртты жұмылдырып, жоңғар басқыншыларына қарсы жойқын шабуылдар ұйымдастырды.

1745 жылы жоңғарлардың жағдайында үлкен өзгеріс орын алды. Сол жылы жоңғар ханы Қалдан-Серен өліп, хан тағына таласқан топтар арасында қиян-кескі күрес басталды, оның ақыры қиян-кескі ұрысқа айналды, соның салдарынан Жоңғар хандығы қатты әлсіреді. Ал Қазақ хандығы керісінше, Абылай ханның басшылығында жылдан жылға нығая түсті. Тіпті Абылай таққа таласқан жоңғар топтарының көмек сұрайтын қормал адамына айналды. Абылай хан бұл жағдайды өзіне ұтымды пайдаланып, жоңғардың әлсіздерін қолдап, күштілерін әлсірету арқылы, оларды қазақ даласынан қуып шығару саясатын жүргізді әрі бұл мақсатын толық іске асырды. 1750 жылдың басында жоңғарлар Қазақстан аумағынан толық ығысып шығып кетуге мәжбүр болды. Бұл жөнінде төмендегі жазба деректерді келтіруге боады.

1953 жылдың желтоқсан айындағы Ресей барлаушыларының мәліметінде: «Бұл қырғыздар (қазақтар – Н.М.) Давациға (Дауашқа) көмек көрсеткен, олардың көмегі арқылы ол көптеген қалмақтардың ұлыстарын талқандап, тұтқындарды алып кеткен... Абылай сұлтан оларға осындай көмек көрсетті» [6, 438 с.]. 1753 жылы қаңтар айында 5 мың қазақ жасақтары Давациға көмектесіп Дорботты жояды. Ал Даваци мен Әмірсана таққа таласып қырқысқанда, Абылай әскері әлсірей бастаған Әмірсанаға көмек қолын созады. Сол арқылы жоңғардарды шығысқа қарай ығыстырып Бұраталаға дейін тазартты. Содан соң Әмірсана Абылайдан үміт үзіп, енді Цин империясының қолдауымен жоңғар ханы болуды көздеп, 20 мыңдай елін ертіп барып Цин патшалығына беріледі. Онсыз да Жоңғар хандығын жоюды жоспарлап отырған Цин патшалығы ордасы, оған әскери шен беріп, жоңғарларды барлауға жібереді. 1754 жылғы Цин патшалығы жазбаларында: «Абылай Батымашылин (Батыма-Церен), Есендермен бірге ойрат, қалмақ әскерлерінен он мың қолды бастап, Бұратала қатарлы жерлердегі жоңғар малшыларын талан-таражылап, қолға түсірген адамдарын алып қайтты», [7, 29 б.] – деп жазылған. Ал Цин патша ордасына келіп түскен әскери ақпарда: «1755 жылы 6 ақпанда Бан Ди Іледегі Махмұт деген адамнан сұрағанда, ол «қазақ әскерлері Ілеге келіп ұйғырлардың астығын талан-таражылап кетті. Олар қазір Сағанусу белінде жатыр» деді. Жағдайға қарағанда қазақ әскерлері Ілеге жақын жерде тұр екен», [8, 481 т., 15-16 б.] – делінген. 1755 жылы 9 наурызда Цин әскери басқармасына келіп түскен мәліметте: «...қазақ әскерлері одан (Даваци әскерлерінен) күштірек. Олар Давациды тұтқындай алады. Сондықтан біз әскери жорық жасағанда олардан (қазақтардан) сақтануымыз керек. Қазірге дейін олар Ілені иеленіп алған жоқ. Олар Іледен шегініп кетіпті. Сондықтан біздің әскерлердің жорық жасауына жағдай қолайлы», [8, 481., 15-16 б.] – деп жазылған. Цин патшалығы ордасында 1755 жылы 1 шілде күні хатталған мәлімдемеде: «Әмірсананың қазақ жеріне жіберген Дэнзин есімді елшісі өзімен бірге қазақтан Әмір батыр есімді бір адамды ертіп келіп былай дейді: «мен Дэнзин 5-айдың 22-күні (1755 ж. 1 шілде – аудармашы.) Абылайға бардым». Әмірсана Банжур арқылы Абылайға «патша өзі бастаған 90 000 әскер мен оған қосылған 100 000 ойрат әскері осылай үлкен жорық жасап, жоңғар жерін тыныштандырады» дегенді жеткізіп еді, Абылай ерекше қуанды... Біздің Абылай ханымыз Елцинді қуып кеткендіктен осы рет сый-сияпатымен келіп сіздермен сәлемдесуге ыңғайы

келмей қалды. Ол ауылына оралған соң сөзсіз арнайы елшісін жібереді» [9, 24-26 б.]. Осы сияқты көптеген орыс, қытай жазба деректері 1750-жылдардың басында қазақ жасақтарының жоңғарларды қазіргі Қазақстан аумағынан толық қуып шыққанын және Абылай жасақтарының Давақи қолдарынан басым болғанын дәлелдейді. Сондай-ақ Цин империясы өзінің жоңғарға жорық жасайтынын Абылайға алдын ала мәлімдегені олардың Абылайды қазақтың ханы ретінде танып, онымен санасқанын көрсетеді.

1755 жылы мамырда Цин империясы Жоңғар хандығын түбегейлі жойып, елі мен жерін өзінің тікелей басқаруына алды. Әмірсананы тек бір тайпа елдің нояны етіп тағайындады. Бұған наразы болған Әмірсана сол жылдың күзінде Цин әскерлеріне қарсы қарулы көтеріліс жасады. Бірақ ол жеңіліке ұшырап Абылай ханға қашып келіп паналады. Келесі жылы Әмірсана еліне қайта оралып, қол жинап, тағы да шабуылға шықты, алайда ол және де жеңіліп қазақ даласына қашып барып жасырынды.

Бұл оқиға қазақтар мен Цин патшалығын тікелей байланыстырады. Цин империясы Әмірсананы тірідей тұтқындап келу үшін қазақ даласына үш бағытпен үш түмен әскер аттандырып, қол бастаған сардарларына жарлық түсіріп былай дейді: «Біз тек сұмырай Әмірсананы ғана тұтқындауға кетіп барамыз, сендерге мүлде шабуыл жасамаймыз, сендер жайбарақат отыра беріңдер деп айтыңдар. Егер оларда қарсылық болмаса, біздің әскерлердің бүлік шығаруына қатаң тыйым салыңдар» [8, 512 т., 22-23 б.]. Бірақ Абылай хан қазақ даласына баса-көктеп енген Цин империясының қалың қолының жолын кесіп қайтарма шабуыл жасайды. Бірақ ол жер қайысқан, мұздай қаруланған қалың қолды қарумен емес, дипломатиялық жолмен қайтаруды жөн санап, олардың әскери штабына елші жіберді. Ол елшілер: «Біздің әскер бастап баруымыз әсте алып елмен жауласу емес еді. Қалың қолдарың оларға шабуыл жасады» деп олардың өзін кінәлайды. Алайда оларға сайгүлік сыйлап, Әмірсананы тұтқындауға атсалысатынын айтып, олармен сауда жасағысы келетінін білдіріп, бейбіт мәмілеге келеді. Осыған байланысты 1757 жылы шілде айында Цин империясының шекараны тыныштандырушы генералдың орынбасары Чжао Хуэй мен кеңесші уәзір Фу Дэның патша ордасына жолдаған мәліметінде: «Қазақ ханы Абылай бізге қарсылық көрсеткеніне өкініп, адалдық танытып тарту-таралғы жіберген елшісі лагерьге келді», [8, 543 т., 12 б.] – делінген. Олардың және бір мәліметінде: «Қазақтың Дәмеш және Тоқтау деген екі адамы әскери штабымызға келіп, кешірім сұрап, екі ат тарту етті. Олар ойламаған жерден қалың қолдарыңызбен шайқасып қалып, екі жақ бірдей арандалдық. Міне бүгін ат тарту етіп, кешірім сұрап келдік», – дейді, сондай-ақ – «олар бізбен сауда жасағысы келетінін де білдірді», [8, 505 т., 4 б.] – делінген.

Әмірсана мәселесі бойынша Цин империясы Абылай ханға дипломатиялық шырғалау мен қоқан-лоққы көрсету тәсілін қатар қолданып, оны Әмірсананы тұтқындап беруге мәжбүрлейді. Абылай хан оны тұтқындауға атсалысатынын айтқанмен нақты іс-әрекет жасамайды. Әмірсана Ресей жеріне жасырынып өтіп барып, көп өтпей шешек ауруынан қайтыс болды. Сонымен қазақ-қытай

арасындағы Әмірсана проблемасы аяқталады да, Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында тікелей дипломатиялық қарым-қатынас орнайды.

Цин патшалығы ордасы Қазақ хандығын дербес ел ретінде мойындап, Абылай ханды сол елдің басшысы деп таниды. Цин императоры Цяньлун 1757 жылы 31 қыркүйекте Абылайға жолдаған грамотасында: «...өзің бұрын хан екенсің, патша хандығыңды бекітті... патша сендердің жайлы қоныстанып, көңілді тіршілік етулеріңе тілектес. Сендер әлі де бұрынғы салттарыңда (қоғамдық салт – жүйеде) бола беріңдер. Алым-салық беру-бермеу еркі өздеріңде. Егер елші жіберіп патшаға сәлем беретін болсаңдар, патша сендерді ерекше сыйлайды», [8, 543 т., 16 б.] – деп жазды. Цин патшалығының қазақ хандарына мұндай грамоталар беруі іс жүзінде қазақ хандарын танып, мойындауы болып табылады. Ал, қазақ хандары үшін айтқанда, ол ұлы елдің оны хан деп тануының айғағы іспеттес дүние ғана. Сондықтан император Цяньлун қазақ статусы жөнінде: «Олар (қазақтар) ел болды, біз қабыл алдық деген – оларды жанамалай баурау ғана, бейне Вьетнам, Тайландтар сияқты. Оларға тек Тәңір патшасының лебізін білдіріп қою», – деп сипаттаған. Сондай-ақ олар: «Қазақтар жерімізге кимелеп кіріп кетпейді деуге болмайды», – деп, Қара Ертістен Іле өзеніне дейін көлденең қарауыл обаларын орнатып, күзетке әскер қойды. Сондай-ақ Шекара шонжарларына: «Егер Абылай ойраттар жеріне еніп келіп мал бағуды талап ететін болса, оған сендердің шекарадан асып келулеріңе болмайды деңдер», [8, 548 т., 9 -10 б.] – дейді.

Ал Абылай ханның қазақтың этнотерриториясы жөнінде өз танымы бар еді. Ол қазақтардың атамекенінің шығыс жағы Тарбағатайда, Іледе деп санайды. Сондықтан ол өзінің бірінші рет Цин патшалығы ордасына жіберген елшілерінен Тарбағатай біздің көне жұртымыз еді, сол өңірді патша «жарылқап» қазақтарға берсе деп сұратады. Бұған патша ордасының қайтарған жауап хатында: «Абылай сендер шалғайда жатқан жат елсіңдер... елшің жеткізген сенің «Тарбағатай тегінде біздің атажұртымыз еді, сол жерді патша жарылқап қазаққа берсе» деген сөзіңе келсек, бұл жер жаңа ғана тыныштандырылды, қазір иен жатқан өңір. Патша әсілі ол жерді сендерге қиып бере салушы еді, бірақ сендер бізге еңбек сіңірген жоқсыңдар. Сондықтан ол жерді сендерге жарылқап беріп жіберу – мемлекеттік тәртіпке қайшы келеді. Егер сендер айтқандай-ақ Әмірсананы тұтқындап әкеп беретін болсаңдар, онда ол жерді сендерге жарылқап беруге болар еді», [8, 548 т., 9 - 10 б.] – деп жазылған.

1760 жылы Абылай хан Цин императорына жіберген елшісінен өр Ілені сұратады. Соған орай 1760 жылы 8 маусымда Цин патшалығы ордасының Абылай ханға жазған жауап хатында: «Сенің елшілерінің айтуынша, ойрат жері қазір иен жатыр екен... Сен және де «патша жарылқағанның үстіне жарылқай түсіп, қазақтардың Ілеге барып мал бағуына рұқсат берсе» депсің. Тарбағатай қатарлы жерлер ежелден жоңғарлардың жайылым жері, патша қалың қолмен ол жерді тыныштандырды. Сендер қазақтар, буруттар (бұлттар - қырғыздар – Н.М.) ташкенттіктер, әндіжандықтар, бадақшандықтар барлықтардың өз ықыластарыңмен ішке (бізге демекші – Н.М.) қарадыңдар. Қазақтар сендердің жайылым жерлерің ұлан-ғайыр кең дала... қазір Іле және басқа жерлерге

ішкеріден әскерлер шұбырып келіп тың жер игеріп жатыр. Абылай хан сен бұрын Тарбағатай қатарлы жерлерге барып мал бақсақ деп өтінген едің, патша оған да рұқсат бермеген болатын. Бүгінгі талабың тіпті артық», [8, 543, 17 б.] – дейді. Демек, Цин патшалығы қазақтардың ежелгі атамекеніне қайтып барып қоныстануына қарсы болды. Алайда біз Абылай ханның аталмыш хаттарынан оның қазақтың этнотерриториясы жөніндегі концепциясын анық аңғарамыз.

Сондықтан Абылай хан қазақтарды шығыстағы атамекеніне қайта қоныстандыру саясатын жүргізіп отырды. Орта жүз бен Ұлы жүздің кейбір рулары шығысқа қарай жылжып көшіп, Цин империясының Ертістен Ілеге дейін көлденең тартқан шекара обаларын қусыра қоныстанып отырды. Кейбір рулар тіпті шекара қарауылынан әрі асып барып қоныстанды. Цин империясының шекара әскерлері оларды түгелдей кері қайтаруға шама-шарқы келмейді. Ақыры олар қалыптасқан жағдайды мойындауға мәжбүр болады.

Цин патшалығы ордасының қазақтарға жолдаған жарлық хатында: «Сендер бірнеше ондаған жылдардан бері ептеп ішкерілеп жылжып еніп келесіңдер. Біздің генерал, уәзірлердің айтуы бойынша, сендерді жазаға тарту керек еді. Бірақ патша сендерге кеңшілік жасады, сендердің шекара қарауылымыздың бергі жағындағы иен жатқан жерлерге келіп мал бағуларыңа рұқсат берген Жарлығын жариялады. Өздерің өсіп-өркендеумен қатар, көршілес елдеріңмен де тату тұрып, патшаның мейір-шапағатына мәңгі бөлене беріңдер», [8, 777 т., 8 б.], – делінген. Бұл іс жүзінде Цин патшалығы ордасының қазақтардың атажұртына қайта қоныстануын мойындауы. Осылай шығыстағы атамекеніне қайта қоныстаған қазақ ру-тайпаларының ұрпақтары қазіргі Қытай мен Моңғол елінде өмір сүріп отырған этникалық қазақтар.

Абылай ханның оңтүстік өңіріндегі қазақтың этнотерриториясы жөніндегі танымы да анық болған. Сондықтан ол қазақтың оңтүстік аумағына сұғынып кіріп, талан-таражылық жасағандарға сілейте соққы беріп, елдің шетін бекемдеп отырды.

1774 жылы Абылай хан қазақтың оңтүстік шығыс өңіріне сұғанақтық жасаған қырғыздарға жорық жасайды. Бұл оқиғаға байланысты Цин патшалығының Іледегі генералы И-Литудың патша ордасына жолдаған мәлімдемесінде былай делінген: «Абылай және Әбілпейіз көп адамды бастап барып шабуыл жасады. Қырғыздың Әтеке қатарлы адамдары олардың артынан қуып барып Талас жеріне соғысады, бір мыңнан астам адамы тұтқындалды. Қазақтар кек қайтару үшін қырғыздарды шауып, талан-таражылады» [8, 925 т., 28 б.]. Шоқан Уәлиханов: «Абылайдың айдап келген адамдарының көп болғаны соншалық, қазір олардың ұрпағы екі болыс ел болып, жаңа қырғыз және бай қырғыз деп аталды», [1, 15 б.] – деп жазды. Сол жорықта Абылай Нарынқолдан Қордайға дейінгі аралықты қазақ-қырғыздың шеп-шекарасы деп анықтаған болатын. Қазірге дейін осы аралық шекара ретінде сақталып отыр.

1776 жылы Абылай қоқандықтардың Ұлы жүз еліне жасаған талан-таражылығына қарсы соғысып, елдің оңтүстік шебін нығайтты.

Қоқан билеушісі Ердана бек (Ерденбек) Абылайдың інісі Ескендірді төрт баласымен қосып өлтіріп, әйелін барымталап кетеді. Абылай хан өзі қол бастап

жорыққа шығып Ердана бекке сұрапыл шабуыл ашып, оның көп әскерін жояды, Ердана бек қашып Пішпек қорғанына тығылады. Абылай хан қорғаның тас-талқанын шығару үшін Цин патшалығынан зеңбірек сұратады. Цин ордасы: «Қазақ және қоқандықтардың барлығы менің пақырым. Біреуіне болысып енді біреуін қырғындауға болмайды», [8, 844 т., 27 б.] – деген сылтаумен зеңбірек беруден бас тартады. Алайда сол соғыста ойсырай жеңілген қоқандықтар Абылай хан өмірден өткенше қазақ даласына аяқ баспайды.

1765-1767 жылдары Абылай хан қоқандықтарға ойсырата соққы беріп, Түркістан, Сайрам, Шымкент қалаларын қайтадан қазақтардың басқаруына қаратып, Ташкент тұрғындарын Қазақ хандығына алым-салық төлеп тұруға міндеттеді.

1777 жылы Абылай хан Оңтүстік өңірге барып, қазақ билігіне қарсылық танытқан Ташкент, Қоджант билеушілеріне соққы беріп, оларды қайтадан алым-салық тапсырып тұруға мәжбүрлейді. Бұл жөнінде Цин патшалығының орда күнделіктерінде жазылған нақты мәлімет бар. Онда: «1777 жылдың жаңа айында Абылайдың жіберген елшісі Отаршы Бейжіңге келді. Ол Абылайдың өзіне салық тапсырып тұрған Ташкентте 30 мыңнан астам тұрғындардың бар екенін айтты», [8, 925 т., 28 б.] – деп жазылған.

Жалпы, Абылай ханның өмір бойы атқарған қоғамдық қызметінен оның ұлы мұратын, берік концепциясын көруге болады. Ол қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін, қазақтың этнотерриториясын қалыптастыру үшін жанқиярлықпен күресті және оны жүзеге асырды. Қазіргі замандағы қазақ халқы (іргелес елдердегі этникалық қазақтар да), кезінде Абылай хан қылыптастырған аумақта өмір сүріп, өркендеп келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ш.Ш.Уәлиханов. Абылай хан. -Алматы: Айқап. – 1992, 32 б.
2. Казахского-русские отношения в XVI-XVII веках (Сборник-документов иматериалов) - Алма-Ата. -1961. №65. - С.127 - 128; Зарқын Тайшыбай. Абылай хан (өмірі мен қызыметыне қатысты құжаттар мен материалдар). – Астана: Астана баспасы. – 2005. - 77 б.
3. Мыңжани Н (құрастырған). Қазақ жырауларының жырлары. - Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы. - 1987, 160 б.
4. Абылай хан дастаны (Қолжазба). Қытай халық ауыз әдебиетін зерттеу қоғамы, Шыңжаң бөлімшесін сақталған.
5. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или кирги-казацкх, орда и степей (пол общей редакцией М.К. Козыбаев). – Алматы: Санат. -1996, 99 с. (656 с.).
6. Златкин И.Я. История джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964, 468 с.
7. Фу Хэн. Жоңғарды тыныштандырудың жалпы жобасы (Қолжазба). - Бейжин. -1777.
8. Цин (Чиң) патшалығы Гаозун патшаның орда жазбалары (Қолжазба). - 481 т.

9. ҚР БЖҒМ Р.Б.Сүлеймен атындағы Шығыстану институты Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері (қытай тілінен аударып, түсінік жасаған Б.Еженхан). - Алматы: Дайк-Пресс. – 2006, 3 т., 24, (294 б.).

ӘОЖ 94:070(574)

«АЙҚАПТА» БАСЫЛЫМЫНДА КӨТЕРІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Нурбекова Р.К.

Қауымдастырылған профессор, т.ғ.к.

С. Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан.

e-mail: r_nurbekova@mfi.ru

Қазіргі кезде жалпы жұрт білетін бір даусыз шындық – туған халқымыз өзінің сан ғасырлық шеру жолының шежіресін тарихи зерттеулерден оқып-танығандығы. Қазақ халқының мәдени өмірінде ХХ ғасырдың бас кезінде болған елеулі оқиғалардың бірі қазақтың тұңғыш қоғамдық – саяси және әдеби журналы - «Айқап» журналының шығуы.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Ресей халықтарының соның ішінде Қазақстанның экономикалық, саяси-мәдени өмірінде үлкен өзгерістер болды. 1905 жылғы революция Ресейдің барлық халықтарын сілкітті, артта қалған шеткі ұлттық халықтарды оятты. Орталықтағы сияқты, шет аудандағы барлық топтар, әлеуметтік топтар, өздерінің таптық мүдделерін бейнелейтін талаптарын ұсынды. Осы кезеңде Қазақстан жағдайында кезек күттірмейтін мәселе ұлт – азаттық қозғалыс болды. Оянып, қозғалысқа келген бұратана ұлттар, олардың оқығандары өз тілдерінде түрлі кітаптар, газет-журналдар шығаруға кірісті. Осы кезеңде кітаптар мен кітапшалардың үлкен саны, қазақ тілінде «Серке», «Қазақ», «Қазақстан» газеттері және «Айқап» журналы шыға бастады. Баспасөз басылымдарының орталықтары Қазан, Орынбор, Троицк, Семей, Омбы қалалары болды.

Қазақ баспасөзінде осы кезеңде әлеуметтік – саяси мәселелер басым орын алды және осы салада қызмет етсе қазақ зиялылары ойларының өткірлігі, әртүрлілігі жағынан сол кезеңдегі қазақ қоғамының даму тарихында ерекше орын алды.

Қазақстандағы баспасөз тарихы сансыз көп үлгілермен әшкереленді, патша цензурасы сияқты және әкімшілік адамдары, оянып келе жатқан қоғамдық ойларды қазақ халқының көркем шығармашылығын тұншықтыруға тырысты. Журнал басылымының ұйымдастырушылық және техникалық жағы өте күрделі болды. Араб шрифтінің іздеу, жинақтаушылар, қағаздар типографиялық база қажет болды. Маңызды мәселелерді шешуде М. Сералиннің, оның жолдастары – орыс революциялық социал-демократтары Ф. Сыромолотов, С.С. Ужгин, Зиссер, Юдин көмектесті [1, 197 б].

М. Сералин «Айқаптың» бірінші санында жазған бас мақаласында: «Газет һәм журнал, деп жазды ол, халық үшін пайдалы екендігіне бұл заманда шек етуші жоқ. Халықтың қай дәрежеде алға кеткендігі халық арасында таралған газет, журнал һәм кітаптардан білінеді» - деп көрсетті [2, 1 б].

Ал, Қазақстандағы демократиялық-ағартушылық бағыттың өкілдері Мұхаметжан Сералин, Сәбит Дөнентаев, Испандияр Көбеев, Әкрам Галымов, Бекет Өтетілеуов, Әріп Тәңірбергенов және басқалар, Абай мен Алтынсариннің жақсы дәстүрлерін жалғастырды [3, 86 б].

Қазақ демократиялық публицистикасының дамуында 1911-1915 жылдары шыққан «Айқап» журналының жарыққа шығуы Қазақстанның қоғамдық- саяси өміріндегі қазақ баспасөзінің пайда болуындағы байсалды жетістіктердің бірі болып табылады.

1911 жылы «Айқаптың» негізі қаланды. 1910 жылы 18 қаңтарында баспасөз істері бас басқармасына Орынбор губернаторының канцелериясынан хат түседі. Онда былай деп хабарланады: «Қостанай уезі №5 Шұбар болысының қазағы Мұхаметжан Сералинге, оның жауапкершілігімен Троиц қаласында ай сайын «Эй-каф» журналын төмендегідей бағдарлама бойынша басып шығаруға рұқсат берілді: алдыңғы қатардағы мақалалар, шетел жаңалықтары, мұсылман өмірінің мәселелері, хабарлар, фельетондар мен өлеңдер, библиография және ғылыми мақалалар, аралас және редакцияға келген хаттар.

«Айқап» журналының ұйымдастырушысы және редакторы жазушы-демократ М. Сералин болды. Журналдың төңірегіне М.Сералиннің пікірлестері – қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткерлері топтасты. Журналдың 1911-1912 жылдарда хатшысы Акрам Галимов, 1913-1914 жылдары Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. «Айқаптың» қызметкерлері мен тілшілері сол кездегі белгілі жазушылар мен ақындар – Сәбит Дөнентаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин болды. Журналға оның әйгілігі туралы айтып, Қазақстанның әр түрлі бұрышынан адамдар жазды. Журналды Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, татар қайраткерлері Х. Шелоба, Т. Мұхамадияров белсенді түрде қолдады. «Айқап» дербес журнал деп аталды, мықты қаржылық негізі болмады, журнал жазылушы халықтан, негізінен интеллигенциядан жиналған қаржыға басылды. Өзінің аталуы, мақсаттары жағынан журнал келесідей түсініктеме береді. Журналдың өз аты «Ай, қап» барлық қазақ халқының мәдени артта қалушылығына өкінішпен бейнелеуге тиісті» деген сияқты [4, 1 б].

Ғабдол Жәмилов өзінің «Айқаптың» атының маңызы» атты мақаласында: «Айқап» - орналмаған мақсаттарға, армандарға өкіну. «Айқап» қоғамдық сипаттағы алғашқы қазақ журналы, ол қазақтардың арасына ғылыми білімдер таратты, өзінің беттерінде өзекті мәселелер көтерді [5, 124 б].

«Айқап» жаңа революцияның көтерілуінің қарсаңында шыға бастады. Бірақ журнал елде болып жатқан ереуілдер және революциялық толқулар жайлы ашық түрде айта алмады. Өйткені қатал патшалық цензура әрекет етуін жалғастырды. Осыған қарамастан оның беттерінде бай езушілерге, шенеуніктік паппаратқа

қарсы бағытталған мақалалар пайда болды. «Айқап» беттерінде патшалық басқару жүйесі де сынға ұшырады.

Алғашқы екі жылда журнал айына 1 рет, соңғы 3 жылда 2 аптада 1 рет шығып тұрды.

1913 жылы «Оренбургский край» газетінде: «Қазақтың екі апталық қоғамдық саяси журналы «Айқап» өзін жоғары дәрежедегі дербес басылым ретінде көрсетеді, ал осы аталған басылымның редакторы байырғы қыр қазағы М. Сералин дарынды болмыс, ұйымдастырушылық талант қосқан, публицист және рухани көсем. Бұл рухы және қанымен қазақ» [6, 1 б].

Авторлар өздерінің ойлары жағынан өзгешеленді, мұнда дін иелерінің өкілдері ұлтшылдар да болды. Бірақ жетекші күш авторлардың прогрессивті тобында болды. Оларға М. Сералин, Ж. Сейдалин, Б. Қаратаев, Ш. Әлжанов, С.Торайғыров және басқалар кірді. Журналдағы Қазақстанның экономикалық дамуы жөніндегі мәселелерін Омар Қарашев, Мақыш Қалтаев қолдады.

«Айқап» бес жыл бойы қазақ даласының прогрессивті ойларының трибунасы болды, әлеуметтік шындықтағы жағымсыз көріністерді сынады, халықтың ақылшысы болды, оны әлеуметтік прогресс жолына бағыттауға тырысты. «Менде ешқашан материалдардың жеткіліксіздігі болған емес, мен бүгін білмеймін ертең журналға не жинап өткізілу керектігін, міне пошта келді және бірден толы материал болады»- деп жазды М. Сералин.

«Айқап» өзінің мақалаларымен заңсыздықтарды, ауылдағы қазақ феодалдарының іс-қылықтарын әшкереледі, езілушілерді, қорланушыларды қолдап, солардың сөзін сөйледі. «Айқап» өз беттерінде: «Біздің журналдың пайда болуы атаққа ие болу емес, Қазақстан тариханда із қалдыру. Ағарту ісін және мәдениетті таратуға байланысты алып сату емес, халыққа қызмет ету»-деді.

Қазақ даласындағы экономикалық қайта құрулар мәселелері М.Сералиннің «Қазақ халқының мұқтаждығы», «Біздің бұрынғы һәм қазіргі халіміз», «Келешек заманымыздың қамы», «Жер әңгімесі» тағы басқа мақалалары жарық көрді.

Қазақ халқы ағартуға, білімге және мәдениетке шақыра отырып, М.Сералин сол кездегі ескі әдет-ғұрыптарды және дәстүрлерді өткір сынайды. М.Сералин 1912 жылы «Троицк қаласы» атты мақаласында мемлекеттік думаға қазақ депутаттарының қатыспауына өкінеді. Ол: «5 жылда мемлекеттік думада Түркістанда таратылған көптеген қазақ жобалары қаралды. Осы заң жобаларын тексеру кезінде бірде-бір депутат қазақ болмады. Ол сол кезде уақыт туады, оның қоғамдық саяси қызметінің жарығы мен көлеңкесіне тарихшылардың объективті түрде қарайтындығына үміт артқанды. Қазақ тарихында М.Сералин, оның «Айқап» журналы алтын әріптермен жазылады.

«Айқаптың» соңғы саны 1915 жылдың 28 тамызында шықты. Мұнда редакция өзінің оқырмандарына, материалдық базаның жоқтығынан және басқа да себептермен журнал қызметінің тоқтатылғандығын хабарлайды.

Журналдың пайда болуы және қызметі екі түрлі факторды анықтайды: әлеуметтік-тарихи; цензуралық.

Ол қазақ қоғамының ішкі және сыртқы дамуына байланысты дүниеге келді. «Айқап» жариялылық түрдегі баспа болды, бірақ ол арнайы орган болған жоқ. Ол «жат» баспа ретінде қатал цензуралық бақылауда болды.

«Айқап» журналына көптеген мақалаларын жариялаған Ғабдулғазиз Мұсағалиев /1880-1933/ сол кездегі білімді адамдардың бірі болды. Каир университетінің заң факультетін бітірген, 1909-1910 жылдары Индонезия, Үндістан, Пакистан және Жапонияда болды. Сегіз шет тілінде сөйледі. Шығыс халықтарының тарихы мен философиясын өте жетік білді [7, 182 б].

«Айқап» журналының әр авторының өзінше ерекшеліктері болды. «Айқап» осындай қазақ халқының алдыңғы қатарлы күштерін өзіне тартқан орталық болды.

«Айқап» әлеуметтік салада алғаш рет, қазақ әйелдерін азат ету мәселесін көтерді. «Айқап» журналы қазақ әйелдерінің жағдайына, олардың әлеуметтік бостандыққа және отбасындағы күндіктен босату жолдарына үлкен көңіл бөлді. Патшалықтың қатал езгісі, сол сияқты жергілікті езушілердің қанаушылардың езгісі, әйелдердің құлдық жағдайларын күшейтті. Әйел үш жақты езгі көрді: ұлттық, таптық және отбасылық - тұрмыстық. Көп әйел алу, қызды сатқанда қалың мал алу, әйелдерді мұраға беру, сабау, алып қашу, өлтіру және тағы басқа - мұның бәрі қанаушы құрылыспен заңдыланып, дін басыларымен жарықтандырылған, езуші топтың қызметінде тұрған ескі әдеп-ғұрып, қызды туа салысымен бақытсыздық деп қарауы еді. Әйел үш жақты езгі көрді: ұлттық, таптық және отбасылық - тұрмыстық.

«Айқап» беттерінде Сақыпжамал Тілеубаева сияқты қазақ қыздары өз мақаласында: «Қазақ еркектерінің арасынан, әйелдердің қайғы қасіретін көретін адам табыла ма, сіздер өз 13-14 жастағы қыздарыңызды 50-60 жастағы қартаңдарға, олардан мал алу үшін бересіздер, Бұл дұрыс па? Екеуі тең бе? Егер дұрыс деп есептесеңіздер, неге 13-14 жастағы ұлдарыңызға 50-60 жастағы кемпірді неге үйлендірмейсіздер? Бұл менің ғана емес, бүкіл қазақ қыздарының сұрағы» [8, 11 б].

Қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы адамдары демократиялық интеллигенцияның өкілдері үнемі қазақ әйелдерін қорғап сөйледі, олардың теңдігі үшін күресті. Әйелдерге білім алу, шарифат бойынша қажетсіз және зиян нәрсе деп айтылған. Сондықтан қазақ әйелдерін ағарту ісі үшін күреске «Айқап» журналы ерекше көп назар аударды.

«Халық, деді журнал, - оқырмандарына, сіздер білесіздер ме? Алты жеті миллион қазақтың жартысының әйелдерден тұратынын. Біздің халқымыздың жартысын надан әйелдер құрайды. Осылай бола тұра, біз өркениетті халықтар қатарына қосыла аламыз ба? Ол үшін артқа жүрмес үшін, қанеки, қыздарды, әйелдерді оқытайық. Олар біздің ұлтымыздың анасы болып табылмай ма?» [9, 175 б].

Қазақстанда ХХ ғасырдың басында 1900-1917 жылдар аралығында қазақ тілінде 200 кітап басылды. Жоғары оқу орындарында 1912-1913 жылдары қазақ балаларына 9 орын ғана бөлінді. Оқу орындарында оқуға ықылас білдірген кедей балалары патша өкіметі тарапынан кедергіге кезікті [10,73 б].

Қазақ халқының білім алудағы кедергі жасау саясатын, «Айқап» төмендегі жайттармен көрсетеді.

Омбыдағы көптеген қазақтар әр түрлі мамандықтар бойынша оқиды, оқушылардың саны: «Омбы гимназиясында 1, әйелдер гимназиясында 1 қазақ оқыды және 1 жылға оқуға 100 сом төлейді» [11, 13б].

Әр жерлерде төте оқуда қазақ балалары оқытылып жатты. Қазақ балаларының ішінде оқуға ынталылылар өте көп болған. Бірақ өкінішке қарай мектепке қабылдау белгіленген мөлшерде өте төмен дәрежеде болған. Мысалы, Қостанайдағы педагогикалық сыныпқа 30 баланың орнына 8 бала ғана алынған. Қазақтар арасында кедейлер жоқшылықтан оқи алмаса, кейбір ауқатты адамдар жылына оқуға 12 сом алатын мектепте, әкесінің 12 сомды ауыр санап мектепке жібермеген жағдайлар да болған.

«Айқап» қазақтың қоғамдық ой-пікірі мен мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосты, қазақ ағартушылары бастаған прогресшіл, демократияшыл идеялардың жаршысы болды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бекхожин К. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – Алматы, 1964. 197-б.
2. Айқап. 1911. №1. 1-б.
3. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы жазушы-демократтары. – Алматы, 1958. 86-б.
4. Айқап. 1911. №1. 1-б.
5. Айқап. 1913. №6. 124-б.
6. Оренбургский край. 1912. 12 шілде. 1-б.
7. Зиманов С.З. Даулетова С.О. Исмагулов М.Ш. Казахский отдел народного комиссариата по делам национальностей РСФСР. – Алма –Ата, 1975. - С.182.
8. Қазақ қыздарының ата-аналарына // Айқап. 1911. - №7. - 11-б.
9. Айқап. 1912. - №8. - 175-б.
10. Сембаев А.И. Хропченков Г.М. Очерки истории школ Казахстана. (1901-1917) // нау.ред. Е.И.Шехтермана – Алматы, 1962. - С. 73.
11. Айқап. 1913. - №8. - 13-б.

ӘОЖ 37

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН РУ-ТАЙПАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ: ТАРИХИ ШОЛУ

Сағындық Р.Б., ағылшын пәні мұғалімі

«А. Абдуллаев атындағы зияткерлік мектеп-интернаты» ЖШС
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қазақстан

Бұл мақалада қазақ халқының қалыптасуындағы этникалық процестер мен ру-тайпалық құрылымның тарихи негіздері қарастырылады. Түркі дәуірінен бастап Қазақ хандығы кезеңіне дейінгі этногенез үдерісі, үш жүздің құрылуы мен

ру-тайпалық жіктелуінің тарихи мәні жан-жақты сараланады. Сонымен қатар, шежіре, ауызша тарих, археологиялық және жазба деректерге сүйене отырып, қазақ этносының қалыптасу ерекшеліктері мен оның әлеуметтік ұйымындағы ру-тайпалық қатынастардың орны сипатталады.

Қазақ халқының қалыптасуы – сан ғасырлық тарихи-әлеуметтік, этникалық және саяси процестердің нәтижесі. Бұл үдерістің бастауында Еуразия даласында өмір сүрген көне тайпалар мен ұлыстар, соның ішінде сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, түркі, қыпшақ және басқа да этностар тұрды. Тарихи дамудың нәтижесінде осы тайпалар мен халықтардың мәдени, саяси және әлеуметтік ықпалдастығы қазіргі қазақ халқының этникалық негізін қалады.

Қазақ халқының өзіндік ерекшелігі – оның ішкі этникалық бірлігі мен әлеуметтік құрылымында ру-тайпалық жүйенің орны ерекше. Бұл құрылым қазақ қоғамындағы туыстық, жергілікті және саяси қатынастарды реттеуде маңызды рөл атқарған.

1. Қазақ этногенезінің тарихи негіздері

Қазақ халқының қалыптасу процесі бірнеше тарихи кезендерге бөлінеді:

а) Ерте көшпелі тайпалар кезеңі (б.з.д. I мыңжылдық – б.з. I ғ.)

- Сақ, массагет, үйсін, қаңлы тайпалары қазіргі қазақ даласын мекендеген.
- Бұл тайпаларда көшпелі мал шаруашылығы, әскери құрылым мен жерлеу дәстүрі қазіргі қазақ мәдениетінің негізіне айналды.

ә) Түркі кезеңі (VI–X ғ.)

- Түрік қағанаты, Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ қағандықтары – түркі мәдениеті мен тілінің дамуына негіз болды.
- Түркі халықтарының этникалық бірлігі қалыптаса бастады.

б) Қыпшақ дәуірі (XI–XIII ғ.)

- Қыпшақ хандығы қазіргі Қазақстанның негізгі бөлігін қамтыды.
- Қыпшақ тілі – кейін қазақ тіліне негіз болған негізгі компоненттердің бірі.

в) Алтын Орда және Ақ Орда кезеңі (XIII–XV ғ.)

- Шыңғыс хан жорықтарынан кейінгі этникалық өзгерістер.
- Ұлыстар арасындағы байланыстар арқылы қазақ халқының негізі нығайды.

г) Қазақ хандығы дәуірі (XV ғ. ортасы – XVIII ғ.)

- Керей мен Жәнібек сұлтандардың тұсында қазақ этнонимі тарихи түрде қалыптасты.
- Ру-тайпалық жүйе мен үш жүздің құрылымы нақты жүйеге түсті.

2. Қазақ халқының этникалық құрамы

Қазақ халқы – бірнеше этностардың бірігуінен құралған күрделі этнос. Оның құрамына әртүрлі тарихи кезендерде:

- Түркі тілдес тайпалар (оғыз, қыпшақ, қарлұқ, қаңлы, үйсін);
- Моңғол шапқыншылығынан кейінгі дулат, керей, найман, жалайыр, арғын, алшын;
- Жергілікті тайпалар (сақ, үйсін, сіргелі, шанышқылы, т.б.) енген.

Бұл этностар ғасырлар бойы бір-бірімен араласып, біртұтас тілдік, мәдени және діни тұтастық қалыптастырды. Қазақтардың бірыңғай мұсылман-сүнниттік сенімді ұстануы да ұлттық тұтастықты бекіте түсті.

3. Үш жүз жүйесі және оның этникалық негізі

Қазақ халқы үш негізгі этникалық-территориялық құрылымға бөлінеді: Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз. Бұл құрылым XV ғасырда Қазақ хандығы қалыптасқаннан кейін нақты жүйеленді.

а) Ұлы жүз

- Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірін қамтыды.
- Негізгі тайпалар: дулат, албан, суан, шапырашты, сіргелі, жалайыр, ошақты, т.б.

- Үйсіндер мен дулаттардың ұрпағы ретінде есептеледі.

ә) Орта жүз

- Сарыарқа, Шығыс Қазақстан, Солтүстік аймақтарда орналасты.
- Негізгі тайпалар: арғын, найман, керей, қоңырат, уақ, қыпшақ.
- Қыпшақ-қимақ одағы мен керей-найман мемлекеттерінің мұрагері.

б) Кіші жүз

- Батыс Қазақстан аумағын қамтыды: Жайық, Маңғыстау, Атырау, Батыс Қарағанды.

- Негізгі тайпалар: Әлімұлы (Шекті, Төртқара, Табын, т.б.), Байұлы (Адай, Беріш, Жаппас, т.б.), Жетіру (Тама, Табын, Кердері, т.б.).

- Бұл жүздегі рулардың көбі оғыз, қыпшақ және түркі-моңғол тектес тайпалардан тарайды.

Үш жүз жүйесі қазақ халқының ішкі аумақтық және туыстық ұйымының негізі ретінде қызмет атқарған. Бұл бөлініс әкімшілік емес, дәстүрлік, әскери және рухани бірлікке негізделді.

4. Қазақ шежіресі және ру-тайпалық құрылым

Қазақ халқының ауызша тарихы мен шежіресі — этникалық құрамды зерделеудегі маңызды дерек көзі.

- Шежіре – жеті ата, ру, тайпа, жүздік деңгейдегі туыстық байланыстарды сақтаушы құрал.

- Қазақ қоғамында баланың туғанынан бастап жеті атасын жаттатып, руын білуі – міндетті болған. Бұл дәстүр ұрпақтың өзіндік танымын қалыптастырып, тектілік ұғымын сіңірген.

5. Ру-тайпалық жүйенің әлеуметтік рөлі

Ру-тайпалық құрылым қазақ қоғамында бірнеше маңызды қызмет атқарған:

а) Әлеуметтік ұйымдастырушы рөл

- Қоғам мүшелері нақты руға, тайпаға қатысты болды.
- Ел билігіне, би-сот жүйесіне тағайындаулар осы жүйеге негізделді.

ә) Құқықтық реттеуші рөл

- Жеті атаға дейін қыз алыспау – ежелгі құқықтық дәстүр.
- Даулар мен тартыстарды ру басылары шешкен.

б) Әскери ұйым

- Жүздік құрылым әскери жасақтарды ұйымдастыруда маңызды болды.
- Батырлар мен сарбаздар өз руынан шығып, ру беделін көтеруге ұмтылды.

в) Мәдени тұтастықты сақтау

● Рулардың өз батырлары, би-шешендері, әулиелері мен салт-дәстүрлері болды.

● Мұның бәрі ұрпақтан ұрпаққа ауызша шежіре, эпос, аңыз арқылы беріліп отырды.

6. Қазіргі заманда ру-тайпалық жүйенің орны

Қазіргі қоғамда ру-тайпалық құрылым ресми жүйе ретінде қолданылмайды, алайда:

- Шежіре мен текті тану әлі де ұлттық сана мен тарихи жадтың бір бөлігі;
- Ауылдық жерлерде туыстық құрылым әлеуметтік байланысқа әсер етеді;
- Тарихи-этнографиялық зерттеулер мен білім беру жүйесінде ру-тайпалық жүйе маңызды дереккөзі ретінде қарастырылады.

Сақтану керек: Ру аясындағы шектен шыққан бөлінушілік, әсіре руға бөліну — бірлікке қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан ру – бөліну емес, тарихи таным мен бірлікті нығайтудың құралы ретінде насихатталуы тиіс.

7. Қорытынды

Қазақ халқының этникалық құрамы мен ру-тайпалық құрылымы – халықтың тарихи қалыптасуының күрделі де мағыналы жолын көрсететін феномен. Көп этностық бірігу, түркілік негіз, шежірелік таным, үш жүздік құрылым — бұлардың барлығы қазақ этносының дара ерекшеліктерін айқындайды.

Ру-тайпалық жүйе тарихи кезеңдерде басқару, тәрбие, қорғаныс, құқықтық реттеу және мәдени тұтастықты сақтау құралы болды. Қазіргі таңда бұл құрылым – ұлттық сана мен тарихи жадты сақтаудың рухани негізі ретінде өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Ұсыныстар

1. Білім беру жүйесінде:

Қазақстан тарихы пәнінде этногенез және ру-тайпалық құрылым тақырыптарын кеңейтіп, нақты тарихи-этнографиялық деректермен толықтыру қажет.

Мектептер мен колледждерде “Шежіре және ұлттық сана”, “Қазақтың ру-тайпалық құрылымы” сияқты элективті курстар енгізу ұсынылады.

Оқушылардың жеті атасын білу, руын тану арқылы өз тегін құрметтеуге, ұлт тарихын тереңірек ұғынуға жағдай жасалуы тиіс.

2. Ұлттық сана мен патриоттық тәрбие саласында:

Жастарға өз руының, тайпасының, жүзінің тарихын үйрету арқылы ұлттық бірегейлікті нығайту маңызды.

Ру жүйесін бөлінушілік құралы ретінде емес, тарихи-рухани мұра және тұтастықты сақтайтын фактор ретінде насихаттау қажет.

Рулық-тайпалық тұлғалар (батырлар, билер, шешендер) жайлы деректі фильмдер, көркем әдебиеттер, мультимедиа ресурстар жасау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Есмағамбетов Қ. Қазақ этнологиясы. – Алматы: Санат, 2003.
2. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихы. – Алматы: Мектеп, 2005.
3. Қозыбаев М. Ұлт және ұрпақ. – Алматы: Қазақстан, 1993.
4. Зиманов С. Қазақтың билер соты – тарихи құқықтық мұра. – Алматы: Жеті жарғы, 2000.
5. Әбілдаев Қ. Қазақ шежіресі және этникалық сана. – Алматы: Раритет, 2014.
6. ҚР БҒМ. Қазақстан тарихы пәнінің оқу бағдарламасы (2023).
7. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы: 2010.
8. Аманжолов К. Тарихи шежіре деректері және қазақ этногенезі. – Астана: Фолиант, 2022.

ӘОЖ 37

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНДЕ ҚАЗАҚ РУ-ТАЙПАЛАРЫҢ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ

Сағындық Р.Б., ағылшын пәні мұғалімі

«А. Абдуллаев атындағы зияткерлік мектеп-интернаты» ЖШС

Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қазақстан

Бұл мақалада Қазақстан тарихы пәнін оқыту барысында қазақ халқының ру-тайпалық құрылымын қолданудың маңызы қарастырылады. Қазақ ру-тайпаларының тарихи, әлеуметтік және мәдени рөлін білім беру үдерісінде тиімді пайдалану оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруға, ұлттық болмысын тануға, сондай-ақ патриоттық тәрбиеге ықпал ететіні дәлелденеді. Мақалада оқу процесінде шежіре, тарихи деректер, тұлғалық даму әдістері және жобалық жұмыстар арқылы ру-тайпалық жүйені енгізу жолдары сипатталады. Сонымен қатар, бұл жүйені оқытудағы кейбір қиындықтар мен оларды шешу жолдары да ұсынылған.

Түйін сөздер: Қазақстан тарихы, ру-тайпалық жүйе, шежіре, тарихи сана, ұлттық тәрбие, үш жүз.

Қазіргі білім беру жүйесі тұлғаға бағытталған оқытуды басты мақсат етіп қояды. Осы тұрғыда Қазақстан тарихы – жас ұрпаққа отаншылдық пен өткенін танытып, ұлттық рух пен отансүйгіштікке тәрбиелейтін, ұлттық болмыс негіздерін сіңіретін маңызды пән. Бұл пән арқылы оқушылар халқымыздың сан ғасырлық тарихымен, мемлекет қалыптастырудағы күрес жолдарымен және мәдени мұраларымен танысады. Соның ішінде, қазақ халқының ру-тайпалық жүйесі – ұлттық бірегейліктің, тарихи жадының және этносаяси құрылымның негізі ретінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан Қазақстан тарихы пәнінде ру-тайпалық жүйені тиімді қолдану оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруда үлкен маңызға ие.

Қазақ ру-тайпаларының жүйесі – тек этникалық емес, әлеуметтік, құқықтық, мәдени қатынастардың да негізін құрайды. Бұл жүйені білім беру мазмұнына тиімді енгізу арқылы оқушылар қазақ халқының қалыптасу тарихын, мемлекеттілік дәстүрін, тұлғалық сабақтастық пен ұлттық тұтастықты нақты мысалдар арқылы меңгере алады. Сондықтан бұл мақаланың мақсаты – Қазақстан тарихы пәнінде қазақ ру-тайпалық құрылымын қолданудың маңызын, әдіс-тәсілдерін және болашағын көрсету.

Қазақ ру-тайпалық жүйесінің тарихи негіздері

Қазақ халқының қалыптасуы — көп ғасырлық этносаяси үдерістердің, түркі және түркі-моңғол тайпаларының бірігуінің нәтижесі. Бұл үдеріс XIV-XV ғасырлардағы Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы және Моғолстан сияқты мемлекеттердің саяси, мәдени ықпалымен жалғасын тапты. Ал XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығы құрылып, жаңа этнос – қазақ халқының тұтас бірлігі қалыптаса бастады.

Қазақ халқы үш жүзге бөлініп, әр жүзге өзіне тән ру-тайпалар кірді:

- Ұлы жүз: Үйсін, Дулат, Албан, Шапырашты, Сіргелі, Жалайыр және т.б.;
- Орта жүз: Арғын, Найман, Қыпшақ, Керей, Қоңырат, Уақ;
- Кіші жүз: Әлімұлы, Байұлы, Жетіру (Төртқара, Табын, Тама, Адай, Шекті, т.б.)

Бұл құрылым қазақ халқының көшпелі өмір салтына бейімделген әлеуметтік-саяси ұйымдасуы болды. Ру-тайпалар бір-бірімен туыстық, жерлік, әскери және шаруашылық негізде байланыс орнатып, ішкі тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етті.

Негізгі бөлім

Қазақстан тарихы пәнінде қазақ ру-тайпалық жүйесін тиімді қолдану — оқушының тарихи танымын кеңейтіп, ұлттық сана-сезімін оятудың, отансүйгіштікке тәрбиелеудің негізгі құралы.

Оқыту процесіндегі маңыздылығы

1. Этнотарихи сананы қалыптастыру

Қазақ ру-тайпаларының жүйесін мектеп бағдарламасына енгізу арқылы оқушылар халқымыздың құрамын, тарихтағы орны мен рөлін, көшпелі өркениеттің заңдылықтарын тереңірек түсіне алады. Бұл оқушылардың тарихи фактілерді тек жаттап қана қоймай, онымен байланыстыра ойлауына, ел тарихын өз әулетінің, руының тарихымен ұштастыруына мүмкіндік береді.

2. Географиялық және этнографиялық таным

Оқушылар әр ру-тайпаның тарихи қоныстары мен қоныс аудару карталарын зерттеу арқылы тарихи географияны жақсы меңгереді. Мысалы, Ұлы жүздің Жетісу өңірінде, Орта жүздің орталық және солтүстік аймақтарда, ал Кіші жүздің батыс Қазақстанда орналасуы — географиялық кеңістікті тарихи тұрғыда тануға сеп болады.

3. Тұлғалық бағыттағы оқыту

Қазақстан тарихы пәні тек саяси оқиғаларды үйретумен шектелмей, белгілі тарихи тұлғалар арқылы оқушы бойына ұлттық рух сіңіреді. Мысалы:

- Төле би – Дулат руынан (Ұлы жүз),

- Қазыбек би – Арғын руынан (Орта жүз),
- Әйтеке би – Төртқара руынан (Кіші жүз).

Осы тұлғалар арқылы оқушылар өз руларынан шыққан атақты адамдардың өмір жолын, елге сіңірген еңбегін үлгі ете отырып, мақтаныш сезіміне бөленеді.

Шежіре мен ауыз әдебиеті арқылы оқыту

Шежіре – қазақ халқының тарихи жады. Ол ұрпақтан ұрпаққа ауызша жетіп отырған тарихи дереккөзі ретінде аса құнды. Шежіре арқылы оқушылар тек ата-тегін ғана емес, тарихи оқиғалармен, белгілі тұлғалармен, дәуірлік ерекшеліктермен байланыс орнатады.

Оқушыларға мынадай тапсырмалар беру тиімді:

- Өз ата-тегі мен руының шежіресін зерттеу;
- Ата-әжелерінен шежірелік мәліметтер жинау;
- Шежіреде кездесетін тарихи тұлғалар туралы баяндама жазу.

Мұндай әдістер тарихи сабақтастықты, рухани байланыс пен ұлттық танымды тереңдете түседі.

Ру-тайпалық жүйені оқытудағы қиындықтар және шешу жолдары

Кейбір қиындықтар:

1. Руаралық бәсекелестік сезімінің артуы – кейбір жағдайда оқушылар руын басқалардан жоғары қоюы мүмкін.

2. Шежіре деректерінің бірізді болмауы – ауызша тарихқа негізделген мәліметтерде қайшылықтар болуы ықтимал.

3. Ғылыми тәсілдің жетіспеуі – кей мұғалімдер бұл жүйені ғылыми әдіспен емес, тұрмыстық деңгейде ғана таныстырады.

Шешу жолдары:

● Оқушыларға барлық ру-тайпалар қазақ халқының бөлінбес бір бөлігі екенін ұғындыру.

- Тұлғаларды рулық шеңберде емес, ұлттық ауқымда қарастыру.
- Ресми, ғылыми шежіре және академиялық дереккөздерге сүйену.

Мұғалім тарапынан әдістемелік сауаттылық, бейтараптық пен патриоттық бағыттың сақталуы — басты шарт.

Тәрбиелік мәні

Қазақ ру-тайпалық жүйесін оқыту тек тарихи білім беріп қана қоймайды, сонымен бірге:

- Отбасылық құндылықтар мен туыстық қарым-қатынасты нығайтады;
- Ұлттық бірегейлік пен мақтаныш сезімін қалыптастырады;
- Ел мен жерге деген сүйіспеншілікті оятады;
- Ата-бабаға құрмет, ұрпаққа жауапкершілік сезімін арттырады.

Бүгінгі жас — ертеңгі ел болашағы. Олар өз ұлтының тамырын терең түсінгенде ғана оны гүлдендіре алады.

Қорытынды

Қазақстан тарихы пәнінде қазақ ру-тайпалық жүйесін тиімді қолдану — оқушының тарихи танымын кеңейтіп, ұлттық сана-сезімін оятудың, отансүйгіштікке тәрбиелеудің пәрменді құралы. Бұл жүйені дұрыс, ғылыми-әдістемелік тұрғыда түсіндіру арқылы біз оқушылардың ел тарихына деген

қызығушылығын арттырып қана қоймай, ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайтамыз.

Сондықтан болашақта Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнында ру-тайпалық құрылымға қатысты тақырыптарды кеңейтіп, интерактивті әдістермен (шежіре жинау, тұлға жобасы, тарихи карта жасау) сабақ барысында қолданып отыру қажет. Бұл ұлт болашағының – білімді, тарихын терең білетін, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеудің жолы болмақ.

ҰСЫНЫСТАР

1. Қазақстан тарихы бағдарламасына этнографиялық компонентті кеңінен енгізу Ру-тайпалық құрылымға қатысты тақырыптарды арнайы бөлім ретінде енгізіп, үш жүздің, негізгі тайпалар мен рулардың тарихына тереңірек тоқталатын қосымша сабақ немесе факультатив сабақтар ұйымдастыру ұсынылады.

2. Тарихи шежіре мен тұлғалық сабақтастықты оқыту әдістемесіне енгізу оқушыларға өз руының, жүзінің немесе белгілі бір тайпаның тарихын зерттеуге мүмкіндік беру – ұлттық сана мен тарихи жауапкершілікті арттырады. Әсіресе жоба жұмыстары мен эссе жазу тапсырмалары пайдалы.

3. Интерактивті әдістерді қолдану

a. Шежіре құрастыру (отбасылық ағаш, ру таралу кестесі)

b. Рулық карта жасау

c. Тарихи-этнографиялық деректі фильмдер мен дереккөздерді талдау

4. Тұлғатану бағытындағы тапсырмалар жүйесін жетілдіру Ру-тайпадан шыққан батырлар, билер, хандар туралы жеке зерттеулер жүргізу оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады. Мысалы: «Төле би — Дулат руынан шыққан мемлекет қайраткері» немесе «Қазыбек би – Арғын руының шешені» деген жобалар.

5. Руаралық бірлікке бағытталған тәрбие жұмысын жүргізу Ру-тайпалық ерекшеліктерді оқыту барысында ұлт бірлігін, үш жүздің біртұтас қазақ халқы екенін басты идея ретінде қалыптастыру қажет. Ру — бөліну емес, бірігу құралы ретінде ұсынылуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қозыбаев, М. Ұлт тарихын ұғындыру. – Алматы: Қазақ университеті, 1998.

2. Мусин, Ч. Қазақстан тарихы. – Алматы: Жазушы, 2008.

3. Әбдіәкімұлы, Б. Қазақ хандығы тарихы. – Алматы: Раритет, 2015.

4. Қасымбаев, Ж. Қазақ халқының тарихы. – Алматы: Санат, 2002.

5. Сұлтанғалиұлы, Б. Этнопедагогика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.

6. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Қазақстан тарихы пәні бойынша оқу бағдарламасы (жалпы білім беретін мектептер үшін). – Астана, 2022.

7. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы баспасы, 2005.

8. Ахметова, Ш. Қазақ халқының шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1997.

9. Есмағамбетов, Қ. Этнология негіздері. – Алматы: Санат, 2002.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЗАМАНУИ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Тулегенова Г.Т., 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Сарсембаева Г.А., тарих ғылымының кандидаты

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: Gulzhan1974@mail.ru

Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады.

Ұлы ойшыл Уильям Уорд «Жай мұғалім – хабарлайды. Жақсы мұғалім - түсіндіреді. Керемет мұғалім –көрсетеді. Ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген екен.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Білім алушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты [1].

Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын сабақ үдерісінде қолдану арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады:

1. Оқушының белсенділігін арттыру.
2. Шығармашылық қабілетін дамыту.
3. Оқушы дарыны мен талантын анықтау.

Қазіргі оқытудағы жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер «белсенділік», «инновация», «әдіс», «тәсіл», «интерактивті оқыту әдісі», «педагогикалық технология» ұғымдарының мәнін жете түсінуді талап етеді.

«Инновация» деген латын тілінен аударғанда (жаңа, жаңару, өзгеру, жаңа нәрсені ендіру, жаңашылдық деген ұғымдарды білдіреді. Педагогикалық әдебиеттерде: инновация – «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «жаңаша әдістеме деген мағынада пайдаланылады. А.М. Саранов «Инновациялық білім беру жүйесін дамытудың теориялық негіздері» атты еңбегінде «инновациялық процесс, оның құрылымы жаңаны пайдалану идеяларынан туындайды» - деп атап көрсетеді [2]. Инновациялық үрдіс- жаңалықтарды құру, (туғызу, жасау),

менгеру және тарату, қолдану, жүзеге асырудың тұтас қызметі. Инновациялық үрдіс - «жаңа әдістеме құралы» деп те қарастырылады.

Қазіргі дәуірдің әлеуметтік және экономикалық даму ерекшеліктерінің бірі ретінде автоматтандырылған және ақпараттық технологиялардың тегеурінін атауға болады. Бұл ерекшелік тұрақты кәсіптердің өз қасиеттерін жоғалтып, өзгерістерге ұшырап, уақытша сипаттарды иеленуіне әкеуде. Мұндай жағдайда үйрене білу және үйренуге ұмтылу адамның ең басты қабілеттеріне айналуға, бүгінде үйренуге үйрену керек [3].

Өмір бойы оқып-үйрену келесі шарттарды ұстану арқылы жүзеге асырылады:

- үнемі жаңа білім игеру мен иемденуге ұмтылу;
- оқу / оқытуда жаңашыл және интербелсенді әдістерді қолдану;
- оқу/оқытуды бағалау.

Бүгінгі күні білім беру жүйесінде негізгі мәселелер мынадай: «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «Тек әрекеттесу арқылы үйренуге/үйреуге болады». Қазіргі күні әрекетті педагогика ең танымал оқу жүйесіне айналған, яғни оқу процесін интербелсенді әдістемелер құрауы керек; әрбір оқытушы әр сабақта интербелсенді әдістер, құралдар мен тәсілдерді қолдануы қажет.

Интербелсенді оқу/оқыту бірінші мезетте білім игеру процесінде қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «act» - «әрекет жасау» дегенді білдіреді. Басқаша сөзбен айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен тығыз қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Сонымен, «интербелсенді» дегеніміз диалог арқылы үйрену үйрену/үйрету, яғни мұнда оқу процесінің негізін «үйретуші», «үйренуші»-үйренуші, «үйренуші-өзімен-өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер») құрайды.

Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

1. Барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;

2. Әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.

Интербелсенді оқу/оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның (оқу, үйренудің) мазмұны мен қорытынды нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен түсінігімен алмасады, жоғары нәтижеге қалай жете алатындығын анықтайды. Мұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара сыйласымдық пен қолдау атмосферасында өтіп, жаңа білім игеруге жағдай жасайды.

Интербелсенді оқу/оқыту көптеген жұмыс түрлері мен әрекеттері арқылы жүзеге асырылады, мәселен: бірлескен жұмыстар(жұптық, топтық, бүкіл

аудиторияның), жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары, ситуативтік және рөлдік ойындар, ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, Интернет, құжаттар, мұрағат, басқа адамдар: оқушылар, мұғалімдер, мамандар, т.б.) шығармашылық жұмыстар, т.б. [3].

Осындай интербелсенді әдістер мыналар: «Джигсо», «Тыңдап отырған үштік», «Өкіл», «Алтын балыққа арналған аквариум», «Ақылдың алты қақпағы», «Тв шоу».

«Джигсо» әдісінің артықшылығы - топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі. Оқытушы топты топшаларға бөліп, материалдың күрделілігіне байланысты тапсырмалар береді. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Нақты бір сұрақты немесе тапсырманы таңдаған топша Сарапшы топ деп аталып, ортақ проблеманың шешімін табу үшін бірлесе жұмыс істейді. Тапсырманы орындаудың бұл кезеңінің соңына қарай оқушы өзге «сарапшылармен» өзара қарым-қатынас жасап, мәселені талқылаудың арқасында өз сұрағы бойынша сарапшы болып қалыптасады. Оқушылар бастапқы топқа оралады. Бұл тапсырманың көздегені: тапсырманы сәтті аяқтау үшін оқушылар әрқайсысының сарапшы топтан алған мәліметтерін ескеріп, бастапқы топтың бірлескен ақылына сүйенуін қамтамасыз ету.

«Өкіл» әдісінің мақсаты: белсенді тыңдау, қауым алдында сөйлеу және анық баяндау, тәжірибе алмасу және өзара байланыста болу. Оқытушы топты үш-төрттен орналастырады. Топтар тапсырмаларды орындап болғаннан кейін топтың бір адамы «елші» болып сайланып, зерделенген материалды түсіну үшін немесе бұл туралы топтың ойын білу үшін топқа барады. Бұдан кейін елші өз тобына қайтып оралып, білгендерін айтып береді. Бұл – шаршататын және бір сарынды сабақтардан құтылуға мүмкіндік беретін тамаша әдіс. Сондай – ақ бұл әдіс елшінің тілді қолдану шеберлігін көрсетеді, әрі белсенді тыңдаушылар тобын қалыптастырады.

«Ақылдың алты қақпағы» әдісінің мақсаты: мәселені барынша мұқият талқылап, баланың жалпы ойлау қызметін жетілдіру үшін ойдың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолданылатын әдіс. Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі де, олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады.

«Тв. шоу» әдісінің мақсаты: көптеген оқушылардың сөйлеу және тыңдау, көру және тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқытушы жүргізуші оқушылармен, түрлі кейіпкерлермен сөйлескендей тақырыпты талқылайды. аудитория сұрақтар қояды, талқылауға қатысады, құрдастар бағалайды.

Жаңа әдістердің көмегімен білім алушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қазіргі интербелсенді оқыту әдістері бойынша жүргізілген сабақтар іздеудің мән-жайына қаныға, білімді тереңінен айтуға төселеді, дәлелдер келтіру, дәлелдеу тәсілдеріне жаттығады, теория мен

практиканың бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады.

Қарапайым сұрақтан күрделі сұрақтарды қоя білу арқылы студенттер ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта жасауға, кеңейтуге, өзіндік көзқарастарын білдіріп, бағалауға және талдауға жаттығады. Топтық жұмыс барысында да белсенділік таныту арқылы студенттер дарындылығын байқата отырып, топта өзіндік пікірлерімен ғана емес, көшбасшылық қырымен де таныла бастады.

Оқытудың әдіс-тәсілдерін өз сабақтарымда қолдану барысында түсінгенім студенттердің бірін - бірі тыңдап, құрметтеуіне үйретуі, бұрын үндемей отыратын студенттің сабақ барысында қызу араласуы сабақтың ерекше, олардың еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуге мүмкіншілік туғызады. Мұндай әрекет сабақтың барлық үш кезеңінде байқалып отыратындығы сөзсіз. Білім беру процесі - ақпараттық қоғам жайындағы жас өспірімдерді жан-жақты даярлайтын процестер болуы қажет.

Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін сабақтарда оқушылар өзін белсенді және еркін, оқытушымен тең дәрежеде ұстай алады. Тарих сабақтарында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, өздік жұмыстың көлемін көбейтуге болады. Тарихшы ұстаз АКТ қолдану арқылы әртүрлі сабақтарға презентациялар дайындап интерактивті тақта мүмкіндіктерін шебер қолдана білсе сабақтың тартымды әрі қызық өтетіні анық, әрі оқушы белсенділігін арттырады. Әр сабақта интернет, электронды почта, электронды оқулық, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана білуі тиіс [4].

Интербелсенді оқу/оқыту бірінші мезетте білім игеру процесінде қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «act» – «әрекет жасау» дегенді білдіреді. Басқаша сөзбен айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен тығыз қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру.

Сонымен, «интербелсенді» дегеніміз диалог арқылы үйрену үйрену/үйрету, яғни мұнда оқу процесінің негізін «үйретуші», «үйренуші»-үйренуші», «үйренуші-өзімен-өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер») құрайды.

Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

– барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;

– әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау [5].

Интербелсенді оқу/оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның (оқу, үйренудің) мазмұны мен қорытынды нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен түсінігімен алмасады, жоғары нәтижеге қалай жете алатындығын анықтайды. Мұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірінбірі жақтыру, өзара сыйласымдық пен қолдау атмосферасында өтіп, жаңа білім игеруге жағдай жасайды. Интербелсенді оқу/оқыту көптеген жұмыс түрлері мен әрекеттері арқылы жүзеге асырылады, мәселен: бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары, ситуативтік және рөлдік ойындар, ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау шығармашылық жұмыстар, т.б.

Қорыта келе, тарих пәнінде жоғарыда келтірілген заманауи әдістәсілдерді және жаңа технологияларды қолданып, тарихи сапалы білім беруді дамытуға болады. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің кәсіптік, адамгершілік, рухани және көптеген басқа адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруына көмек көрсетеді. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат-мүддесіне байланысты өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады деп ойлаймын. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Сондықтан, ХХІ ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Жаңа заман форматындағы күзиретті тұлғаны тәрбиелеу ұстаз міндеті деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кайсарова Г.Т. Интернет ресурсы: Қазақстан тарихын оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану - сапалы білім негізі. – Алматы, 2020.
2. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. II деңгей. НЗМ ДББҰ, 2017. -139 б.
3. Қазақ тарихы, 2016 - 44 б.
4. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану: Оқу құралы. – Алматы, 2015. – 180 б.
5. Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал // 2009. - №6. – Б. 25.

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Тулегенова Г.Т., 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Сарсембаева Г.А., тарих ғылымының кандидаты,
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының
қауымдастырылған профессоры

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: Gulzhan1974@mail.ru

Бүгінгі таңда жобалық әдіс әлемдегі ең танымал әдістердің бірі болып табылады, өйткені ол теориялық білім мен оны мектеп оқушыларының бірлескен іс-әрекетінде қоршаған шындықтың нақты мәселелерін шешу үшін практикалық қолдануды ұтымды біріктіруге мүмкіндік береді. АҚШ-та, Ұлыбританияда, Бельгияда, Израильде, Финляндияда, Германияда, Италияда, Бразилияда, Нидерландыда және басқа да көптеген елдерде Дж.Дьюидің білімге деген гуманистік көзқарасы мен оның жобалық әдісінің идеялары кең таралып, үлкен танымалдылыққа ие болды.

Жобалық тәсіл – бұл жоба бойынша жұмыс барысында жүзеге асырылатын оқыту және білім алу тәсілі. Жобалар, әдетте, бірлесіп жұмыс істейтін оқушылардың шағын тобымен орындалатын жеке тақырыпты терең зерттеуді қамтиды. Олар ақпарат жинайды және сұрақтарға өз бетінше жауап іздейді.

Жоба әдісі – бұл баланың өмірлік өзекті мәселелерін «осында және қазір» шешу қабілеттерін дамытуға бағытталған педагогикалық идея, технология және оқу жұмысының нысаны.

Анықтама бойынша жоба дегеніміз белгілі бір әрекеттердің, құжаттардың, алдын ала мәтіндердің жиынтығы, нақты объектіні, субъектіні немесе әртүрлі теориялық өнімдерді жасау идеясын білдіреді. Бұл әрқашан шығармашылық әрекет. Білім беру жобасы – оқу тақырыбын немесе оқу бөлімін меңгеруге бағытталған және стандартты оқу пәнінің бір бөлігін құрайтын жұмыстың ұйымдастырушылық түрі.

Жобалық оқыту:

- аудиториядан тыс шынайы өмірмен байланыс жасайды;
- нақты тәжірибенің мәселелері мен талаптарына сәйкес келеді;
- нақты әлемде өмір сүруге қажетті қабілеттерді дамытады.

«Жоба» сөзінің өзін латын тілінен орыс тіліне «алға лақтырылған» деп аударуға болады. Жоба әдісінің ұраны ежелгі қытай мақалы болуы керек: «Маған айт - мен ұмытамын, маған көрсет - менің есімде қалады, мені тарт - мен үйренемін».

Жобаның білім беру технологиясы ретіндегі негізгі мақсаттары:

- оқушыларды өз бетінше мақсатқа жетуге үйрету;
- оқушыларды мақсатқа жету жолында туындауы мүмкін шағын проблемаларды болжай білуге үйрету;

- білім алушылардың ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін дамыту (көздерді іздеу; ақпаратпен жұмыс жасау технологиясы);

- білім алушылардың зерттеу жүргізу, алған білімі мен тәжірибесін беру және ұсыну дағдыларын дамыту;

- топта жұмыс және іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, өзін сырттан қабілетті және құзыретті тұлға ретінде көре білуді дамыту;

- әр оқушының бойында өзіне және басқаларға деген жағымды имиджін, өзін шынайы бағалай білу қабілетін дамыту.

Мектептегі білім берудегі жобалар әдісі сынып-сабақ жүйесіне балама ретінде қарастырылады. Оқушының заманауи жобасы-бұл танымдық белсенділікті жандандырудың, шығармашылықты дамытудың және сонымен бірге белгілі бір жеке қасиеттерді қалыптастырудың дидактикалық құралы.

Жоба әдісі-нақты білімді біріктіруге емес, оларды қолдануға және жаңаларын алуға бағытталған педагогикалық технология. Оқушыны белгілі бір жобаларды құруға белсенді қосу оған әлеуметтік-мәдени ортада адам қызметінің жаңа тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді.

Джон Дьюи мынаны алға тартты: «баланың балалық шағы болашақ өмірге дайындық кезеңі емес, толыққанды өмір. Демек, болашақта оған пайдалы болатын білімге емес, бүгінгі балаға қажет нәрсеге, оның нақты өміріндегі мәселелерге негізделуі керек» [1].

Балалармен кез-келген қарым-қатынас, оның ішінде оқыту, баланың жеке тәжірибесіне сүйене отырып, олардың мүдделерін, қажеттіліктерін ескере отырып құрылуы керек.

Балалармен кез-келген қарым-қатынас, оның ішінде оқыту, баланың жеке тәжірибесіне сүйене отырып, олардың мүдделерін, қажеттіліктерін ескере отырып құрылуы керек.

Оқыту ретіндегі жобалық қызметтің негізгі міндеті-балалардың қоршаған өмір мұғалімімен бірге зерттеуі. Оқушылар жұмыс істейтін барлық нәрсені өздері жасауы керек (біреуі, топпен, мұғаліммен, басқа адамдармен): жоспарлау, орындау, талдау, бағалау және, әрине, не үшін жасағанын түсіну.

Балалар өз іс-әрекеттерін басқа балалармен бірлесіп құруды, белгілі бір жобаны орындау үшін қажетті ақпаратты табуды, алуды, таңдауды үйренуі керек, осылайша олардың өмірлік міндеттерін шешіп, бір-бірімен қарым-қатынас орнатып, өмірді біле отырып, оқушылар осы өмірге қажетті білімді өз бетінше немесе топтағы басқалармен бірге алады, тірі және өмірлік материалға назар аудара отырып, өмір шындығын сынау арқылы түсінуді үйренеді.

Жобалық қызметтің міндеттері:

- жоспарлауды оқыту (оқушы мақсатты нақты анықтай білуі, мақсатқа жетудің негізгі қадамдарын сипаттай білуі, жұмыс барысында мақсатқа жетуге шоғырлануы керек);

- ақпаратты, материалдарды жинау және өңдеу дағдыларын қалыптастыру (оқушы тиісті ақпаратты таңдап, оны дұрыс қолдана білуі керек);

- шығармашылық пен сыни ойлаудың негізін білдіретінін талдай білу;

- жазбаша есеп құра білу (оқушы жұмыс жоспарын құра білуі, нақты ақпарат бере білуі, ескертулер жасай білуі, библиография туралы түсінікке ие болуы керек);

- жұмысқа деген оң көзқарасты қалыптастыру (оқушы бастамашылдық, ынта-жігер көрсетуі керек, белгіленген жұмыс жоспары мен кестесіне сәйкес жұмысты уақытында орындауға тырысуы керек) [2].

Жоба әдісінің артықшылықтары: жұмысқа деген ынта, балалардың қызығушылығы, нақты өмірмен байланысы, ғылыми қызығушылық, топта жұмыс істей білу, өзін-өзі бақылау, тәртіптілік.

Жобалық іс-әрекеттің негізінде оқушылардың танымдық, шығармашылық дағдыларын, өз білімдерін өз бетінше жүйелеу, ақпараттық кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту, сондай-ақ сыни ойлауды дамыту жатыр.

Жоба әдісі әрдайым оқушылардың өзіндік іс – әрекетіне бағытталған-жеке, жұптық, топтық, оны оқушылар белгілі бір уақыт аралығында орындайды. Бұл тәсіл топтық оқыту тәсілімен біркелкі үйлеседі.

Жобалар әдісі әрқашан бір жағынан әртүрлі әдістерді қолдануды, екінші жағынан ғылымның, техниканың, технологияның, шығармашылық салалардың әртүрлі салаларындағы білімдерді, дағдыларды біріктіруді көздейтін қандай да бір мәселені шешуді қамтиды. Жобалар әдісі бойынша жұмыс тек қандай да бір проблеманың болуы мен хабардар болуын ғана емес, сонымен бірге оны ашу процесін, іс-әрекеттерді нақты жоспарлауды, осы мәселені шешудің ниеті немесе гипотезасының болуын қамтитын шешімдерді қамтиды, рөлдерді нақты бөлу (егер топтық жұмыс болса), яғни тығыз өзара әрекеттесу жағдайында әр қатысушыға арналған тапсырмалар. Орындалған жобалардың нәтижелері «нақты», пәндік, яғни егер бұл теориялық мәселе болса, онда оның нақты шешімі, егер практикалық болса, қолдануға дайын нақты практикалық нәтиже болуы керек.

Жобалардың бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары бар. Сондықтан кез келген жобаны басқарудың бір немесе басқа тәсілін таңдау үшін, ең алдымен, жобаның осы нақты түрінің немесе түрінің ерекшеліктерін түсіну қажет.

Әдетте жобалардың төрт категориясы бар:

- ақпараттық-зерттеу жобасы;
- жобаны шолу;
- өндірістік жоба;
- драмалық жобалар немесе ұйымдастыру жобалары.

Жобалардың типологиясын шартты түрде келесі сипаттамалармен анықтауға болады:

- жобада басым әдіс;
- пәндік-мазмұндық аймақ;
- байланыстар сипаты [3].

Жобалардың түрлері. Жобада басым әдіске сәйкес жобалардың келесі түрлерін ажыратуға болады.

Зерттеулік жоба. Мұндай жобалар жан-жақты ойластырылған құрылымды, анықталған мақсаттарды, зерттеу пәнінің барлық қатысушылар үшін өзектілігін,

әлеуметтік маңыздылығын, сәйкес әдістерді, соның ішінде эксперименттік және эксперименталды жұмыстарды, нәтижелерді өңдеу әдістерін талап етеді. Бұл жобалар толығымен зерттеу логикасына бағынады және шынайы ғылыми зерттеулерге жуықтайтын немесе толығымен сәйкес келетін құрылымы бар. Жобаның бұл түрі зерттеуге алынған тақырыптың өзектілігін дәлелдеуді, зерттеу мәселесін, оның пәні мен объектісін тұжырымдауды, қабылданған логика ретімен зерттеу міндеттерін белгілеуді, зерттеу әдістерін анықтауды, анықталған мәселені шешуге арналған гипотезаларды ұсынуды, әдістерді әзірлеуді қамтиды. оны шешу, оның ішінде эксперименттік, эксперименттік, алынған нәтижелерді талқылау, қорытындылар, зерттеу нәтижелерін көрсету, зерттеуді одан әрі дамыту үшін жаңа мәселелерді анықтау.

Шығармашылық жоба. Айта кету керек, жоба әрқашан шығармашылықты қажет етеді және осы мағынада кез-келген жобаны Шығармашылық деп атауға болады. Бірақ жоба түрін анықтау кезінде басым аспект ерекшеленеді. Шығармашылық жобалар нәтижелердің тиісті дизайнын қамтиды. Мұндай жобаларда, әдетте, қатысушылардың бірлескен іс-әрекетінің егжей-тегжейлі құрылымы жоқ, бастапқыда ол тек түпкілікті нәтиже жанрына Бағынып, жоспарланып, одан әрі дамиды. Мұндай жобаның нәтижесі мыналар болуы мүмкін: бірлескен газет, эссе, бейнефильм, спектакль, ойын, мереке, экспедиция және т. б. Дегенмен, жоба нәтижелерін жобалау бейнефильмнің немесе спектакльдің сценарийі, мереке бағдарламасы, эссе жоспары, мақала, репортаж және т.б., газет, альманах, альбом және басқалардың дизайны мен айдарлары түрінде нақты ойластырылған құрылымды қажет етеді.

Рөлдік-ойын жобасы. Мұндай жобаларда құрылым тек жоспарланған және жұмыс аяқталғанға дейін ашық болып қалады. Қатысушылар жобаның сипаты мен мазмұнына байланысты белгілі бір рөлдерді алады. Бұл әлеуметтік немесе іскерлік қарым-қатынастарға еліктейтін әдеби кейіпкерлер немесе ойдан шығарылған кейіпкерлер болуы мүмкін, жағдайдың жалған қатысушыларымен қиындатады. Бұл жобалардың нәтижелері не оларды іске асырудың басында күтіледі, не соңында пайда болады. Мұндағы шығармашылық деңгейі өте жоғары,бірақ басым қызмет түрі-рөлдік, ойын.

Таныстыру-бағдарлау (ақпараттық) жобасы. Жобаның бұл түрі бастапқыда қандай да бір объект, құбылыс туралы ақпарат жинауға бағытталған; жоба қатысушыларын осы ақпаратпен таныстыру, оны талдау және кең аудиторияға арналған фактілерді жалпылау. Мұндай жобалар, зерттеу сияқты, жақсы ойластырылған құрылымды, жұмыс барысында жүйелі түзету мүмкіндігін қажет етеді.

Мұндай жобаның құрылымын келесідей анықтауға болады: жобаның мақсаты, оның өзектілігі, ақпарат көздері, «миға шабуыл» жүргізу, ақпаратты өңдеу (талдау, жалпылау, белгілі фактілермен салыстыру, дәлелді тұжырымдар), нәтиже (мақала, реферат, баяндама, бейне және т.б.). Мұндай жобалар көбінесе ғылыми жобалармен біріктіріліп, олардың органикалық бөлігі, модульіне айналады.

Тәжірибелік-бағдарлық (қолданбалы) жоба. Бұл жобалар оның қатысушылары қызметінің басынан бастап нақты белгіленген нәтижесімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, бұл нәтиже міндетті түрде қатысушылардың әлеуметтік мүдделеріне бағытталған. Мұндай жоба мұқият ойластырылған құрылымды, тіпті оның қатысушыларының барлық іс-әрекеттерінің сценарийін, олардың әрқайсысының функцияларын анықтауды, нақты тұжырымдарды, яғни жобалау қызметінің нәтижелерін жобалауды және әркімнің соңғы өнімді жобалауға қатысуын талап етеді. Мұнда кезең-кезеңмен талқылау, бірлескен және жеке күш-жігерді түзету, алынған нәтижелердің тұсаукесерін және оларды практикаға енгізудің мүмкін жолдарын ұйымдастыруда, сондай-ақ жобаны жүйелі түрде сыртқы бағалауда жұмысты жақсы ұйымдастыру ерекше маңызды [4].

Педагогикалық практикада тарих сабақтарында мұғалімдер көбінесе ақпараттық, ойын, зерттеу, шығармашылық сияқты оқу жобаларының түрлерін пайдаланады. Жобаның түрі оқушының жасына және тақырыбына байланысты. Мазмұны бойынша жобалар негізінен пәнаралық болып табылады, өйткені олар тарих, әдебиет, география, этнография, информатика және т. б. бойынша білімді біріктіреді.

Тарих курсына жоба әдісін кез-келген сабақта бағдарламалық материал аясында қолдануға болады. Таңдалған тақырыптар оқушылардың дайындық деңгейіне байланысты маңызды, қызықты және күрделі болуы керек. Нақты жұмыста оқу жобаларының бірқатар тақырыптары келтірілген. Олар пәнаралық байланыстардың да, типтік байланыстардың да алуан түрлілігін көрсету үшін таңдалады.

Жобалық жұмыс барысында шығармашылық қызмет оқушыларға таным мен қарым-қатынастың шынайы қуанышын сыйлайды. Мектеп оқушылары өз жобаларын әзірлеген кезде ашатын немесе жасайтын нәрсе ғылым құрған жеңілдетілген қайталау ғана болсын. Ең бастысы, олар өздері үшін жаңа фактілерді ашады және жаңа ұғымдарды құрастырады, оларды мұғалімнен немесе оқулықтардан дайын етпейді. Ізденіс пен рефлексия процесіне құмарлықпен қатыса отырып, білім алушылар әр уақытта ашушылардың сезімін қайта сезінеді.

Жобалар оқушылардың белсенділігін арттырады: олар жазу, кесу, желімдеу, анықтамалықтарда жұмыс істеу, басқа адамдармен сөйлесу, ақпаратты өңдеу, өз жұмыстарын компьютерде жасау керек.

Орта буындағы сабақта жұмыс істеудің негізгі формасы да ұжымдық жұмыс болып табылады. Егер әр топ бір мәселені шешсе (бір объектіні зерттеуді жүргізсе), онда көп деңгейлі топтарды құрған жөн. Тапсырмаларды бөлу кезінде бір білім деңгейіндегі оқушылар кіретін топтар құруға болады. Мұндай таңдаудың негіздемесін В.В. Гузеевтің «білім беру технологиясы: қабылдаудан философияға дейін» жұмысынан табуға болады [5].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ксензова Г.Ю. Перспективные школьные технологии. - М.: Педагогическое общество России, 2000. - С. 47.
2. Прохорова Т.С. Игровые методы обучения представляют собой образовательные игры или активности, основанные на имитационном принципе. – М., 2018.
3. Дьюи Дж., Дьюи Э. Школы будущего // Народное образование. - 2000. - № 8. - С. 244-269.
4. Гузеев В. Метод проектов как развитие блока уроков. – М., 1996. – 186 с.
5. Гузеев В. Планирование результатов образования и образовательная технология. - М.: Народное образование, 2001. - 240 с.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ИРИНЫ ВИКТОРОВНЫ ЕРОФЕЕВОЙ В ИСТОРИОГРАФИИ КАЗАХСТАНА

Рахимжанов А.М. 3

1 СЕКЦИЯ

ТАРИХ, ДЕРЕКТАНУ, ТАРИХНАМАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ, ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЯ, ИСТОРИОГРАФИИ

ҚАЗАҚ ОЙШЫЛЫ МӘШҰР ЖҮСП КӨПЕЕВТІҢ АШЫЛМАҒАН ФЕНОМЕНІ

Айтуганова А.Н. 14

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЖОҒАР СОҒЫСТАРЫН ОҚЫТУДА ЖОБАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Алханова Г.Б., Өскембай Ә.А. 18

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ БАҒАЛАУ ҮШІН ҒАЖ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Амангелдин С.А., Чурсин А.С. 24

НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ УЧЕНОГО-ИСТОРИКА И.В. ЕРОФЕЕВОЙ В ИЗУЧЕНИИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Ахметова Г.М. 27

ҰЛТТЫҚ КОД НӘМ ҚАЗАҚТЫҢ ЖАДЫ

Болатова А.М., Дюсупова М.Ш. 34

ҚАЗАҚ-ЖОҒАР СОҒЫСЫ ТАРИХЫНА ТАРИХНАМАЛЫҚ ЖАҢА КӨЗҚАРАСТАР

Ғалым Нұржайнат, Шайхиева Ж.Т. 42

ХАЛЫҚ МҰҒАЛІМІ ҚҰРМАШ НҮРҒАЛИЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Шуршитбай Б., Әмірханов Е.Р. 49

ОРЫС ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫНЫҢ «ЖАЗБАЛАРЫ» БОЙЫНША ӨЛКЕТАНУ ДЕРЕГІ РЕТІНДЕ

Жаманбаева Л.Қ. 55

М. ӘУЕЗОВ ЗЕРТТЕГЕН АБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ ӨМІРБАЯНЫ

Жеңісова М.М., Картаева А.М. 60

ИСТОРИЧЕСКОЕ КРАЕВЕДЕНИЕ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ (ПО ТРУДАМ И. В. ЕРОФЕЕВОЙ «БУДДИЙСКИЙ МОНАСТЫРЬ АБЛАЙХИТ», 2019)

Кабылкайрова К.К. 64

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАСТАРҒА ӘСЕРІ

Қадылқанова А.М., Нурбекова Р.К. 68

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ	
Мамербекова Д.Х., Шуршитбай Б.	73
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
Медеуова Г.Қ., Күмісбек Н.Ә.	77
ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ	
Мұратбекұлы Н., Ғалым Нұржайнат, Орынбекқызы Ж.	82
ШЕРХАН МҰРТАЗА ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР БОЛМЫСЫ	
Ногаева А.К., Картаева А.М.,	86
БАЙ МЕН ДІН БАСЫЛАРЫНЫҢ (МОЛДАЛАРДЫҢ) ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙНЕСІ	
Нурбекова А.К.	91
ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ТАҒДЫРЫ	
Оспанбаева М.С., Картаева А.М.	98
ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА Қ.О. БІТІБАЕВАНЫҢ МЕТОДИКАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	
Сайлаубек Әділ	101
КЛАССИФИКАЦИЯ РЕЧЕВЫХ НАРУШЕНИЙ	
Сакенова Ж., Канапьянова К.Д.,	105
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XVII-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫН ТАРИХ САБАҒЫНДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ	
Шуршитбай Б., Шайхиева Ж.Т.	109
АҚБАУЫР ТАҢБАЛАРЫНЫҢ КИІМ ДИЗАЙНЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ	
Шүкірхан Л.Е.	115
2 СЕКЦИЯ	
ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА: САҚТАУ, ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ	
ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ: СОВРЕМЕННЫЕ ПРАКТИКИ СОХРАНЕНИЯ И ИЗУЧЕНИЯ	
ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРУ КЕЗЕҢІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ	
Азылханова А.Б.	120
ЗНАЧЕНИЕ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ В ИСТОРИИ СРЕДНЕЙ АЗИИ	
Александров Н.Д.	123
СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ТРАДИЦИОННОЙ ОДЕЖДЫ КОЧЕВЫХ СКОТОВОДОВ КАЗАХСТАНА И АЗЕРБАЙДЖАНА	
Алиева Севдагюль Фазиль кызы	133

ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРДЫ ОҚЫТУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ Ахметсаки Қ.А., Өскембай Ә.А.	138
СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К СОХРАНЕНИЮ ПАМЯТНИКОВ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ: ОПЫТ КАЗАХСТАНА Бабик А.О.	145
И.В. ЕРОФЕЕВАНЫҢ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ XVII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ БИЛЕУШІ ЭЛИТАСЫНЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫ Байшуақова А.Д.	149
1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ XX Ғ. 90 Ж. – XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ БАҒАЛАУЫНДА Бекпауқова Ә.А.	154
К ВОПРОСУ ОБ АНАЛИЗЕ ПОНЯТИЯ «ИСТОРИЧЕСКОЕ ПРОСВЕЩЕНИЕ» Левочкина Н.А.	157
СОВЕТСКО-ЯПОНСКАЯ ВОЙНА 1945 ГОДА: ПРИЧИНЫ, ХОД И ПОСЛЕДСТВИЯ Мальшченко Г.И.	169
ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАР АРҚЫЛЫ ТАРИХИ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ Марданова Ж.С., Шуршитбай Б.Ш.	176
САЯСАТТАНУ МЕН ТАРИХТЫ БІРІКТІРЕТІН ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ПАЙДАЛАНУ Махмұтов Б.Л., Әзімхан Б.Ү.	182
АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ЭТНОТЕРРИТОРИЯ КОНЦЕПЦИЯСЫ Нәбижан Мұқаметханұлы	186
«АЙҚАПТА» БАСЫЛЫМЫНДА КӨТЕРІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР Нурбекова Р.К.	193
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН РУ-ТАЙПАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ: ТАРИХИ ШОЛУ Сағындық Р.Б.	197
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНДЕ ҚАЗАҚ РУ-ТАЙПАЛАРЫҢ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ Сағындық Р.Б.	201
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЗАМАНУИ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ Тулегенова Г.Т., Сарсембаева Г.А.	205
ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ Тулегенова Г.Т., Сарсембаева Г.А.	210

**«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ЗЕРТТЕУ
ТӘЖІРИБЕСІ, МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ»** атты
көрнекті қазақстандық ғалым-тарихшы И.В. ЕРОФЕЕВАНЫ
еске алуға арналған

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международной научно-практической конференции на тему

**«ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ: ОПЫТ,
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ИССЛЕДОВАНИЙ»,**
посвященной памяти известного казахстанского
ученого-историка И.В. ЕРОФЕЕВОЙ

COLLECTION OF MATERIAL

International scientific and practical conference on the topic

**«HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE OF THE GREAT STEPPE:
EXPERIENCE, PROBLEMS AND PROSPECTS OF RESEARCH»**
dedicated to the memory of the famous Kazakh
scientist-historian I.V. EROFEEVA

Басуға жауапты Ислямова С.А.

*Автор түпнұсқасынан көшірме жасау арқылы басып шығарылды
Мазмұны үшін Баспа жауапты емес*

Басуға 12.09.2025 ж. қол қойылды
Шартты баспа табағы 12,73
Таралымы 500 дана

Пішімі 60x84/16
Есептік баспа табағы 16,39
Тапсырыс 786

С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы
070020, Өскемен қаласы, 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 42